

83.3(5Қаз)

М 82

к



Алаш мұрасы

ҚАЙЫМ

МҰХАМЕДХАНОВ



4



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

КӨП ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ "ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫ"
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

83.3 (5Қаз)



М 82
т

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

4

Абай мұрагерлері.
Естеліктер



АЛМАТЫ "АЛАШ" 2005

ББК 84 Қаз 7

М 83

“Алаш мұрасы” сериясының редакциялық алқасы:

М. Құл-Мұхаммед, Е. Қосубаев, Ғ. Әнес, С. Қасқабасов, М.

Қойгелдиев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, К. Нұрпейіс, Р. Нұрғалиев

Жауапты редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Құдакелдіұлы Жұртбай.

Қолжазбалар мен фотосуреттер Қайым Мұхамедхановтың балалары – Мүслиманың, Розаның, Жәнібектің, Назымның, Бекеттің, Қанағаттың, Динаның, Дегдардың, Қарлығаштың және Қазыбектің отбасы архивтерінен алынды

Мұхамедханов Қ.

М 83 Көп томдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы, “Алаш”, 2005. – 328 бет.

ISBN 9965-669-54-6


Ғалым жазушы Қайым Мұхамедхановтың (1916–2004) көптомдық шығармалар жинағының бұл томына оның Көкбай, Әріп, Мұқа, Баймағамбет сияқты Абайдың ақын шәкірттері және Әлихан Бөкейханов, Мағжан Жұмабаев, Міржәкып Дулатов т.б. алаш арыстары туралы зерттеу еңбектері, сондай-ақ автордың өзі жөнінде әр кезеңде айтылып жазылған дуалы ауыз лебіздері мен әр буын өкілдерінің естеліктері топтастырылған.

4702250201

М _____ хабарландырусыз–2005

ББК 84 қаз 7

00 (05)-06



ISBN 9965-669-54-6

© Мұхамедханов Қ., 2005

© “Алаш” баспасы, 2005

АЛҒЫСӨЗ

“Абайдың ақын шәкірттерінің” 1993 жылы басылған бірінші кітабына: Ақылбай, Мағауия, Турағұл; 1994 жылы басылған екінші кітабына Кәкітай, Көкбай және Уәйіс ақындар енген еді. Мына үшінші кітабына: Әріп, Әсет, Мұқа және Әубәкір ақындар кіргізіліп отыр.

Осы үшінші кітапқа кіріп отырған Абайдың ақын шәкірттері туралы Мұхтар Әуезов қысқаша қорытып айтқан ой-пікірлерінің, бұрын жарық көрмеген қолжазбалары, “Абайтанудан жарияланбаған материалдар” атты кітапта (“Ғылым” баспасы, 1988 ж.) жарияланды. Әріп ақын жайында Мұхтар былай дейді: “Абай мектебінің кейіннен қосылатын елеулі ірі талантты, үлкен ақынның бірі Әріп...” (98-бет).

“Біз Абай мектебінің ақындарын айтқанда, сол Абай шәкірті деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақын және Әсет сияқты әнші ақындар қатарынан шыққан, халық ақындарынан құралған бір топ әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар екені даусыз.

Бұл жөнінде мысалы – Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі де молырақ, таланттырақ шығармалар тудырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз...

Бұл ақынның да сан өлеңдерінде Абай аты аталып, үлгі-өнеге осыдан тарап отырады. Әсіресе, Әріп жазған өлеңдердің көп мазмұны – ғылым туралы, еңбек туралы, әйел халі туралы және әсіресе, елді зорлаушы жуан содырлар туралы жазылған сыншыл, сатиралық шығармалардан құралады. Осындай мұраларының бәрінде де Әріп Абайға аса жақын келіп, ой-сана жағынан да, шеберлік, стиль, үлгі жағынан да ұлы ақынның реалистік дәстүріне үнемі нық сүйеіп отыратындығын сездіреді”, – дейді (101–102-бет).

Сөйтіп, Мұхтар Әріптің ақындық онерін жоғары бағалай отырып, оның Абай дәстүрін берік ұстанған, ұлы ақынның нағыз шәкірті екендігін дәлелдеп береді.

Әсет және Мұқа туралы пікірін де ашып айтады:

“Ақындық ерекше үлгілері Абаймен аса жақын түйісіп отыратын тағы бір белгілі ақын Әсет болатын. Оның да Абай атын айтқан, өзіне соны үлгі етіп сөйлеген сөздері аз емес.

Бұл алуандас шығарманы біз әнші ақын Мұқадан да кездестіреміз”, – дей келіп, осы аталған ақындарды зерттеу мәселесі туралы өзінің ой-пікірін Мұхтар Әуезов былай қорытады: “Әзірше осы соңғы аталған: Әріп, Әсет, Мұқа сияқты ақындарды Абайдың әдебиеттік айналасын зерттеп, шолуда қоса тексеріп, тану керек деген пікірді түгел қуаттаймыз. Болшақ арнаулы ғылыми зерттеулерде бұл адамдар да Абаймен байланыстары жағынан толық тексерілуі керек деп білеміз”, – деген (102-бет).

Мұхтар Әуезовтің: Әріп, Әсет, Мұқа ақындар туралы осы айтылған ой-пікірлерін, 1940 жылы оның аузынан естіп, ұғынған болатынбыз. Және Мұхтардың мәслихаты бойынша жоғарыда аталған ақындардың өмір тарихы мен әдеби мұраларын арнайы зерттеп, 1950 жылы аяқталған “Абайдың әдебиеттік мектебі” деп аталған еңбегімізге кіргізгенбіз. Одан кейінгі жылдарда да Абайдың ақын шәкірттері туралы зерттеу жұмысы толастаған жоқ. Кейінгі жылдарда табылған шығармалары қосылып, толықтырылып отырды.

Әсіресе, Әріп ақынның өмірі мен ресми қызметі жайында архивтерде сақталған тарихи деректі мағлұматтар бойынша, оның өмір тарихы толықтырылып, жаңадан жазылды. Сол сияқты ақын шығармалары да, әсіресе, айтыс-дастандары кеңірек, тереңірек зерттеліп жазылды.

Әріптің шығыс әдебиетіне еліктеп жазған қиссалары: “Зияда – Шаһмұрат”, “Қожа Ғафан”, “Қисса Таһир”, “Қисса Нұрғызарұн” және “Қисса Баһарам” әлі арнайы зерттелмегендіктен, әсіресе, текстологиялық талдау жасалмағандықтан бұл кітапқа кіргізілмеді. Тек “Зияда – Шаһмұрат” қиссасының жазылуы жайында мағлұмат беріліп, өлең үлгісін шолу ретінде үзінді мысалдар келтірілді.

Әріптің әдеби мұрасы әлі толық жиналған жоқ.

Бұл кітапта Әсет ақын мұрасынан, 1949–1950 жылдары өзіміз арнайы зерттеген шығармаларын ғана жариялап отырмыз. Ол шығармалары: “Әсет пен Рысжан айтысы”, “Ағаш ат” және “Салиха – Сәмен” дастандары. Өлеңдерінен 1945 жылы Шығыс Түркістанда “Алтай” баспасынан шыққан “Салиха – Сәмен” деп аталған шағын жинағында басылған екі өлеңін алдық. Өзге өлеңдерін кіргізбеген себебіміз: ақынның ең толығырақ жинағы¹ 1988 жылы басылып шығуы болса,

¹ Әсет Найманбаев. Шығармалар: Өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. Алматы “Жазушы”, 1988.

екінші негізгі себебіміз: Әсеттің өлеңдері әлі де арнайы зерттелмеген, әсіресе текстологиялық жағынан зерттелмей жарияланған. Әсеттің өлеңдеріне басқа адамдардың орынсыз кіргізген көп қосымшалары бар екені анық байқалады. Мысалы, Кемпірбай ақын (1834–1895) науқастанып жатқанда көңілін сұрай келіп, Әсеттің айтқан өлеңі және Кемпірбайдың өлеңі тұңғыш рет 1925 жылы “Таң” журналының бірінші санында (110–112-бет) жарияланған болатын. Журналда Әсеттің өлеңі былай берілген:

Ассалаумағалейкум, нар Кемпірбай,
Дертіңе шипа берсін патша Құдай.
Аспанға айнала ұшқан ақ сұңқарым,
Кез болып жайған торға бопсың мұндай.
Науқасың меңдеу тартты дегеннен соң,
Жыладым бәйіт айтып үш күн ұдай.
Дауысым танымсың, атым Әсет,
Мен келдім әдейі іздеп көңілің сұрай.
Артына бір сөз қатпай кеткенің бе,
Алашқа атың шыққан қыраным-ай, –

деп, ақын айтатын ойын он-ақ жол өлеңге сыйғызған. Ал Әсет жинағында, бас-аяғы түгел тұрған он жол өлеңге: “Жақсы ма қандай боп түр, хал Кемпірбай, сәлем ал, басың көтер кешуінді айт... Жеті күн жолаушылап келіп тұрмын, шырайлы көркем жүзің көріп тұрмын... Қосылып жүруші едік жасымызда, хал сұрап Әсет кел түр қасыңызға, бір ауыз тым болмаса сөзіңізбен, көтерші бері таман басыңызды, Сен кетсең өзіндей боп ұл туа ма-ай, кою сөз қояр ма екен бұлқына алмай...” деген сияқты қисынсыз да орынсыз, әрі нашар он алты жол өлең қосылған.

Кемпірбайдың Әсет өлеңіне қайтарған жауабы ретінде айтқан әрі көркем, әрі әсерлі қоштасу өлеңінің “Таң” журналында басылған нұсқасы – елу алты жол. Ал, Әсет жинағындағы нұсқасы жетпіс алты жол. Яғни Кемпірбайдың елге әйгілі өлеңіне де: “Ә, Құдай, иманымды сал аузыма, Кәли-мат кәмал, өзің кел аузыма...” деген сияқты қисыны жоқ жиырма жол өлең қосақталған.

Сол сияқты Әсеттің өлер алдында айтқан ақырғы қоштасу өлеңі. Шығыс Түркстанда “Алтай” баспасында жарияланған нұсқасында бас-аяғы түгел қырық жол көлемінде болса, қазіргі соңғы жинақта жүз жиырма жол боп шыққан. Сөйтіп, бұл өлеңге де қисынсыз сексен жол өлең қосылғаны пайымдап оқыған кісіге бадырайып көрініп тұр. Мысалы, Әсеттің:

...Асау ән жетегіне жүрмеген соң,
Біріңнен бірің көріп сүйрелерсің, —

деген өз сөзіне мынадай бөгде сөздер тіркелген:

“Боршалап, іреп, сойып өз бетіңмен,
Токпақтап, найза сұғып түйрелерсің.
Оған да көнбеген соң, көңілің қайтып,
Жуымай маңайына жиренерсің”.

Бұл — Әсет өлеңінің ұйқасын пайдаланып, басқа біреулердің кейіннен қосқан қосымшалары екені өзінен өзі көрініп тұр.

Әсет жинағына басқа ақындардың өлеңдері кіргізіліп, Әсетке таңылып жүргені де байқалады. Мысалы, Әсет жинағында басылған “Іледегі керуен сарай” атты отыз төрт шумақ (136 жол) ұзақ өлең — Шаһкәрімнің “Қайтқан шал” дейтін өлеңі. Бұл өлең алғаш рет Семейде 1912 жылы басылған “Қазақ айнасы” кітабында жарияланған және Шаһкәрімнің 1988 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан шығармалар жинағында басылған.

“Іледегі керуен сарай” өлеңіндегі бірінші шумақ, сегізінші және он сегізінші піумақ, яғни он екі жол өлең Шаһкәрімде жоқ, қалған отыз бір шумақ, жүз жиырма төрт жол өлең Шаһкәрімнің “Қайтқан шал” өлеңінен алынған. “Қайтқан шал” — өмір мен өлім тақырыбына арналған өлең.

Осындай себептерге байланысты бұл кітапқа Әсет өлеңдерін кіргізуді тоқтата тұруды ұйғардық.

Ақын шығармаларындағы оның сөздерінің (текстің) дәлдігі оның өлеңдерінің ауызша және жазбаша нұсқаларының бәрін түгел алып, текстологиялық талдаулар жасау арқылы ғана анықталады. Бұл, әрине, аса күрделі жұмыс. Ал, бұл жұмыс істелмей тұрып Әсет өлеңдерін дұрыстап қалпына келтіру мүмкін емес*.

1995 жыл

* Бұл томға (4-інші) жинақталған зерттеу еңбектер негізінен автордың төрт кітаптан тұратын “Абайдың ақын шәкірттері” атты жинақтарымен қоса “Абай мұрагерлері” кітабынан іріктелініп алынды. (Құрастырушы)

Көкбай Жанатайұлы

(1861–1925)

Көкбай — Абайдың ең талантты ақын, әрі әнші шәкірттерінің бірі. Ол Абаймен 1880 жылдардан бастап, жиырма бес жыл жолдас, дос болған. Көкбай өзінің естелігінде Абаймен ең алғашқы рет жақындасып кетуін былай баяндайды:

“Ел ішінің ақыл алысып, ақы берісіп жатқан сиезі еді. Мұны өткізуге Семейден Лосевский деген ояз келіп еді. Сол бір ісімді жақтырмай, мені ел кісілерінің ортасында тұрғаныма, стражниктерін (атарман) жіберіп жазаламақшы болды. Әлгілер ерікке қоймай әкетіп жатқан соң, қасымда еріп жүретін өлеңші жігіттерім бар еді, солардың біреуінен Абайға бір ауыз өлеңмен сәлем айтып жібердім. Ол кезде ән салып, өлең айтатұғым, қасымдағы жолдастарым да сондайды әдет қылатын.

Оязға әкелген соң, Абай да келіп: “жазығы не?” деп істің жөнін сұрады. Содан кейін Лосевский: “Бұған біреу басшылық етіп, тәрбиесіне алмаса, мына елдің ортасында арызқой, пәлекұмар болып, бұзылғалы жүрген адам. Сен тәрбиеге алып, міндетті болып, түзетемін десең, берем. Әйтпесе жазаға ұшырайтын ісі бар”, — деді.

Абай маған кепіл болып алып шықты. Осыдан кейін Абайдың жолдасы болдым. Жолдастығым 25 жылға созылды.

Жаңағы оқиға 1880 жылдардың шамасында болып еді. Содан кейін қыс болсын, жаз болсын, Абай ел араласа, қасында жүріп, ауылына келсе, үйінде бірге жатып, айрылыспайтын болдық. Абайдың қасында ай жүріп, ай жарым жүріп келіп, бір әредік толас болғанда ғана өз үйіме бір жұма, көп болса, он күнге рұқсат алып келіп, артынан қайта барамын”, — дейді (Абай. Толық жинақ, 1933, 387-бет).

1880 жылы Көкбай жиырмаға жаңа аяқ басқан жас жігіт еді. Оның табиғи талантын сол кезде-ақ таныған Абай ел ішінің лаулап тұрған дау-шарының ортасынан алып шығып, қамқор аға болған.

Көкбай Жанатайұлы 1861 жылы, қазіргі Семей облысы, Абай ауданында туған. Тобықты ішінде Көкше руынан. Көкбайдың үшінші атасы — Есбай, Көкше ішіндегі жуан ата саналады. Есбайдың бес баласы: Сарымсақ, Сапақ, Жамантай, Көбентай, Бәйтен. Бұлардың бесеуі де шетінен ділмар,

шешен әрі пысық болып, “Есбайдың бес жүйрігі” атанған. Сапактың баласы – Қаратай шешен, Құнанбаймен тізелес, Көкшенің рубасы адамы. Жамантайдың баласы – Жанатай. Жанатайдан – Көкбай. Жанатай да сөзге шешен, орта дәулетті, пысық адам болады. Ел басқару ісіне араласпайды. Қаратай сияқты Көкшенің рубасылары Құнанбаймен бірде дос, бірде жау болып жүрсе де, Жанатай Құнанбаймен тату болып, оған арқа сүйеп, өмір бойы одан қол үзбеген.

Көкбай он жасынан бастап, он бес жасына шейін Төлетай деген молладан оқиды. Он бес жасында оқуды тастап, бозбалалық құрып, ойын-сауық, той-думан қуып кетеді. Ән-күйге, өлең-жырға құштар, талантты жас Көкбай домбыра тартып, ән салып, өлең айтып, ауыл арасының ойын-сауығынан қалмайтын болады. Жас кезінен ширақ, пысық, өткір тілді, өжет әрі тентектеу де болыпты.

Кісінің мінез-құлқын, жағымсыз қылығын, ұнамсыз жүріс-тұрысын әзіл-қалжың етіп, қолма-қол суырып салып өлең шығаруға жас күнінен бейім болады.

Көкше ішінде Балтай, Қаракүшік дейтін руының биі, атқамінер ақсақалы – Төрөбай деген адамды ажуа етіп шығарған Көкбайдың бір ауыз өлеңі елге тарап кетеді:

Көкекте күн ұзайды жазға бастап,
Болалы сонда Төкең үйден қашқак.
Үйінде жалғыз турам дәм болмайды,
Барғанда кісі үйіне сондай асқак.

Осы өлеңді естіп қойған Төрөбай қолына түскен жерде Көкбайды сабамақ болып, тісін қайрап жүреді екен. Бір күні аңдаусызда Көкбай Төрөбайға кездесіп қалады. Төрөбай оны ұстап алып:

– Қане, маған шығарған өлеңіңді айтшы, – десе, Көкбай:

– Төке, мен сіз туралы ешбір жаман сөз айтқаным жоқ, біреу-міреу шағыстырған шығар, – деп жалтарады. “Не деп айтсаң да, айт”, – деп қысқан соң, Төрөбайдан құтылу үшін сол арада суырып салып айтқан өлеңі:

Төрөкем Қаракүшік, Балтайдағы,
Адамның туған соң бар қартаймағы.
Қырағы қылт еткенді құтқармайтын,
Ақиық алғыр қыран Алтайдағы.

Сөйтіп, Көкбай ән салып, өлең айтып жүреді де, он жеті жасында Семей қаласына оқуға кетеді. Оның орысша оқуға Семейге келуіне үлкен себеп болған Әріп еді.

Көкбай Әріппен бала күнінен жақын таныс болатын. Әріптің руы – Сыбан. Сыбанмен Көкше көршілес ел болады. Әріптің шешесі – Жаңғақ – Көкше Қаратайдың туған қызы. Сондықтан Әріп Көкбайға жиен есепті болады. Әріп бала күнінен бастап нағашы атасы Қаратай ауылына үнемі келіп кетіп жүрген. Сөйтіп, Көкбай Әріппен жас кезінен таныс. Әріп Көкбайдан үш-төрт-ақ жас үлкен.

Әріп Көкбайдан екі-үш жыл бұрын Семей қаласындағы үш кластық орыс училищесіне түсіп, оқып жүрген. Жазғы демалыс айтарында Әріп нағашыларының ауылында да болып, Көкбаймен әңгіме-дүкен құрып, талай-талай сыр шерткен. Қаланың тұрмыс-салтын, орысша оқудың қажеттігін Әріптен естіп, біліп, әбден қанған Көкбай орыс мектебіне түсіп оқуға бел байлайды. Әріппен бірге оқитын Әнияр Молдабаев, Айтқазы Жексенаев, Ысқақ Солтабаев сияқты Тобықты елінің жастары және Найман жастары бар екенін естіген Көкбайдың орысша оқуға деген құштарлығы онан сайын арта түседі. Семейге барып, орысша оқығысы келетінін әкесіне айтса, ол шығын шығарып баласын оқытуды мүлде мақұлдамайды. Алған бетінен қайтпайтын, оршыл мінезді, жігерлі жас Көкбай әкесінің бір ту биесін мінеді де, Семей қаласына бір-ақ тартады. Көкбайдың жақын туысы, әрі өзінен оқыған шәкірті Есентай Бердин Көкбай туралы қолжазба естелігінде: “Он алты жасқа келген соң, әкесі Жанатайдың бір ту биесін мініп, Семейге оқуға қашып келіп, орысша оқуға түседі”, – дейді.

Осы сөздің шындығына архивте сақталған тарихи документтер көзімізді жеткізеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архивында мынандай документтер сақталыпты:

Список

учеников Семипалатинского уездного училища,
занесших плату за право учения за первую
половину 1878/79 акад.год.

1 КЛАСС

...10. Джанатаев Кокбай – 9.

...33. Мультабаров (Малтабаров болуы керек. – Қ.М.) Жиенбай – 26.

Міне, бұл документтен Көкбайдың 17 жасында Семейдің уездік училищесінің бірінші класына түсіп, ақша төлеп оқи бастағанын көреміз.

Ақша төлеген тізімде Көкбайдың тұсында 9 цифры тұр, ал Малтабаровтың тұсына 26 цифры жазылған. Сонда әрбір оқушы, әкесінің әл-ауқатына қарай ақша төлейтін болуы керек. Ал Малтабар дейтін өзі қажы, Семейдің ірі байы болған адам.

Енді архивтің екінші бір документін келтірейік.

ВЕДОМОСТЬ

Об успехах и поведении учеников Семипалатинского Уездного училища за 1-ю половину 1878/79 учебного года.

Бұл ведомость 19 графаға бөлінген. 1, 2, 3 класс оқушыларының аты-жөні жазылып, жасы нешеде екені, қай жылы оқуға түскендігі, емтихан бағасы т.т. көрсетілген. Бірінші класс оқушыларының саны – 60, оның ішінде екі қазақ баласы: Көкбай Жанатаев пен Жиенбай Малтабаров. Енді Көкбайға қатысы бар мәліметтерді келтірейік.

II. Джанатаев Кокбай. Лет – 17. Звание родителей киргиз. Время поступления в училище 1878. Способность – 4, прилежание 4. Поведение 5. Русский язык - 3. Арифметика – 4. География – 4. Числописание – 3. Татарский язык – 4.

Ауылдан қашып келіп, орыс мектебінің есігін алғаш ашқан Көкбайдың бірінші класта, оқу жылының бірінші жартысында оқуға осындай үлгеруі жаман болмаса керек. Ал, қала баласы Малтабаров бар сабақтан “3” деген баға алыпты.

Көкбай оқуға келіп түскен жылы бұл училищенің әрбір класында оқитын қазақ балалары болған. Оның ішінде Тобықты елінен: Айтқазы Жексенаев, Әнияр Молдабаев, Ысқақ Солтабаев, Көкбайлар болса, Найман, Сыбан елінен: Әріп Тәңірбергенов, Шәкет Омарбеков тағы басқа елдің балалары бар. Барлығы он жеті қазақ баласы оқыған. Одан басқа оқу орындарында да қазақ шәкірттері болған.

Көкбай, Әріптер оқитын үш кластық училищеде оқитын шәкірттердің көбі орыс балалары болады. Бұл қазақ балаларының орыс тілін жақсы біліп шығуына ерекше пайдалы еді. Оқылатын пәндер: орыс тілі, тарих, география, арифметика, геометрия, числописание, черчение және татар тілі.

Оқуға ынталы, қабілетті Көкбай, Әріп сияқты оқушылар сабақты жақсы оқып, өз беттерімен де зерлей ізденіп, құныға кітап оқып, орыс тілін, орыс әдебиетін жақсы білуге зер салып, талаптанған. Орысша оқу қазақ шәкірттерінің сана-сезімінің оянып, өсуіне, мәдениетті адам болуға бой ұрып, талпынуына игі әсер етеді.

Ауылда бала жасынан домбыра тартып, ән айтып, суырып салып өлең шығаруға машықтанған Көкбай енді қолына қалам алып, өлең жаза бастайды.

Оқу оқып жүрген кездегі алғашқы өлеңдері өзімен бір мектепте оқитын құрбы-құрдастарына арналған әзіл, мысқыл сияқты өлеңдер болады.

Ауылдың ескі әдет-ғұрпынан шыға алмай жүрген, бас пайдасы үшін, мансап үшін ғана орыс тілін білсем дейтін дүниеқор, саран, өзімшіл кейбір бай балаларын Көкбай ащы ажуа етіп, мысқыл өлең жазады. Ондайда нысанаға алатыны көбінесе Әріптің ауылдас, ағайындары болады. Сыбанның бір саран байының Сымайыл дейтін баласының мінез-құлқына ыза болған Көкбай оған жазған өлеңінің бір жерінде:

Шапанының шабуы жерге түсіп,
Қысқа кесе, тізесі кетеме үсіп.
Быдық кара, саңырау сарт секілді,
Қарны тойса, кердендеп, кеуіп-ісіп.

Дүние деп қалтырап, оқып жүріп,
Бір құрбымен жүрмейді ойнап-күліп.
Бар арманы орысша арыз жазу,
“Высокоблагородие” – десе-ақ біліп, –

дейді. Оған қоса Шәкет деген шәкіртті де қатты сынап, ажуалап, Әріпті де іліп, әдейі сөзге шақырады. Сөйтіп екі акын әзіл-шыны аралас айтысып кетеді. Көкбай айтыстың соңында Әріпті Абайдан үлгі-өнеге алуға шақырып:

Семейге Абай келсе, бізде думан,
Ән салып босамаймыз айғай-шудан.
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,
Өзгелер отырады аузын буған.
Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,
Хәкімдей Аплатон анырап тұрған, -

дейді.

Абай қалаға келген сайын Көкбай сияқты оқып жүрген жастарды жинап, қалай оқып жүргендерін сұрап, біліп, ақыл-кеңес берумен қатар, өздеріне де ән салғызып, өлең айтқызып, олардың өнер, талаптарын мадақтап, көңілді, мағыналы мәжіліс жасап отыратын болған. Ол жастардың кейбіреулерін оқуға түсірген де Абайдың өзі еді. Көкбайдың “Семейге Абай келсе, бізде думан” дейтіні де осы болатын.

Көкбай училищеді оқып жүрген кезінде медресеге де түсіп оқиды. Кәмәли молладан сабақ алады. Кәмәлитдин (Кәмәли) Мұхаметрахимов әуелде Қазан қаласында, одан соң көп жыл Бұхарада оқып, мұсылманша жоғары дәрежелі білім алған адам. Отыз бес жасынан Семей медресесінде ұстаздық етіп, өле-өлгенше сабақ берген. Жас шағында Абай да осы Кәмәлиден оқыған. Кәмәли 95 жасында, 1917 жылы дүниеден қайтқан.

Сөйтіп, Көкбай Семей қаласындағы үш кластық уездік училищені бітіріп және медреседе оқып, орысша, мұсылманша білім алған. Оқуын аяқтап, елге қайтып келген соң, үнемі Абайдың жанында болады. Абай өзі жазған өлеңдерін бірнеше жыл бойы Көкбай атынан таратады. Көкбайдың аты Абай өлеңі арқылы 1889 жылы, тіпті, баспасөз жүзінде мәлім бола бастаған. 1889 жылы “Дала уалаяты газетінде”, (1 7) Абайдың “Жаз” атты белгілі өлеңі Көкбайдың атынан жарияланған. Өлеңнің басында былай деп түсінік берілген: “Семей уйезі Шыңғыс елінің қазағы Ибраһим Құнанбай ауылының Бақанас өзенінде, Көпбейіт деген жерге қонып жатқандағы түрі. Кісіден үйреніп жаздым: Көкбай Жанатайұлы”.

Абайдың “Жаз” өлеңінің жазылу тарихын және өлеңдерін өз атына аударып алу жайын Көкбай өзінің естелігінде баяндап жазған: “1880 жылдан бастап, 1886 жылға шейін Абай әрбір өлеңді жазып жүрді. Бірақ бұл уақыттағы сөздерінің барлығын Көкбай сөздері деп жүргізді. Кейін Омбыда шығатын “Дала уалаяты” мен “Серке” газеті шыққанда бірер өлеңін тағы менің атымнан жіберді. “Сорлы Көкбай жылайды, жылайды да жырлайды” дегенді мен қылып қойып, өзін айтып еді. Осы хәл 86 жылға шейін келді де, сол жылдың жазында ел жайлауға шықты. Абай ауылының кең өрістеп барып, орнықпақ болған жайлауы Бақанас өзенінің бойы еді. Көш жүріп кетті, біз Абаймен бірге бірнеше кісі болып артынан келдік. Осы жылы Абай ауылында доктор Долгополов та қонақ еді. Ауыл Бақанастың бойындағы Көпбейіт деген жерге қонып жатыр екен. Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп бо-

лып, бәріміз жайланған соң, Абайға келіп едім: “Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой”, – деді. Мен: “Асса, басында мен қолқаланып алған нәрсе емес еді. Енді өзіңіз ретін тауып, қайта аларсыз”, – деп қалжындадым. Сөйтсем, сол күні “Жаздыкүн шілде болғанданы” жазған екен. Оқып берді. Өзі жазған өлеңіне ең алғашқы рет аз да болса қанағат қылғанын көргенім сол. Менің қалжыңыма орай қылып: “Сен соғымына бір ту бие ал, мен енді өлеңімді өзім алайын”, – деді”, – дейді.

Көкбай Абайдың өле-өлгенше айырылмас адал досы, ақын шәкірті болды. “Сол кезде Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырыпсалма, импровизацияға ең жүйрік ақын Көкбай болғаны даусыз. Сол талантын бағалап, Абай мұны өзі жазып жүрген алғашқы өлеңдеріне ие қып шығарды”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Біреудің жағымсыз мінез-құлқын, іс-әрекетін, адамгершілікке жат қылығын байқап қалса, Абай Көкбайға: “Осыған бірдеме деші деп, емеурін білдірсе-ақ, болды, Көкбай сол арада көзбе-көз, қолма-қол, Абай нұсқаған адамның бейнесін аудармай суреттеп береді. Тоғызқұмалақ ойынына жүйрік Көрпембай деген кісі Абай үйінде жиі болып, қона жатып тоғызқұмалақ ойнайды екен. Көрпембай аса ашқарақ, қомағай, мешкей адам болыпты. Соның ет жеп отырған кездегі түріне таңырқаған Абай: “Көкбай бірдеме деші”, – депті. Сонда Көкбай қолма-қол суырып салып:

Көрпембай кеп ойнайсың құмалақты,
Сөйткенмен кісі емессің тиянақты.
Қызылға кезқұйрықтан қырағысың.
Көргем жоқ сендей адам сұғанақты.
Ет көрсең етпеттейсің сұғанақ көк,
Асайсың екі қолдап сыбалап кеп.
Әкеңіз майдан өлген кісідей-ақ,
Ағарғанды табасың сығалап кеп, –

деп әзіл-қалжыңы аралас, ажуа етеді.

Өзінің жақын туысы, ру басы, болыс болған белгілі Дүтбайдың да беті-жүзіне қарамай, Көкбай оны да ащы ажуа өлеңмен түйрейді:

Тозаққа біреу кетсе, Дүтім кетер,
Дүтім кетсе, Көкшенің құты кетер.
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күпілдетер.

Тоғыз би сөз айтпайды, бөз айтады,
Дүтбайдың тоғыз бисіз өзі айтады.
Талтандап жемге тойған көп қарғалар,
Қызылды көрген сағат кезі айтады... –

деп әшкерелейді. Абаймен алысатын Оразбай байды Көкбай сайқы-мазақ сатира өлеңмен сипаттайды.

Сенбісің қара бүркіт омыраулы,
Бұл күнде болып тұрсың елмен даулы,
Шұнайдың бұйратындай мына Оразбай,
Қалайша жеңем дейді зеңгір тауды.

Асқардын жел соғады бүйірінен,
Тіліңнің таптың пайда сүйірінен.
Қарала қасқыр соққан қартаң айғыр,
Дөнен қуып шығарды үйіріңнен, –

деп, Оразбайдың Оспанмен (Абайдың інісі) алысам деп, мас-қара болғанын айтады.

Көкбай көңілдегісін ашық айтатын, ешкімнен де қаймықпайтын, ер мінезді, өжет, турашыл, от ауызды, орақ тілді ақын.

Жанды Құдай алады, кісі алмайды,
Себепсіз шыбын қонып, ұша алмайды.
Кеудеге өлең кернеп келген шақта,
Шындықтан басқа жолға түсе алмайды, –

деп, нағыз ақындық ар-намысты ардақтайды.

Көкбайдың суырып салып айтқан өлеңдері көп болған. Ондай өлеңдерін қағаз бетіне түсірмеген. Тек шәкірттерінің жазып алғандары, ел ауызында ұмытылмай сақталғандары ғана бізге жеткен.

Көкбай – суырыпсалма-импровизатор ақындық өнерімен қатар әрі қалам қайраткері. Ол ұзақ өлеңдерін жазып шығаратын болған. Көкбай – уақиғалы үлкен шығармалар жазған, кең құлашты эпик ақын. Оның тарихи тақырыпқа арнап жазған үлкен дастаны – “Сабалақ”. “Сабалақ” дастанының жазылу тарихын Абай туралы естелігінде Көкбай былай баяндайды: “Бір жылы менің өзіме: Абылай хан мен Кенесарының қазаққа істеген еңбектерін ұзақ әңгіме қылып айтып беріп, осыны өлең қыл деді. “Абылай да, Кенесары да қазақтың мақтан қылатын ерлері. Бұлардың еңбегі де айта қалған-

дай ұмытпастық еңбек. Сондықтан бастарынан кешкен дәуренді жақсы сөзбен жыр қылып ел арасына жаю жақсы өлеңшінің міндеті. Сен үйіңе барып, орнығып отырып, осыны өлең қылып кел”, – деді. Содан кейін үйіме келіп отырысымен өлең қылуға кірісіп, күндіз-түні тыным алмай жаздым да, 5–6 күнде бітіріп, Абайға қарай қайта жүрдім. Абай бұл уақытта үлкен ауылынан бауырдағы ауылына, токалынікіне барып, сонда жатыр екен. Кіші ауыл “Аралтөбе” деген жерде. Үлкен ауылы – Ділдә қыстауы, Ақшоқыда. Біздің ауылдан 70 шақырымдай жерде еді.

Осы жолға қасымдағы атшыммен қыстыгүнгі аязда салт атпен келе жатып, жазған өлеңімді ойлап көрсем, жатқа айтуға бірде-бірі есте қалмапты. Абайдың барысымен айт дейтіні мәлім. Сондықтан, жол жүріп келе жатып, өз өлеңімді өзім жаттауға кірістім.

Күн суық. Қағазды екі жеңіммен ұстап, атымның басын жолдасыма жетектетіп қойып, жол бойы жаттадым. Сонымен, кеш болып, ел орынға отырған кезде кіші ауылға жетіп, Абай отырған үйге сәлем беріп кіріп келдім. Үйде кісі көп екен. Алдарына кешкі шайды жаңа ғана алған екен. Кірген жерімде сәлемімді алмастан:

“Абылай келді ме?” – деді.

Мен сұрағына: “Келді”, – деп едім.

– Олай болса, айт! – деді.

Сонан барлық киімімді шешінбестен отыра қалып, айта бастадым. Өлеңді алғашқы айта бастағанымда тымағымның бауын да шешкен жоқ едім. Тегінде “шешіңейін, жайланайын” деген сөз Абайдың ықыласын қайтарып тастайды. Сондықтан өлеңді айта отырып, тымағымды шешіп бір алып қойып, тағы бір әредікте белдігімді тастап, содан өлеңнің желісін үзбей отырып, сыртқы киімімді тастап, жүгімнен бірте-бірте барып қана босандым...

...Өлеңді әнге салып айтсам да, шаршаған, талғанымды білдірмей, желісін үзбей айтып отырдым... Қағазым да қарағаным жоқ. Ылғи жатқа айттым.

Алдарына келген шай ішілмей қалды. Алғашқы самауырын суып кетіп, оны алып барып, екінші рет қойып, тағы әкелді. Ол да суып қалды. Абай да, басқа ешкім де ішкен жоқ. Сонымен үшінші самауырын келгенде Абылай мен Кенесарының жорығын аяқтатып барып, енді Наурызбайға көшіп едім, бұған келгенде: “Енеңді ұрайын ашулы тентек, Кене ханның бағын да осы алып еді, енді шайыңды іш!” – деп, Наурызбайдың жайын бұл арада тыңдағысы келмеді.

Осы өлеңдердің ішінде Наурызбайға Меркенің бегі бер-

ген Ақауыз аттың тұлғасын сипаттап едім. Ол атты менің сөзімнен сынады да: “Мұның шыға шауып, жайылып қалатын ат болған екен”, – деп сол күндерде: “Ақауыз атты жазамын” деп “Шоқтардай кекілі бар қамыс құлақ” деген белгілі ат сынын шығарды. Басында мұны Ақауыз аттың сипаты деп айтқан соң, мен “Абылай Кене” жырына кіргізейін бе? – деп сұрап едім: “Бұл шіркіннің өзі де мес болып кетті ғой”, деп кіргіздіртпеді”.

Көкбай сөйтіп, Абайдың берген тапсырмасын бұлжытпай орындап, “Сабалак” дастанын жазып шыққан.

“Сабалак” дастаны жайында Мұхтар Әуезовтың пікірін келтірейік:

“Көкбай ұзақ шығарма жазды. Әңгімелі поэмасының айқын жіктелетін екі бөлімі бар. Мезгілі, мазмұны кейіпкерлерінің қалыптасу айырмасына қарай бұл ұзақ шығарманы айқын екі дәуірдің адамдары тұрасында, екі ұдай бағытта жазылған шығарма деп жіктей аламыз. Сонда поэманың алғашқы бөлімін – Абылайға арналған “Сабалак” поэмасы деп атауға болады. Екінші бөлімі Абылайдың бір топ нәсілдеріне арналады”.

“Көкбай бұл шығармасында халық аузында жүрген тарихтық деректер мен естеліктерді, лақап әңгімелерді, әрі көлемді фольклор материалдарын көп жинап, пайдаланған.

Сонымен қатар, Абай арқылы кітап жүзінен алынған, баспаға шыққан мақала, зерттеулердің дәлді деректері де бар екені байқалады, Мысалы, Көкбай жырында Абылайдың жетпіс жаста, 1781 жылы өлгендігі айтылады. Орта Азия хандарының тарихынан Қоқанның Ғұмар ханы, оның нәсілі – Бала ханның жайы, Ташкеннің беглер бегі, қазақ хандары мен Қоқан хандығы және Бұхар әмірінің арасында болған қатынастар, тарихқа жақын шындықпенен аталған болады. Қазақтың Үйсін сияқты руларының Қоқан хандығына қарап тұрған халдері дұрыс аталады. Абылайдан бергі замандардағы тарихтық адамдардың өмірбаянына, іс-әрекеттеріне, тарихтық жағынан қанықты болған білгірлік байқалады.

Қазақтағы хан-төрелердің көршілес елдермен қалыңысулары да тарихтық деректерге үйлес келіп отырады”, – дейді Мұхан.

Тарихи поэманың екінші бөлімінде Саржан мен Есенгелдінің Ташкент барып, қалай қаза тапқаны туралы айтылады да, Кенесары жайы әңгімеленеді.

Ағаларының кегін алуын, оның жауымен сол ұрыстағы ерлігін сипаттайды. Жауынан кек алған соң, туған жері Сарыарқаға кетеді.

Орнынан тұрғаннан соң көп кеңесті,
Өкініп еткен күнді өксіместі.
Қонысым, туған жерім атам қонған
Баралық Сарыарқаға деп кеңесті.

Ақын енді Наурызбайдың атқа мінгенін, Ақтау бекінісіне шауып, ерлік көрсеткенін батырлар жырының салтымен суреттеп кетеді.

Поэма осы Наурызбай басына келгенде аяқталады.

Тегінде Көкбай Наурызбай жайында молырақ суреттер жазған болуы керек. Бірақ Абай Наурызбай жайына келгенде Көкбайды тоқтатып тастағанын жоғарыда айттық. Абайдың осы сынын еске алып, Көкбай Наурызбайдың жайын қысқа қайырып, ағасы Кенесарының сөзімен қорытады.

Кене айтты: батыр аңғал, балуан өктем,
Азбын деп жау қорқа ма қалың көптен.
Кетпесен аңғалдықпен байқап алмай,
Ұл тумас сенен артып біздің тектен, —

деп, поэмасын осылай аяқтаған.

Сол сияқты Көкбай суреттеген Наурызбайдың Ақауыз аттың бейнесін де Абай ұнатпаған дедік. Көкбай ат суретін де поэмадан алып тастаған сияқты.

“Сабалақ” дастанының Көкбай жазған түпнұсқасы сақталмаған. Тегінде Көкбай қолжазбасы кезінде қолдан-қолға ауысып, жатталып және көшіріліп жазылып, халық арасына кең тарап кеткен.

“Сабалақ” дастанының жыршылардың аузынан жазылып алынған бірнеше көшірме — жазба нұсқалары бар. Сол нұсқаларды салыстырып зерттеп, Көкбай жазған түпнұсқаны қалпына келтіру алдағы уақытта істелетін күрделі жұмыс болмақ.

Көкбай “Сабалақ” поэмасынан басқа “Қандыжап”, “Құлынды” атты дастандар жазған. “Құлынды” дастаны әлі табылған жоқ. “Қандыжап” туралы Мұхтар Әуезов былай дейді:

“Көкбай көбінше қысқа, өткір, тапқыр, суырыпсалма өлеңді сыншыл, мысқылшылдық күйінде көбірек айтқан. Бірақ әлі ол алуандас шығармалары жиналып, жарыққа шыққан жоқ.

Өзінің айтуынша, Көкбайдың соңғы үлкен шығармасы — “Қандыжап” деген поэма болуға керек еді. Бұл поэма және де Абылай заманы мен соның істеріне арналған. Шығарманың аты Абылай тұсында қазақ пен қалмақ арасында болған

“Қандыжап” дейтін бітімнің атымен аталмақ болатұғын. Бұл соңғы мәліметті біз Көкбайдың өз аузынан естіген сөздер бойынша айтып отырмыз.

“Қандыжапты” Көкбай өзінің өлерінен екі жыл бұрын жазуға кіріскен еді. Бірақ сол поэма аяқталды ма, біткен болса, қандайлық шығарма болып қалыптанды, ол жайлардан бізге жеткен дерек жоқ. Өйткені Көкбайдың қолжазба мұралары әзір жиналып түгенделген жоқ” (Мұхтар Әуезовтің 1950 жылы жазған “Абай шәкірттері туралы” атты көлемді мақаласынан. Мақала ол кезде жарық көрмей қалған. Қазір біздің қолымызда сақтаулы. – Қ.М.).

Жоғарыда Мұхтар атап айтқан Көкбайдың: “жиналып, жарыққа шыққан жоқ” деген “қысқа, өткір, тапқыр, суырып-салма” өлеңдерінің біразын жинап, зерттегенбіз. Ол өлеңдер “Абайдың ақын шәкірттері” атты кітапқа (2-кітап) кіріп отыр. Сол сияқты “Қандыжап” поэмасының да көшірме қолжазбасын тапқан едік. 1951 жылы МГБ (КГБ) мені тұтқынға алғанда, конфескелеген көп қолжазбалардың ішінде “Қандыжап” та кетіп, жойылды. Қазір қолымда поэманың жыртылып қалған ең соңғы бір ғана беті бар. Сол бетте бес жарым шумак өлең сақталыпты. Сол өлеңді келтірейік:

...Аты егіз ел едік қой қалмақ, қазақ,
Жер үшін ел күйзеліп, ер тартты азап.
Босатқан Абылайдың қылығы деп,
Еліме қылып кетпе мені мазак.

Токталсын бұдан былай елді шабу,
Екі елдің де пайдасы – бітім табу.
Опырылып қалғанның орны толмас,
Ашылған етек болса, қайта жабу.

Келер жыл Аягөзде бітім тапты,
Бітімге “Қандыжап”¹ деп қойды атты.
Ғалдан менен Абылай бармақ басып,
Қандыжаптың бітімі содан қалты.

Содан соң қазақ, қалмақ шабыспады,
Сол болды ең ақырғы табысқаны.
Онан соң шабысуға болған да жоқ,
Арасы күн-күн сайын алыстады.

¹ Қандыжап бітімі туралы Құрбанғали Халил ұлының: “Тауарих хәмсә шәрки” кітабында жазылған және ҚСЭ-да мағлұмат берілген. – Қ.М.

Қазақ түсіп Қытайдың қармағына,
Абылай да жете алмай арманына.
Ел түгіл Көкшетаудан өзі де ауды,
Патшаның шыдай алмай зардабына.

Ұрпағы арпалысты бірнеше жыл,
Патшаға қылмаймын деп қазақты құл...

Абайдың адал досы, ұлы ақынның жолын қуған табиғи талантты шәкірті Көкбай ұстазының басынан кешкен дәуірді, барлық уақиғаны бірге кешті.

Абай сүйіп, қасына жолдасқа алды,
Бұрынғы отказ қылдым жолдастарды.
Жана жарық дүниеге келгендей боп,
Көрген соң аққан бұлақ асқан дарды.

Сонда да қапы қалдым сулай алмай,
Хәкімнің хикметіне улай алмай.
Бақталас пен барымта басты замаң,
Астында кете бардык тулай алмай, —

дейді.

Абай дүниеден қайтқан соң, Көкбай карап жатпайды. Ол былай дейді:

Ұстаздық жолына енді бетті бұрдым,
Іс қой деп игілікті ниетті бұрдым.
Сахрада медресе ашып, бала оқытып,
Ортаға сол күндегі дүкен құрдым.

Оқыды Арғын, Найман, Керей мен Уақ,
Көрген соң тек оқуды кетті құлап.
Араб, түркі, орысша сабақ бердім,
Өзіме өз еңбегім кетті ұнап.
Өзімдегі барымды бермегенде,
Аласың қолда жоқты кімнен сұрап.

Ғылымға шөлдеп жүрген талапкерлер
Жиылып бірнеше жүз жатты сулап.
Адамдық борышымды атқарам деп,
Тыққам жоқ білгенімді бойыма ұрлап.

Көкбайдың әрі туысқаны, әрі шәкірті, ақын, педагог Есен-

тай Бердин (1894–1967) 1950 жылы маған тапсырған Көкбай туралы қолжазбасында: “Көкбай 43 жасында өзінің Тақыр өзеніндегі қорасының қасынан медресе салып, бала оқытуға кіріседі. Медресесі сегіз бөлмелі, асты, үсті тақтайлы, кәдімгі қала медресесінің үлгісімен салынған еді. Бұл медресені салу қаражатына болысқан Семейдің және қырдың байлары болды.

Медреседе оқығандар: Найман, Тобықты, Керей, Уақ төрт ру елден жиналып, азық-түлігімен келіп, жатып оқыды. Оқу мұсылманша, орысша екі тілде жүргізілді. Оқушылар саны әуелгі жылдарда 200–300 адам болды. Оқу сегіз жылдай осы бетімен қызу жүреді. Көкбай ел сөзіне қатысудан саябырлай бастайды. Оқушылар ішінен мұсылманша жақсы оқып шыққан адамдар болды. Керей, Дағанды болысынан Кенжегүл деген үздіксіз осы медреседе оқып, бітіріп шығып, өз елінің ортасында медресе салып, бала оқытты, Найманнан Тұрсын Мәмбетжанов деген осы медресені бітіріп барып, өз елінде медресе салып, бала оқытты. Бөкенші руынан Медетбай Әділшеулы осы күнгі Қарауылда медресе салып, бала оқыта бастады. Көкше ішінен Нұртай деген кісі осы күнгі Шымалдық деген жерде медресе салды. Міне, осылар сияқты медресе бітірген ондаған адам шығып, өз елдерінде медресе салып, Көкбай үлгісімен бала оқыта бастады”, – дейді.

Сөйтіп, Көкбай Абайдың:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға, –

деген өнегелі өсиетін іс жүзінде орындап, ұлы ұстазы алдындағы борышын адал атқарған.

Жаңа оқу – жадид шыққанша, Көкбай медресесі тоғыз жыл өмір сүреді.

Енді ол елінің мінез-құлқын дін жолымен түзетпекші болады. Алдына сондай мақсат қойған Көкбай өз бетімен даярланып, діни білімін тереңдетіп алған соң, 1910 жылы Уфа қаласындағы муфтиге (мұсылман руханиларының басшысы) барып, дін білімін сынаттып, емтихан беріп, шарият бойынша ресми молда дәрежесін алып қайтады. Елге келген соң, медресесінің жанынан қала тәртібімен биік мұнаралары бар мешіт салдырады. Көкбайдың мешіт салдыру ісіне үлкен көмек көрсетіп, жәрдем берген Семей қаласындағы қазақ байлары болады.

Жақын жердегі ауыл адамдары Көкбай мешітіне жиналып, намаз оқи бастайды.

Көкбайдың ресми молда (указной молда) болғанын дәлелдейтін оның Семей губернаторына 1916 жылы өз қолымен орыс тілінде жазған арызын келтірейік:

**Его Превосходительству Господину
Семипалатинскому Губернатору
Указного муллы Мукурской волости
Кокпая Джанатаева**

ЗАЯВЛЕНИЕ

Честь имею покорнейше просить Ваше Превосходительство разрешить мне краткосрочный отпуск на 28 дней на отлучку из волости.

*Указной мулла Кокпай Джанатаев
3 августа 1916 года.*

Ішкі Ресейге барып емделуге деп, бір ай демалыс берілген (Центральный Госархив КазССР, фонд 15, опись 1, дело 450, св. 23, стр. 38).

Көкбай ұлы ұстазы Абайдың адамшылық, мұсылмандық туралы қағидаларын бұлжытпай орындауды парыз білген және орындаған.

Руза, намаз, зекет, хаж — талассыз іс,
Жаксы болсаң, жаксы түт бәрін тегіс, —

дегендерін тегіс орындаған.

1913 жылдар хаж сапарына аттанып, Мекке, Мединеге барып, ғибадат етіп, хажы болып қайтқан.

Бұл уақыттарда оның халық алдында абырой-атағы бұрынғыдан да арта түседі. Ел Көкбайды Абайдың көзіндей көріп, қатты құрметтейді.

Көкбайдың мәжілісіне құштар жұрт оны қонаққа шақырып, ақ тілек-ниеттерін білдіру үшін сәлем беріп, жан-жақтан келіп жатады. Хат арқылы сәлем жолдаушылар да аз болмаған.

Сондай хаттардың, аман сақталып қалған біреуінен үзінді келтірейік.

Берлібек деген кісінің өлеңмен жазған хатынан:

Әссәләмуғәләйкім, молла ағайға,
Адамға бұдан артық абырой қайда.

Үлкенге – имам, кішіге – ұстаз болып,
Ғылыммен келтіріп ең жұртқа пайда
Бұл өлең Берлі інініз, замандастан,
Сәлемім хатқа жазып амандасқан.
Дін ашып, ортамызға мешіт салдың,
Жерің жоқ талиптармен жамандасқан.
Ғылыммен сан наданның көзін аштың,
Жолына сауап болсын қадам басқан.

Аз еді көрмегенің көргеніннен,
Үлгі алды көрген адам өрнегіңнен.
Сөз бастап он сегізде атқа міндің,
Тең құрбың асқан емес деңгейіңнен.
Алланың сізге берген абыройы зор,
Тобықты шыққан емес шенгеліңнен...

Көкбайды ұстаз тұтқан талантты ақын шәкірттері оның көзі тірісінде де, қайтыс болғаннан кейінгі уақыттарда да оған арнап өлең, жыр жазған. Олардың Көкбайға арнап жазған шығармаларын жинастырып, жариялау керек.

Абай дүниеден қайтқаннан кейінгі жылдардағы Көкбайдың басынан кешкен өмір кезеңдеріне біраз тоқтала кету керек.

Көкбайдың немерелес туысы, көп жылдар Көкше елінің болысы болып келген Дұтбайға қарсы өз ішіндегі Жарылғап деген рудың атқамінерлері дау, жанжал шығарып, Семей губернаторына арыз жаудырады. Ақырында Дұтбайды болыстықтан түсіртіп, қуғын-сүргінге ұшыратады, тіпті оны жер аударуды талап етеді.

Дұтбайдың жанашыр жақын туысы деп, Көкбайды да көрсетіп, оған да жала жабады. Сөйтіп жүрген кезде Дұтбай өз ажалынан өледі. Ендігі пәле-жаланың бәрін Көкбайдың басына аударып, Көкбай тергеуге алынады. Өтірік жаламен үш айдай түрмеге де отырып шығады. Бұл уақиға 1905–1906 жылдары болады.

Абай өлген соң, осындай басынан кешкендерін кейін жазған өлеңдерінде:

Бұл күнде жалғыз қалдым Абай кетіп,
Тірліктің дәнекері бір нәрсе етіп...
Арманым Абайменен бірге кетпей,
Қалыппын тентек елді құр күзетіп.
Көнбеген Абайға да асау, долы,
Бұл елді алу қиын тез түзетіп, –

дейді.

Көкбай 1905 жылы Семей қаласында Әлихан Бөкейхановпен танысып, сол жылдан бастап екеуі дос болып кетеді.

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовты да Көкбай және басқа Абай шәкірттері өте жақсы білген. 1913 жылы Орынборда шыға бастаған “Қазақ” газетін Абай шәкірттері үзбей алдырып, оқып тұрған. Олардың жазған еңбектерін үзбей оқып, бастарынан кешкен қиын хәл-ахуалдары, қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеге камалып, ауыр азап шеккендері, үнемі қуғын-сүргін көріп жүрген-дері Абай шәкірттерінің қабырғасын қайыстырып, терең тебіrentкен. Көкбай ақын өз заманында Әлихан Бөкейхановты қазақтың алғашқы оқымысты, қамқор азаматы деп білген. Көкбай ақынның 1914 жылы Бөкейхановқа арнап жазған бұл күнге шейін жариялауға мүмкін болмай келген өлеңін келтірейік:

Қарағым, жалғызымсың қазақтағы,
Ұл тұмақ сендей болып аз-ақ тағы.
Өгіз өліп, болмаса арба сынып,
Өмірің өткен жансың азаптағы.

Бал тамған ханзадам-ай қаламыннан,
Тәңірім айырмасын талабыңнан.
Қалған жоқ қонсы қонбай ақылыңа,
Қазақтың — хан, қырғыздың манабынан.

Абылай, Бөкей менен Әбілпейіз,
Ерлердің елге еңбегі ұшан-теңіз.
Солардың тұқымынан оқыған көп,
Тегінде тартады екен ескі негіз.

Оқыған оқыса да әрбір қилы,
Қарны тоқ оқығанның, басы сыйлы.
Оқу білім бермейді дуасызға,
Әркімнің өз ойында өзі миы.

Болмайды қалғанменен бала тұқым,
Құртпайын ауызбенен елді мұқым.
Көксал¹ мен Жәуетейді “төре” деген,
Солардай толып жатыр қоқым-соқым.

Анау бір Орынборда екі жігіт²,
Сенен соң жұрт солардан қылады үміт.

¹ Көксал — Бөкейханның өгеі баласы. Халық көп уақытқа дейін оны “төре” деп танығысы келмеген. Жәуетей де сондан біреу.

² “Орынборда екі жігіт” деп Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовты айтқан — Қ.М.

Қазақтың шаңырағын көтергелі,
Болып жүр ойларында тамам ұлыт.

Осыдан үш жылдан кейін, 1917 жылы “Алаш” партиясы құрылғанда Шаһкәрім, Турағұл, Көкбайлар бастаған Абай шәкірттері түгелдей бұл партияны қолдайды.

Бір ғана мысал келтірейік. “Үш жүз” деген партия “Алаш” партиясына қарсы шығып, жалған хабар таратып, “Алаш” партиясын халыққа жексұрын етіп көрсетпек боп әрекет жасап жатқан шақта 1917 жылы “Сарыарқа” (Семей) газетінің 26-санында Семей уездік земствоның мүшелері халыққа үндеу жариялаған. Үндеу жариялаушылардың ішінде Абайдың ақын шәкірттері: Көкбай Жанатайұлы мен Имамбазар Қазанғапұлы да бар. Ол үндеуде былай деген:

“Үш жүз” партиясы – анық содырлы-сойқанды жүзі қаралар партиясы. Бұл – жұртқа келген үлкен дерт. Сөздеріне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану алаш балаларына борыш.

Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы, көрген зорлығы мен зомбылығы аз емес. Енді “Үш жүздің” қуларына айтамыз: “елімізді іртпеніздер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес. Ел де есін біледі, сендердің сондарыңнан еріп, жарға қамалып жығылмайды. Халықты әуре қылмай, өлген мүжықтың қойынында қалаш табылатын болса, соны іздеп қарандар!

Біз “Алаш” партиясының соңынан ереміз, анық көшбасшыларымыз сонда” (“Сарыарқа” газеті, 1917, № 26).

Көкбай 1923 жылы ауыр науқасқа ұшырап, Мәскеуге емделуге барған сапарында Әлиханнның үйінде жатып, соның жәрдемімен жақсы дәрігерлерге қаралып емделген. Әлиханнның үйінде жатқан күндерінде онымен сыр шертісіп, әңгімелесіп, заман жайында көп мәселелерді естіп-біліп, ұғынып қайтқан.

* * *

Абайдың асыл мұрасын аман сақтап, оның кейінгі ұрпақтарына жеткізу ісінде еткен Көкбай еңбегі ерекше зор. Бұл мәселе туралы Мұхтар Әуезов былай деп жазады:

– Абай өзі барлық шығарған еңбектерін жинастырып, ұқыптылық етпеген. Тек 1896 жылы ғана, Мағауия, Кәкітай, Көкбайлардың айтуы бойынша, осы жылдан бастап, барлық шығармаларын жинастырып, көшіруге ұйғарады. Ол көшір-

мелер ең әуелі Абайдың ұдайы қасында болған жақын адамдары: Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Көкітай, Турағұл сияқты адамдар...

Абайтану мәселесінде Көкбай Мұхтардың өзіне де көп көмек еткен. Мұхтар оны да атап айтады:

– 1924 жылдан бастап, – дейді Мұхтар Әуезов, – Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға барынша зор көмек етеді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық үлкен еңбек сіңірген кісінің бірі – Көкбай.

– 1909 жылы Көкітай мен Турағұл бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абай өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты.

– Онан соң, Абайдың өмірбаянын толық етіп жазуда да Көкбай айтып берген биографиялық материалдар аса көп еді. Олар құнды деректер болатын. Тек Көкбайдың Абай турасында айтқан естегісі толық жазылмады. Бірақ 1927 жылы біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянның көп фактылары Көкбайдың аузынан алынған. Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік, деректердің көптен-көбі де сол Көкбайдың айтуынан алынған.

Міне, Көкбайдың қазақ әдебиеті тарихына келтірген осындайлық кесек пайдасы бар.

1924 жылы Семей қаласында Абайдың дүниеден өткеніне жиырма жыл толуына арнап қазақ оқығандары ескерткіш кеш өткізеді. Ол кеште Абайдың өмірбаяны жайында Халел Ғаббасов, Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны туралы Мұхтар Әуезов баяндама жасайды. Сол кешке Көкбай да келіп, Абай туралы естелігін әңгіме етіп айтып береді. Бірақ ол бұл кезде науқас еді. Мұхтар былай дейді: “Көкең Абайменен 1880 жылдан бастап, 25 жылдай жолдас болған. Сондықтан бұл кісінің әрі аға, әрі жолдас, дос болған жақыны, – Абай туралы білген мағлұматтары көп болса керек еді. Бірақ сол 1924 жылы Көкеңнің саулығы азайып, үлкен ауыр науқасты болды. Ауруынан “емделсем, жазылар ма екем” деген үмітпен Том, Мәскеу, Ленинград сияқты қалалардың бірінен қайтып, біріне барып, қыс бойғы уақытын жүріспен алып, орнығып отыра алмады.

Сондықтан, Абай кешінде “Естегісін айт” деп, өзі білген жайларын көп алдына сөйлеп берудің міндетін айтқан

уақытымызда да, өзімен жеке әңгімелескенде де көңілінде алаң көп болғандықтан Көкең өзі білген жайларының барлығын толық қылып түгендеп шыға алмады. Сонан соң, 1925 жылдың жазға салымында науқасы ауырлап елге қайтты. Кетерінде: “Үйге барған соң, шамамен келсе, Абайдың жайын толық қылып жазамын” деп еді. Елге барған соң ол уәдесіне жете алмады. Өйткені, науқасы жеңіп әкетіп, мүршасын келтірмепті.

Сол жылдың күзінде Көкең дүние салды да, мен қыстыгүні есіткен аз мағлұматтардан басқаны жия алмаған қалпымда қалдым” (Абай. Толық жинақ. Қызылорда, 1933 жыл, 385–386-беттер).

Абайдың дүниеден қайтқанына 20 жыл толуына арналған ескерткіш кеш 1924 жылы желтоқсан айында өткен. Көкбай, Мұхтардың айтуынша, еліне Семейден 1925 жылы жазға салым қайтып барған. Осыдан кейінгі Көкбайдың тағдыры туралы үнемі Көкеңнің қасында болатын Есентай Бердиннің берген мағлұматынан білеміз. Көкбай 62 жасында, төсек тартып жатпаса да, ауыра бастады. Ауруы бара-бара ұлғайып, қылтамақ (рак) деген науқасқа айналды. 1924 жылдың аяғында ауруын қаратуға Мәскеуге барады. Ондағы дәрігерлер: операция жасауға болмайды деп қайтаралы. 1925 жылдың басында тағы екі рет Мәскеуге барады. Сол сапарында Ленинград дәрігерлеріне де барып қаралады. Дәрігерлер дәрі беріп, сегіз айда науқасың тәуір болмаса, қайта кел деп жібереді.

Елге қайтып келген соң, науқасы күшейіп, нашарлай бастады. Күздің күні еді. Ауыл Қаракөл деген жерде отырған. Көкбай Көкшені жиғзып алып, туыскандарына өзінің денсаулығы нашарлағанын айтып, енді үшінші рет Мәскеуге жүрмекші болып отырғанын хабарлап, елмен қоштасады. Ел жол жүрмек болғанын мақұл көрмеді. Мәскеуге жете алмайсыз деп рұқсат етпеді.

Сонда Көкбай: “Кімде-кім оқып білген адамға бағынуы керек. Қазақтың бір әдеті орыс докторын жек көреді. Ол қате. Кім доктор болса, соған қарату керек. Сендер ойлап отырған шығарсыңдар: менің сүйегім далада қалады деп. Оларың қате. Мен қайда өлсем де, өзімнің мешітімнің ішіндегі қорғанға қойыламын”, – деді.

– Ақырында, 1925 жылы қазанның 1-і күні Мәскеуге барамын деп жолға шыққан бетінде, Күшікбай кезеңі деген жерге жетіп, сол жерде тұратын Смағұл деген кісінің үйінде, 63 жасында қайтыс болды. Сүйегі, өзі айтқанындай, мешітінің қорғанының ішіне жерленді.

Көкбайдың дүниеден қайтқаны туралы “Қазақ тілі” газетінің 1925 жылы 20 қазан күнгі, 100 (631)-санында жарияланған хабарды келтірейік:

“Көкбай молда қайтыс болды. (Семей уйезінен)

Осы октәбірдің 3-інде белгілі Көкбай молда Жанатайұлы қайтыс болды. Шығарған малдардан 3 тайынша, бір құнан өгізді баласы Ақметқали елдегі, қаладағы мектептердің пайдасына қойғызды.

Бердіұлы

Басқармадан: Көкбай молда кәдімгі Абайдың Көкбайы. Өзі бұрынғы Мұқыр болысынікі, жасы 60-тың ішіне кірген еді.

Біреу жылдан қылтамақ ауруына душар болып, өткен жылы Мәскеу, Ленинград, Томға көрініп қайтқан.

Көкбай молда тілге шешен, өлеңге ақын, жүрегіне келген сөзді айтып салуға батырлығы бар кісі еді.

Жаңа заманға әуестігінен “Қазақ тілінің” тілшілігіне жазылғаны да бар еді. Ескі сөзді де көп білетін адам еді.

Көкбайдың өз өміріндегі шығарған өлендерінен баспа жүзіне шыққаны көрінбейді.

Егер де ондайлары болса, жоғалтпай жинаған тәуір болар еді”.

Көкбай өлерден бір жыл бұрын, 1924 жылы “Қазақ тілі” газетінің 15 тамыз күнгі 92 (491)-санында жарияланған “Жақсы үлгі” деп аталған хабарды оқып көрейік:

“Жақсы үлгі

Семей уйезі, Тобықтыда атақты Көкбай молда Жанатайұлының мұнаралы мешіті болатын. 22 июльде болған Дос елінің (Әбілқайыр Досов атындағы болыс. — Қ.М.) болыстық тобында қаулы жасалған: молдаекеннің қасиеттеген мешітін дәрігерхана қылуға. Бұл басқаларға жақсы үлгі”, — деген.

Сөйтп, Көкбайдың мешітін әуелі дәрігерхана етуге қаулы алып, одан соң мешіті мен медресесін шаруашылық қоймасына, мал қорасына айналдырып, ақырында мешіт пен медресе үйі бүлініп, бұзылып, тамтығы да қалмай, мүлдем жойылған.

* * *

Көкбайдың өз қолжазбалары сақталмаған. Оның қолжазбалары туралы Есентай Бердин былай дейді:

– Көкбай өзі тірісінде қолжазбаларын ешкімнің қолына бермеді. өлгеннен кейін әйелі Үмітжан (аса бір діншіл адам еді) Көкеңнің қолжазбаларын, кітаптарын ешкімге көрсетпей тығып қойды. Үмітжан бәйбішенің Көкең өлгеннен кейін сырласып сөйлесетін бір-ақ адамы болды. Ол – Турағұл еді. Оның бір себебі: Көкбай Турағұлмен құда болып, Тураштың қызын баласы Ақметқалиға айттырған болатын.

Абай өлгеннен кейін Көкбайдың Тобықтыда сырлас адамы Турағұл болды. Үмітжан бәйбіше Көкеңнің қолжазбаларының көбін Турағұлға берген. Абай балаларына: “Көкбай маған қызмет етіп жүргенге қарап, оны өздерің дәрежелес адам екен деп қалмаңдар. Ол үлкен адам. Тегінде Көкбайдан қол үзбеулерің керек”, – депті.

Сөйтіп, Турағұл әкесінің өсиетін бұлжытпай орындаған.

Көкбай өлгеннен кейінгі жылдарда Турағұлдың басына қандай күн туғаны қазір елдің бәріне мәлім.

Турағұл Көкбай қолжазбалары түгіл, өз қолжазбаларын да сақтай алмаған, “Байтал түгіл, бас қайғы” болған.

Қазір қолымызда Көкбайдың өз қолымен жазған бір ғана үлкен өлеңі бар.

Бұл қолжазбаны 1940 жылы маған әкеп тапсырған – мені жақсы білетін адам болатын. Менің өтінішім бойынша, қолжазбаны қайдан және қалай тапқанын қысқаша жазып берген еді. Енді сол кісінің латын әрпімен жазылған өз жазбасын өзгертпей келтірейін:

“Мен, Қасымбеков Мұсағали, Шыңғыстау аудандық партия комитетінде нұсқаушы болып істеймін.

Көкбай Жанатаевтың мына өз қолымен жазылған өлеңді 1940 жылы 2/ҮІІІ күні Күлменді советіндегі, Доғалаң деген жердегі колхозға бара жатып, Берікқара деген жердегі ескі бейіттің бұрышындағы ұядан 4 кітап тауып алдым. Басқасын танымай, сол жерге тығып кеттім. “Тұхбатұл мәлік” деген кітаптың ішінен осы жазуды алдым. Сондықтан қолымды қоямын.

*Қойған қолы (Қасымбеков).
24/IX 1940”*

Мұсағали Қасымбековтың бұл қолжазбасы қазір менің қолымда сақтаулы.

Көкбайдың өз қолымен жазған өлеңін М.Қасымбековтан алғаннан кейін Абай музейіне тапсырғанмын (1940). Көкбай қолжазбасы Абай музейінде сақталады. Ақынның дін тақырыбына жазған бұл ұзақ өлеңі әлі зерттеліп, жарияланған жоқ.

Сол кезде, Көкбай өлеңін музейге тапсырар алдында, өлеңнің соңғы тұсынан біраз жерін көшіріп алған едім. Өлеңнің толық нұсқасы болмаса да, мысал үшін сол көшір- мемді келтірейін:

... Жүз ғамал мұнымен болды тәмәм,
Сөйтсе де шын білініп болмас қаман.
Бар ғұмырды бұған сарыф қылсадағы,
Ешбір кісі түгендеп бола алмаған.
Бір біз емес мәшахат тартқандар көп,
Үлкен, кіші, жоғарғы, төменгі адам.

Сөйтсе де білмегеннен білген жақсы,
Ғалыммен неге бірдей болсын надан.
Сонда да әбден біліп болғаны жоқ,
Ғалымдар іздегелі талай заман.
Әйтеуір білейік деп тырысалық,
Бәрінен білмеймін деп тұрған жаман.
Талипқа білмегеннің ғайыбы жоқ,
Білместіктен еш пенде емес аман.
Бір ауыз ұқсандағы ғылымға есеп,
Тазалап ұғып қара келсе шамаң.
.....секіріп шөп басынан
Құр шаппа молламын деп далаң-далаң.
Оқығанмен оны да тоқу керек,
Өлмесе қайда кетті ата-бабаң.
Дүниенің басы — мақтау, аяғы — алдау,
Аяғы — бір жерошақ алты табан.

.....
Жамандардың жаманы — жаман ғалым,
Махшарда жиылғанда барша ғалам.
Қолтығыңнан демейтін қиын жерде,
Ел-жұртың, айырылған қатын-балаң...
Оқығандар, дұғадан тастамаңдар,
Еншалла қабыл қылар Алла тағалам.
Түспесін надандықтың қармағына,
Кейінгі талапкерге дұғай сөлам!

Жазғушы: рухым қазақ Орта жүзде,
Тұрағым шаһар емес, сахра түзде.
Тобықтының ішінде табым Көкше,
Момынға қосыламыз барып біз де.

Хан Шыңғыста мал баққан харекетім,
Пәлендей ғылымнан жоқ мәліметім.
Әйтеуір молла деген атымыз бар,
Алла берсін нәфиғ кәм берекетін.

...Есімім Көкбай талип осы күнде,
Тырысқан боп жатырмыз күндіз, түн де.
Қанеки, бәрің үшін бір фатиха:
Асанлық ғұмыр ахыр болған демде.

Көкбай ақынның бұл күрделі шығармасын идеялық маз-
мұны жағынан зерттеп, текстологиялық талдау жасап, кең
түсінік беріп, толық қалпында жариялау керек.

Уәйіс Шондыбайұлы


(1873—1925)

Уәйіс — Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі. Ол әрі әнші, домбырашы, гармоншы және өзі де ән шығаратын сегіз қырлы өнерпаз. Уәйістің ақындық, әншілік өнері өз заманында өз ортасына әйгілі болған.

Абай оның өнерпаз, жас талапкер екенін естіп, білген соң әдейі арнап шақыртып алып, өлең айтқызып, ән салдырған. Ұлы ақынның сондай мінезі жөнінде Көкбай былай дейді: “Өлең айтқыш жігіттердің сөздерінде нәр, жұғын болса, дәмді сөзін көріп риза болса, ондайлардың өлеңді көбірек айтқанын тілейтін... Өзі біреуге ұзақ әңгіме, ұзақ жыр сияқты нәрселерді айтқызғанда еш уақытта басқа бөтен нәрселерге аумай таза көңілмен, үлкен ықыласпен тыңдайтын. Және әрқашан сондайды тыңдап болған соң, мағынасы мен мәнін ұғындырып сын айтатын” (Абай Құнанбайұлы. “Толық жинақ”, 1933, 388—390-беттер).

Абай өз елінің ғана емес, маңайындағы көрші елдердің ішінде өнерпаз жастар болса, оларға да көңіл бөліп отырған. Ондай өнерпаздарды кейде шақыртып та алған. “Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды”, — дейді Мұхтар Әуезов (Абай Құнанбаев, “Толық жинақ”, 1933 жыл, 372-бет). Абай сол ретпен Уәйіс ақынды да шақыртып алған. Бұл жөнінде Мұхтар Әуезов “Абай жолы” романында суреттеп жазған. “Бір топ жолдасымен Байғабылдан Ақылбай келген. Абайдың сәлемімен, осы соңғы жылдарда “ақын” деген атағы шыққан Керей Уәйіс, Топайдан Бейсенбай деген ақындар да келіпті. Түстен бері осы қонақтар Абайдың үйіне келіп, сәлем берісіп, түстік астан, күндізгі шайдан ішті. Отаулар, қонақ үйлер, көрші үйлердің қазіргі жататын орындарын анықтасты” (“Абай жолы”, Екінші кітап).

Сол Уәйіс ақынның өмірбаяны осы күнге дейін жазылған жоқ. Оның шығармалары жиналып, зерттеліп басылған жоқ. Оның Төлеу ақын Көбдіковпен (1874—1954) бір ғана шағын айтысы, “Айтыс” атты кітаптың екінші томында 1965 жылы жарияланды. Төлеу мен Уәйіс бір елдің адамдары және ескеуі құрдас болатын. Төлеу марқұмнан Уәйіс жайын сұрағанымызда, оның ақындығын асырамақтап, ақындығы менен



басым еді деп айтып отырушы еді. Уәйістің өлеңдері көп болушы еді және өзі ірі әнші, Абайдың алдын көрген, Абайға ұнаған ақын болатын, деп Төлеу ақын Уәйіс туралы ұзақ-ұзақ әңгіме айтатын. Уәйіс туралы білетіндерін жазып бермек те еді. Көп жасап, көпті көрген Төлеу Абай туралы естеліктерін, нағашысы Сабырбай ақын, шешесі Қуандық ақын, Әріп ақын, тағы басқа ақындар жөнінде көп мағлұмат жазып берді. Тек Уәйіс жайында жаза алмай кетті. Сол сияқты Уәйістің замандасы әрі жерлесі ақын Кәкім Оңдасынов (1890–1976) та оның өлеңдерін жинап жүрмін, жазып беремін деуші еді. Ол кісі де бізге ештеңе жазып бере алмай кетті. Уәйісті көрген тағы бірнеше адаммен ертеректе әңгімелескенімізде олардың бәрі де Уәйістің ақындығын, әншілігін мақтайтын, естерінде қалған бірнеше ауыз өлеңдерін айтатын. “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын Уәйіс бір түн айтушы еді және әлденеше сарынмен домбыраға қосылып, аса қызықты етіп жырлаушы еді дейтін. Бұл арада “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының бір нұскасын Уәйіс ақынның айтатындығы туралы мәселеге тоқтала кетуіміз керек.

Мұхтар Әуезов былай деп жазады: “Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы Бейсенбай деген ақынға “Қозы Көрпеш – Баян сұлудың” жаңа айтқан вариантын хатқа түсірткен. Бейсенбайдың аузынан алынған, Жанак айтты дейтін “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының бір-екі қолжазбасы бар. Бірақ Бейсенбай алғашқы Жанак вариантының аяғын өзгертіп жырлаған. Осы Жанак – Бейсенбай вариантын Мұхтар Әуезов 1936 жылы Алматыда жеке кітап қылып бастырған. Және бұл нұсқа 1939 жылы басылған “Батырлар жырының” 1-томына енгізілген. Әзірге “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырының баспаға шығып, көбірек мәлім болған нұскасы осы” (“Қазақ әдебиетінің тарихы”, 1-том, Фольклор, Алматы, 1948. Мұхтар Әуезов. “Ғашықтық жырлары”, – “Қозы Көрпеш – Баян сұлу”, 172-173-беттер).

Мұхтардың осы айтқандарын, Әлкей Марғұлан толықтырып, 1985 жылы шыққан “Ежелгі жыр, аңыздар” атты кітабында былай деп жазады: “Жанак жырлаған “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жырын Абай мен оның балалары аса қадірлеген, бұл вариантты жырлаған ақындар Бейсенбай, совет дәуірінде жырлаған – Керей Уәйіс ақын. Оның айтуынша Мұхтар Әуезов жырдың бір көркем вариантын жазып алып (1924), кейін баспадан шығарған” (323-бет), – дейді¹.

Әлкей Марғұланның бұл мағлұматы дұрыс берілген деп

¹ Әлкей Марғұлан. “Ежелгі жыр, аңыздар” (Ғылыми-зерттеу мақалалар). Құрастырған және арнаулы редактор филология ғылымының докторы Рахманқұл еді. Алматы, “Жазушы”, 1985 жыл.

білеміз. Олай дейтініміз Бейсенбай Жәнібекұлы 1917 жылы қайтыс болған адам (1868–1917). Ал, Уәйіс 1925 жылы өлген және ол өмірінің соңғы жылдары Абай елінде, Шыңғыстауда тұрған.

Мұхтар Уәйісті жақсы білген.

1940 жылы Абайдың ақын шәкірттерін зерттеу ісін бастаған кезімде Мұхтар Әуезов Абай шәкірттерінің қатарында Уәйіс ақынды да зерттеп жазу керек, ол Абайдың өзі әдейі арнап шақыртып алған ақыны болатын деген еді және 1924 жылы желтоқсан айында, Семейде Абайдың дүниеден қайтқанына 20 жыл толғанына ескерткіш кеш өткізілгенде, Уәйіс те сол кешке қатынасып, ән салды, ол кезде Уәйіс ақын Абай елінде тұратын деп еді.

Сол кезден бастап Уәйістің шығармаларын жинауға талаптансам да: ақын мұрасын сақтаған адамды кездестіре алмадым. Өмірбаяны жайында ел аузынан біраз үзінді-үзінді мағлұматтар ғана жиналды. 1950 жылы Уәйістікі дейтін бір дастанның көшірме қолжазбасы, 1968 жылғы бір поэмасының көшірмесі қолыма түсті. Бұл шығармалардың жазылу тарихын анықтау қажет болды (Бұл шығармаларға кейінірек тоқталамыз).

Ақынның өзі өмір сүрген заманы жайында жазған бірде-бір өлеңінің өз қолжазбасы не көшірме қолжазбалар қолымызға түспеді. Абайдың алдын көрген, ұлы ақынның шығармаларын бастан-аяқ білетін, одан көп тағылым алған, көңіл-көзі ашық, өзі сауатты – Уәйіс сияқты ақынның, өзінің өскен ортасы, өмір сүрген заманы, өз халқының хал-ахуалы жайында өлең жазбауы мүмкін емес. 1925 жылға дейін өмір сүрген ақын талай-талай уақиғалардың куәсі болды. Бүкіл дүние жүзін дүрліктірген бірінші империалистік соғыс, қазақ халқының тарихындағы ерекше бір елеулі кезең 1916 жылдың уақиғасы, Февраль революциясы, Октябрь төңкерісі, Азамат соғысы, Қазақстанда Совет екіметінің орнауы – осындай ірі-ірі тарихи уақиғалардың, Уәйіс сияқты, Абайдан өнеге алған, саналы азамат ақынға, әрине, күшті әсері болды. Осы айтылған мәселелер ақынның назарынан тыс қалған жоқ. Бірақ ол дәуірде қандай өлең жазды, қандай бағытта, қай тұрғыдан қарап жазды, ол өлеңдері қайда? Осының бәрі осы уақытқа дейін біз үшін шешілмеген жұмбақ сияқты болып келді. Осы түйін шешілмей тұрып, Уәйіс туралы мағыналы мақала жазу да мүмкін емес еді. Бізге ақыннан қалған тұқым-жұрағат бар, жоғы белгісіз еді.

Қазір енді, Уәйіс ақынның творчествосы туралы түйін болып келген жұмбақ шешілді.

1983 жылы, 6 қазан күні Шұбартау ауданынан хат алдым. Хаттың мазмұнын келтірейік. “Құрметті Қайым Мұхамедханович! Уәйіс ақын туралы осы деректерді және оның табылған қолжазба өлеңдерінен көшірме жіберуші Уәйістің жиені Нәсіпбек Сәменбетов деп білесіз.

Менің шешем Бишан Уәйістің ағасы Мұхамедиярдың қызы, 1902 жылы туған. Уәйістің екінші ағасы Жүністен Қалмен (Халиолла) мен Балқұс туады. Балқұстан – Майдан Құрмашев (Уәйістің жиені) туады... Уәйістің қолжазбаларын (әрине, толық емес) іздестіріп тапқан осы Майдан.

Бұл табылған шығармаларының тақырыптары мен мазмұны біз үшін өте күрделі. Оны ғылыми және әдебиет тұрғысынан зерттеу, талдау Сіздің назарыңызға ілінері сөзсіз деп ойлаймын. Мен және Майдан да әдебиетші емеспіз. Менің мамандығым – инженер, ал Майдан – мал дәрігері. Сондықтан осы деректерді ғалым-әдебиетші Сізге жіберіп отырып, баспа бетіне беріп, өзіңіздің пікіріңіз бен ғылыми талдауыңызды және Уәйіс шығармаларының жарыққа шығуына үлкен үлес қосады деген үміттеміз”.

Осы хатпен бірге машинкаға басылған Уәйіс өмірбаянынан деректер және өлеңдерінің көшірмесі келді. Өлеңдері машинкаға басылған 42 бет, жалпы көлемі – 1300 жолдан астам. Бұл өлеңдер ақынның 1916–1921 жылдар жазғандары екен. Науқастанып жүрген кезінде (1924–25 жж.) жазған 2–3 өлеңі де бар.

Өлеңдерді зер салып оқып шықтым. Түгелдей дерлік саяси-әлеуметтік тақырыпта жазылған шығармалар екен. Терең идеялық мазмұнына көркемдік түрі сай келген өлеңдер. Бұл өлеңдер жалпы стиль жағынан қарағанда, Уәйіс ақынның өзінің төл шығармалары екендігіне ешқандай күмәніміз жоқ.

Дегенмен, көшірменің аты – көшірме. Өлең сөздерінің кате көшірілгені, орыны ауысып кеткендері, кейбір өлең жолдарының мазмұнға қабыспай тұрғандары, көшірушінің өз жанынан сөз қосқандары ап-айқын көрініп тұр.

Нәсіпбектің маған жібергені – Уәйіс өлеңдерінің екінші рет көшірілген нұсқасы екен. Ол былай деп жазады: “Уәйістің арабша жазған өлеңдерін Қалмен латынша көшіре отырып, мынадай түсініктеме жазады: “Бұл өлең баспаға берілмеген ауыз әдебиеті. Мұны жазған Шұбартау ауданы, ¹ 2 ауыл, ескіше Семей, Дағанды болысы 12-ші ауыл адамы Уәйіс Шондыбаев. Жазылған уақыты 1914 ж. 13. VIII... Баспаға берілмеу себебі (сол кезде), мұндай өлеңді қорқып бере алмайды...”

Уәйіс өлгеннен кейін тығулы жатушы еді, содан мүмкіндігі болып, өзінің қолымен жазғаннан көшіргенім осы болды. Аударған Жүнісов Қ. 19. X. 1937 ж”. Сөйтіп, Уәйістің араб әрпімен жазған өлеңдері 1937 жылы латын әрпімен көшіріліп жазылған. Маған жіберілгені сол 1937 жылғы жазбаның көшірмесі.

Сондықтан Уәйіс өлеңдерінің өз қолымен жазылған түп-нұсқасын көріп, көшірме қолжазбалармен салыстырып, текстологиялық зерттеу жасамай тұрып және ақынның қолжазбасының сақталу, табылу тарихын анықтап білмей тұрып жаңа табылған өлеңдері туралы жазуға асығыстық жасай алмайтынды Нәсіпбек Сәменбетов жолдасқа хабарладым.

* * *

Майдан Құрмашевтің 11 қазанда (1983) Шұбартаудан жазған хаты және “Уәйіс өлеңдерінің табылу туралы” деген қолжазбасын алдым. Белгілі әнші, марқұм Жәнібек Көрменовтың “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған мақаласында Уәйістің әншілік өнерін ерекше атап, оның “Шұбартау”, “Перуайым” атты әндері туралы жазған сөздері Майдан Құрмашевті ойландырады екен. Әсіресе, Жәнібек сияқты жақсы әншінің Уәйіс әндерін кемеліне келтіріп шырқағаны, “Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар” деп Абай айтқандай, Майданның жүрегін де, ар-намысын да оятады екен. “Семей таңы”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінде шыққан С. Жакыпов жолдастың Уәйіс туралы шағын хабары да көңілін аландатады екен. Газет “материалдары құлағымызды елең еткізіп, көңілде тынышсыздық туғызды”, – дейді Майдан. “Халықтың аяулы азаматы, әнші-композитор, ақын Уәйістің өлеңдері мүлде еш жерде сақталмай қалуы мүмкін емес деген сенім оянды. Оның да өзіндік себебі бар еді. Ертерек кездерде шешем Балқұс Жүніскызы (Жүніс Уәйістің туған ағасы): “Көзімнің қарашығындай жаным, жанымнан соңғы жалғыз бауырым Қалменім (Халиолла) бүгінде тірі болса, “Молда ағамның” (Уәйістің жақын туыстары, ескіше сауатты болғандықтан, “Молда аға” деп атап кеткен. Ол өзі ешқашан молдалықпен шұғылданбаған) өлеңдерін, әншілік өлеңдерін бүгінгі адамдарға жеткізер еді”, – деп арман ғып айта беретін. Сонда өлең-жырмен онша әуестігіміз жоқ біз – (Майдан өзі 1942 жылы туған екен. – К.М.) Қалмен кім еді, ол кісінің Уәйістің өлеңін жарыққа шығара алатынын қайдан білдіңіз? – дейтінбіз. Шешей көзіне жас ала отырып, аса бір сағынышты сезіммен Қалмен жөнінде мыналарды айтатын. Қал-

мен оқыған сауатты болды. 1933 жылдары мұғалімдік оқу бітіріп, “Қызылқия” мектебінде мұғалім, мектеп директоры болып қызмет істеді. Өзі өлең жазатын, домбыра тартып, ән айтатын. Молда ағаның өлеңдерін жатқа білетін. Оның бір чемодан кітаптарды, жазбаларды тығып ұстап жүретінін көзім көрді. Қу соғыс кімнің отын өшіріп, кімді қан қақсатпады. Соның бірі Қалмен болды. 1942 жылы соғысқа аттанды, содан қайтып оралмады. Соңында ұрпақ қалмады. Ал Қалменнің әйелі Дәуен, оның сол чемодандағы кітаптарын, жазбаларын сақтады ма, жоқ па, оны айта алмаймын”, — деп ауыр күрсінетін”, — дейді Майдан, “Уәйіс өлеңдерінің табылуы туралы” деген жазбасында. Одан әрі Дәуенді іздеуі жайында баяндап, оның тұратын жерін анықтағанын жазады. — Сөйтіп, осы жылдың (1983 ж.) 5 июнь күні Дәуен апай тұратын Аякөз ауданының “Тансық” совхозына жол шектім, — деп “күдік пен үміт аралас күйде” “Тансық” совхозындағы Дәуеннің үйіне келгенін. Дәуеннің екінші күйеуінен туған баласы, жігіт ағасы — Шокердің жақсы қарсы алғанын, Дәуенмен кездескен кездегі көңіл күйлерін Майдан терең сезіммен сипаттап жазған. Одан соң былай дейді: — Әңгіме төркіні Қалменнің жазбаларына ауысқанда, арамызда ауыр үнсіздік орнап, екі жақты да бір түрлі күйзеліс биледі. Әлде не уақыттан соң барып, апай сол үнсіз күйі абдыра түбінде 41 жыл қасиетті тұмардай сақтап келген, сарғайған сары дәптерлерді қолыма ұстатты. Қолыма ұстатты да:

— Мә, ал, қалқам, аманат етіп тапсырдым. Жазғаны көп болушы еді. Неге екенін қайдам, өзімен бірге біразын алып кеткен. Мендегі бары осы. Халықтың қадесіне жарат деп, қимасынан айрылғанын жаңа сезгендей, көзіне ағыл-тегіл жас алды. Менің де дәптер ұстаған қолдарым қайта бүгілместей қатып қалғандай. “Шынымен мен бұл кісінің ешкімге білдірмей 41 жыл сарғайған дәптерлерімен бірге сарғая күткен үмітін үзгенім бе?” деген ой санамды билегендей.

— Ал, ал, қалқам! — деген апайдың қайта шыққан үні қолыма жан кіргізіп, ойымды тоқтатты. Дәптерлерді алдыма алып, парақтап қарай бастадым. Дәптер — жетеу. Бірі — іс қағаздар делосы, Халиолла Жүнісовке әр жылдарда берілген мінездемелер, жоғарғы оқу орнынан келген шақыру қағаздары (Халиолла 1939 жылы Семейдің педагогикалық институтының тіл-әдебиет факультетіне сырттай оқуға түсіпті), партия мүшелігіне өту үшін жинақтаған кепілдемелер... Дәптердің бірі — Уәйіс Шондыбаевтың өз қолынан араб әрпімен жазылған өлеңдер. Барлығы 85 бет өлең. Осы қолжазбаны Қалмен арабшадан латын әрпімен дәптерге көшіріп, баспаға

әзірлеген... Алайда, Халиолла бұл өлендерді баспаға бере алмаған. Оған қандай жағдайдың себеп болғаны белгісіз. Сонымен Уәйіс Шондыбаевтың әзірге біраз өлендерінің түпнұсқасы табылды”, — дейді Майдан Құрмашев

Уәйіс өлгеннен бері 58 жыл бойы белгісіз болып келген ақын қолжазбаларының сақталу және табылу тарихы осындай.

* * *

1983 жылы қазанның 14-күні Уәйістің екі жиені — Майдан мен Нәсіпбек келді. Олар ақынның өз қолжазбасын және басқа бірталай материал әкелген екен. Олардың әкелгендерін 15 қазан күні, “Семей таңы” газетінің редакциясында ресми түрде қабылдап алдым. Бірінші дәптер — Уәйістің өз қолымен таза жазылған өлендері, көлемі 85 бет, 1308 жол өлең, қолжазба жақсы сақталған. Екінші — жыртылып тозған дәптер, оның 9 бетіне ақынның өз қолымен жазған 140 жол өлеңі бар, Уәйіс өлендерін 1937 жылы көшіріп жазған, Қалменнің екі дәптері — 66 бет және Уәйіс өлендерінің басқа бір адамның қолымен (латын әрпімен) көшірілген екі дәптер — 60 бет. Бұлардың бәрі Қалменнің үйінде сақталған.

Майдан мен Нәсіпбек тапсырған тағы бір қолжазба, 85 жастағы Тайтөлеуов Қалиасқар қарттың қолында сақталыпты. Араб әрпімен жазылған қолжазбада “Тобықты Тәуке батырдың Керейді шапқаны” деген поэма бар екен. Бірақ қолжазба қатты тозған, поэма түгел емес, соңғы жағы жоқ.

Қалиасқар ақсақал бұл поэманы шығарған Уәйіс ақын деп, өзінің дәлелін келтіріпті.

Майдан тапсырған тағы бір жазбасында былай делінген: “Жасы 83-ке келген қарт Төлеусары Өскенбаевтың естелігінен. Осы өлеңді жасымда Уәйіс деген ақын айтты деп, үлкендерден естіп, жаттағанмын. Өзім қазір ауырып отырмын, басын айтып берейін.

Орыстың ертегі еді Иванушке.
Шығардым өлең қылып ерте, кеште.
Ыбырай жазып бер деп бұйырған соң,
Дей ме деп тіл алмайтын неткен кеше...” —

деп бастап, 26 жол өлең жазылған.

Майдан мен Нәсіпбек Уәйістің ел аузында сақталған кейбір өндерін, өлендерін, тағы басқа бірталай мағлұматтарды магнитофон лентасына жазып алыпты. Уәйістің бұл екі жиені

бірталай игілікті іс істеген. Ақынның өмір тарихын толықтыратын мағлұматтар жинау, оның әдеби мұрасын іздестіру жөнінде бұл екеуі әлі де көп еңбек етуі керек.

Уәйіс мұрасының табылуына үлкен себепкер болған — Балқұс, ақын мұрасын кастерлеп, шашау шығармай, ұзақ уақыт сақтап келген — Дәуен сияқты аяулы аналарға зор алғыс, көп-көп рахмет айтамыз!

* * *

Уәйістікі дейтін екі поэманың көшірме қолжазбасы менің қолымда бар екенін жоғарыда айтып едік. Оның біреуі — “Иванушка дурачок!” — деп аталады. Білетін адамдардың айтуынша, бұл шығарманың тақырыбын Уәйіске Абай берген екен, өлеңмен жазылған орыс ертегісінің уақиғасын оған айтып беріпті және орысша жақсы білетін бір шәкіртіне, орысшасын Уәйіске оқып беріп, түсіндір деп тапсырған екен, дейтін. Және Уәйістің бұл шығармасын жақсы біледі дейтін Абай елінің бір-екі адамының аты-жөнінде маған атап айтқан еді. Сол адамның біреуі менің өтінішім бойынша, сол “Иванушка дурачок” поэмасының өз қолымен жазған нұсқасын, 1950 жылы маған жіберген еді. Бірақ ол кісі бұл поэманы орыс ертегісінен алып, жазған өзім едім деп, қалай жазғанының тарихын ұзақ әңгіме етіп, төндіріп айтады. Қолжазбаның соңында тағы мынадай түсінік береді: “Иванушка дурачоктың” нақ жазылған уақыттағы қолжазбасы бұрыннан үйде жатқан ескі кітаптардың арасында жүр екен. Аяғы бүлініп, жоғалыпты. Сондықтан аяғын жазып қостым”, — дейді. Араб әрпімен жазылған бұл қолжазбаның көлемі 348 жол өлең. Бұл кісінің қолжазбасында поэма былай басталады:

Орыстың ертегі екен Иванушка,
Ойландым өлең қылып ерте-кешке.
Уәйіс жазып бер деп тапсырған соң,
Дей ме деп тіл алмайтын неткен кеше...

Бұл кісінің басқа жазған өлеңі жоқ. Және Уәйіс тапсырған соң жаздым дейді. Осындай мәселеге байланысты, бұл шығарма әлі де зерттеуді қажет етіп, 1950 жылдан бері менің архивымда жататын. Қазір жоғарыда аталған Төлеусары Өскенбаев ақсақал бұл шығарма Уәйістікі екенін және өзі жатқа білетінін айтып отыр. Уәйісті көрген, онымен ауылдас

болған, Ағдари Оразалинов: “Орыс шаруалары жайлы “Иван” деген поэма жазғанын және көптеген өлеңдері барын білетінбіз”, – дейді. (“Қазақ әдебиеті” газеті, 22 апрель, 1983).

“Иванушка дурачок” поэмасының уақиғасы П. И. Ершовтың (1815–1869) “Конек-Горбунок” атты белгілі ертегі-дастанынан алынған. Бұл шығарманың авторы – Уәйіс ақын.

Тәукенің Керей еліне шабуылы туралы поэманың өз қолындағы нұсқасымен, жоғарыда айтылған Төлеусары Өскенбаевтың жазбасын салыстырып карағанда, кейбір жеке сөздері болмаса, екеуі бірдей болып шықты. Поэмада Тобықты мен Керей елінің арасында анық болған уақиға суреттеледі. Поэмада сипатталатын адамдардың бәрі де өмірде болған кісілер. Тәукемен шайқасатын Керей батыры дейтін – Жікісай, Уәйістің өз елінің адамы және замандас, күрдасы. Уақиғаның қай жылы, қалай болғаны жайында қолымызда толық мағлұмат бар.

* * *

Уәйіс Шондыбайұлы, қазіргі Семей облысы, Шұбартау ауданы, Баршатас селосында, бұрынғы Дағанды болысы, 12-ауыл, Жылтыр деген жерде, 1873 жылы дүниеге келіпті. Руы Керей. Бегімбет – Бекназар, Қожагелді – Көлібай. Шондыбайдың Уәйістен басқа төрт баласы болыпты. Олар: Мұхамедияр, Жүніс – Уәйістің ағалары, Исатай, Естай – інілері. Бұл екі інісі де әнші болған.

Табиғи дарынды Уәйіс жас жігіт кезін жігітшілік құрып, серуендеп, Семей, Қарқаралы, Кереку, Зайсан, Жетісу елдерін аралап, өлең айтып, ән салыпты.

1894–94 жылдар Абайдың шақыруымен келген Уәйіс, ұлы ақынның талантты, білімді шәкірттері Мағауия, Ақылбай, Көкбайлардың тобына қосылады. Абайдың өсиетін тыңдап, ұғып, еңбекші халық мүддесін жырлайтын азамат ақын болады. Бұл айтқанымызды оның жаңа табылған өлеңдері де дәлелдейді.

... Жан құрбан халық үшін қылайық та,
Бұл істен не боламыз қашқанымыз.
Ақылын айтып-айтып Абай кеткен,
Қазақта сол емес пе асқанымыз.

Ақындық өнерде Абайдан үлгі-өнеге алып, оның өсиетін көп тыңдап, терең түсініп, мол тағылым алған Уәйіс ұлы

ақынның саналы шәкірті болады. Абай дүниеден қайтқан соң, оның дәстүрін берік ұстаған Уәйіс, өзінің ақындық табиғи талантын қазақ халқының жырын жырлауға арнайды:

... Жан құрбан халық үшін қылайық та,
Бұл істен не боламыз қашқанымыз.
Ақылын айтып, айтып Абай кеткен.
Қазақта сол емес пе асқанымыз,
Хатықтың анасындай қамын жеген,
Қайраты Үрістемдей Дастанымыз.
Белгісі надандықтың сол емес пе,
Мың сөздің бірін ұқпай тастадыңыз, —

дейді ақын.

Енді 1983 жылы табылған Уәйістің өз қолымен жазылған дәптердегі 1916–1921 жылдардағы өлеңдеріне шолу жасаймыз. Бұл өлеңдерінде патша өкіметінің отаршыл зұлымдық саясатының нәтижесінде ерікті елдігінен, береке-бірлігінен айырылған қазақ халқының қайғы-қасіретін жыр етеді. Халықты жауыздыққа қарсы күреске шақырып, жар салады.

Дәптердің бірінші бетіндегі “Қайғылы хал” дейтін алғашқы өлеңі былай басталады:

Кеңшілік кедейлерге заман бар ма,
Қайғымен көп қамыққан адамдарға,
Әлсізді әлі жеткен аңдып жеп жүр,
Болған соң уақыт осы амал бар ма,
Сөйлеп сөз, айтып арыз жетер емес,
Сөз етпес, соқса жүрмес шабандарға,
Заманды әділетсіз аз сөйлейтін,
Қызыл тіл, қимылдап қал шамаң барда, —

деп бастап, ел үшін еңбек ететін бірде-бір басшы адам жоқ, бәрі ел жегіш алаяқ, “аларында ақтан безіп, ардан кешіп” жүрген жебір, алармандар, әділеттік жоқ, мұның теріс дейтін жан жоқ, дейді ақын. Ел басындағы ауыр халді ашына жырлап, зұлымдықты әшкерелейді. Ақын осы өлеңінде заманның сол қалыпта тұра бермейтінін де аңғартады: “Ойлаған көз жіберіп кісі бар ма, Заманды халық үшін жақындаған” дейді.

Ақын “Аз мәселе сөйлейін”, — деп басталатын өлеңінде халыққа жар салып, әділеттілікті насихаттайды:

Аз мәселе сөйлейін,
Құлақ салсаң жәрәндар.

Елді ойласаң адамдар,
Жақынды жаудай жемендер,
Момынның малы арамға.
Мал болады демендер.
Тентектің сөзін өшіріп,
Мақұлдың сөзін елеңдер! —

дей келіп, оны елеп, ескеріп жүрген ел басқаратындар жоқ,
қайта өздері елді сүліктей соратындарын әшкере етеді.

... Сүліктей сордың қанымды,
Нақактан қинап жанымды,
Қанды көз өңшең жеменгер.
... Біріне-бірі жолдас боп,
Өзінен басқа бенде жоқ.
Қаттасы толса, қайқандар,
Ұят та жоқ, ар да жоқ,
Тамағы үшін талпынып,
Ел үшін қылған қам да жоқ.
Тексеретін тентекті.
Әділет, теңдік заң да жоқ.
Адал менен арамды,
Жақсы менен жаманды,
Айыратын хал да жоқ.

Ақын әділдік үстем болатын заманның туатынына сенеді,
сол заманды арман етіп, асыға күтеді:

... Жеткізбейді мүнәфік,
Арам менен амалға.
Тексерер заман бір туар,
Табанда қулар, табанда.
Жайға жатқан момынды.
Іске алғысыз жаманда.
Жолығар қашан қайран жұрт,
Әділдік тегін орнатқан,
Қиянат көрмес заманға, —

деп келіп, Абайша сөйлеп кетеді:

Пайданы көрсе, бас ұрған,
Адалдың жолын жасырған,
Хайуан ба бұл, адам ба,
Ардан безген айуандар,
Жолығарсын аранға! —

деп түйеді. Ендігі бір өлеңінде, бар байлық еңбек етпейтін, елді қанаушылардың қолында отырғанын ашына айтып, бұл адамшылық емес, айуандық, қорлық, бірақ қазіргі таңда қолдан келер дәрмен жоқ деп, күйініп, қапа болып, іші оттай жанып, ызалы жүректен шыққан жырын жұртқа жаяды:

Жүреді жұрттың көбі қарасынға,
Жамағат, сөзге құлақ саласың ба,
Адамсыздық, айуандық – бәрі бізде,
Бар байлық, ойла, кімнің баласында!
Дәрмен жоқ бүгін таңда қолдан келер,
Қапа боп ішім оттай жанасың да,
Қорлығым көзім көрген қолдан келсе,
Шашылып әр телімге тарасын да, –

деп, халықтың сана-сезімін, ар-намысын оятып, жар салады.

“Адамға нәпсі қасқыр, ақыл қақпан” деген өлеңінде аш көзді, жебір-жемқор ұлықтарды қойға шапқан қасқыр бейнесінде суреттеп, олардың “қалыбы қасқырдан да жаман болды” – деп, жеріне жеткізе әшкерелейді.

Заман ағымын дұрыс түсініп, халықтың алдағы келешек өмірін аңғара білген саналы азамат ақынның қаламынан қағыс қалған бірде-бір тарихи уақиға жоқ. Уәйіс творчествосындағы күрделі басты тақырыптың бірі – 1916 жылдың уақиғасы.

“Өте ауыр, правосыз жағдай қазақ халқында патшаның езгісіне ғана қарсы наразылық туғызып қоймай, сонымен қатар отаршылдардың одақтасы және тірегі болған қазақ байларына да қарсы наразылық туғызды. Бас көтеруге тікелей себеп болған нәрсе қазақтарды, өзбектерді, қырғыздарды және Орта Азияның басқа да халықтарын тыл жұмысына алу туралы патша өкіметі орындарының жариялаған уақызы болды.

...Мобилизацияланатын адамдардың тізімін жасау болыс бастықтарына жүктелді, бұлар тізім жасауда толып жатқан қиянаттар істеді. Дені сау бай балаларын, пара алып, босатып отырды... ал кедейден шыққан жасөспірімдер мобилизацияға жататындар деп тіркелінді” (“Қазақ ССР тарихы” 1-том, 600, 601-беттер).

Осындай әділетсіздік ақынның қанын қайнатады:

Кедейді обалсынбай байлар талап,
Алды-артын құтылар деп, бірдей қамап.
Кәрісін брак қылып отқа тастап,
Жастарын басып ұстап, алмақ санап.

Жауына жанталасқан оны бермек,
Абайлап аңғарына тұрсам карап.
Көзінен қан жас ағып, кедей кетпек,
Шұбар төс аман қалып, шынжыр балақ, —

деп, байлардың зұлымдығын әшкерелейді. Әшкерелеп қана қоймайды, ерлік күреске шақырады. Елінің рухын көтеріп, жалынды жырымен жар салады:

... Көп халық, күнің туар көп ұзамай,
Қарсы тұр шамаң келсе дақ бұларға.
Қалмайды қаның жерде өлсең дағы,
Оғынды біреу қалғанша ат бұларға.
Қарсы шап, қайтсең жығар қамалына.
Арданбай арам ойлы амалына.
Өзгерер бар дүние талқан болып.
Сала алмас сені ұдайы табанына.
Тайталас табың үшін талықсыма,
Қаның ақ өліп кетсең алалыңа.
Кегінді дұшпаныңнан қайтаратын,
Кешікпей жолығарсың заманыңа.

Бұдан кейін “Бастаушы әділ болмаса, бүтіндік болмас халқында”, — деп басталатын жаңа түрмен. Абай үлгісімен өлең жазады. “Адам бар ма аңғарсаң, халықты әділ ұстаған”, — деп басталатын ұзақ шығармасында мынандай өлең жолдары кездеседі:

Аңсарың ауып кетіпті,
Момындарды жемекке.
Жарай ма деп ойлайсың,
Осы маған керекке.
Адамдықтан айырылып,
Байлардың сөзін көмекте.
Келеке қылып шілікті
Мерт болған жоқ па терек те.
Осы да мәлім емес пе,
Зиыны бар зерекке, —

деп, Абайдың Крыловтан аударған “Емен мен шілік” деген өлеңін мысалға келтіреді.

Тар замандар тарығып, күйзелген халқының жырын жырлаған Уәйіс сияқты ақындардың аузын бағатын аңдушы арамзалар аз болмаған. Мына бір ұзақ өлеңінде ақын өз басының хал-жағдайын да баян етеді:

Тексеріп мұның бәрін көрді көзім,
Ойланып жаңа келді айтар кезім.
Рақымсыз, әділетсіз, мейірімсіздер,
Болмады-ау адамдыктан биттей сезім.
Жауым өртеп, достарым ғибрат алсын,
Сөзімнің байқасын да алтын, жезін.
Досым аз, дұшпаным көп бір адаммын,
Мен жалғыз түзетемін кімнің тезін.
...Ой қорқып, талай сөз бар тарамаған,
Іске асып, сұм заманға жарамаған.
Қайғылы халық халін аз сөйлейін,
Өз еркі өздеріне қарамаған.

Бұдан кейінгі “Дүние байқағанға бір кең сарай” деген өлеңінде: көргеннен көрмегенің көп, өміріңде бір көрген рашатың жоқ, жоқтықтан зар қағып, өмірің өтіп барады, дүниенің қозғалысын көріп отырсың дей келіп:

Бас қосып, іс істейік ақылменен,
Көз салып әуеліне ақыл менен,
Қарасам жан-жағыма көз жіберіп,
Бірі жоқ біздің істі мақұл деген.
Басшымыз ел пайдасын ойламайды,
Кәсібі – кәріптердің хақын жеген.
... Алдайды аларыңда абжыланша,
Алысты талғамайды жақын менен.
Жемтік жеп, қаны азған өңшең қасқыр,
Тентекті теңгермейді мақұл менен.
... Толғатып міне ойланған замандарың,
Бергендей жарық сәуле хабарларың.
Долданып қару-сайман қолыңа алып,
Жауыңа қарсы тұрып бара алмадың.
Қолыңа бостандықтың туын алсаң,
Көресің қайта дүние жаралғаның, –

деп келіп, қазақтың жас азаматтарын береке-бірлікке, ерлік күреске шақырады, халықтың қамқоры болған Абайдан өнеге ал дейді:

... Талапты жалыны бар жастарымыз,
Қосылсын берекеге бастарыңыз.
Қорғалап үйде қор боп жатқаныңша,
Қамалға қарсы шауып қасқырыңыз.
Жан құрбан халық үшін қылайық та,

Бұл істен не боламыз қашқанымыз.
Ақылын айтып-айтып Абай кеткен,
Қазақта сол емес пе асқанымыз.
Халықтың анасындай камын жеген,
Қайраты Үрістемдей Дастанымыз.
Белгісі надандықтың сол емес пе.
Мың сөздің бірін ұқлай тастадыңыз.
Жан еді заманында, нұсқалы еді,
Кемітер шайтан жеңсе, душпаны енді.
Ақырын дүниенің айтып еді,
Білгенге мың теңгелік мысқалы енді.

Халық басына қатерлі қауіп төніп тұрған шақта Уәйіс ұлы ұстазы Абайды еске алып, Абайдай халық қамқорын арман етеді:

... Айтса да ешкім ұқпады,
Өз сөзін оң деп құптады.
Не білімді орыс та,
Ақылына ықтады.
Аһ, дүние, осы күн,
Сондай біреу болар ма,
Ортамызда тұтқалы.
Айырып алар адам жоқ,
Аждаһа түр жұтқалы.

Болайық біз де халық кенде жүрген,
Әділдік қиянатсыз теңде жүрген.
Әр жерде әр бірінді қойша жеп жүр,
Бұл күнде ұлықтарың шенге мінген.
Құрысын, быт-шыт болсын, түгел тозсын,
Адамдай толқындағы сенге мінген.
... Жұрт болып, теңдік алып, жөнделіңіз,
... Көп айтып жарамайды тергеніміз.
Сұмырай сұм басшының заманында,
Өзгенің айналдырған ермегі – біз.
Халық үшін жанды қиып майдандаспай,
Жарамас басты байлап бергеніміз.

Уәйістің бұл өлеңдері 1916 жылы шілде айында, қазақ азаматтарын соғыс майданының қара жұмысына алу туралы патшаның жарлығы шығып, оған наразы болған халықтың алғашқы толқи бастаған кезінде жазылған.

“1916 жылғы июльдің аяғында – августің басында бұл толқулар көтеріліске ұласа бастады, көтеріліс бірте-бірте бүкіл дерлік Қазақстанды қамтыды”.

... “1916 жылғы июльдің орта кезінде халықтың бас көтеруі Семей мен Ақмола облыстарын да қамтыды... Ақмола, Семей облыстарының көтерілісшілері отрядтарға ұйымдасты... Семей уезінде 7000 адамы бар топ, Өскемен уезінде бірнеше топ жиылды” (“Қазақ ССР тарихы”, 1 том, 602, 607-беттер). Әуелден еңбекші халықты күреске шақырып, жалынды жырымен жар салған ақынның арманы іске асқандай болды. Халық-азаттық көтерілісі Уәйіс ақынның рухын көтеріп, сенімін арттырып, жігерлендіре түсті.

... Бар кезің қимылдайтын осы тұста,
Жаулардың жарық көрер өмірі қысқа.
Толғағы толық пісті бұл майданның,
Әлбетте біз жеңеміз бұл шабыста.
Күлдерін аспанға ұшыр сұм дүниенің,

Көрініп шыкпастай қып енді тысқа.
Бірлесіп, көп кедейлер кегінді алып,
Туыңды желбіретіп қолыңа ұста.
Айуандық, рақымсыздық түгел сөніп,
Орнасын жаңа заман Күншығыста!

Уәйістің осы өлеңдерінің өзінен-ақ, оның саяси беті айқын, анық азамат ақын екенін көреміз. Уәйістің бірде-бір өлеңінде алған бағытынан ешбір ауытқу жоқ. Заман ағымын дұрыс бағдарлаған ақынның өлең-жырларының идеялық мазмұны барған сайын тереңдей түсіп отырады. Көзі ашық, көңілі ояу ақын дүниеде болып жатқан уақиғаларға үнемі құлақ түріп, көз жіберіп отырғанын, өмірдегі өзгерістерді, түрлі жаңалықтарды естіп, біліп және өзінше дұрыс түсініп отырғанын өлеңдерінен айқын көреміз.

* * *

Уәйіс шығармаларына талдау жасау мәселесінде: ақынның өз заманында жазған өлеңдерінің идеялық мазмұнына нұқсан келтірмеу, айтылған ой-пікірлерін, саяси-әлеуметтік көзқарасын бұрмаламау қағидасын берік ұстандық.

Уәйіс патша үкіметінің отаршыл озбырлық саясатына жан-тәнімен қарсы шығып, негізгі шығармаларын азаттық, бостандық жолындағы күрес тақырыбына арнаған ақын.

Ресейде патшалық құрылысты жою жолында күрес жүргізіп жатқан орыс кайраткерлерін Уәйіс жақсы біліп, олардың күресін барынша қолдап отырған.

Езілген еңбекші халықтың азаттығы үшін патша өкіметіне қарсы күресіп жүрген, халықтың шын қамқоры Ленин деп білген. Ақын 1916 жылы Ленин туралы, оның патшаға қарсы күресі жайында өлең жазады. Бірақ ол кезде оның атын ашық атап жазу мүмкін емес еді. Сондықтан өлеңді мысал ретінде жұмбақтай жазған. Патшаны арыстан, яғни аң патшасы бейнесінде суреттейді. Халық ұғымында арыстан — аң патшасы. Уәйіс патшаны арыстан бейнесінде суреттегенде, оның қанішер зұлымдығы, жексұрын жыртқыштығын әйгілеп, арыстанды (патшаны) ысқырған айдаһарға теңеп сипаттайды. Осындай зұлым арыстанға — патшаға қарсы тікелей бел байлап шыққан адамды, яғни Ленинді Данышпан деп атап суреттейді.

Ақынның жұмбақтай жазған өлеңінің идеялық мазмұнынан оның: “Ысқырған айдаһардай бір Арыстан” дегені, Россия патшасы екенін, “Данышпан” дегені — Ленин екенін, айнытпай танып, білеміз. Өлең былай басталады:

Ысқырған айдаһардай бір Арыстан
Үзілмей келе жатыр тым алыстан.
Ұнамай арыстанның жыртқыштығы,
Неше жыл азу басқан бір Данышпан.

Арыстан Данышпанмен ескі кекті,
Таласып талай жерде көп алысқан.
Арыстан Данышпанмен майдан ашты,
Белгісіз кім озады бұл жарыстан.

Аты бар Арыстанның мықты деген,
Естілді бір Данышпан шықты деген.
Көңілі Арыстанның қауіп алды,
Талайын тартысқанның жықты деген.

Арыстан талай қырына алсадағы,
Данқы жоқ Данышпанның ықты деген.
Қасына өз серігін жолдас кылып,
Естілді шеп бұзуға шықты деген.

Арыстанның (патшаның) сойылын соғатын сыбайластарын қасқыр, қабан сияқты жыртқыш аңдар бейнесінде суреттеп, олардың Данышпаннан қатты қауіптеніп, үрейлері ұшатынын, Данышпанның күш-қуаты күннен-күнге тасқындап, атақ-даңқының асқақтай асып бара жатқанын ақын құлшына қырлайды.

Жолдасы Арыстанның қасқыр, қабан,
Жері жоқ Данышпанның састырмаған.
Өзгелер ойран болып жатсадағы,
Данышпан күннен-күнге тасқындаған.

Данышпан жүрген жерін ду қылады,
Бәрін де жыртқыш анның қудырады.
Көз байқап, көңіл болжап болар емес,
Күн сайын бір түрлі өнер тудырады.
Арыстан ақылынан адасқандай,
Арасын жер мен көктің шу қылады.

Уәйіс Лениннің өмірбаянымен таныс болған. Ленинді патша өкіметі 1895 жылы тұтқынға алғанын, 1897 жылы Енисей губерниясына, Шушенское селосына жер аударғанын ақынның білетіндігі өлеңінен айқын байқалады.

Арыстан бой бермеген талай зорға,
Айуанның ең жыртқышы, сондай орта.
Неше рет серігімен ұстап алып,
Қамаған Данышпанды нелер торға.
Данышпан адам таппас айла менен,
Бәрін де бұзып шыққан жатпай онда.
Қиыннан неше түрлі құтылады,
Қайталап түссе дағы талай қолға, —

дейді. Ақын “Данышпанның” бар күшін жинап алып, ақырғы шешуші майданға шығатынын айта келіп, не үшін күресетінін, күрестің негізгі мұрат-мақсатын ашып баяндайды:

Таласы осылардың немене еді,
Бар айуан Арыстанның қорегі еді.
Қойдан қоңыр айуанның талайларын,
Арыстан зорлықпенен жеген еді.
Данышпан дұрыс көрмей қиянатты,
Аз бен көп, артық, кемді теңеу еді.
Қырып жеп хайуандарды ол Арыстан,
Бұл ойын Данышпанның елемеді.

Осы өлең жазылған кезде (1916) Лениннің эмиграцияда жүрген кезі болатын. Уәйіс ақын өлеңін былайша аяқтайды:

... Осымен талай өмір өткен еді,
Арыстан талай қанды төккен еді,
Ісіне Арыстанның шыдай алмай,

Данышпан шетке шығып кеткен еді,
Неше жыл жерік болған ұлы ашудың,
Толғағы әбден пісіп жеткен еді.
Тілегін жылаулардың орындауға,
Данышпан ойланғаны көптен еді.
Серігі сенісетін серіктері,
Басшы боп басқаларға шепке енеді.
Бірлесті бәрі келіп қайдағының,
Күйзелген тұрмысы үшін жайларының.
Белгісіз аяғының не болары,
Осы күн бастамасы майданының.

Одан соңғы жазған өлеңінде бостандық күнінің туатын шағы жақындап келе жатқанына көзі жетіп, көңілі сенетінін әйгілеп жырлайды:

... Басталды жан аямас үлкен жарыс,
Күн шығар жарық сәуле болмас алыс.
... Көреді өлмегендер мұның артын,
Ойланған қалың халық жасап шартын.
Аз бен көп, артық пен кем теңгерілмек,
Кеңеймек, өзгерілмек барлық закон.

Жастарға арнаған өлеңінде ақын қазақ жастарына зор сенім артып, жалынды жырымен олардың сана-сезімін оятып, жігерлендіріп, елін езуші, қанаушыларға қарсы күрес майданына шақырып, ұран салады:

Жаны бар жасы қазақтың,
Жалындаған гүлімсің.
Жасы үлкен ағаң біз,
Сендер жастар інімсің.
Кім сендерді жем қылды,
Кім көз жасты сел қылды,
Қалай ұстап ел қылды,
Соны істеген жаулардың
Тізесі жерге бүгілсін!
Сыртты қой да, ішке кел,
Өзінен өзі бүлінсін.
Жатынды жасқа сәлем айт,
Етек-жеңін түрінсін.
Жайын балық судағы,
Қармағына ілінсін.
Ен жайлаған жалмауыз,

Шонқайып, белі үзілсін!
Қараңғыны жарық қыл,
Түскені қолға үгілсін.
Дүниені өзгерт, дүрілдет,
Әлемге атың білінсін!

1916 жылғы уақиғаға байланысты, қазақ еңбекші бұқарасының басына түскен ауыртпалыққа қарамастан, Уәйіс өлеңдерінде болашаққа берік сеніммен бой ұрған өршілдік сарын басым түсіп отырады.

Патша өкіметінің ұлы державалық зұлымдық саясатының ауыр азабын тартып отырған қазақ халқы ғана емес, сол сияқты орыс халқының да ауыр азап шегіп отырғанын Уәйіс Шондыбаев көре білді. Орыс еңбекшілері мен қазақ еңбекшілерінің мүддесі бір екенін түсінген ақын, орыс халқымен достасып бас қосып, бірлесіп, патша өкіметіне қарсы күреске шыққанда ғана қазақ халқының екі жақты езгіден құтылып, бостандыққа қолы жететініне ақын кәміл сеніп, қазақ халқын орыс еңбекшілерімен бірлесуге шақырып, “Бірлес, елім!” атты өлеңін жазды.

Уәйіс ақын “Бірлес, елім!” өлеңінде:

Жатсынба бір-бірінді, бірлес елім,
Түсірмей ортаңыздан күзгын жемін.
Жауыннан қорғануға қол ұстасқан,
Қайырлы, құтты болсын құрған шебің.
Қажымай қайрат етіп талаптансаң,
Теңерсің дүниенің артық-кемін.
Азаптын неше түрлі түрін көрмей
Бостандық өз-өзінен келмес тегін, –

деп келіп, бірінші империалистік соғысты қызу жүргізіп, халықты алдап, қырғынға айдап салып жатқан патша өкіметінің саясатын әшкерелейді:

Ақ патша елді талай адастырар,
Өтірік ел қорғау деп жамастырар.
Мақсаты – алтын тақта аман қалу,
Жауымен сені апарып таластырар, –

Патша өкіметімен халықтың ешбір келісімге келместей болған жайын: “Жер мен кек екі арамыз шалғай кетті” — деп сипаттайды.

Осыдан кейін ақын орыс революционерлерін “данышпан” деп атап, олардың орыс еңбекшілерін ұйымдастырып, қаруландырып, патша өкіметіне қарсы күреске әзірленіп жатқанын баяндайды:

Орыстың не “данышпан” кедейінің,
Көремісің жаңалыққа жол ашқанын.
Сен сияқты жылаулар, жаншылғанның,
Басшысы жинап жатыр мол ғаскерін.
Бүгін емес, дәл ертең шабамын деп,
Қайрап түр екі жүзді наркескенін, —

деп келіп, еңбекшілерінің назарын соларға аударып, орыс еңбекшілерімен бірлесуге шақырады. Солармен тізе қосып күреске шықсаң, жауынды жеңіп, көздеген мақсатыңа жетуің хақ дейді. Және жалаң қызыл сөзбен үгіттемейді, қазақ кедейлерінің көңіліне қонымды, сезіміне әсерлі, ұғымды да, нанымды дәлелдермен иландырып, сипаттап сендіреді. Жігерлі, жалынды жырымен қазақ еңбекшілерінің ар-намысын оятып, рухын көтеріп, ерлік күреске құлшындырады.

... Бірлессең соныменен сен де қазақ,
Неше жыл жылауменен тартқан азап.
Қару, күш — бәрі дайын болар еді,
Дұшпанға бұл майданда болмай мазак.
Жок емес орыста да сен сияқты,
Жаншылған миллиондап бар, емес ғажап,
Ғасырлар бай, патшаның құлдығында,
Келеді еңіреумен, болмай азат.

Ішінде ерлері бар сан данышпан,
Жауымен неше жылдай көп алысқан.
Ішінде қан майданның қазір олар,
Біз жүрміз қарауылдап тек алыстан.
Қосылсақ соған барып, аһ дүние,
Шығар ек анық озып бұл жарыстан.
Жалмауыз бай, патшаны түгел құртып,
Болар ек қара күнді біз тауысқан.
Дүниеде көп жеңбейтін нәрсе болмас,
Біріксе, күшін жинап, еш жау алмас.

Бар күші – табандылық, берекелік,
Дүниеде қуса жетіп, шапса талмас.

Ендеше бірік елім, жинал бәрің,
Уланған көп халықтың тігіп көрін...

Қазак еңбекшілері орыс пролетариатымен одактасып күреске шыққанда ғана жеңіске жетіп, империалистік езгіден құтылатынына ақынның кәміл сеніп жырлағанын “Бірлес, елім!” өлеңінен айқын көреміз.

“Бірлес, елім!” өлеңінен кейін ақын қазак жастарын күрес майданына шақырып, жалынды, жігерлі жырымен жар салады:

Ал жастарым,
Барлықтарың,
Жабырмамай жарқылда!
Күшіңді жый,
Жаныңды қый,
Дүние тұрмас калпында.
Неше ғасыр ызаланып,
Тіс қайраған жауынның
Шықсын жаны,
Ақсын қаны,
Шеңгелді сал, алқымда!
Халқың үшін Ғаділ болып,
Бұл бетіңнен тартынба.
Қолдағыны,
Мұндағыны
Біз оңдаймыз артында
Табан тіреп,
Бойды билеп,
Қарсылассаң қажымай,
Тез шығармыз,
Шаттанармыз,
Қоңыр майда салқынға!

Уәйіс 1916 жылы жазған шығармаларын “Жақып өліміне” деп атаған, уақиғаға құрылған өлеңімен аяқтап, қорытады. Ақын бұл өлеңінде: қазақтың кедей шаруасы Жақып қарттың атқамінер озбыр болыстардан, рақымсыз қара жүрек, паракор зұлымдардан көрген қорлық-зорлығын суреттеп, жауыздықтың құрбаны болып өлген Жақыптың аянышты тағдырын баяндайды. Жауыздық үстем боп тұрған кездегі қайғылы халді жазып отырған ақын өлеңінен сары уайымның салқын лебі

де, күйректіктің көлеңкесі де байқалмайды. Халықты қанаушылардың үстемдік дәуірі шегіне жетіп, тұйыққа тірелгеніне, енді оларға барар жер, басар тау қалмағанына көзі әбден жеткен ызалы ақын, өршіл жырымен өктем сөйлеп, жауыздықты әшкерелейді.

... Алдын су, артың тұйық, айналаң жар,
Көп ұзап сұм дүниенің шырайы енбес.
Таң атып бізге дағы таңырқарлық,
Тұтқасын өмір бойы саған бермес,
Тар болып кең дүниен жасап келген,
Жалмауыз бұрынғыдай дәурен сүрмес...

дейді. Еңбекші халықтың көптен күткен жарық таңы атып, бостандық күні туып, өшкені жанып, өлгені тірілетініне, қанаушылардың жанған оты сөнетініне көзі жетіп, көңілі кәміл сенген Уәйіс ақын халықтың сенімін үдетіп, рухын көтеріп, ескі дүниеге қаһарлы үкім айтады:

Жайнаған кең дүние бізге келер,
Тендікті, бостандықты тегін берер.
Тіріліп, өлген Жақып, қайтып келіп,
Сол күні заулап жанған отың сөнер.

Күмән жоқ болуына оның анық,
Дүниеге нұр төгіліп, шырақ жанып,
Ежелден ескі кегі арылмаған,
Қанжарын Жақып жүрер қанға малып,
Дарытпай жауған оқты бір бойына.
Аймағы қайратына қайран калып,
Жаңа орнап, ескі кетіп, есін жиып,
Барлық жұрт тыныс алар, рақат тауып.

Уәйіс өлеңінің соңында “1916-ыншы жыл” — деп, жазған уақытын керсеткен.

* * *

Шексіз шыншыл, жалынды ақын — Уәйіс Шондыбаевтың күдіретті өлең-жырлары, патша үкіметінің қолшоқпары: болыс, би, атқамінер әкімдеріне сексеуілдің шоғындай басылып, озектерін өртейді, мірдің оғындай тиіп, өңмендерінен өтеді. Олардың Уәйісті атарға оғы болмайды. Қалын бұқара халықтың қамқоры, мұның мұндап, жоғын жоқтайтын адал

азаматы, ардақты ақыны Уәйістің соңына жарық алып түскен жуан жұдырықтар, ақынның көзін жоюға шейін қастандық әрекеттерін жасап бағады. Ақынның басына қауіп-қатер төне бастайды. Ақырында Уәйіс өз елінен кетуге мәжбүр болады. Ол елінен кетіп, Абай еліне – Шыңғыстауға көшіп келеді. Бұл жөнінде Уәйістің жиені жоғарыда аталған Н. Сәменбетовтың 1983 жылы ел аузынан жазып алған мағлұматында ақынның елінен кетуі былай баяндалады: “Кейін семьялы болған шағында өзі туған ауылындағы ағайындарымен өкпелесіп, Шыңғыстау жаққа көшіп кеткен”. Бұл, әрине, мәселенің байыбына терең бара алмай айтылған кейінгі адамдардың сөзі болады.

Шынында Уәйіс “өзі туған ауылындағы ағайындарымен өкпелесіп” кететін адам емес. Уәйіс – жауыздыққа қарсы ашық майданға шыққан ақын. Сондықтан өз елінің жуан жұдырық, зорлықшыл байлары оның соңына түсіп қуғындаған, олар ақынға қол көтеруге шейін барған. Бұл айтқанымызды бұдан 45 жыл бұрын жазылған, архивте сақталған деректі мағлұмат тағы дәлелдеп берді.

Осы жылы (1986, сәуір) Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының қолжазбалар қорында сақталған “Уәйіс Шондыбаев” деп аталатын мақаламен танысқан едік. Мақала латын әрпімен машинкаға басылған, көлемі алты бет, ешбір жерде жарияланбаған.

Мақаланың авторы: Нұрғали Байзақов, жазылған уақыты 1941 жыл, 6 январь; адресін: “Аякөз қаласы, Аякөз аудандық оқу бөлімі” – деп көрсеткен. Енді сол мақаладан үзінді келтірейік:

“...Руы Керей, Қожагелді ішінде Көлібай деген тап. Көлібай, Қожагелді руының ең нашары еді. Ал, Уәйістің өзі де, оның әкесі де өте кедей болды. Ол сондықтан кіндігі өскен ата балалары мен ел ішіндегі байлардан зорлық-зомбылықты көп көрді. Уәйістің шыққан табы осындай болса, енді оның ел ішінде қандай болғанына, не істегеніне келейік.

“Уәйіс Керей ортасынан шыққан атакты ақын... Уәйістің шығарған өлеңдері терең мағыналы. Мірдің оғындай терең жазылатын еді. Сондықтан да ақынның шығармалары ауыл пролетарына өте ұнамды болатын да, байлар мен молдаларға шаншудай қадалатын, міне, сондықтан да ақын тілінің өткірлігінен пайда тапқан жоқ, қайта ел ішіндегі байлар мен жуандардан қуғын көрді, таяқ жеді, сөз естіді. Соның нәтижесінде кірін жуып, кіндігін кескен жерінен айрылды. Бірақ мұның барлығы ақынның жігерін бәсеңдете алмады, қайта Уәйістің жігері барған сайын арта берді.

1919 жылы Қожагелді ішіндегі Манабай, Алыбай руының жуандары Уан Ошакор сияқты тізелі адамдар бір түнде “Сарытерек” деген жерде отырған Көлібай ауылын көшпен баса қонды (“Сарытерек” қазіргі Шұбартау ауданының орталығы отырған жер). Халиолла Жүнісовтың (жоғарыда аталған адам, Уәйістің немере інісі – Халиолла (Қалмен) Жүсіпті айтады. – Қ. М.) айтуына қарағанда, ата қонысы “Сарытерек” үшін Көлібай ауылы Уан ауылымен алакөз болады. Тіпті төбелеседі. Амал не, шамасы ешнәрсеге келмеген Көлібай ауылы жуандардың тізесіне шыдай алмай амалсыздан “Сарытерек”-тен айырылып шыға береді. Бұдан соң көрнеу зорлыққа шыдай алмаған Уәйіс, үй-ішімен Шыңғыстаудағы (қазіргі Абай ауданындағы) құдасына көшіп кетеді. Ол кездегі қазақтың салтында, туған елінен, жерінен айырылып, басқа елге барып “Кірме” атанудан қорлық бар дейсіз бе? Амал не осының барлығына сол кездегі “қазақтың салты” Уәйісті еріксіз кондіреді.

Бұл туралы Уәйіс былай деп жырлады:

Апырау, не айтайын... Уанменен,
Жерімнен ата қоныс қуам деген.
Сүм дүние-ақ, осыменен етесің бе,
Байларға зауал болмай, жуан менен...

Шыңғыстаудағы Тобықтыға барып бірқатар тұрғаннан кейін Уәйіс қатты наукастанады. Көрген елдің барлығы Уәйісті оледі десті. Бірақ Уәйіс ауырысымен өлген жоқ, бірқатар созылып ауырды”, – дейді (Қазақ ССР Ғылым академиясы, Орталық ғылыми академиясы, Орталық ғылыми кітапхана қоры, Қ-522, №1).

Сөйтіп, Уәйіс Шондыбаевтың соңғы өмір кезеңі Абай елінде – Шыңғыстауда өтеді.

* * *

Уәйістің 1916–1921 жылдары жазған өлеңдерінің қорытындысы сияқты үлкен шығармасы – “Тартыстың табысы” деп атаған поэмасы.

Ақын бұл шығармасында 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік империалистік соғыстан бастап, қазан төңкерісіне дейінгі тарихи уақиғаны, ақын тілімен баяндап, қазақ еңбекші халқына түсіндіріп, суреттеп беруді мақсат еткен. Және соншама көлемді әрі күрделі уақиғаның тарихын жақсы біліп жазған талантты ақын көздеген мақсатына жеткен. Уәйіс ақын-

ның тарихты жақсы білгендігін, әсіресе революциялық күрес тарихын терең түсініп, жырлағанын шығарманың идеялық мазмұнынан айқын көреміз.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың империалистік, басқыншылық соғыс екенін, империалистік мемлекеттердің дүниені қайта бөлісуге жанталасқан соғысы екенін де Уәйіс дұрыс түсінген. Ақын поэмасын:

Қолыма хат жазайын қалам алып,
Оқысын құмар елім араға алып.
Халқыма әшкерелеп бір жайың,
Тартысты тарихынан санап алып.
Жаңа күн жарқыраған жайнап шығып,
Мерт болды сұм дүние жараланып.
Жылынан мың тоғыз жүз он төртінші,
Жылаған азаппенен кара халық, —

деп бастап, патшалы Россияның ауыр хал-жайын айтып етіп, уақиғаға кіріседі:

Бөлінді дүние жүзі екі топқа,
Өкімдік әперуге үстем тапқа.
Жер бөлу, байлық іздеу байлар үшін
Таласпен бәрі жетпек сол мақсатқа.
Франция, Англия, Ресей боп,
Топтасты ниеттесіп бір одаққа.
Бұларға Германия қарсы тұрып,
Бөлінді осылайша екі жаққа.
...Германға Ресейді алдына ұстап,
Тастады Англия жанған отқа.

Ақын дәл осы арада да тарихи шындықты дұрыс суреттеп отыр. Батыста неміс әскерлері шабуылға шығып, Парижға жақындап қалған шақта, ағылшын-француз империалистері патша үкіметінен орыс әскерлерінің Германияға шабуылын тездетуді талап еткені тарихта белгілі. Орыс әскерлерінің Шығыс Пруссияға жасаған шабуылының ақырында сәтсіздікке ұшырағаны да мәлім.

Ақын одан әрі соғыстың барысын, халық басына түскен ауыртпалықты суреттей келіп, өзінің ең негізгі мақсаты — Ленинді жырлауға бет алады.

... Ертеден ойда жүрген ерлердің де,
Оятты ой-санасын тереңдетіп.

Максаттың барлық түрін жобалады,
Толғағын төңкерістің жеделдетіп.
...Сонымен бір Ресей қақ жарылып,
Көпшілік большевик боп қалды бекіп,
Большевик аты шықты қызыл деген,
Талқан ғып шынжырды үзіп, үзілмеген.
Бастаған Ленин атты данышпаны,
Босатты қанша жанды тізімдеген.
...Асығып таяудағы таң да атуға,
Күн дағы көрінуге күлімдеген.

Германмен соғысуда ұнамады,
Халықтың қатты батып жылағаны.
Халық үшін ғаділеттің жолын кездеп,
Ісіне сұм патшаның шыдамады.

Халыққа жаны ашыды анасындай,
Шын сүйіп жүрегімен баласындай.
Ақылы данышпанның тіпті өлшеусіз,
Көз жетпес дарияның сабасындай.
Бостандық, теңдік, байлық – бәрін айтып,
Үлкенді үлкен, кішіні баласынбай,
Соғыс не, ол кім үшін, қандай соғыс,
Ұқтырды шын данышпан дақ осылай...

Одан әрі көсемнің еңбекші халықты күреске шақырған сөзін береді де, патшаның тактан құлау уақиғасын суреттейді. Уақытша үкіметтің пайда болуын, Керенскийдің зұлымдық әрекетін баяндайды. Поэмадағы келесі үлкен уақиға – Лениннің басшылығымен қазан төңкерісінің жеңісі, Кеңес өкіметінің орнауы.

Бастаған Ленин еді бұл майданды,
Күш қосып енді халық ыңғайланды.
Сарайын падишаның талқан қылып,
Құлауы Керенский шынға айналды.
...Құлады Керенский бармай көпке,
Оқ атып, қылыш шауып арам ниетке.
Қайнаған қажырланып көптің күші,
Ұшырды бұрқыратып күлін көкке.
Сарайдың іші-сыртын түгел алып,
Бұрылды ескі заман жаңа бетке.

Орнады шын әділ тез ертеңінде,
Жоғалып, белі сынып ескі мүдде.

Жылаған, неше ғасыр еңірегеннің,
Басына бақыт қонды жалғыз күнде.
Енді ақын азамат соғысын суреттейді.
Сонда да іштегі жау арылмады,

Күн санап бөле өршіп қабындады.
Англия, Герман, Жапон көмектесіп,
Жан-жақтан солдат төгіп жабылғаны.
Бастаған генералдар қалың солдат,
Оқ атып, іштен, тыстан дабылдады.
Төрт бұрышы төңіректің түгел жау боп,
Тынымсыз уақыт болды сабылмалы.
Тілеген тыныштықты әділет сөз,
Оларға еш уақытта алынбады.

Қайратқа мұны көріп мінді Ленин,
Жаулардың аямасын білді Ленин,
Қаһарлы ғаскеріне қайрат беріп,
Дұшпанды жерге соғып ұрды Ленин.

... Дүниеде бетпе-бетке жау шақ келмес,
Күшіне әскерінің сенді Ленин.
Жабылған дүниенің жалмауызын,
Бәрін де талқан қылып жеңді Ленин.
Жау сынып, көңлі тынып жайланған соң,
Ойланды не істеуге енді Ленин.

1914 жылдан бастап елдің бүлінген шаруасын, Россия-ның ежелден артта қалып келген ел екенін, үш жүз жыл патшаның езгісінде болып, күйзелген халықтың тұрмыс-халін – ақын толық сипаттайды.

Лениннің ендігі мақсатын ақын былай суреттейді:

... Ежелден бұл Ресей артта қалып,
Дүниенің оңалмаған бір парасы.
Жем болып Батыстағы басқа елдерге,
Байлықтың соларда еді әр саласы.
Осы елді оздыруға сол елдерден,
Лениннің осы болды жанталасы.

Осындай ұлы істі Ленин өз қолына алғанын ақын былай суреттейді:

Ленин алды – күн шықты, нұр жайнады,
Төгіліп сар далаға гүл жайнады.

Халыққа азат, теңдік, ерік беріп,
Өмірін жаңалыққа ыңғайлады.
Жабылып жаңа заман орнатуға,
Халықтың жігер-күші шын қайнады.
Тартыстың табысының аркасында,
Заманның әлі алда ұлғаймағы.

Мұқтаждық, қапалық жоқ енді бізге,
Кең заман нұр төгілген келді бізге.
Жалмауыз, арсыз, залым — бәрі құрып,
Орнады өшпес қызық көңлімізге.
Ленин бастап; айтқанын елім қостап,
Көрмеген теңдікті алдық өмірімізде.
Көп жаса, көп рахмет, Ленин сабаз,
Дәрежең үстем болсын жер жүзінде!

*“1921 жыл,
30 октябрь, Шондыбаев” —*

деп қол қойған. Ақынның өз қолымен жазған өлеңдері осы поэмасымен аяқталады.

Ақынның 1916 жылдан бастап 1921 жылға дейін жазған шығармаларына, Уәйістің өз қолымен жазған түпнұсқасы бойынша қысқаша талдап, шолу жасадық.

Ақын 1921 жылдан кейін өлең жазды ма, жазбады ма, ол жағы әзірге мәлім емес. 1921 жылдан кейінгі жылдарда (1922 — 1925) жаңа заман тақырыбына Уәйіс жазған дейтін, бірде-бір ауыз өлеңді, не ел аузынан, не ақынның өз қолжазбасынан кездестірмейміз.

Ақынның 1924—1925 жылдары жазған өлең дәптерінде, өзі асқақтата дәріптеп, мадақтап өлең жазатын Ленин қаза-сына арналған өлеңі де жоқ.

Бұл дәптердегі 1925 жылы қаңтар айында жазылған бірінші өлеңі Кәкім деген туысканына арналған. Өлеңде өзінің ауыр науқасқа ұшырағанын жазалы. Бұл дәптердегі өлеңдері түгелдей өз басының хал-жайына арналған.

1921 жылдан кейінгі төрт-бес жылғы өмірінде заман тақырыбына арнап жазған өлеңінің жоктығы, кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізіліп жатқан саясатына ақынның қандай көзқараста болғанын айқындау мәселесін қиындатады. Бұл — әлі де арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе.

* * *

Уәйіс ақынның 1916 жылға дейінгі жазған уақиғалы шығармаларынан ел аузында, көшірме қолжазбаларда, архив қорында сақталып, бізге жеткендері: “Бір қыздың уақиғасы”, “Жошы – Алаша хан”, “Иванушка” – П. П. Ершовтың әйгілі ертегі дастаны, “Конек-Горбуноктың еркін аудармасы және “Тәуке – Жікібай” поэмасы.

Бұл шығармаларға кітаптың “Түсініктемелер” бөлімінде арнайы тоқталамыз.

1916 жылға дейінгі өлеңдерінен, ән өлеңдері болмаса, басқа өлең-жырлары сақталмаған.

* * *

Уәйіс Шондыбаев 1924 жылы ауыр дертке ұшырап, ұзақ уақыт ауырып, 1925 жылы 52 жасында қайтыс болады.

Ақынның бейіті Семей облысы, Абай ауданында, Шій деген қорықтың бойында.

Уәйістің әйелі Балқыжан, балалары Молдахан, Мұқамет-жандар 1930 жылдары қайтыс болыпты.

Семей – Алматы, 1983–1993.

Әріп Тәңірберген

(1856–1924)

Әріп – Абай шәкірттерінің ішіндегі өткір тілді, терең ойлы, табиғи дарынды, білімді, мәдениетті ақынның бірі. Ақын туралы осы айтылған пікіріміздің шындығын дәлелдеу үшін, ең алдымен, оның өмір тарихын бұлжытпай, барынша дұрыс баяндауымыз керек.

Әріп Тәңірбергенұлы 1856 жылы Семей облысы, қазіргі Жарма ауданында (бұрынғы Қандығатай болысы) туған. Руы Найман, Найман ішінде Сыбан. Сыбанның бес баласының бірі – Жанкөбек. Жанкөбектен нар дауысты Нарынбай. Нарынбай 17 ғасырда Ташкенттің бегі болған адам. Нарынбайдан қу дауысты Құттыбай би, онан Байғара би. Байғараның бес баласының екеуін ғана атаймыз. Олар: атақты би әрі ақын Ақтайлақ және Ақтайлақпен бір туысқан – Байсал, онан Әлі, Әліден Тәңірберген. Тәңірбергеннің баласы – Әріп.

Әріптің ата-бабаларының, тарихта белгілі, тұқым қуалаған би әрі ақын болғанын көреміз. Байғарадан Ақтайлақ бас татқан он жеті ақын шыққаны белгілі.

Бекбердіұлы Сүлеймен бидің өлеңмен жазған “Найман шежіресінде” Жанкөбек ұрпағын таратып, баяндай келіп, Әріп туралы былай дейді:

...Байсалұлы Әліден – Тәңірберген,
Оның ұлы Әріпті Найман білген.
Тұсында “Әріп ақын” атаныпты,
Ақындық Байғарадан үзілмеген.
Жел сөзге мұнан ешкім асалмаған,
Нәсілі хас нағыздың үлгі көрген.
Ізденген ақын емес Әріп өзі,
Ешкімнен жеңілмеген келсе кезі...

* * *

Ауызша мәліметтерге қарағанда, Әріп 11–12 жасынан бастап, ауыл медресесінде оқып, одан кейін бастауыш орыс мектебінде оқыған. Мұсылманша және орысша сауатын ашып алған соң, туысынан зерек, зейінді, сергек сезімді талапты жастың өнер-білімге құштарлығы күшейе түседі. Ол енді өз бетімен ізденіп, білімін толықтыруға барынша – жігерімен

беріліп, мұсылманша, орысша кітаптарды құныға оқумен болады. Одан арғы жылдардағы, яғни жасы жиырмадан асқан кезіндегі өмірі туралы архивтерде сақталған нақтылы тарихтық деректі мағлұматтар бойынша баяндаймыз.

Қазақстан мемлекеттік архив қорында:

“Дело штатного смотрителя Семипалатинских училищ на 1878 год, на 626 листах” деп аталған тарихтық мағлұмат сақталыпты.

Осы мағлұматтың 286-бетінде “экзаменационный лист по арифметике для III класса на 1877 и 1878 учебный год” деген мәліметте оқушылардың тізімі және емтиханда алған бағалары көрсетілген. Үшінші кластағы оқушылардың саны 24. Олардың он жетісі орыс, жетеуі қазақ балалары. Қазақ балалары мыналар:

- 1/ Жанаев Бексұлтан – емтихан бағасы 4.
- 2/ Жексенаев Айтказы – емтихан бағасы 3.
- 3/ Жеңілтеков Бурахан – емтихан бағасы 4.
- 4/ Құлыншақов Кенжалы – емтихан бағасы 3.
- 5/ Молдабаев Анияр – емтихан бағасы 3.
- 6/ Семізбаев Әуке – емтихан бағасы 3.
- 7/ Тәңірбергенев Әріп – емтихан бағасы 4.

Бұлардың ішінде біздің білетініміз, Әріптен басқа, Жексенаев Айтказы және Анияр Молдабаев. Бұл екеуі де тобықты елінің адамы. “Абай жолы” романының кейіпкерлері.

Әріптің училищеге оқуын мәлімдейтін архивта сақталған үш мағлұматтың енді біреуі: “Ведомость об успехах, поведении учеников Семипалатинского уездного училища за 2-ю половину 1877–78 учебного года” деп аталған. Ведомостағы көрсеткішті келтірейік.

Ведомоста 3-класс оқушыларының тізімі жазылып, әрбір оқушыға мінездеме берілген. Әріпке берілген мінездемеде көрсетілген мәлімет мынадай:

Жасы –23-те, училищеге оқуға түскен уақыты –1877 жыл, қабілеті –4, ынтасы –4, тәртібі –5, оқуға үлгерімі – орыс тілі –4, геометрия –4, тарих –4, жағырапия –4, таза жазу –4, сызу (черчение) –4, татар тілі –4.

Үшінші кластағы ақырғы емтиханда барлық пәннен “5” деген баға алыпты.

Бұл деректі мәліметтен Әріптің 1877 жылы 21 жасында училищеге оқуға түскенін, аса қабілетті, тәртіпті, үздік оқушы болғанын көреміз.

Архивте оның училищенің үшінші кластағы оқуы туралы

ғана мәлімет сақталған. Осы сақталған мағлұматтардың өзінен-ақ Әріптің Семей қалалық училищесінде үздік оқып, училищені 1880–81 жылдары бітіріп шыққан деуімізге болады.

Әріп оқыған училищеде Көкбай да оқыған. Көкбай оқуға 1878 жылы 17 жасында келіпті.

Семейде оқып жүрген жылдары, екі жас ақын, сөз бәсекесіне түсіп, әзіл, қалжың, мысқыл ретінде айтысқан көп олендері болған. Сол айтыс олендерінен үзінділер келтірейік:

Көкбай:

Найманның кім күлмейді сүүгітіне,
Сеңсең тымақ, қой жүні түбітіне,
Әкесі қызын боктап, қарқ-қарқ күліп,
Осы да қазақ жолы үгіті ме?

Осында үш жігіт жүр орысша оқып,
Қарғадай көшедегі бокты шоқып.
Жетпей ме Жөңке байдың қоп жылқысы,
Шіркін ит-ай, Смайыл шілік тоқып.

...Дүние деп қалтақтап. оқып жүріп,
Бір құрбымен жүрмейді ойнап-күліп,
Бар арманы орысша арыз жазу,
“Высокоблагородие” десе-ақ, біліп.

...Үшеудің енді бірі – Әріп өзін,
Уәдесіз деп жүр ғой жұрт айтқан сөзін.
Сылдыр көмей, сырғақ қу – Сыбын салты,
Нанбасаң сынап көрші өзінді-өзін.

...Сонда да Сыбан тартып, бір болмайсың,
Есем кетті-ау қайтейін талай-талай,
Адамшылық үлгі алып Тобықтыдан,
Түзелерсің деп сенем бұдан былай.

Әріп:

Көке, неге тарықтың Найманды айтып,
Барған соң түзетермін үйге қайтып,
Бәріміз де бір жүрген оқушымыз,
Надан үшін қайтеміз қан қарайтып.

Бұл жерде Найманды айтып жамандауға,
Смайылдай алдырар жаман жауға,
Аузың барып ұялмай айтар ма едің,
Тентектіктен Тобықтыны амандауға.

...Өзің айттың, мен де айтам қандасымды,
Есбайды жамандауға бармасымды.
Жалғыз-ақ тілің үшкір аямайсың,
Қалайша елең қылдың өз басымды...

Көкбай:

...Найманда жақсы қандай мақтайтұғын,
Паналап қазақ ұлы жақтайтұғын.
Данышпан Абайға да дәтің бар ма,
Ұлы атын қазақтықтың сақтайтұғын.

...Әреке, онандағы бізге бағын,
Найманның өзіне-ақ бір ынтымағын.
Абайдан сабақ алып, арқа сүйе,
Найманның бір асарсың, болса бағың...

Сөйтіп, Әріп пен Көкбайдың алғашқы айтыстары осылай басталған.

* * *

Әр жыл сайын Семейге келіп, ұзақ уақыт жатып, кітапханада болып, Михаэлис сияқты достарымен мәжіліс құрып қайтатын Абайдың әдеті болғаны мәлім.

Сондай Семейге келген уақыттарында, қалада оқып жүрген қазақ шәкірттерімен бас қосып, мәжіліс құратын болған. Абайдың осындай мәжілісінің толық мән-жайын Көкбай баяндап береді:

Семейге Абай келсе бізде думан,
Ән салып, босамаймыз айғай-шудан.
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,
Өзгелер отырады, аузын бұған.
Бір барсаң, мәжілісінен кеткің келмес,
Хәкімдей Аплатон аңырап тұрған,
Келбеті біліміне ылайықты,
Япырым-ай, мұндай адам қалай туған!

Абайдың осындай мәжілісінен қалмайтын шәкірттердің бірі, ең алдымен, Әріп пен Көкбай болған.

Сөйтіп, Әріптің ең алғаш Абайды көріп-біліп, ұлы ұстаз ретінде таныған уақыты, оның Семей училищесінде оқып

жүрген жылдары болады. Тарих, әдебиет, өнер-білім жайында Абай аузынан естіп, біліп ұққандарын көңіліне түйіп, ұлы ұстаздан тағлым алған Әріп ғылым қуу жолына мықтап түседі. Оқып жүрген кезінің өзінде өлеңмен қатар, оқиғалы шығармалар жаза бастайды. “Қожа Ғафан”, “Тәһир” қиссаларын оқып жүрген жылдары жазады. Осы кезден бастап, өмір бойы қолынан қаламы түспейді.

* * *

Әріп оқуын аяқтаған соң, 1882 жылдан бастап, қызметке кіріседі.

Архивте сақталған деректі мағлұматтарға карағанда, Әріптің 1882 жылдан бастап қызмет істей бастағанын көреміз.

1882 жылы қазанның (октябрьдің) аяғында Сергиополь (Аягөз) уезінің бастығы ротмистр Троицкий арнайы хат жазып, Әріпті шақыртып алып, тілмаш қызметіне тағайындайды. Бұл мәліметті Әріптің жазған арыздарынан көреміз. Ол жазған арызында Троицкиймен бірге Сергиополь уезінің болыстарының сайлауын өткізуге қатысқанын және сайлау өткізуге шыққанда, Троицкий өзіне күтуші атқосшы ретінде Есікбай Сарбасов деген атқамінерді ертіп алғанын айтады. Сайлау кезінде Есікбайдың көп пара алғанын білген жұрт наразылығын Әріпке мәлімдеп және жоғарғы орындарға хабарлайтындарын айтады.

Осы мәселені Әріп өзінің бастығы Троицкийге ескертіп, пара алғандарды тексеру керектігін айтады. Әріптің орынды талабына құлақ аспаған, уезд бастығы қылмысты істі аяқсыз қалдырады. Қысқасы Троицкий өзінің сыбайласы паракор Сарбасовты жақтап шығады. Троицкийдің арам ниетіне әбден көзі жеткен Әріп, осы мәселені Сергиополь уезінің сотына және полковник Лисовскийге мәлімдейді.

Лисовский Сарбасовты қамауға алуды талап етіп, тапсырма берсе де, Троицкий оның талабын да аяқсыз қалдырады.

Осы оқиғадан кейін, отаршыл патша әкімдерінің, паракор чиновниктерінің зұлымдығына көзі жеткен Әріп, бұлармен бірге қызмет істеу мүмкін емес деп біліп, тілмаштық қызметін тастап, кетіп бара жатқан жолында, Троицкийдің қолшоқпарлары Әріпті ұстап, Лепсі түрмесіне қамайды.

Осы оқиғаның бәрін айтып, Омбы генерал-губернаторына арыз жазып, жазықсыз тұтқындалғанын дәлелдеп хабарлаған Әріптің арызы тексеріліп, ақырында түрмеден босатылады. Архив мағлұматтарына карағанда, Әріп Тәңірбергеновтың бір ай сегіз күн түрмеде отырып шыққанын және 1882 жылдың қазанынан бастап, 1884 жылдың қарашасына дейін Сергиополь уезінде тілмаш болып істегенін көреміз.

Әріптің одан кейінгі уақытта қайда қызмет істегені туралы мәліметті Құрбанғали Халидуғлының “Тауарих хәмсә шәрқый” (Казан, 1911) кітабының “Шәуешекте тәржімалық еткендер” (тілмаш болғандар. — Қ. М.) деген тарауынан көреміз. Онда: “Консул Балкашинмен әуелде келген тәржіман Омск жағынан Ибраһим деген бір қазақ баласы еді. Одан кейін Байғара елінен Ғариф (Әріп. — Қ. М.) есімді бір жігіт тәржімалық қылды. Бұл екеуі Балкашин уақытында қызмет етті. Федоров уақытында Семейдің Бура елінен Айтмұхамед Болатов тәржімалық етті. Онан кейін Шишмаров уақытында Алматыдан Шебалин деген бір орыс тәржімалыққа келді...” (353-бет) деп. Балкашиннан кейінгі консулдардың тілмаштарын атап жазады. Жыл мезгілдері көрсетілмеген бұл мәліметтерден байқайтынымыз: Балкашин консул болып тұрған уақытында, яғни оның орнына Федоров консул болып келгенше, Әріптің Балкашинның қол астында қызмет істегенін көреміз.

Ал, архив мағлұматтары бойынша, Әріптің Балкашинға қызметке келген уақыты 1884 жылдың қарашасында екені мәлім. Шәуешек консулінде қанша уақыт қызмет істегенін нақтылы білу үшін. Балкашинның консул қызметінегі кеткен уақытын (жылын) анықтау керек болады.

Николай Балкашин Шәуешектегі орыс консулі қызметіне 1882 жылы келіп, 1887 жылға дейін істепті. Балкашин уақытында тілмаш қызметін атқарған екі адам болғанын жоғарыда айттық. Оның біріншісі — Ибраһим, ол 1882 жылдан 1884 жылға дейін тілмаш болған. Одан кейін 1884 жылдан бастап, 1887 жылға дейін, яғни Балкашин қызметтен кетерге дейін тілмаш қызметін Әріп атқарған. Сөйтіп Әріптің Шәуешектегі орыс консулінде үш жылдай уақыт қызметте болғанын көреміз.

1882 жылы, жиырма алты жасынан бастап, отаршыл патша өкіметінің қазақ елін билеп-төстеп отырған зорлықшыл әкімдерінің қарамағында бес жыл бойы қызметте болған уақытында Әріп олардың зорлық-зомбылығын өз көзімен көріп, басынан кешірді. Отарлық саясатының зұлымдығына әбден көзі жетті.

Троицкий сияқты парақор чиновниктердің Әріпке қасақана жасаған қаскүнемдік әрекетін жоғарыда баяндадық. Ал, Балкашинмен қарым-қатынасы қандай болғаны жайында мәліметіміз жоқ. Бірақ Балкашинның қандай адам болғанын тарихтық мағлұматтардан жақсы білеміз. Николай Балкашин Шәуешекке консул болып келерден бұрын, 1875—1882 жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторында ерекше жауапты

істер жөніндегі чиновник болып қызмет істеген. Балкашинның мінез-құлқын, қазақ халқына көзқарасын аса жақсы білетін, Шоқанның досы, қазақ халқының жанашыр қамқоры, үлкен ғалым Г. Н. Потанин ол туралы пікірін былай баяндайды:

“Н. Балкашин служил чиновником особых поручений при генерал-губернаторе... К простому народу Балкашин относился с некоторой гадливостью и очень был заражен дворянским чванством. Словом, это был типичный шовинист. Киргизы были для него ордой, с которой нечего было церемониться. Земли, которые они занимают, для государства выгоднее отдать русским крестьянам, а киргизы пусть убираются куда хотят” (Г. Н. Потанин. Литературные воспоминания. Литературное наследство Сибири. Новосибирск. 1986, том 7, стр. 35).

Сөйтіп Балкашинның зұлымдығын, қазақ халқына қаскүнемдігін, арам ниетін, адамшылыққа жат мінез-құлқын Потанин дәл сипаттап, аяусыз әшкерелеп береді.

Балкашинның қол астында үш жыл бойы қызметте болған Әріп те оның барып тұрған зәлім, нағыз шовинист екенін, әрине, жақсы білген.

Патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын жете түсінген Әріптің саяси-әлеуметтік көзқарасы, ұлттық сезімі, туған халқына деген махаббаты барған сайын тереңдей түседі.

* * *

Мұсылман медресесінде, орыс мектебінде оқып, сауатын ашып алғаннан бастап, өз бетімен ізденіп, үздіксіз білімін тереңдету жолында болған Әріп ең алдымен тіл мәселесіне көңіл бөліп, зер салып ізденеді. Өзінің табиғи қабілетінің арқасында араб, парсы, орыс және қытай тілдерін меңгеріп алады.

Сөйтіп, ол төрт халықтың тілін біліп, сол тілдерде жазылған кітаптарды емін-еркін оқитын болған.

Ақын өзінің “Тоқтағанда” деп аталатын өлеңінде:

Ғылымға жас күнімнен еттім талип¹,
Талпынып төрт дұғаттан тағлім алып,
Бір мен емес, әркімнен өткен өмір,
Қарасам жан-жағыма назар салып, —

дейді. Әріптің Құдай берген қуатын — ақындық өнерін ерек-

¹ Талиб (арапша) — ізденуші, талаптанушы. — Қ. М.

ше жоғары бағалап, одан үлгі-өнеге алып өскен талантты жас акын шәкірттері оны Абайдан кейінгі ғұлама-ұстаз деп таныған. Әріптің өзінен сабақ алған шәкірті Шұғыбан Қауметов ақынның ұстазына арнаған өлеңінен үзінді келтірейік:

...Абайдың ізін басқан данышпаным,
Аянбай надандықпен алысқаным.
Орыс, қытай, арабтың тілін біліп,
Ғылымның шыңына өрлеп қарыштадым, —

дейді. Әріп дүниеден кайтқан жылы (1924) 22 жастағы акын Шәкір Әбенев өзінің жоқтау-өлеңінде:

Шөктің бе бес Байыстың шөнгел нары,
Қайғыңа ортақ болды жас пен көрі,
Ғылымнан он екі пән хабардар боп,
Кеудеңе түсіп еді күн дидары.

...Өнерге қолың создың бала жастан,
Қорытқан құрыштай боп қара тастан.
...Батыс пенен Шығысқа қанат жайып,
Бүркеген надандықтың бетін ашқан...—

деп жазады. Енді бір акын шәкірті Боранбай Отынбаев:

...Туыпты Абайдан соң Әріп асыл,
Жаратып Құдай артық ғазиз басын,
Сынасын сөзінен-ақ миль қзақ,
Қандайлық десе білім дәражасын,
Жатқа айтып, қара сөздей сөйлеуші еді
Құранның отыз пара мағынасын, —

дейді. Әріптің алдын көріп, өсиетін тындап, тағлім алған саналы шәкірттер: ғұлама — ұстазының қадыр-қасиетін терең түсініп, тебірене жырлағанын көреміз.

* * *

Әріп Шәуешектен кеткен соң, Қапалда болып, одан Пішкекке (Фрунзе) келіп, қырғыз елін аралап, содан Алматыға келіп, байланыс мекемесінде (почта) үш-төрт жылдай қызмет істейді. Осы уақытта Ақсу елінде болып, Сарамен танысады. Бұл мәселеге кейінірек тоқталамыз.

1890 жылдар өз еліне оралып Еңірекей, Қандығатай бо-

лыстарында тілмаш қызметін атқарады. Осы жылдар балаларды тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөліп, ағайындарының балаларын өз үйіне жинап, орысша сабақ оқытады. Орыс әдебиетінің үлгілерімен, Пушкин, Лермонтов сияқты ақындармен таныстырады.

Әріптің ақындық сапары ерте басталады. Оның шығармаларының тақырыбы да сан алуан. Ақынның шығармалары өзінің ой-өрісінің, өз басынан өткізген өмір белестеріндегі көзқарастарының көлемін айқын көрсетіп отырады.

Әріптің алғашқы ақындық қадамында жазғандары, не болмаса қолма-қол суырып салып айтқандары: әзіл, қалжың, айтыс, жастық, махаббат тақырыбындағы өлеңдер болып келеді. Алғашқы тырнақалды өлеңдерінен бізге жеткендерінің бірі, ақынның он жеті жасында (1873 ж.) қайнына барғанда жеңгетай сұраған жеңгелеріне айтқан өлеңі:

Ал сөйле, жеңгелерім, жүйе болса,
Ғашығың балбыраған шие болса;
...Тай деп ең мың тенгелік жүні шұбар,
Тайыңыз койға мінген бие болса,
Тақпаған жез бұйдасын науша деп ең,
Наушаңыз жабу киген түйе болса... —

деп, қолма-қол суырып салып айтқан жастық әзіл өлеңі. Тағы осы өлең сарындас “Байтоқаның қызына” деген сияқты бірнеше өлеңдері бар.

Абайдың жастық шағында жазған “Әлифби” өлеңіне еліктеп, Әріп те “Әліфби” атты өлең жазған. Абай арабтың әрбір әрпіне бір-бір өлең жолын арнап жазса, Әріп арабтың жиырма тоғыз әрпіне жиырма тоғыз шумақ өлең жазады. Мысалы:

Әлиф, сенің аузың бал, иегің дүр,
Пәрдән хулла жамылған жамалың нүр.
Не Күләндәм, не Балқис ғажайыпсың,
Затыңның кім екенін білмеді бір, —

деп келеді. Өлеңнің өн бойында Шығыс киссаларындағы ғашықтар аты көп кездесіп, соларды дәріптеу сарыны басым болып отырады. Өлеңде араб, фарсы сөзі көп орын алады.

Абай өзінің “Әлифби” (1864) өлеңін:

Я, ярым қалай болар жауап созың,
Мәт-қасың, тәштит-кірпік, сәкін-көзің;

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзін! —

десе, Әріп те өз өлеңін дәл осы Абай үлгісімен жазып, Абай-ша аяқтайды:

“Қасың — мәт, ернің — әмзә, сәкін — көзің,
Үтірдей бармағыңыз, шәрбәт сөзің.
Тәштит пен Таһиғаңды таба алмадым,
Тыныстай кез келесің қайдан өзін, —

дейді. Он жеті ақынның айтыстары Әріпті қатты қызықтырады. Жас ақын өлеңді тұтқиылдан суырыпсалып айтуды машық етеді. Бұл салтты Әріп өмір бойы тастамаған.

Араб, парсы тілдерін жетік білген соң Шығыс әдебиетін көп оқып, өз шығармаларында Шығыс әдебиеті үлгілеріне еліктейді.

Әріптің Шығыс әдебиетіне еліктеп жазған шығармаларының бірі — “Зияда—Шаһмұрат” атты дастан.

“Қисса Зияда — Шаһмұрат” 1884 жылы, Әріптің 28 жасында жазылыпты. Бұл қиссаның келемі 2774 жол өлең. Әзірге бізге мәлім мағлұматтарға қарағанда қисса Қазан баспасынан 1890, 1892, 1896, 1912 жылдары төрт рет басылып шыққан.

1890 жылы Қазанда басылып шыққан “Зияда—Шаһмұрат” қиссасының соңында Әріптің баспа басшысына жолдаған хаты да басылған. Бұл хатта “Зияда—Шаһмұрат” қиссасының жазылған уақыты туралы:

Қолыма ұстағаным қалам болды,
Көңілім бұл дүнияға алаң болды.
Мың сегіз жүз сексен төртінші жыл,
Әпрелде он бесінші тәмәм болды, —

дейді. Және бұдан бұрын жазып жіберген үш қиссасын атап айтады:

...Үш қисса жіберіп ем мұнан бұрын,
“Қожа Ғафан”, “Таһир” мен “Нұрғызарұн”,
Абзықай, қата болса, ғайып етпе,
Ғашықтың тасниф еттім өлең жырын, —

деуіне қарағанда, төрт қисса жазғанын көреміз: Әріп пен Әсеттің бір айтысында, Әсет:

Байгара он жеті акын сенен шықты,
Тау мен тасты мақтауға Әріп мықты.
Өлтірдің “Баһарамда” жеті ханым,
Дарынды акын демеймін Әріп тіпті, —

дегенінен, Әріптің “Баһарам” атты да қисса жазғанын білеміз. “Қисса Қожа Ғафан” 1876 және 1880 жылдары екі рет басылып шыққан, “Қисса Таһир” 1878 жылдан бастап бес рет басылған, “Қисса Баһарам” 1897, 1908, 1912 жылдары үш рет басылыпты.

“Нұрғызарұн” қиссасының басылымы жайында әзірге мағлұматымыз жоқ.

Біз — “Зияда—Шаһмұрат” қиссасы туралы ғана мағлұмат келтіріп, қысқаша баяндаймыз.

Қиссаның кейіпкерлері: Бағлад патшасы Мұхтар, оның баласы Зияда, Мысыр патшасы Зада, оның ұлы Шаһмұрат, қыздары: Хорлы және Ғайын.

Қиссаның аңыз аралас күрделі де қызықты, бай оқиғаларға толы мазмұнын бұл арада түгелдей баяндап жатпаймыз. Бір-біріне ғашық болған басты кейіпкерлерді атап өтіп, Зияда мен Хорлының бейнесін суреттеудегі акынның қолданған көркемдік тәсілінен қысқаша мысал келтіреміз.

Қиссада суреттелетін ғашықтар: Зияда мен Хорлы, Шаһмұрат пен Ләззәтібал және Құсмүлия мен Ғайын. Шаһмұраттың ғашығы пері патшасының қызы болады:

Хан екен Ирембақта пері Муфтал,
Қызының аты болар — Ләззәтібал.
Ұйқтаса Шаһмұрат тақ үстінде,
Түсінде ғашық болған бір мүшкіл хәл, —

дейді акын. Енді Хорлының Зияданы түсінде көріп, екеуінің бір-біріне ғашық болып, көңіл қосқанын, сүйіспеншілікпен сұхбаттасқанын, жалындаған ғашықтық сезім-сырларын қалтқысыз шертіскен сәттерін, акынның қалай суреттеп жазғанына көңіл бөліп көрейік:

...Жігітпен Хорлы келіп бір жатады,
Аузынан шәрбат ләззәт дәм татады.
Оятып мойынан құшақтап ап,
Зиамен ұйықтап жатқан сөз катады.

Сол уақыт жігіт тұрды пердені ашып,
Қасында бір қыз отыр бетін басып.

Көрген соң ханшаны ғашық болып,
Шаһзада тұра келді асып-сасып,

Хорлы айтты: жігіт, сөзің балдан тәтті,
Бәрі рас айтқан сөзің инабатты,
Жаһанда сан патшаны көрсемдағы,
Ешбір жан жаралған жоқ сен сипатты.

Тілің бал, тісің меруерт жігіт сенің,
Жаралған шыны нұрдай шариф тәнің.
Етпесе рахым өзі хақ тағала,
Сен үшін қатты болды ғашығым менің.

Қараса бір сұлу қыз бетін басқан,
Шын ғашық белгісі емес сөзден қашқан.
Бұраң бел, ерні ғақық, көзі – гауһар,
Сипаты бұл ғаламнан еркін асқан.

Пердесін бетін ашып, қолына алып,
Қарады бір-біріне көзін салып.
Екеуі бір-біріне ғашық болды,
Жаралған нұрларына қайран қалып.

Мойнына падишаның қолын салды,
Ханша түсте көрді мұндай хәлді.
Байласып қатты уағда екі ғашық,
Тілінен тақ үстінде ләззәт алды.

Қыз айтады, ей, жігіт, ғашық жарым,
Қайғының мен айтайын іште барын.
Өз жөнімді сұрасаң, атым Хорлы,
Жөнінді айт мағлұм етіп ахуалдарын.

Сөйлесті талай-талай қос бұраң бел,
Зарынан ғашықтықтың ағызып сел.
– Мекеніңді айт, ей, жігіт, ғашық жарым,
Болады тұрмыс жерің қай шәһар, ел?

Хорлының жаннан асқан қиғаш қасы,
Алшын төс, алтын иек, інжу басы.
– Зиада өзім атым, атам Мұхтар,
Бағдаттың осы күнгі падишасы.

Түсінде сейіл құрды екеу бақта,
Көп жатты сұқпатласып алтын тақта,

Суретіне түсте көрген не хайла етсін,
Оянып ханша кетті сол уақытта.

Билеген Зада патша тамам елді,
Түсінде Хорлы көрді сағым желді,
Ханша ұйқым емес, өнім ғой деп,
Сипалап екі жағын тұра келді.

Оянса қасында жоқ көрген шатыр,
Бермеді еш біреуге жауап хатыр,
Көзін ашып жіберсе Хорлы байғұс,
Баяғы өз сарайы тақта жатыр...

Енді Хорлы мен Ғайынды сипаттау өлеңінен үзінді
келтірейік:

Екі қыз Хорлы, Ғайын жұпар шашты...
...Ақ маңдай, қас — зүбәржат, көзі — гәуһар...

Жұмақтай сезіледі қойындары,
Бағында бұлбұл сайрап ойындары.
Інжуден отыз тісі, еріні — ләғыл,
Ақ тамақ, алтын иек мойындары.

...Меруерт кірпіктері бейне тізген,
Ұқсамас адамзатқа көзін сүзген.
Мас болып дидарына талып қалып,
Жанынан көрген адам күдер үзген.

Ханшаның отыз тісі мәруарттан,
Мүшесі, кеудесі алтын, зүбәржаттан.
Райхан гүлі біткен екі қолы,
Безенген алтын, інжу, шын жақұттан...

Сөйтіп, Хорлы мен Ғайынның бейнесін сипаттап сурет-
теген шақта олардың дене мүшелерін парсы әдебиетінде көп
қолданылатын, неше түрлі асыл тастарға балап: қасы — зүбәр-
жат, көзі — гәуһар, тісі — інжу, еріні — ләғыл, иегі — алтын,
кірпігі — меруерт... деп, түр-түсіне қарамай тізе берген.

Жас ақын Әріптің Шығыс әдебиетіндегі ғашықтық жыр-
ларға соншама аса қатты еліктеу салдарынан, әсіресе, сұлу
қыздың бейнесін сипаттауда шындықтың шегінен мүлдем
шығандап шығып кеткенін көреміз. Сондықтан, Абай сыны-
на ұшыраған үш ақынның бірі Әріп болады.

Бұл мәселе туралы Мұхтар Әуезов Абай айналасынан, Абай мектебінен шыққан ақындар жайында айта келіп, былай дейді:

“Абай бұл жастардың өлең жазуын қабылдаған, кейбіріне, мәселен, Көкбайға Абылай ханды, Кенесарыны өлең қыл деп, өзі тема да беріп отырған. Бірақ бұлардың өлеңдеріне де жалпы өлеңге қоятын қатты сынын түгел қояды. Сондықтан сөздері ұнамаған уақытта, міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріп, Шаһкәрім үшеуінің үш түрлі өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз,
Мұнда жоқ, “алтын иек сары ала қыз”.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз, —

дейді. “Әзірет әлі айдаһарды” Көкбайдың қисса жазғыш болғандығынан айтты. “Алтын иек сары ала қыз” деп Сыбан Әріп деген ақын “Зияда” деген қиссасында, сұлу қызды сипаттаймын деп иегі алтын, көзі гәуһар деп мақтауын асырып, түсіне қарамай асыл тастарды санай берсе керек. Соған айтылған. Соңғы екі ауыз кәрілікті жамандап айтқан Шаһкәрім өлеңіне арналған...

Осы сөздер ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе, Әріп қатты намыс қылып кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып “Біржан — Сараның” айтысын шығарған.

Сонда Сара айтты қылып, Абайдағы кегін шынымен-ақ алғандай болады. Біржан, Сара Әріпке әншейін ойдан шығарған геройлар есепті ғана керек. Сондықтан Біржанның Арғын емес Керей екенін де ескермеген. Мүмкін ол кезде Біржанның ұруын білмеген де шығар” (Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Қызылорда, 1933 ж., 383-бет).

Мұхтардың осы жазған пікірі, Турағұлдың: “Әкем Абай туралы” деген естелік әңгімесінде де айтылады. Турағұл былай деп жазады:

“...Шаһкәрім қажының жас күнінде кәрілікті жамандап, Алпыстан аспай өлейін, кәрі ит жат деп, былшылдап шат деп айтады деп, бозбалашылықты мақтап: шіліктен шымылдық құрып, томардан жастық қып... деген өлеңі болған.

Көкбай молданың Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты деген өлеңі болған.

Әріп деген Сыбан, өлең жазғыш жігіт: “Зияда” деген өлең жазған. Қызды мақтамақшы болып суреттегенде: көзі — гауһар, иегі — алтын деп, осы сықылды асыл тастарды түсіне

карамай, сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, ақыл көрсетпекші болып жазып еді. Ол өлеңге Әріп кектеніп, Біржан мен Сара деген қыз айтысыпты деп өлең жазып, біздің ақсақалды жамандайды. Біржанның Арғын емес, Керей екенін де білмейді”, – дейді.

Сөйтіп, “Біржан – Сара” айтысын жазған Әріп акын екенін Мұхтар Әуезов пен Турағұл Абайұлы дәлелдеп берген.

Бұл мәселеге кейінірек арнайы тоқталамыз.

Әріптің қиссалары, текстологиялық зерттеу жұмысын аса қажет ететіндіктен, бұл шағын жинаққа кіргізілмеді. Ол шығармалары алдағы уақытта басылатын, толығырақ жинағында жарияланбақ.

* * *

Араб, парсы тілдерін жетік білген Әріп, бұрынғы мұсылман ғұламаларының Ислам діні туралы жазғандарын көп оқып, мұсылман дінінің қағидаларын өте жақсы білген. Ол Құранды зерттеп, оқып, жаттаған. Құран Кәрімнің мағынасын терең түсінген. Оның шәкірттері:

Жатқа айтып, кара сөздей сойлеуші еді.
Құранның отыз пара мағынасын, –

деп бекер айтпаған.

Әріп – мұсылман дініне сана-сезімімен, бар ішкі сарайымен берілген, Құдай бір, Құран шын, Пайғамбар хақ деп білген, дінишіл акын.

Акын діни ұғым-нанымды жалаң құрғақ сөзбен насихаттамайды, адамды ойландырып, сана-сезімін оятып, жаратушы бір Құдайдың барлығына көзін жеткізіп, көңілін сендіретіндей мысалға негізделген өлең жазады.

Биғадат бір Аллаға хамді сәна,
Жол табар мағрифатпен асыл дана,
Құданың не құдиретін айтып болар,
Аспанды қақ үстінде қадір сана.

Астында тіреуі жоқ, үсте байлау,
Хақиқат білген жанға соны да ойлау.
Шын пенде қалыбына уақып болып,
Адалдықсыз арамға бір ден қоймау, –

дей келіп, Құдайға сенген адамның мінез-құлқы, адамгершілік қасиеті қандай болу керек екендігін сөз етеді.

Тірлікте таза жолды білмек керек,
Зікір ғып адал жолда өлмек керек.
Ғылымды танысын деп адам қылды,
Дүниеге себеп үшін келмек керек, —

дейді. Бұл ұзақ өлеңінде өмір, өлім туралы сөз қозғап:

...Аждаһа ажал жатыр аузын ашып,
Күн сайын жақындаймыз қадам басып.
Дүниенің мүлкін беріп құтылмақ жоқ,
Әзелде болғаннан соң өлім нәсіп, —

деп, алаңсыз жүрген адамдарға ой салып, теубаға келтірерліктей мысалдар келтіріп жырлайды. “Дүние туралы” деген ұзақ өлеңінде:

Дүние — қонып, көшпек фәни сарай,
Бақи деп, босқа алдандық мұнда талай.
Тірі өлер, жаңа тозар, жас қартайар,
Ойлашы, қайта келмес, осы қалай...—

дейді. “Дүние туралы” деген екінші бір өлеңінде дүниенің опасыздығын көрсету үшін, дүниені сүйкімсіз, екі жүзді сұмпайы әйел бейнесіне теңеп, әдейі, дөрекілеу сөздерді қолданып суреттейді:

Дүние — долы қатын шоқпыт дамбал,
Алданып қыз деп бұған жүрміз аңғал.
Бұттан бұт, қолдан қолың қанша өтсе де,
Хан менен қараң тұрсын салар жанжал.

Қылмиар қыздан жаман алдарында,
Достығы қас боп шығар аңғарында.
Күлтілдеп көз алдында жатқа тиер,
Жақынсып қимасаң да жан барында.

Кір жаулық кімді ұрмаған кемпір көне,
Есіркеп, болғансыған талайға ене.
Аузыңды ұстап, саныңды бір қақтырар,
Алданып, арамсынбай жүрсін дене... —

дейді. Дүниенің опасыз, фәни екендігін айта отырып, дүниеден без демей де, сол фәни дүниеде өмір сүрген адам Құдай берген адамшылық қасиетін дұрыс түсініп, өмірді бос өткізбеудің жолын көрсетеді. “Ғапылдың тірілігі” деген өлеңінде:

...Дененің қызықтысы бас пен жүрек,
Шіркін-ай, ойласаңшы, неге тойған.
Көз жараның орны емес, көрмек ләзім,
Ғылым — көңіл қазынасы сақтап қойған.
Білгенмен, білмегендік жер мен көктей,
Білген жетіп, білмеген болмақшы ойран.
Надандық бұл заманға құрал емес,
Қой жаным, надандықты шығар ойдан.
Жұпардың аз да болса, ісі бөлек,
Көлеңкең көзсіз болсаң аспас бойдан.
Қан жиын қайда мұндай кең дүние,
Олжасыз қайтқан ұят мұндай тойдан, —

деп, ұлы ұстазы Абайдың: “Әуелі адамның адамшылығы ғақыл, ғылым деген нәрселермен”, — деген сөзін ойыңа түсіргендей болады.

“Иман туралы” деген өлеңінде, “Иман” деген сөздің мағынасын, қазақтың қарапайым сөзімен түсіндіріп, имандылықтың шарттарын ұғындырып береді.

...Көрмедім шын еркекті жол таныған,
Жаһил көп тілін тіске құр жаныған.
Қандай нәрсе екеннен хабары жоқ,
Не пысық суәл қылсаң иманынан,

...Ей, ғапыл иман деген шынға нанбак,
Шындықты нысан тұтып көңілге алмақ.
Жүректі адалдыққа анық байлап,
Тартынып арамдықтан таза қалмақ.

Ақ сүйіп, адалдықты анық білмек,
Тілмен айтып, көңілмен тұтып жүрмек.
Арамдықты шығарып жүрегіннен,
Жолына адалдықтың басты бермек.

Бас бермек адалдыққа мойын бүрмай,
Серуендеп, өсек тасып, сейіл құрмай,
Демді босқа өткізбей ғапылатпен,
Әділдік тапқан жақсы, қарап тұрмай.

...Осындай шын ниетпен қылсаң зікір,
Жүрекке тұтпақ керек шындық пікір.
Жолынан әділдіктің айнымасаң,
Иман деп соны айтады, сансыз шүкір.

Ақынның бұл өлеңі түсініктеме беріп жатуды қажет етпесе керек.

Діни бағытта жазған өлеңдерінің өзі, қазақ халқын дүние тануға, адалдыққа, әділдікке, ғылымға, адал еңбекке шақыруға негізделген.

Әріптің 1890 жылдардан былайғы негізгі өлеңдері нағыз сыншыл реализм бағытында жазылады. Өлеңдерінің идеялық мазмұны тереңдей түседі. Халықты қанаушыларды әшкерелеп жырласа, еңбек елін дәріптеп жырлайды.

Әріп творчествосы қазақ халқының саяси-қоғамдық өмірімен тығыз байланыста дамып, өсіп отырады. Ақынның саяси сана-сезімі өскен сайын, оның өлеңдерінің идеялық мазмұны да тереңдей түседі.

Ақын “Еңбек туралы” деген көлемді өлеңінде халықты қанаушы сараң байларды, жебір би, болыстарды, еңбек етпей елді алдап, ұрлық-өтірік, қулық-сұмдықпен күн көрушілерді “ызалы жүрекпен, улы тілмен” әшкерелеп жырлайды.

Байлар жүр мансап іздеп құр далақтап,
Көрінбей малы көзге жүр жалақтап.
Би мен болыс көрінсе қошемет қып,
Қойын сойып, ет тартар қос табақтап.

...Адал еңбек істеуге дертің күшті,
Жиреніп жек көресің шындық істі.
Адалды адал, арамды арам демей,
Қара жаһил надансың қасқыр түсті, —

дейді. Еңбек елін езуші “қасқыр түстілер” ақынның бұл өлеңінде мейлінше әшкереленеді. Олардың арамдық пен айласын асыра жүріп, сыртымен сопысынып, “құдайға құлшылық” ететін екі жүзділігін де әшкерелеп береді:

Сөйтіп жүріп сопы боп Құдай ұрып,
Тәслық тартып мүлгисің түннен тұрып.
Бойында ат тартпайтын арамдық бар,
Сүттен аппақ боласың, судан тұнық, —

дейді. Әріптің бұл өлеңі нағыз сыншыл реалистік өлең. Ақын өлеңін былайша қорытады:

Елірме ел қыдырып ет жегенге,
Ұрлыққа өтірікті септегенге.
Жарлының жалғыз қойын жалмап алып,
Мұнша неге құмарсың ептегенге.

Ертең біреу әділдік құра қалса,
Қайтесің су түбіне кетпегенде.
Бір қойға бес есе қып телеу берсең,
Айтпадың деп сонда өзін өкпелеме.
Қорқыттай қазған көрің алдында тұр.
Жалғыз топырақ шашасың көпке неге.

“Еңбек туралы” деген өлеңінен соң, ақынның “Қалың-мал туралы” өлеңі жазылады. Өлеңнің негізгі тақырыбы — әйел теңдігі мәселесі.

Әйел теңдігі халықтың ежелден көкейкесті арманы еді. Бұл мәселе халық поэзиясында да, ХІХ ғасырдағы Абай бастаған жазба әдебиетте де көтерілген әлеуметтік тақырыптың бірі болатын.

Әріп “Қалыңмал туралы” өлеңінде: әйелді малға сату, сүймеген адамына зорлап беру, әмеңгерлік сияқты, ғасырлар бойы қалмай келе жатқан ғұрыпты ашына әшкерелеп жазады:

...Жас қызды алпыстағы шал алады,
Әйел жағы тағы кем санатады.
Әлгі шалда үш қатын бұрын болса,
Мал беріп төртінші қып ала алады.
...Сәулім боп жиырмаға жеткен қызды,
Бір еркек жеті жасар бала алады.
Шал да емес, бала да емес, ең негізі —
Не туысы, не хайуан мал алады, —

дей келе, адамды бас бостандығынан айырып, ықтиярын жоғалтқан, адамгершілікке жат әдет-ғұрыпты тастауға шақырып, әрбір жас оз еркімен теңіне қосылсын, “теңін тап та, тегін бер”, әділет жолы осы дейді:

...Жоғалтқан жанды адамның ықтиярын,
Халықтан осы дағды қалса нетер.
...Әркімнің жолдас болсын сүйген досы,
Біріксе айырылмасын көңіл қошы.
Теңін тап та, тегін бер, түзел. жұртым,
Аумас көңіл, айнымас жүрек осы.

Әріп қалың мал сияқты ескі әдет-ғұрыпты әшкерелеп, қазақ әйеліне адамгершілік, ізгілік көңіл білдіріп қана қоймайды. Ақын қазақ әйелінің келешегіне зор сеніммен қарап, жырлайды. Бұл әдет мәдениетті, білімді елде жоқ. Қазақ халқы да мәдениетке жетілген сайын ескі әдет-ғұрыптан арылмақ,

бірақ ата-бабаның жол-жоралғысына көне бермей, қазақ қыздары бас бостандығы үшін күресу керек деген идея “Қалың-мал туралы” өлеңнің негізгі сарыны болып келеді.

Бір болар бұл әдеттің қалар күні,
Бар әйелдің басында өмір түні.
Не жаманның, не шалдың жетегінде,
Не керек, кете барды шықпай үні.

Әкең құрсын жас қызын малға сатқан,
Шешең құрсын өтірік жылап жатқан.
Бұл тәртіп білімді елдің бірінде жоқ,
Шатылып жалғыз қазақ тәңірі атқан.

Ақын өлеңінде үмітсіздік, күйректік әуені (пессимизм) жоқ, келешекке зор сенім бар. Қазақ әйелдерінің басында ол кезде төніп тұрған қара түнек, “Өмір түні” болса, келешек жарқын күні бар деген Әріп өлеңінде оптимизм басым.

Бұл кездегі Әріп шығармасындағы басты тақырыптың тағы бірі өнер, ғылымды меңгеру мәселесі болады. Бұл мәселені де Ыбырай Алтынсарин, Абай сияқты ұлы ағартушылар ХІХ ғасырдың екінші жартысында көтерген еді. Абай шығармаларында басты тақырып болып жырланған ағартушылық идеяны, Әріп ақын ұлы ұстазының дәстүрімен, өз шығармаларында заман ағымына сай дамыта түсті.

Әріп “Ғылым туралы” өлеңін жазды. Бұл өлеңінде өнер-білімді жалпы мадақтап, ғылымның пайдасын айтып, құрғақ насихаттамайды. Өз өлеңінде өмір шындығына сай жаңадан образ тауып, ғылымның қазақ халқының тағдырына қаншалықты қажет екенін әрі әсерлі, әрі ұғымды, нанымды, әрі көркем суреттеп жырлайды.

Мысалы:

Дүние — теңіз, ғылым — кеме,
Кемесіз терең суға түсем деме.
Толқыны тауға ұксаған мыңа заман
Сезе ме мұны даңғой жаһил¹ неме.

Суы ащы бұл теңіздің, іші жайын,
Толқыны төңкерілер барған сайын.
Қауіпсіз балық аулап пайдаланар,
Сенімді кеме болса кімде дайын.

¹ Жаһил — надан деген сөз.

Кемеде болмау керек саңлау, тесік,
Мақтанба жел қайыққа кеме десіп.
Жел соғып көтерілсе, жоқ боларсың,
Толқынның түрі жаман жатқан көшіп.

Балық бар бұл теңізде неше тармақ,
Байқамай оған дағы салма қармақ.
Астың теңіз, толқынмен дос емессің,
Бір мықты кеме ғып ал өзіңе арнап.

Кемесіз суға кетер арандаған,
Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған.
Малтумен көрген күнің құрып қалсын,
Ұят қой анда-санда қарандаған.

Шалағай жанның қасы жырттық қайық,
Бір күн жел, сеніп болмас, бір күн айық.
Астың теңіз, үстің жел дос емессің,
Қарбайып әлек болма қанат жайып, —

деп ақын дүниені теңіз бейнесінде алып кейіптейді. Дүние сол терең теңіз сияқты болса, теңізге кемесіз түсуге болмайды. Ақын ғылымды кеме бейнесінде кейіптей келіп, өнер, ғылымды әлі толық меңгеріп жетпеген қазақ халқының жайын теңізге жел қайықпен түскен адам хәлінде сипаттайды. Қазір теңіз (дүние), ол жайбарақат жатқан теңіз емес, дауыл тұрып толқын атып жатқан теңіз. Сондықтан: “Бір мықты кеме ғып ал өзіңе арнап” дейді. Ол мықты кеме — ғылым. Ақын заманның жайын, өмірдегі ұлы өзгерістерді, ғылымның пайдасын, қажеттігін баяндаумен ғана тынбайды. Өнер, білімді қайдан алу керек, дауылды күнгі теңіздей толқын атып жатқан заманда кіммен дос болып, қол ұстасу керек екенін Әріп айқындап айтып береді:

Толқынға кеме менен ынғайлы бол,
Бір білгіш моряк пенен ұстасып қол.
Ғылым — кеме, көңілдің тиянағы,
Әне жаным, сөйткенде табасың жол, —

деп, өнер-білімі өскен, мәдениетті, алдыңғы қатардағы елмен достық қарым-қатынас жасап, үлгі-өнеге алып, өсіп, өркендеу жолын көрсетеді. Үлгі-өнеге алатын елді толқын атқан теңізде кемеңі басқаратын адам бейнесінде суреттеп, “моряк” деген метонимия арқылы береді.

Ағартушы ақынның “Ғылым туралы” бұл өлеңі әрі терең мағыналы, әрі көркем, көрнекті шығармасының бірі.

Ақын өлеңін қазақтың жігерлі жастарына арнап, өнегелі өсиетін айтып аяқтайды:

Кәсіп қыл, ғылым берер іздесең жем,
Болмайсың таза жүрек ешкімнен кем.
“Күннен де білім жарық” деген мақал,
Соқыр кісі болмайды көздімен тең, —

дейді. Өнер, білім — Әріп шығармаларының басты тақырыбы. Әсіресе, жас ұрпақтың тағдыры ақынды қатты толғандырады. Бұл жөнінде жастарға тікелей арнап жазған өлеңдері көп болған. Бір өлеңінде:

Балалар, жат та, тұр да білуді ойла,
Үнем түгел тұрмайды мұндай той да.
Жігіттіктің қадірін ғылыммен біл,
Салақтық, салқылықты былай қой да, —

десе, енді бір өлеңінде өнер-білімнен хабарсыз халде, жас өмірін босқа өткізіп жүрген жас жігіттерді шенейді:

...Адамзат гүл сияқты аңғарамын,
Несіне кәріліктің шамданамын.
Не ғылым, не өнерден хабары жоқ,
Кейінгі жас жігітке таң қаламын, —

дейді. Өнер-білімге бой ұрып, талаптанып, талпынбай, на-дан қалпында қалып, өтірік, өсекке салынып кеткен, жігерсіз жас жігіттерді көрген сайын, жанашыр қамқор ақынның қаны қайнап күйінеді. “Халқыма” деген өлеңінде:

...Өнерсіз ендігі жас пәлен дерге,
Жігері көтерілмей, тартар жерге.
Өң бергіш өсек пенен өтірікке,
Қайтерсің бірі талпынып ұшпайды өрге, —

дейді. Ақынның өнер-білім тақырыбына арнап жазған өлеңдерінен сақталып, бізге жеткендері осылар.

* * *

Әріп шығармаларының тақырыбы да сан алуан. Ақынның әлеуметтік тақырыбына арнап жазған өлеңдері көп бол-

ған. Отаршыл орыс патшасының озбырлық саясатын, оның қазақ елін билеп төстеуші зұлым, паракор әкімдерінің зорлық-зомбылығын әшкерелеп жазған өлеңдерінің көбі бізге жеткен жоқ.

Патша үкіметінің қолшоқпарына айналған, қазақтың өзінен шыққан, азғын атқамінерлерді, екі жүзді, аяр болыс, билерді әшкерелеп, қатты сынап, шенеп жазған ақын өлеңдері халық арасына көп тараған.

Турашыл ақын бүркемелемей, олардың тура аттарын атап отырып сынайды.

Елінің ұру басы байы, әрі биі, Серікбай деген қажыны “Секең қажы” деп, мысқылдай отырып:

Болса да сыртың қажы, ішің арам,
Дұрыс деп тіпті айтпайды білген адам.
Пара десе, асайсың балдай көріп.
Жалғыз-ақ ұнатпаймын соның жаман, —

деп әшкерелейді.

Сол сияқты Қабдылда дейтін жебір бидің момын елді зар жылатқан зұлымдығын, орыс ұлықтарының алдында күлдық ұрып, жағымпазданатын, екі жүзді жексұрын мінезін ащы мысқылдап, шенеп:

Қабанды ескі ауыру сандыратқан,
Еңіретіп сан момынды зар жылатқан.
Ұлық боп ел шетіне біреу келсе,
Сар жезін знак кып салбыратқан, —

дейді. Осылар сияқты Қабылбек деген биді, Бейсеке биді, Тұрғали болысты, Тәуірбек болысты, тағы басқа болыс, билерді аяусыз ащы ажуалап, батыра шенеп-мінеп, қатты сынап жазған сатиралық откір өлеңдері ел ортасына көп тараған.

Сөйтіп ақынның сын садағына ілініп, қалың халық алдында маскара болған атқамінерлер Әріпті жек көріп, онымен өштесіп, реті келген жерде, қолынан келген қастықтарын аямаған. Сондайлардың біреуі Бейсеке дейтін би, Әріп кісі өлтірді деп жала жауып, корсетуге дейін барған.

Бұл айтқанымызды дәлелдеу үшін “Дала уалаяты газетінің” (“Киргизская степная газета”) 1896 жылы, 24 март күнгі, 12-санында орыс және қазақ тілінде жарияланған хабарды келтірейік:

“Приказы по Семиреченской области. Народный судья № 10 аула Акчаулинской волости, Лепсинского уезда Бийсеке Рысаков, на время производства следствия по обвинению

его в ложном доносе на киргиз Энрекейской волости Арипа Танырбергенова и Джаксылыка Қауменова по делу убийства киргиза Чалабаева, устраняется от занимаемой должности. Исполнение обязанностей народного судьи названного аула поручается кандидату к судье Сарсеке Бокенову”.

Осы бұйрыққа байланысты, аталған газеттің 1896 жылы, 14-әпірел күнгі 15 санында: “Біреудің үстінен қазақтардың өтірік арыз беруі турасынан” (“Ложные доносы у киргизов”) деген үлкен мақала жарияланыпты. Сол мақаладан үзінді келтіреміз.

“Лепсі оязына қарайтын Акшаулы болысындағы номер төртінші ауылдың қазағы Бейсеке Разақұғлы, Еңірекей елінің кісісі Әріп Тәңірбергенұғлы һәм Жаксылық Қауменұғлы Шалабайұғлын өлтірді деп өтірік арыз берген себепті, тергеу біткенше қызметтен түсірілді деген, қазақ газетінің 12 номерінде бұйрық басылған. Бұйрық көңілді көп жабырқатып түсіреді де, һәм қазақтардың жүріс-тұрысының қараңғы жағын көрсетеді. Билер қазақтардың осы адал, арамды айырады-ау арамды арамша, адалды адалша біледі-ау, адалды ақтайды-ау, тентекті абақтыға отырғызып, штраф салады-ау деп, тандап сайлаған адамы. Сөйтеді деген бидің өзі өтірік қағаз түсіріп, тергеуге алынып жатыр.

Тағы да қандай тергеу – кісі өлтірген тергеу. Ақ, сау адамды жазаға кіріптар қылып, қатөргіге айдатамын деген тергеу...”

Әрине, егер де Әріп заң-законнан хабары жоқ, қараңғы оқымаған надан қазақтың бірі болса, жазықсыз-ақ айдалып кеткен болар еді.

Айдалып кетпесе де, Бейсеке сияқты зұлым билердің, кісі өлтірді деп, қасақана қастандықпен жапқан жаласы Әріпті көп әуре-сарсаңға салып, бір уақыт көңіл күйін күйзелтсе де, оның турашыл, шыншыл, сыншыл мінезін өзгерте алмайды.

Осы кездерде ақын, адамды терең ойландырып, тебіренерліктей, дүние, өмір, өлім тақырыбына арналған өлеңдерін жазады. “Замандасқа” деген өлеңінде дүниенің фанилығы туралы өз ойларын толғай келіп:

Өлімнің жанды затқа болмағы хақ,
Өмірге өлшеулі дем арналған шақ.
Тірлікті босқа өткізбей гапылатпен,
Өлімді ойлау керек осынан-ақ, –

деп, адам өзінің өлшеулі аз өмірін босқа өткізбеу керек екенін ескертеді.

“Нәпсіге” деген аса ұзақ өленін:
Шіркін ғапыл, көңлім-ай,
Жалғанға жалғыз симайсың.
Қызықты өмір таусылды,
Өлімге басты қимайсың.
Ажалға табар амал жоқ,
Түрлі қайла жинайсың.
...Өлеріңді білген соң,
Өнімсіз дүние өтпекші.
Оның бәрін көрген соң,
Неге мені қинайсың.
Обалым саған болмай ма,
Өзімді еркін билейсін.
Нәпсі, өмір екеуің
Жас қамырдай илейсін.
Болысар шамаң болмаса,
Босқа неге сүйрейсін.
...Құладың мінез, қу нәпсі
Қуараңдап құтырма...
...Опасыз жалған дүние-ай,
Бір жолаушы сапарсың,
Алданып бұған адамзат
Азғырылып шатарсың... —

деп бастап, нәпсіні құйқылжыған құладың күсқа тенеп, “Құла-
дын міне, з қу нәпсі” деп нәпсінің адамды қалай алдап, адас-
тыратынын, дүниенің опасыздығын сипаттап, ұзақ жырлап
келіп, Құдай жолында болуға шақырады:

...Ғапылатпен күн өтті-ау,
Қапыда жалған қармаусыз.
Аятпен Алла аңдатқан,
Хәдиспен нәби барлатқан,
Хакты бір деп білгенге,
Қазына жоқ арнауусыз, —

дейді.

Дүниенің опасыздығын айта отырып, дүниеден түңіліп,
без демейді. Қайта, адам өмірде нендей ғамал істеу керек,
адамның адамшылық қасиеті қандай болу керектігін атап ай-
тып береді:

Адалдықты аттама,
Атша басып шідерсіз.
...Желікпе болма жігерсіз.

Ерлерше еммат қылындар.
Наданша жүрмей өнерсіз.
...Әдепсіз болма, адамзат,
Ауыздыксыз, ерінсіз.
Белгілі ердің баласы,
Бедерсіз болма білімсіз.
...Атаң жақсы болған соң,
Болғаның жаман өнерсіз, —

деп, адамның қасиеті: адалдық, жігерлі болу, өнерлі болу, білімді болу және әдепті болу екенін айқындап айтады.

Әріптің жеке адамдарға арнап жазған көп өлеңі бар. Солардың ішіндегі екі-үш өлеңіне тоқталамыз. Олар: “Шұғыбанға”, “Базаралыға” және “Сараға” дейтін өлеңдері.

Шұғыбан бала күнінде Әріптен сабақ алған шәкірттерінің бірі. Әріптің жақын туысканы Қаумет деген кісінің баласы. Оқуға ынталы, талапты шәкіртін Әріп жақсы көріп, оның тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, қамқорлық жасап, өз үйінде жатқызып оқытқан.

Бірде үйіне барып келуге кеткен Шұғыбан, біраз уақыт кешігіп, оқуға мезгілінде келмей қалғанда, Әріп өлеңмен хат жібереді.

Сол өлең-хаты:

Шұғыбан, мұнша неге жаттың жайға,
Сабақты сатқаның ба ет пен шайға.
Зинһар, жаным, кешікпей тез қайта көр,
Кейінгі оздырарсың келген тайға,

Ғылым білсең ашылар кеуде көзің,
Кешіктірген өлеме Күйсіз¹ сөзің.
Мен айттым да құтылдым қарызымнан,
Әттеген-ай. деп жүрме бірақ өзің.

“Күннен де, деген сөз бар, ғылым жарық”,
Жас күнде қалған жақсы білім алып.
Ұлғайған соң түспей қап уысына,
Өкініп жүрме, балам, қапы калып,
Талаптан жас күнінде ғылым ізде,
Елірме, еріншектік тілге нанып.

Бұл өлеңнің мән-мағынасы өзінен-өзі түсінікті. Зерделі, зейінді шәкірт ұстазының айтқан әрбір өнегелі сөзін қағып

¹ Күйсіз — Шұғыбанның ишесінің аты.

алып жадына сақтаған. Сабақ үстінде кейбір шәкірттерінің балалық жасап отырған қылықтарын байқап қалған кезде, Әріп қолма-қол өлен айтып жібереді екен. Сондай өлеңдерін құйма құлақ Шұғыбан қағып алып, жаттап, өмір бойы есінде сақтапты.

Сабақ үстінде бір шәкірті, дәптер сыртындағы Лермонтовтың суретін бүлдіріп, көзіне сиямен көзілдірік кигізіп қойғанын көріп қалып:

Лермонтов көкіректі, көзді туған.
Білмеген айырмайды уды судан.
Бетіне данышпанның күйе жағып,
Не түрлі сұмдық шықты-ау бала қудан.

Бояған ақ дидарын қараменен,
Білсе неге ойнайды данаменен.
Жақсыға түрі бөлек ит те үрмейді,
Жынды бірдей емес пе баламенен, —

депті.

Шұғыбанның өзі де, бір күні дәптер сыртындағы Пушкиннің суретінің астына “Шұғыбан Қауметов” деп, өзінің аты-жөнін жазып қойғанын көріп:

Орыстың мосаннифі¹ Пушкин дана,
Одарен природой ғақыл, сана.
Данышпан қатарында атын жазған,
Қата қылған іс екен, Шұғыбан бала.

Тегінде білмек керек әркім өзін,
Майданға айтпак керек білсе созін.
“Шұғыбай Қауметұлы” қылып қойған,
Дананың мөлдіретіп екі көзін, —

деп, өзіне айтылған ұстазының өлеңін де ұмытпай есінде сақтаған.

Алғаш Әріптен сабақ алып, сауатын ашқан. оның тәлім-тәрбиесін көп көріп тағлім алған Шұғыбан, қазақтың саналы, мәдениетті азаматтарының бірі болады. Ол талантты ақын да еді.

Бұл арада Шұғыбанға ерекше көңіл боліп отырғанымыздың себебін айта кетейік.

¹ Мосанниф (арабша) — жазушы деген мағынада — Қ М

Мен Әріп ақынның шығармаларын жинап, зерттеу мәселесімен 1939 жылы шұғылдана бастаған едім. Сол кезде Шұғыбанмен таныстым. Әріп ақынның шығармаларын ең көп білетін адамның бірі де Шұғыбан еді.

Ақынның көптеген өлең, жырларын Шұғыбаннан алдым. Ол екі жыл бойы Әріп өлеңдерін үзбей жіберіп тұрды. Сөйтіп, әсіресе Шұғыбаннан және басқа адамнан келіп түскен ақын шығармалары көлемді бір жинақ дәрежесіне жеткен соң, баспаға әзірлеп, 1941 жылы июнь айының басында, Қазақстан Біріккен мемлекеттік баспасына жібердім. Кейін баспадан хат алдым. Ұзақ жазылған хаттың мазмұнын айтып жатпаймыз. Тек біреу үзінді ғана келтіреміз. “Әріптің жинағын қарап шығып, машинкаға бастыртып дайындадық” дей келіп: “Өзіңізге белгілі мына Отандық соғысқа байланысты біздің планымыз қайта құрылды. Соңғы планға тек қана Отан қорғау туралы көлемі шағын нәрселер ғана кірді. Әріп, Абай, ғашықтар жыры, халық ақындарының шығармалары, Балуан шолақ сияқты көп нәрселер шығып қалды. Қайсыбірі дайын тұрған күйінде тоқтатылды. Сондықтан Әріпті биыл шығара алмаймыз...”

Қаз. Біріккен Мемлекеттік баспасының бас редакторы Б. Кенжебаев.

Көркем әдебиет секторының бастығы Ә. Сәрсенбаев”.

Сөйтіп, Әріп жинағы бұдан 53 жыл бұрын баспаға берілгенін, ақын өлеңдерін жинауға Шұғыбан Қауметовтың зор еңбек сіңіргенін және жинақтың 1941 жылы басылмай қалуының себебін көреміз.

Әріптің “Базаралыға” деген өлеңі Тобықтының жігітек дейтін ұруының басты адамының бірі Базаралыға арналған, Құнанбайдың көп жауласқаны осы жігітек ұруы болғаны және Жігітектің Базаралы бастатқан он жеті адамын Сібір айдақаны, оқырман қауымға, Мұхтар Әуезов жазған Абайдың өмір тарихынан, әсіресе “Абай жолы” романынан мәлім болса керек.

Кейін Базаралы айдаудан қайтып келгенде, Әріп оған амандасуға барғанда осы “Базаралыға” деген өлеңін айтыпты.

Шығып ең амандасып келмес белге,
Оралып, өнеріңмен қайттың елге.
Тілеген ел тілегі жібермейді
Айналып, аққу құстай қондың көлге.

Жасында шепті бұздың жаудан қашпай,
Ер-ақ болып өсіп ең адам баспай.

Балағаз, Базаралы қатар шықтың,
Бірігіп тұлпар аттай тізеңді ашпай,

деп, Базаралыны асыра дәріптеп, мадақтай отырып, оны айдатқан Құнанбай жағын да шенейді:

Ер едің тұлпар кетпес тақымыңнан,
Қатты бұзар, кетіп ең ақылыңнан.
Тірі сынап секілді жұрт қозғалды,
Кім опа көрер дейсің жақынынан.

Әріп — мақтап айтуға да, даттап айтуға да шебер ақын. Бұл өлеңінде Базаралыны асқақтата мақтаса, оның жауының жанына бататын ащы ажуа, улы мысқыл да бар. “Базаралыға” өлеңінің тарихы осындай.

* * *

Әріптің “Сараға” деген көлемді, ұзақ өлеңінің көркемдігіне қоса, әсіресе, әдеби тарихтық мән-мағынасы зор болғандықтан, осы өлеңге ерекше көңіл бөліп арнайы тоқталамыз.

Бұл өлеңге тоқталар алдында, Сараның өмір тарихын, зерттеп жүрген адамның пікірін баяндай кетейік.

Талдықорған облысының азаматы, журналист Тәңірберген Қалилаханов Сара Тастанбекқызы “Өлендер мен айтыстар” атты 1980 жылы басылып шыққан кітаптағы “Ақын Сара” деген мақаласында Сараның мына бір өлеңін келтіреді:

Толғанып терең ойға баттым, ағай,
Бір таңға көз іле алмай жаттым, ағай.
Жайдары жүрегіме от боп тиді,
Әр сөзі сіздің жазған хаттың, ағай.

Сөзім жоқ, жалғыз ауыз қарсы қояр,
Өр сөзің ем секілді-ақ дертті жояр.
Қорғаған бұтағыңмен бәйтерек ең,
Қай жағынан болса да көңлім тояр.

Таба алмас қазақ қызы сіздей аға,
Етегін жел жаққа ұстап болған пана.
Ақ жүрек. адал ниет асыл сөзді
Тең тұтқан ғылым, білім артық баға.

Осы өлең туралы:

“Бұл өлең сол кездегі айтулы ақындардың бірі Әріп

Тәңірбергеновке қайтарған жауап хаты сияқты. Қазақ ССР Ғылым академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорында Әріптің “Сараға” деп аталатын өлеңмен жазылған көлемді хаты бар... Сараға ғашықтығын білдіретін толып жатқан мысалдар бар”, – дейді.

Тәңірберген Қалилаханов мырзаның бұл айтқан пікірін түгелдей мақұлдаймыз.

Әріп Сарамен жай ғана көзтаныс болған адам емес, Сараға шын ғашық болған адам. Екеуінің махаббаты жарасып, көңілдері қосылғанын, ақынның “Сараға” деп әдейі арнап жазған өлеңінен айқын көреміз. Өлең былай басталады:

Жар тұттым әуелден-ақ өзіме арнап,
Нәзік бел, қиғаш қасты, қалам бармақ,
Жігітке ләзім еді іздемегі,
Ол жарға уақып еді күтіп алмақ.
Жаманға, жақсы тұрып, көзін салса,
Жігітке сонан еді көңілі қалмақ.
Сәулем ең ол пиғылдан аман жүрген,
Жоқ болсын шарт бойынша сөзден танбақ,
...Әншейін анау-мынау сүймесіндей,
Жіберген емес едің сөзбен алдап... –

деп, әуелде Сара екеуінің махаббаты жарасып, көңіл күйлері бір жерден шыққанын айтса, өлеңнің келесі шумақтарында мұратына жете алмағанын, сүйген жарына қосыла алмаған арманын айтады:

Талап бар жаралған соң тірі жанда,
Мұратқа кімі жетіп, кімі арманда.
“Базарда бағың сына” дегендейін,
Басымды бұл майданға қылдым пәнда.
Ықылас, ижтиһат пен жиһат етіп,
Шыбын жан шыдай алмас шырын тәнда.
Жеміс ең пісіп тұрған бақшадағы,
Ерік бар ма бұйырмаса біз меһманда...

...Жасымнан ұмытпаған ойда барсың,
Әл-қуат, ақылымды алған жарсың.
Өзіме диуаналық әсер беріп,
Ішіме сөнбейтін от салған жарсың, –

деп, мұң-шерін шертеді.

Сараның сұлулық бейнесін, адамшылық қадір-қасиетін сипаттай отырып, ғашықтық сезім-сырын толғайды.

Акынның “Сараға” деген бұл өлеңін жалпы алғанда, махаббат тақырыбына арналған терең толғау жыры, ғашықтық дастан деуге болады.

Бүкіл Шығыс жұртына әйгілі ғашықтық жырларды, олардың кейіпкерлерін, оның ішінде өзі жазған “Зияда-Шаһмұрат”, “Баһарам” дастандарын, атап-атап сипаттай отырып, өзінің де мұратына жете алмай, ғашықтық қасіретін шеккен шерлі көңілшің күйінішін шертіп тебіренеді, көз алдынан Сараның бейнесі бір сәт те кетпейді.

Ғашықтық мен шығарған мирас емес,
Жүсіп пен Зылихадан үлгі қалған.
Ізденіп Баһрам да Күлөндәмді,
Михнатпен ақырында сүйтіп алған,
Көп жүріп жиһан кезді Сайфулмәлік,
Жамалды Иранбақтан іздеп барған.
Ғашықтық майданында шаһит болып,
Бозжігіт Ануаз үшін қандай болған.
Бұлардың зар тартқаны Ләйлі, Мәжұнын,
Ізденіп ақырында мәнсап қонған.
Зыяда, Хорлы, Ғайын, Фарһат, Шырын —
Бұл күнде хабарым бар сондай жолдан,
Мүштари, Сахарадай жаннан кешіп,
Көзімнен аққан жасқа алдым толған.
Ақыры Қозы Көрпеш-Баяндай боп,
Жүзімнің қызыл нұры бү жол солған.
Беліңе алтын шоғың алты оралған,
Бұл күнде басқа қыз жоқ сіздей болған.
Пәрдәннен ақ жүзінді бір шығарсаң,
Күндік жер мәшһүрленіп нұрға толған...

Ғашықтық туралы Абайдың:

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауыру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе,
Дәмеленсе, өртенер от боп жанып, —

деген сипаттамасында айтылған ғашықтық халді түгелдей Әріп те өз басынан кешкенін, оның “Сараға” деген терең толғау жырынан айқын көреміз.

Толғау жырының мән-мағынасын Ахмет Байтұрсынов кең түсіндіріп, дәл сипаттап берген: “Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқары ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы акын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, за-

рын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші, ішкергі ғаламындағы болған хәлдерді, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, хәлін түсіндіру мақсатымен толғайды. Толғау қысқасынан айтқанда іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тарта-тын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуінде емес, басқалардың да хәлін танып, күйіне салып, толғай алуында”, – дейді (Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары. Алматы. “Жазушы”, 1989, 226-бет).

Әріптің Сараға арнап жазған ғашықтық толғауында Ақан айтқан сипаттаманың бәрі де бар.

Әріп осы толғау өлеңінде Сараның атына арнап, кітап жазып шығарғанын да айтады:

...Көп шер бар көкіректе тарқалмаған,
Тіл байғұс асығыс боп айта алмаған.
Ей, қалқа, естісеңіз ескерерсіз,
Арызым құлағыңа байқалмаған.
...Жасты көз, жылаулы сөз ғаріп едім,
Ғамкін көз әр тарапқа жаутаңдаған.
Шығардым мен кітап қып әзіл үшін,
Сорлымын арманымды тауыса алмаған, –

дейді. Бұл айтып отырған кітабы – “Біржан–Сара айтысы” болады. Әріптің осы шығармасын Сараның өзі де жақсы білген. Олай дейтініміз: белгілі мемлекет қайраткері, мәдениет қайраткері, терең білімді әдебиетші-сыншы Ілияс Омаров марқұм 1959 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 17 тамызында жарияланған “Ақын Сараның әдебиетіміздегі үлесі” деген көлемді мақаласында:

“...Белгілі Біржан мен Сараның айтысын біреу болды деп, біреулер болмады деп пәтуаға келтірмей жүретін. Осындай жағдайдың боларын тегі зерек Сараның өзі де алдын ала білген сияқты. “Қош бол, елім” деген ұзақ өлеңінде Сара:

...Дүниеге келіп кетер әркім қонақ,
Солардың біреуі мен, өмірі шолақ.
Сырықтан қазық жасап ала алмайтын,
Ұқыпсыз болмаушы ма ед кейбір олақ.

Адаммын мен де сондай ұқыбы жоқ,
Тіл бар деп санап жүрген көңіліне ток.
Қағазға жалғыз сөзім түспегенсін,
Ұмытылып қалар Сара құр аңыз боп.

Дәм татқан қадірлі елде тартып бұйрық,
Осы бір он ауыз сөз менен сыйлық.
Хикая кітап жазып бере алмадым,
Әріптей болмаған соң хатқа жүйрік...—

деп болжаған”, — дей келіп, Ілияс Омаров тағы былай деп жазады.

“Біржан—Сара айтысын” кітап кылып шығарған белгілі ақын Әріп Тәңірбергенов (1924 жылы қайтыс болған) өзінің Сараға жазған сүйіспеншілік хатында Сараның көптеген сипатын суреттеп, бейнесін жасайды. Мүмкін махаббат оты ұйтқытып, ақынның артық та кеткен жерлері бар шығар, дегенмен өлеңмен жазылған үлкен хат Сараны көп білетін, оның жай-күйін көбірек аңғаратын, оның басындағы хал-жайды көбірек түсінетін адамның атынан жазылған хатқа ұқсайды. Сондай-ақ бұл хаттан Сараның зеректігін, аңғарғыштығын, ақылдылығын көреміз. Бір мысал:

Сегіз қыр, сексен сырмен шырға тартсаң,
Түсінбес айтқаныңа кейбір жасық.
Өнерсіз жөн білмеген надандарға,
Туып ең нақыш беріп, өрнек ашып.

...Кәмелет өзге жаннан көп санасы.
Әйелдің әулетінде сіз данасы.
Ақылға ишаратпен айтпай түскен
Өткір зейін, пікірдің нышанасы.

Мақаламызда біз өлең мысалдарды көбірек келтіріп отырмыз. Өйткені ақын Сара туралы өлеңсіз пікір айтуға болмайды”... — дейді.

Сөйтіп Ілияс Омаров нақтылы мысалдар келтіре отырып, “Біржан—Сара айтысын” жазған адам Әріп ақын екендігін дәлелдеп берген.

Ілияс Омаровтан әлдеқайда көп уақыт бұрын “Біржан—Сара айтысын” Әріп жазғанын және бұл айтысты оның жазуына себеп болған Абайдың Әріпті қатты сынап жазған өлеңі екенін, Абайдың баласы Турағұл мен Мұхтар Әуезовтің дәлелдеп жазғандарын осы мақаламыздың бас жағында толық баяндап бергенбіз.

Сөйтіп “Біржан—Сара айтысы” Абайдың 1889 жылғы “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” деген өлеңінен кейін, яғни 1890 жылдары жазылған болады. Сол уақыттан бастап, “Біржан—Сара айтысы” Әріптің қолжазбасынан көшіріліп, жатталып, ел арасына кең таралып кетеді. Айтысты жазып шығарған адам Әріп ақын екендігіне ешкім де шәк келтірмеген.

Абайдың немере інісі Архам Кәкітайұлы Ысқақов (1885–1963) 1940 жылы Семейдің “Екпінді” газетінің 17 желтоқсан күнгі 291-санында жарияланған естелік әңгімесінде:

“...Бұл “Біржан–Сара айтысы” ерте кезде шыққан еді, Абайдың да тірі кезі еді, бұл айтысты Әріп шығарғаны анық дескен болатын”, – дейді.

Біржан мен Сара айтысқан деп өтірік айтып, өлең жазып, Абайға тіл тигіздің деп, қатты намыстанған Тобықтының Қуанышбай деген ақыны Әріпті мейлінше шенеп, барынша даттап ұзақ өлең шығарған. Сол өлеңінен үзінді келтірейік:

Әріпке сәлем айттым үш қайтара,
Айтысты деп оттапсың, Біржан, Сара.
Басында байлауың жоқ бір ант едің,
Сайтан болып кетерсің бара-бара.

...Бұл Әріп оқимын деп шайнап еді,
Семейді неше жылдай жайлап еді.
Бұзықтық осы антұрған мінезінен,
Көтіне дүре соғып айдап еді.

...Сөзімді көп айтпаймын саған қимай.
Орынсыз өтірік айттың аузың тимай.
Мың-мыңнан ауыл басы жылқы өреді,
Малы жүр Күнекемнің жерге симай... –

деп, өз елін мақтап, Әріптің өзін де, елін де жамандап, жер-жебіріне жетеді. Құнанбайды, Абайды мадақтай келіп:

Соларға тіл тигіздің сайтан, доңыз,
Жарайды бақсы болып, алсаң қобыз... –

деп, Әріпті қатты балағаттайды.

Әріп те оған есесін жібермейді. Өлеңіне өлеңмен жауап жазып:

Елімсің естімеген Сақ, Тоғалақ,
Салам ба сөз деп құлақ, ит сұғанақ,
Мен дадаң Қуанышбай депсің өзің,
Кім едің сен албасты доп-домалақ.

...Арғынға сенен көрі өзім жуық,
Қысқартам адымыңды сөзбен буып.
Далада жанған оттай бос шалқымай,
Әуелі Арғын болшы анық туып.

...Найманда Ергенекті сенің теңің,
Бар еді деп айтпаймын одан кемің.
Үш жылда бір жақсыңды дүрелейсің,
Болғанда аузында өсек, ұрлық-жемің, —

деп елінің жаман мінез-құлықтарын әшкерелейді.

Қуанышбайдың “Біржан—Сара айтысында” Абайға тіл тигіздің дегеніне, ондай-ондай тиген тілге Абайдай адамның ешбір мұқалмайтынын, Әріп былай сипаттайды:

Абайды ұнасады мақтағанға,
Болат кой екі дүзді сақтағанға.
Алтынға дым тигенмен қараймайды
Жұдырық хан артынан боктағанға...

Енді атакты ақынымыз Ілияс Жансүгіровтің сөзін келтірейік. 1933 жылы басылған, Абайдың толық жинағында жарияланған кең көлемді мақаласында Ілияс былай деп жазады:

“Абайдың нән атадан екендігіне жұртқа таныс сөздер де көп. мәселен: Біржан салдың — Сараның айтысын өлең қылатын Найманның Әріп тілмашы Сараға Құнанбай ауылын жамандатады. Сонда:

Антұрған аты күрсын Абай деген,
Жылатқан мұсылманды талай неген.
Абайың жұрттан асқан жақсы болса,
Қасқырдай өз күшігін қалай жеген? —

деп Найманның Сарасы Абайды іле кетеді.

Әріптің Біржан сал мен Сараның айтысын сырттан жазып, жанынан өлең шығарғанына қарсы Тобықтының Қуанышбай ақыны айтыпты дейтін өлеңде мынадай сөздер бар...” деп жоғарыда біз атап өткен Қуанышбайдың өлеңін түгелдей келтіреді.

Сөйтіп, “Біржан — Сара айтысын” жазған Әріп ақын екенін, Ілияс Жансүгіровтің де жақсы білгенін көреміз.

1936 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінің 11 қыркүйектегі 210-санында жарияланған “Әріп ақын” атты мақалада: “...Әріп, Көкбай — бәрі де Абай тұстас, Абай тұсында болған ақындар. Бұл екеуі де Абайды өзінің мұғалімі есебінде есептеп, Абайдан тәлім-тәрбие алуға иджидһад еткен.

Бірақ Көкбай Абайдың өз елінен шыққан туысканы. Ал, Әріпті алатын болсақ, Тобықтымен үзенгі жау, ежелден

күндес, басқа ұрудан шыққан. Сондықтан ұру намысы, бақ таласы арасын алшақтатып, өлеңін Абайға қарсы жұмсаған да жері болған.

“Біржан – Сарадағы”:

Антұрған аты құрсын Абай деген,
Жылатты мұсылманды талай неген.
Болғанда қасиетті жақсы кісі,
Қасқырдай өз күшігін қалай жеген, –

дейтіні де осының салдары”, – дейді.

Сөйтіп “Біржан – Сара айтысын” жазған Әріп ақын екендігіне, айтыс елге кең тарай бастаған 1890 жылдан бері ешбір адам ешқандай күдік туғызбағанын көреміз.

Енді қырық тоғыз жылдан кейін, 1939 жылдан бері, “Біржан–Сара айтысын” Әріп жазбаған деген жалған пікір айтыла бастады.

Бұл мәселеге тоқталар алдында, Біржан, Сара және “Біржан – Сара айтысы” туралы Қазақ Совет энциклопедиясында берілген ең соңғы мағлұматтарға көз жіберіп алу керек болады. Энциклопедияның екінші томындағы (553–554-бет) “Біржан Қожағұлұлы” деген мақалада, Біржан 1834 жылы туған, 1897 жылы өлген деп көрсетілген.

“Біржан – Сара айтысы” деген мақалада (555-бет):

“Біржан мен Сараның 1871 жылы қазіргі Талдықорған облысының Қапал Ақсу өңірінде кездескендігі айтылады. Түрлі деректерге қарағанда айтыстың сөзін Сараның айтуымен Жүсіпбек Қожа Шайхсламұлы жазып алып, 1872 жылы баспаға дайындайды. Ол 1898 ж. тұңғыш Қазанда басылып шығады”, – деген.

Энциклопедияның оныншы томында (28–29-бет) Сара Тастанбекқызына арналған мақалада Сара 1878 жылы туып, 1916 жылы 38 жасында қайтыс болған деп жазылған. Сонда 1878 жылы туған Сара Біржанмен 1871 жылы айтысты дегеніміз қалай болады?!

Сараның нақтылы туған жылы және өлген жылы осы күнге дейін анықталған жоқ. 1878 жылы туған делініп, 1978 жылы Сараның туғанына 100 жыл толуына арналған мереке өткізілді. Ол туралы “Социалистік Қазақстан” газетінде де жарияланды (1978, 2-тамыз).

1989 жылы шыққан “Қазақ ССР. 4-том қысқаша энциклопедияның” 515-бетіндегі “Сара Тастанбекқызы” деген мақалада, Сара 1853 жылы туған, 1907 жылы өлген деп көрсетілген.

1978 жылы Сараның туғанына 100 жыл толуына арналған мереке өткізілген болса, енді 14 жылдан кейін, 1992 жылы Сараның туғанына 125 жыл толуына арналған тағы бір үлкен мереке өткізілді. Бұған қарағанда, Сара 1878 жылы да емес, 1853 жылы да емес, 1867 жылы туған болып шығады.

Енді “Біржан – Сара айтысын” Әріп жазбаған деген мәселеге келейік.

1939 жылы “Әдебиет майданы” журналының бірінші санында жарияланған “Айтыс және ақын” атты мақаласында Сәбит Мұқанов:

“Біржан мен Сара айтысы” деген өлеңді Найман Әріп шығарыпты деген сөз бар. Сараға Біржан 37 жасында жолыққан, бұл 1862 жылы Сараны Біржанның іздеп барып жолығуы. Айтысуы болған оқиға, оған сол кезде Біржанның атқосшысы болып барған, айтысты көзімен көрген Біржанның ағасы Нұржанның баласының сөзі куә. Ол бала қазір қартайған шал”, – дейді.

Сара 1862 жылдан 16 жыл кейін, яғни 1878 жылы туған болса, Біржанмен 1862 жылы айтысқан деуіміз қалай болады.

1942 жылы шыққан “Айтыс” (1 том) кітабындағы “Ақын және айтыс” деген мақаласында Сәбит Мұқанов: “Бізге шамалы түрде мәлім ақындар да жоқ емес, мәселен, атақты Біржан сал, ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілер ауданында (Көкшетауда) Степняк алтын заводының қасында 1825 жылы туған, 1887 жылы өлген. Туған елінде Біржанның ақындығынан әншілігі көбірек мәлім”, – дейді (22-бет).

Осы мәліметті негізгі дерек етіп, 1939 жылы шыққан “Халық поэмалары” кітабында жарияланған “Біржан мен Сара” атты мақаласында Х. Жұмалиев те Біржанның туған, өлген уақытын 1825–1887 жылдар деп жазған. “Қазақ ССР тарихы” кітабында да Біржанның туған, өлген уақыты 1825–1887 жылдар деп көрсетілген (1 том, 1957 ж. 631-бет).

Біржанның өмірбаянын одан әрі зерттеп келіп, 1964 жылы шыққан “Айтыс” 1 том кітабында басылған, “Айтыстар туралы” атты мақаласында, Сәбит Мұқанов: “Өлер алдында шығарған Біржанның бірнеше ауыз өлеңі Теміртас, Асыл, Ақық деген балаларының аттарымен басталады.

– Теміртас – ұлы. Теміртас Біржан өлгенде үш жаста. Біржан өлеңінде Теміртасты 55-ке келгенде көрген қалқам дейді. Біржан 58 жасында 1891 жылы дүниесін салған. Біржан 1891 жылы 58 жаста болғанда, сонда 1833 жылы туған болады. Ең анығы осы. Біржан 1825 жылы туып, 1887 жылы өлді деген мәлімет те, 1834 жылы туып, 1897 жылы өлді деген мәлімет те шындықтан алыс” (17-бет), – деген қорытындыға келеді. Мақаланың соңында: “1942 жыл” деген (жазылған уақыты. – Қ. М.).

Ахмет Жұбанов 1942 жылы басылған “Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы” атты кітабында Біржан 1831 жылы туып, 1894 жылы өлген деп көрсетіп: “...Алпысқа жасы жеткенде, байлауда, екі қолын арқан кесіп, үш жыл жатып. 1894 жылы 63 жасында...” қайтыс болды” (112-бет) – дейді. Және “Замана бұлбұлдары” (1963) кітабында да солай жазған. Есмағамбет Исмаилов “Ақындар” атты кітабында (1957 ж. орыс тіліндегісі) Біржан 1832 жылы туып, 1895 жылы өлген деп көрсеткен.

Ал енді, энциклопедияда Біржанды 1834 жылы туып, 1897 жылы өлді дейтін дерек қайдан алынған?

1961 жылы шыққан “Қазақ әдебиетінің тарихының” 2-том, бірінші кітабында Біржанның туған жылы – 1834, өлген жылы – 1897 деп жазылған (мақаланың авторы – Ф. Әбетов). Сонда, Біржанды 1834 жылы туды дегенде, қандай дерекке сүйенген? Сәбит Мұқановтың Біржан 37 жасында Сарамен кездескен деген мағлұматын алған да, екеуінің айтысты дейтін уақытын 1871 жылға сәйкес келтіруді көздеп, Біржан 1834 жылы туды (1834+37=1871) деген қорытынды жасаған. Бұл арада Сараның 1871 жылы әлі дүниеге келмегені ескерілмеген. Ал, Біржанның өлген жылын – 1897 жыл деп көрсетуі, А. Жұбановтың Біржан 63 жасында өлді деген мәліметіне сүйенген болуы керек.

Бұл жөнінде тағы бір мағлұматты еске ала кету керек. Е. Байболов деген жолдас, “Қазақ әдебиеті” газетінің 1957 жылғы 2(106)-санында жарияланған, “Біржан ел аузында” деген мақаласында: “...1928 жылдың жаз айы еді. Қасымда әнші Әтелбайұлы Хамит бар – екеуіміз Біржанның баласы Теміртасты іздеп, Ақкөл деген жерде – жайлауда отырған Қожағұлдың ауылына келдік... әдейілеп келген мақсатым әншінің өмірі жайында мәлімет жиып, Біржан ұрпақтарының ақиқат әңгімесін дәл осы айтылған күйінде хатқа түсіріп алу еді. Теміртастың сөзін айнытпай қойын дәптеріме жазып алдым”, – дейді. Одан әрі Теміртастың өз сөзін келтіреді. Теміртас Біржанның үшінші атасы Бертістен бастап, Бертістің бес баласының бірі – Қожақұл, Қожақұлдың үш баласының бірі – Тұрлыбай екенін, Тұрлыбайдан Біржан туғанын және жас бала күнінен Қожақұлдың тәрбиесінде болғандықтан Қожақұлдың баласымын деп кеткенін айтады. Теміртас әкесінің туған, өлген уақыты туралы былай депті:

– “Біржан өлгенде, шешеміздің қолында үш бала қалды. Қыздары – Асыл, Ақық, ұлы – мен. Біржан алпыс үштен алпыс төртке қараған жасында дүние салды. Ол қайтқанда, мен тоғыз жасар бала едім... Ал өзім биыл дәл отыз тоғыз жастамын...” Осы Е. Байболовтың мағлұматы сенімді

дейтін болсақ, Теміртас 1928 жылы 39 жаста екен. Олай болса, Теміртас 1889 жылы туған, ол туғанда әкесі елу бесте, яғни Біржан 1834 жылы туған. 63 жасында дүниеден қайтса, Біржан 1897 жылы өлген болады.

Сөйтіп, Біржан 1834 жылы туып, 1897 жылы өлген деп энциклопедияда жазылған, ең соңғы қорытынды сияқты мағлұмат, “Қазақ әдебиетінің тарихы” кітабынан алынған болады. Біржанның туған, өлген жылы туралы энциклопедияда көрсетілген мағлұматқа, Сәбит Мұқановтың Біржан 1833 жылы туып, 1891 жылы өлген – “Ең анығы осы” деп атап қорытқан мәліметі және Ахмет Жұбановтың Біржан 1831 жылы туып, 1894 жылы өлген дейтін мәліметі қайшы келіп тұрғанын көреміз. Сонда Біржан Сарамен айтысқан уақытта –37 жаста еді деген дерекке сүйенгеннің өзінде де тарихи шындыққа жанаспайды. Біржан 1834 жылы туды десек, Сарамен айтысқан уақыты – 1871 жыл болып шығады, 1833 жылы туды десек –1870 жыл, ал 1831 жылы туды десек 1868 жылы айтысқан болып шығады. Ол жылдары Сараның дүниеге де келмегені, оның 1878 жылы туғаны жоғарыда айтылды.

Ал, 1898 жылы тұңғыш рет басылып шыққан “Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны” атты кітапта: “Сол кезде 17-де ақын Сара, жел сөзге адам болмас одан епті”, – деп, Біржанды айтқанда: “Мың жарым жылқысы бар әкесінің уақыты екен 38 жасқа келер” – деп жазылған (2-бет). Осы кітаптағы мағлұматқа сүйеніп, Біржанмен айтысқан кезде Сара 17 жаста десек, айтысқан уақыттары 1895 жыл болып шығады. Ал, С. Мұқановтың мәліметі бойынша Біржан одан 4 жыл бұрын (1891), А. Жұбановтың мәліметі бойынша бір жыл бұрын (1894) өліп қалған.

Энциклопедиядағы мәлімет бойынша, Біржан 1897 жылы өлген болса, 17 жастағы Сарамен айтысқанда, ол 61 жаста болады. Ал, А. Жұбановтың мағлұматында: Біржан 60 жасқа жеткенде, байлауда, екі қолын арқан кесіп, үш жыл жатып, 63 жасында қайтыс болды” дегенін жоғарыда айттық. А. Жұбановтың бұл мәліметінің шындығын Біржанның өз сөзі де дәлелдейді:

Саясы кем болады қу қайыңның,
Жігітке керегі не уайымның.
Келгенде 60 жасқа қонды қонақ,
Білмеймін не қыларын құдайымның, –

дейді Біржан. Біржанның баласы Теміртас әкесі науқастанып жатқан кезінде Түнлікбай деген құрдасы келгенде айтқан:

Салғаным ағаш үйде әдемі пеш,
Бір құдай ғапу етіп, күнәмді кеш.
Бірде сау, бірде ауру Біржан ғаріп,
Құрдасым, аяқтағы арқанды шеш, —

деген өленін келтіре отырып, былай дейді:

“Әкеміз құрдасына жалынып, өтініп еді, бірақ шешем рұқсат етпеді. Шешеміз “Біржан жынданды” дегенге әбден иланып қалған еді” (“Қазақ әдебиеті”, 1957, ¹ 2,106).

Және науқастанып жатқан Біржанның балаларына:

Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Қинауға салады екен адамзатты.
Үкідей желпіндірген, қарақтарым,
Шешсеңші, білегіме арқан батты, —

дейтін өлені бүкіл елге әйгілі.

Біржан туралы осы келтірілген бір-біріне қарама-қарсы қайшы келіп жатқан мағлұматтардың ішіндегі шындыққа ең жақын келетіні: Біржанның 1834 жылы туып, 1894 жылы 60 жасында шалықтанып науқастанып, үш жыл жатып, 1897 жылы 63 жасында дүниеден қайтты деген мағлұмат дұрыс деп білеміз.

Сондықтан Біржан Сарамен 1895 жылы айтысты деп қорытынды жасау шындыққа жатпайды. 1894 жылы ауыр дертке ұшырап, науқастанып жатып қалған Біржан, 1895 жылы Сарамен айтысқан деген пікір — ешқандай ақылға қонбайтын, ешбір дәлелсіз айтылған бос сөз болады.

Бұл арада Әріпті көрген адамдардың естеліктерінің ішінен бір ғана адамның Қазақстан өнеріне еңбегі сінген қайраткер, атакты халық ақыны Нұрлыбек Баймұратовтың естелігін келтірейік: “Біржан—Сара айтысын” жазған Әріп ақын жөнінде мен өзімнің есімде қалған, мына төмендегілерді айтқым келеді:

Мен 1922 жылы Семей қаласы, Потанин көшесіндегі 21-үйде тұрдым. Абайдың ұлы Тураштың (Турағұл) тұрған үйі бізге жақын болатын. Бір күні Тураш:

— Біздікіне Әріп, Көкбай, тағы басқа адамдар келіп отыр, сені солармен таныстырайын, — деп, мені үйіне ертіп барды.

Бұл кезде Әріптің алпысқа келіп қалған шағы. Көкбай екеуі қара сөзбен қағысып, қалжыңдасып отырды. Қонақтардың ішінде, мен білетін, Қаныштың ағасы, Әбікей Сәтбаев та бар еді. Біраздан кейін, жиналған адамдарға, Әрі бірнеше ауыз өлең айтты... Отырған жұртқа оның өлеңінің сонша ұнағаны менің есімнен әлі кеткен жоқ. Өлең айтылып болған соң, Әбікей Әріпке қарап:

– Осы “Біржан–Сараны” сіз шығардыңыз ба? – деп сұрады. Әріп біраз үндемей отырды да:

– Иә, бұл айтысты бірер себеппен мен жазып едім. Бұл сөзде қанша кінәнің бар екенін өзім де білмеймін, әйтеуір Біржан–Сараның айтысы деп жаздым, – деді ақын Әріп.

Әріптің: “Бұл сөзде қанша кінә бар екенін білмеймін” деуі поэманың ішінде Абайды жамандағанын айтқаны болу керек.

...Міне, “Біржан–Сара айтысын” шығарған Әріп екеніне, менің бұл есімде қалған, ақынның өз аузынан естіген сөздерім дәлел бола алатын шығар. Ал “Біржан–Сара айтысының” анық авторы Әріп екеніне ешкімнің таласы болмас деп ойлаймын (“Екпінді” газеті, 1941 жыл, қаңтар).

Енді бір ескермей кетуге болмайтын, “Біржан–Сара айтысы” жайында естіп, білгенін, асырмай да жасырмай, дәл жазған, қазір 88 жасқа келіп отырған, қарт ақын, белгілі журналист Сәду (Сәдуақас) Машақовтың үлкен естелік әңгімесінен үзінді келтіреміз.

Сәду Ілияс Жансүгіровпен 1930 жылы танысып, жақсы қарым-қатынаста болғанын Ілияс Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы болып тұрғанда, 1932–33 жылдары Жазушылар одағының Семей облысындағы өкілі болғанын айта келіп:

“Енді Ілияспен үнемі байланыс жасап тұратын болдық.

Ілияс 1932 жылы Семейге келгенде маған ескі емлемен жазылған бір өлең беріп, соны жаңа емлемен көшіріп беруді сұрады.

Бұл өлеңді Қуанышбай деген адам жазған.

Өлең бастан-аяқ Әріп Тәңірбергенұлына арналған. Қуанышбай Біржан мен Сараның айтысын өтірікке шығарып, мұны жазған Әріп деп біледі. Әріпті жерден алып, жерге салып, қатты сөгеді. Құнанбайды, Абайды мақтайды. Әсіресе, Құнанбай ауылының байлығын, дәулетін дәріптейді.

Ілияс Абайдың 1933 жылы басылған өлеңдер жинағына жазған алғысөзінде Қуанышбайдың өлеңінен мысал келтіріп, Құнанбайдың байлығын дәлелдеу үшін: “Малы жүр Қүнекемнің жерге симай” деген өлең жолдарын пайдаланған.

“Біржан–Сара айтысын” Ілияс көптен бері зерттеп жүргенін байқадым. Ол бірнеше мақаласында осы айтысқа байланысты Әріп Тәңірбергенұлының атын атап өткен. “Біржан–Сара айтысы” бір-ақ адамның еңбегі екенін, ал оны жазған Әріп дегенді мойындайтын еді.

Ілияс... Сараны жүзбе-жүз көргенін де айтып еді:

– Жасы елудің ішіндегі, ат жақты, биік қабақ, денелі, сары кісі екен. Біраз әңгімелесіп танысқаннан кейін мен Сарадан сұрадым:

– Сенің Біржанмен айтысқаның рас па? – дедім. Сара күлді де:

– Оны шығарып жүрген Әріп қу ғой, – деді.

Мен 1970 жылы командировкамен Талдықорған облысына бардым. Менімен бірге Ғали Орманов, Мұқағали Мақатаев барған болатын.

Бір күні Ғали:

– Анау тұрған Сараның қыстауы, соның аржағында, біз баратын колхоз, – деді.

– Біржан салмен Сараның айтысқаны рас па? – деп сұрап едім.

– Айтысқаны өтірік, бос сөз деп, Ғали қолын бір-ақ сілтеді. Әрине, Ғали Орманов Ілиясқа қарағанда, жасы жағынан көп кіші, көргені одан аз болса да, Сараның жерлесі, ол жайында айқын деректерді білетіні сөзсіз.

...Біржан мен Сараның айтысын Әріп жазғандығын, белгілі халық акындары: Қуат Терібаев (Талдықорған облысы), Сапарғали Әлімбетов (Семей облысы) талай рет әңгімелеген еді. Бұл екі акын да “Біржан–Сараны” жатқа айтады.

...1936 жылы Жамбылдың мерекесін тойлауға Алматыға келген едік. Әр облыстан халық акындары жиналды. Қаланың іргесіндегі Жазушылар одағының демалыс үйіне келдік.

Мәжіліс басталғанша төбенің басында отырған жұрттың арасында: Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, тағы басқа жазушылар, әртістер бар еді. Мұхтар маған қарап:

– Сәдуақас, мына кісілермен сөйлестіндер ме, қандай өнерлері бар екен? – деді.

– Кенен ақсақал өлең де, ән де шығарады екен. Ал, Қуат акын Терібаев “Біржан–Сара айтысын” жатқа айтатын көрінеді деп едім, екі-үш адам Мұхтарға қарап, жарыса сөйлеп:

– Мұқа, соны айтқызыңызшы! – деп өтінді.

Қуат акын сол жерде, домбырасыз, “Біржан сал мен Сараның айтысын” шұбырта жөнелді. Отырған жұрт құмарта тыңдады...

– Япырай, мұндай күшті, мағыналы айтыс бола қоймас. Орыс тіліне аударар ма еді. Бірақ мұны дәл өзіндей мағынада ешкім жеткізе алмас, – деді Мұхтар.

Отырғандардың біреуі:

– Осы айтыстың болғаны рас па екен? – деп еді, Ілияс отырып:

– Айтыс акындары қолма-қол суырыпсалып айтады. Ал,

бірден мұндай мазмұнды, көркем өлең шықпайды. Бұл, көп ойланып, толғанып жазған, бір акынның ғана өлеңі болу керек, — деді.

“...Сол жерде жиналған адамның арасынан. бұл пікірге қарсы бір жан тіл қатпады”, — дейді, Сәдуа Машақов¹.

“Біржан—Сара айтысын” байыптап, зер салып оқыған әрбір адамның бұл шығарма бір акынның ғана қаламынан туған өлең екеніне әбден көзі жетеді.

Мен 1940 жылдың аяқ кезінде, Абай музейінің жұмысымен және Әріп акынның шығармалар жинағын шығару мәселесімен Алматыға келіп, астанада бірталай уақыт болған едім.

“Біржан — Сара айтысы” туралы пікірі қандай екен, не айтар екен, Сараның жерлесі ғой деп. Ғали Ормановпен сөйлесуді ұйғардым. Біраз әңгімелесе келіп:

— Ғалеке, сіз білесіз ғой. Сара Біржанмен қай кезде айтысқан? — деп едім, Ғали жұлып алғандай:

— Сара Біржанмен айтысқан емес, айтысты деген бекер, бос сөз. Оларды айтыстырып жүрген Әріп акын ғой. Оны Жамбыл да біледі екен, әңгімесінің арасында айтып та отырады, — деді. Ол кезде Ғали Жамбылдың хатшысы болатын. Ғали солай деген соң, Әріптің жинағын бастыруға даярлап жүргенімді айтып, Жамбылдың білетінін жазып беруді өтініп, Ғалиға жабыстым. Ол қарсы болған жоқ:

— Осы бір-екі күнде Жамбылға барып қайтайын деп отырмын. Барған соң сөз қозғап көремін. Көңілі түссе бәрін айтады. Айтқанын жазып алармын, — деп Ғали ағамыз уәде берді.

Содан он шақты күн өткеннен соң Ғалиға жолықтым. Жамбылдың аузынан жазып алған әңгімесін маған берді. Ғалидың жазбасын өзгертпей, сәл қысқартып келтіреміз:

— “Жамбылдың Әріп акын туралы естелігінен... Онда той-жиыннан қаламыз ба, шақырсын, шақырмасын барамыз да тұрамыз ғой. Сонда менің қырық бес — қырық алты шамасындағы кезім шығар деймін”.

...Бұл, Жамбыл қарттың ұзақ әңгімелерінің бір ұрымтал жерінен ғана алынған үзінді. Әңгіме Әріп Тәңірбергенов акын туралы еді.

— Осы Ұзынағашта үлкен топ болады дегенге мен де бардым... Алматыдан да жігіттер келіпті... Солар жатқан үйге бардым. Беделді-беделді жігіттер екен... Танысып, аты-жөнімізді сұрасты.

— Жамбыл акын деген құрбыларыңыз осы болады, біраз сөзін тындаңыздар, — деп, Сарыбай² самбырлап қоя берді.

¹ Сәдуа Машақовтың бұл естелігі 1940 жылы жазылған, қолжазбасы сақтаулы — ҚМ

² Сарыбай — Екейдің бір басты адамы болған — F O

Жұрт қолқалаған соң, азырақ өлең айттым. ...Отырғандардың ішінде бір қызыл шырайлы сары жігіт менің сөзімді ден қойып тыңдап отырған тәрізденді...

Аң-дан басылған соң, жігіттер өлеңді аңыз қылысты. Біреулері Біржан мен Сараның айтысын сөз қылды, бірер ауызын жатқа да айтысты. “Осы өлеңді шығарған Әріп ақын мынау болады” деп таныстырды Сейіт деген жігіт... Өлгі қызыл шарайлы сары жігіт – Әріп екен. Алматыда қызмет істейді екен өзі. Сөз әлпегіне қарағанда, бұл да бір кесек ақын-ау деген ойға келдім. Таныса жүрейік деген соң, сол топта, өзім мініп жүрген жақсы ерімді бердім оған. Бұдан кейін де жолығып жүрдік. Өзі, көбінесе, өлеңін жазып айтатын ақын екен. “Біржан – Сара айтысының” кейбір жерлерін жатқа да айтып беріп жүрді. Өзі тұтқиылдан сөзге де тапқыр жігіт екен... Бірақ бертінде жүрісіміз шалғайлаңқырап кетті... Сөз төркіні терең ақын еді өзінің.

*Жамбылдың аузынан жазып алған
секретары: Орманов Ғали
Жамбыл колхозы 8/1–1941 жыл”*

Мұхтар Әуезовтің: “Біржан–Сараның айтысын Әріп шығарған” (Абай. Толық жинақ, 1933 жыл, 383-бет) деп дәлелдеп жазған пікірін жоғарыда келтірдік. Көп жылдар өткеннен кейін Мұқан сол алғашқы жазған дұрыс пікірін өзгертіп: “Біржан мен Сараның айтысы болған жоқ, болса сақталмай қалып қойған. Бұл айтысты шығарушы Әріп ақын деген де пікірлер бар. Бұл қате пікір. Анығында Біржан–Сараның айтысы болған. Бірақ дәл қалпында, толық күйінде, алғашқы айтысқан жерден қалпымен түгел сақталған жоқ. Кейін көпшілікке өз редакциясымен айтып беруші Сара болған... Ал, кейін сол Сараның айтқаны да көпке шейін ауызда жүреді... Хатқа түскенше бұл айтыс көп өзгерістер көреді. Осындай айтушының және ең алғаш хатқа түсірушінің бірі Әріп болады. Әріп өзі ақын және қазақша, орысша оқыған адам. Ақындығы, шешендігі, тапқыр тілділігі бар ірі ақынның бірі. Сол Әріптің Біржан – Сара айтысына, кейінгі айтушының бірі дәрежесінде ат салысқаны анық. Бірақ бар айтыс Біржан – Саранікі емес, жалғыз ғана Әріптікі деген теріс. Осы айтысты ең алғаш хатқа түсіруші де Әріп. Революциядан бұрын баспаға беруші, сол Әріп хатқа түсірген Біржан–Сара айтысын бұлжыпастан, өзгертпестен береді”, – дейді Мұхтар Әуезов (“Қазақ әдебиетінің тарихы”, 1-том, Фольклор. Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы. Алматы, 1948 жыл, 251–252-бет).

Мұқанның бұл пікірін түгелдей құптау қиын мәселе.

Енді бір адамның пікірін келтіруге тура келеді.

Мұхтар Әуезовтің “Әр жылдар ойлары” (ҚМКӘБ. Алматы, 1959 ж.) кітабы туралы жазған “Көп толғантқан ойлар” (1959) атты сын мақаласында Тахауи Ахтанов былай дейді: “Кітаптағы аса қызықты, ірі еңбек “айтыс” туралы. Қазақ ауыз әдебиетінің осы бір ерекше қызғылықты жанрын автор ғылыми үлкен эрудициямен жан-жақты талдап, толық тексереді.

Бұл өрелі ірі еңбекті сүйсіне бағалай отырып, айта кеткіміз келген кейбір жеке пікірлер бар. Автор осы кезге дейін даулы боп келген Біржан мен Сараның айтысына баса тоқталады. Бұл айтыстың шығуы жөнінде өз пікірін, аралық сөзін айтады. Қиғаш екі пікір болатын – бірі Біржан – Сара айтысы тек сол екі автордың ғана сөзі, өзге ешкімнің қатысы жоқ дегенге тірелсе, екіншілері ондай айтыс болмаған, мұны шығарған Әріп ақын десетін. Ал, Мұқаң бұл айтыс болған, оны Әріп жазып алып, редакция енгізген деген пікірге келеді және бұл айтыстың негізгі салмағын Біржан мен Сараға аударады. Әріпті редакторлық дәрежесіне жақындатады.

Қарапайым көзге көрініп тұрған бір жәйтті айта кеткіміз келеді. Бірінші – бұл айтысты өлеңдік жағынан тексергенде – ол ауыз әдебиеті емес, жазба ақынның шығармасына аса жуық. Мұнда суырыпсалма ақындар айтысында шартты түрде жүретін көп қайталаған сөз нақыштары, мөтелдер жоқ, қанша жүйрік болса да амалсыздан туатын буын асып кету, ұйқас шалалығы байқалмайды. Екінші аса қатты ескеретін нәрсе: Сара мен Біржан сөздері стильдік жағынан, образ, бейне, тенеу, ритмика жағынан соншалықты ұқсас, – екеуінің сөзін екі ақын айтты деу мүмкін емес. Және де Қазақстанның екі шалғайында туып-өскен, бірі еркек, бірі әйел, екі ақынның бүкіл поэтикалық жүйесі соншалық ұқсас болды деуге сену қиын.

Ал, Біржан мен Сара айтысы аталатын көркем шығарма жайына келсек, бұған кім де болса бір талантты ақынның мықтап араласқаны және соның авторлығы шығарманың өзінен көрініп тұр.

Соңғы кездерде осы айтыс туралы әрқилы пікірлер айтып, әртүрлі деректер келтіріп жүр. Бірақ солардың көбі осы “айтыстың” поэтикалық жүйесін, стиль бірлігін тексермей. Көбіне кәрі құлақ, ескілердің сөзіне сүйенеді. Ал, біздіңше мықты деректі “айтыстың” өзінен, оның өлең табиғатынан іздеген жөн”, – дейді (Тахауи Ахтанов. “Керуен”. Әдебиет туралы ойлар. Алматы, “Жазушы”. 1969 жыл, 264–265-бет).

Сөйтіп, үлкен жазушы, білгір де тұрашыл сыншы Тахауи Ахтанов “Біржан–Сара айтысы” талантты бір ақынның көркем шығармасы екенін көрегендікпен дәл дәлелдеп берген.

“Біржан–Сара айтысының” құрылысының өзінен-ақ, шығарманы жазған бір ғана ақын екенін айдан анық көреміз. “Айтыстың” кіріспесінде, ақын ең алдымен, айтыстыратын адамдарын таныстырады:

Қызы екен ақын Сара Тәстембектің,
Жақыны заты Найман Есімбектің.
Сауық қып Садыр, Матай жиылысып,
Ауылына алдырыпты Тұрысбектің.

Аулына Тұрысбектің Сара кепті,
Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті.
Сол кезде он жетіде ақын Сара,
Жел сөзге адам болмас одан епті, —

деп, ақын әуелі Сараны таныстыра келіп, одан кейін:

Сараның атын білген Арғын, Найман,
Шыққан жүйрік Аталық, Қаптағайдан.
Баласы Қожағұлдын, сері Біржан
Сараны іздеп шыққан әлде қайдан... —

деп, Біржанды сипаттап таныстырып, оның қасына он бір жігіт жолдас алып, жолға шыққанын, Сараның еліне келгенін суреттейді:

...Арада бір азырақ күндер өтті,
Кезінде шанқай түстің ақын Біржан,
Ауылына Тәстембектің жетіп кепті,
Сара отырған ауылға алып бар деп,
Қасына қосып берді Жүнісбекті.

Біржанның салтанатын көрген адам,
Таңырқап талып түсіп тамаша етті.
Бұлардың келгенімен ісі болмай,
Сара қыз үйде отырып өлеңдетті, —

деп суреттей келіп, Сараның қандай өлең айтып отырғанын баяндайды:

Ақын қыз отыр екен дүкен құрып,
Тындаған көп жамағат судай тынып.

Бірқатар әңгіме сөз сөйлеп болып,
Қажыға мұнын айтты сонда тұрып... —

деп бастап, басында билігі жоқтығын айтқызады. Содан кейін Біржанның Тұрысбек қажының ауылына келгенін, аттан түспей, жатып, өлеңдете жөнелгенін:

Ән салды сонда Біржан айғай салып,
Тоқтады үйдегілер аң-таң калып.
Дәт қылмай аттан түсіп айтысуға,
Өлеңді қоя берді домбыра алып, —

деп суреттеп келіп, Біржанды сөйлетеді. Біржан:

Бұл үйде Сара бар ма шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері.
Жолықпай сөзі өктемге жүрген шығар,
Ауылында Тұрысбектің өлер жері, —

деп бастап өлеңдете жөнеледі. “Ақ иық мұзбалақпын”, “Кең қолтық арғымақпын” деп, асқақтата, әсірелей жырлай кеп, Сараны айтысқа шақырып:

...Басайын аптығынды, тез шық Сара,
Сен түгіл әкендеймен болдым істес, —

деп өктемдік көрсетеді. Енді Біржанға:

Үш жүзге данқым шықты өлең жаттап,
Қысқартам адымыңды бір-ақ аттап, —

дегізіп алып, Әріптің өзі сөйлеп кетеді:

— Дәуірлеп, қыздың дауысы шықпаған соң,
Айғайлап ұран салды Қарқабаттап.

Көк тамда Тұрысбектің ауылында,
Көріп ем істің жеңіл, ауырын да.
Біржанның төңкерілген әніменен,
Ешкі өлмес ел жиылды бауырына, —

деп, ел жиылған сын сағатта, Саранын айтысқа бірден шыға қоймай, бөгелу себебін көрсету үшін Есімбекті сөйлетеді.

Сал Біржан дәуірлейді барған сайын,
Екпіні соққан желдей көрсең жәйін.
Шырағым Сара, саған не болды деп,
Есімбек кіріп келді ағатайым.

– Шырағым, Арғынға орай бар ғой Найман,
Бала едің атағыңды жұртқа жайған.
Кең жерде келістіріп душар болмай,
Қапыда қажы үйіне келді қайдан, –

деген Есімбектің сөзінен: Сара Тұрысбек қажыдан именіп, сыпайылық сақтап бөгеліп қалғанын көреміз. Енді Тұрысбек қажының өзін сөйлетеді:

– Тартынба, енді балам, – деді қажы,
Адымың аттан артық, шықты тайдан.
Ант ұрған сөзі бұзық көрінеді,
Бар еді бір кісідей өлеңге айлаң.
Аптыққан қу Арғынды бір дөңгелет.
Ағаңа осы болсын тиген пайдаң.
Өнерің ұлдан артық қарағым-ай,
Тұрайын мен де тілеп бір құлайдан.

Тұрысбек қажының батасын алғаннан кейін, рухы көтеріліп, Біржанмен айтысуға құлшынып шыққан Сараның көтеріңкі көңіл күйі, Біржанмен жүзбе-жүз келіп, алғашқы танысу сәті суреттеледі.

– Қажының әлгі сөзі болған себеп,
Қолтықтан көтере көр аруақ жебеп.
Кеншімбай, Дулат, Сабыр, Сұртай, Жылтыр,
Жанұзақ, колда – дедім, – ақын Түбек.

– Қозғайды қырмызыдай сөзді талдап,
Басында аялдалым Біржанды алдап.
Төрт қызын Тұрысбектің қасыма ертіп,
Ақ үйден шыға келдің “Найманшалдап”.

– Аспаннан жерге түсті ғайып пірім,
Даусыма жаңғырықты тұрған жерім,
Ән шырқап ақбоз үйден шыға келдім,
Көрген соң аттан түсті Біржан серің.

– Таңданып жиылған жұрт қарап тұрды,
Біржанға қыз да болсам балап тұрды.

Кәмшат бөрік, күлдері белбауы бар,
Көк торғын шапанды адам қарсы жүрді.

– Түрінен танып тұрмын, – осы Біржан,
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған.
Кісі екен тым өңді емес, сары сұрлау,
Құбылар тоты құстай әлгі антұрған.

– Осы ма, – деді, Матай бұлбұл құсы,
Көп іздеп жаңа таптым жазы-қысы.
Әуелі қазақшылап көріселік,
Жаркыным, берірек кел жасың кіші.

– Баласың менен көрі жасың кейін,
Ежелден менің сөзім қызға бейім.
Көрісем бері кел, – деп, сәнсіп тұрды,
Толғанып үндемедім соған шейін.

Осы келтірілген мысалдардан “Біржан–Сара айтысы” көркем шығарманың ерекше бір түрі саналатын, адамдардың өзара сөз жарыстыру яғни диалог түрінде жазылғанын көреміз.

Сондықтан бұл шығарманы, айтыс түрінде жазылған дастан деуімізге болады. Тұңғыш рет, 1898 жылы жеке кітап ретінде басылып шыққанда да: “Қисса Біржан сал мен Сара қыздың айтысқаны” деп аталған ғой.

“Айтыстың” өзінен тағы бір мысал келтірейік. Біржанның ұруы Керей екеніне қарамай, оны Арғын ұруының ақыны ретінде айтыстырады. Сондықтан Біржан керейдің атакты адамдарының бірде-біреуін аузына алмайды.

Найманды ұруға таратқанда, төрт атаға бөлінеді: Қаракерей, Матай, Садыр және Төртуыл. Осы төртеуінің ішінде ең көбі де, аталысы да Қаракерей мен Матай болады. Қазақтың ескі сөзінде: “Арғын болсаң, Алтай бол, Найман болсаң, Қаракерей, Матай бол” деген мәтел бар.

Сара – Матай, Әріп – Қаракерей. “Айтыста” Матайдың атакты адамдарынан Маман, Тұрысбек, Есімбек сияқты үш, төрт қана адамы болмаса, Сараның аузынан мадақталатын атакты адамдардың бәрі Қаракерей адамдары, яғни Әріптің өз ұруының кісілері. Мысалы, Қаракерейдің ішінде Сыбаннан: Ақтайлақ би, оның баласы Кеңсебай би, Кеңжеғұл, Байтоқа билер, Алтыбай батыр, Ақтамберді батыр әрі жырау, Еспенбет батыр, Аққожа би, Тойғұлы, тағы басқалар. Мұрыннан: Тана мырза, Жұмақан, Шерубай сияқтылар. Басқа Қаракерейден: Тілеуберді, Қозыбай, Әліхан, Қанақай, Қабанбай батыр, Сүлеймен, тағы басқалар

Түбек, Жанұзақ, Сабырбай, Кеншінбай, Дулат. Сұртай, Жылтыр сияқты Қаракерейден шыққан атакты ақындар ата-лады.

Лепсі, Зайсан, Семей уездеріне қарайтын Қаракерейдің белгілі адамдарынан аты аталмай қалғандары жоқ. Осылардың бәрі, Матай қызы Сараның аузынан мадақталады. Ал, Матайдың бұлар қатарлы атакты адамдары, мысалы, Бұғыбай батыр, Жапалақ би, Садыр Сикымбай, Қызай Балапан би, тағы басқалары Сараның аузына да алынбай қалады. Сол сияқты Қаракерей ақыны Түбекпен, Маман алдында, үш күн, үш түн айтысқан дейтін Матайдың атакты ақыны Толғанбай да Сараның аузына алынбай қалған.

Сөйтіп Әріп өз ұруынан, Қаракерейдің белгілі адамдарының бәрін Сараға мақтатып, мадақтатқан. Осының өзінен-ақ “Біржан – Сара айтысын” Әріп ақын жазғандығы айдан анық көрінсе керек.

“Біржан–Сара айтысы” жазылып шыға сала-ақ қолжазбадан қолжазбаға көшіріліп, жатталып, ауыздан ауызға көшіп, халық арасына кен тарап кетеді.

Сөйтіп, 1890 жылдан бастап “Айтыс” елге көп тарап әйгілі болады. “Біржан – Сара айтысының” ел арасында тарап жүрген бір қолжазбасын, Жүсіпбек Қожа Шайхүлислам (1857–1931) көшіріп алып, өзінше түзетулер жасап, Қазан баспасына жібереді. Сөйтіп, тұңғыш рет 1898 жылы “Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны” деп аталып, жеке кітап ретінде басылып шығады.

Бұл арада Жүсіпбек Қожаның өзіне тән кейбір мінездері жайында айта кету керек. Көбінше халық жырларын жинап, баспаға жіберіп тұратын болған. Сонымен қатар, баспаға жіберген халық жырларын иемденіп, өзім жаздым дейтін ұнамсыз әдеті болады. Оның сондай жағымсыз әдетін “Айман–Шолпан”, “Қыз Жібек” жырларынан да көреміз. Мысалы, “Қыз Жібек” (1896 жылға басылымы) жырын иемденіп, жырдың басына өзі сөз қосып жазып, былай дейді:

Басында менен жайылды,
Қисса болып бұл Жібек.
Баспасына қарасам.
Бәрі шала сөзінің,
Еңіреп, жылап жүр жүдеп,
Қисынсыз болған сөздері,
Жыламақ түгіл, күлмеймін... –

деп, енді жырды қайтадан түзеп, бастырып отырған болады.

Сол 1896 жылы басылған “Айман—Шолпан” жырын жазған, Жүсіпбек Қожаның өзі болады.

Осындай келенсіз, нашар әдетін “Біржан—Сара айтысының” 1898 жылғы басылымынан да айқын көреміз. Айтыстың қолжазбасын өзіне бейімдеп, дұрыс тұрған сөздерін әдейі өзгертіп “түзеген”.

“Әлқисса” деп алып: “Жүсіпбек қожаға Сара қыздың Біржан менен айтысканын қыздың өз аузынан осылай деп, бастан-аяқ баян қылғанын, айтыстың келер жылында”¹ дейді де, Сараның Тұрысбек қажыға айтқан мұң сөзін, Жүсіпбек қожа өзіне айтқан етіп өзгертеді.

...Қолдай көр, ер Қаптағай ата-бабам,
Сөзімді тыңдатайын келсе шамам.
Қажеке, көптен батпай жүруші едім,
Айтайын, бар мұңымды сізге тәмам.

Қажеке-ау, күні күрсын ұрғашының
Билігі болмайды екен бір басының... —

деген сөздерді, Жүсіпбек Қожа өзіне бейімдеп, өзгертіп, өрескел бұрмалайды:

...Қолдай көр, ер Қаптағай ата-бабам,
Сөзімді тыңда, күрбым, келсе шамаң (!?)
Ақсүйек пайғамбардың тұқымы деп, (!?)
Сөзімді естірткелі келдім саған (!?)
Таксыр-ау (!?) күні күрсын ұрғашының, —

деп, пайғамбардың тұқымы болғандықтан ақсүйек Қожа атанған, Жүсіпбекке барып, оған “таксыр-ау” деп жалбарынып, Сара мұңын айтқан болып шығады. Сөйтіп, Жүсіпбек Қожа Сараға өзін дәріптетеді.

Жүсіпбек қожа, тіпті, Абайдың өлеңін де иемденуден именбейді. “Айтыстың” 1898 жылғы кітабының сонында, Қазандағы кітап бастырушы Ахмедкәрім дегенге Жүсіпбектің өлеңмен жазған хаты басылған. Сол хатында кейбір жеке сөздерін өзгертіп, Абайдың “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” деген өлеңін иемденген.

Біzlәргә өлең арзан, күлкі қымбат,
Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат.

¹ “Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысканы”, Қазан. 1898 жыл, 3-бет

Арзан жалған күлмейтін шын күледі,
Біледі яқшы ерге қылсаң қызмәт, —

деген сияқты түрде өзгертіп, Абайдың ұзақ өлеңінің алты шумағын алған.

Жүсіпбек Қожаның: — Сара қыздың Біржан менен айтысқанын қыздың өз аузынан бастан-аяқ жазып алдым деген сияқты артық айтқан, ақылға сыймайтын сөзін кейбір әдебиетшілердің мақұлдайтындарын да көрдік.

Шынында, “Біржан — Сара айтысы” сияқты терең мазмұнды, ерекше көркем, әрі көлемді айтыс — дастанды дәл айтылған қалпында, барлық теңеу, ұйқастарымен, бір адам есінде сақтап қалуы мүмкін деп, ой көзімен қарайтын, ешбір адам айта алмаса керек.

Бізде ақындар айтысы туралы, негізінде, бір ғана ұғым болды. Яғни екі ақынның қалың топ алдында қолма-қол суырып салып айтысқаны деп түсініп келдік.

Қандай айтыс болмасын, оның мағынасына, құрылысына, қолданған тәсіліне мән берместен, сол бір қалыптасып қалған ұғым, түсінік бойынша бағалап келдік.

Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыш” атты кітабында айтыстың мән-мағынасын бейнелі сөзбен сипаттап бере келіп:

“Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. Яғни, бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының да сөзін өзі шығаратын болған. Сөйтіп, айтыс шын айтыс емес, тек шығарманың түрі болуға айналған. Адамның, елдің, яки бүкіл жұрттың келіссіз істерін, мінездерін, пиғылдарын айтқысы келсе, ақындар өз атынан айтпай, айтысқан ақындардың сөзі қылып шығаратын болған”, — дейді (Ахмет Байтұрсынов. Шығармалары, Алматы, 1989 жыл, 227-бет).

Сөйтіп, “Біржан — Сара айтысы” дәл Ахаң айтқандай, “бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып”, яғни Әріп ақынның Біржан мен Сараны айтыстырып өз ойынан жазған шығармасы болады.

* * *

“Біржан—Сара айтысын” әуелде көшіріп алып жаттап, елге жайған, Әріппен жерлес әрі замандас, көзі ашық сауатты адамдар болады.

Ол кездегі жас ақындардан “Айтысты”, ең алдымен,

үлкендердің жазбаларынан көшіріп алып жатпаған Төлеу ақын Көбдіков болған. Маған жазып берген естелік әңгімесінде, Төлеу: “Біржан—Сара айтысын” мен жас шағымда, 17—18 жасымда жазып алып, онан кейін жатқа айтатын болдым”, — дейді.

“Біржан—Сара айтысын” жатқа айтатын: Сапарғали Әлімбетов (1889—1956), Шәкір Әбенев (1900—1994), Шұғыбан Қауметов сияқты ақындар еді. Бұлардың бәрі де Әріппен жерлес, ауылдас адамдар.

1940 жылы Әріптің шығармалар жинағын баспаға әзірлеу жұмысы кезінде, “Біржан—Сара айтысына” ерекше көңіл бөліп, текстологиялық зерттеу жасадым. “Айтыстың” 1898 жылғы басылымын алып, қолымызда бар қолжазба нұсқалармен салыстырып қарағанымызда, 1898 жылғы басылымда кемшілік көп екені байқалды. Сонан кейін, “Біржан—Сара айтысын” ерте кезде жатпаған, “Айтыстың” түпнұсқасын жақсы білетін Төлеу және Сапарғали ақындардың айтуы бойынша бұрынғы басылымнан қалып қойған өлеңдерді қосып, қате басылған сөздерді түзеп, сәл толықтырылып, дұрысталған нұсқасын жариялап отырмыз.

“Айтыстың” 1898 жылы басылған нұсқасы, 1900, 1901, 1907, 1913, 1914 жылдары және онан кейінгі жылдарда тоғыз рет қайталанып басылып шыққан.

1899 жылдан бастап “Айтыстың” және бір нұсқасы басылған. Бұл нұсқасында басқа бір адамдардың өз ойларынан қосқан өлеңдері бар. Айтыстың бұл нұсқасы өз алдына арнайы зерттелуі керек.

Әріптің “Біржан—Сара айтысының” үлгісімен жазған екінші бір айтыс-дастаны—“Тәуке мен Ұрқия айтысы”. Ақынның бұл шығармасына толық түсініктеме беріліп, осы кітапта жарияланып отыр.

* * *

Әріп — айтыс өнерінің өрен жүйрігі. Ол өлеңді қолма-қол суырып салып айтуға да аса шебер, импровизатор ақын. Оның суырыпсалып айтатын өлеңдері, көбінесе, кейбір ақындармен ойламаған жерде кездесіп, шапа-шап келіп қалған сәтте, тұтқиылдан шығарып айтқан шағын өлеңдер болады. Сондай өлеңдердің туу себебін баяндайтын бірер мысал келтірейік.

¹ Төлеу ақын (1874—1954) атақты Сабырбан ақынның, Қуандық дейтін (бұл да ақын) қызынан туған, жиені болады. Сабырбан — Ақтайлақ ақынның баласы. — Қ. М

Көкбай ақын Абай туралы естелік әңгімесінде: “Ел ішінің тағы бір сиезі болып, Семейдің оязы келгенде, соған тілмаш болып Сыбан Әріп келді. Әріп екеуіміз құрбы болатынбыз.

Кездескен жерде әрқашан бірер ауыз өлеңмен жанасып қалатынбыз. Сиезд болып жатқанда, менің бір ақы сұраған арызым болып, соның тез қаратуын тапсырамын деп, Әріпке:

Найманшам, адырайма кеуіп-ісіп,
Ежелден Арғын аға, Найман кішік.
Төбенмен жүр, тез бітір қызметімді,
Күнде бүйтіп мәлимен ісім түсіп, —

дегенімде, ол:

Асықта, бітірермін қызметінді,
Тапсырған құрбылықпен міндетінді.
Арғынға, Көкше сенен Қызай жақын,
Ата қумай түзей бер өз бетінді, —

деді. Мен мұның орайына:

Көкше атам Тобықтының бел баласы,
Бөтен деген білместің бос таласы.
Нарынбайды Ташкенттік сарт дейді ғой.
Сол сияқты қазақтың бір жаласы, —

дедім. Әріп:

Тіпті Тобықты Арғын емес, Көкше тұрсын,
Ата қуып қайтесің, өзін жүрсің.
Құдай ақын, теңдесім Алтай — Қарпық,
Құр көңілінді көтерген кеуден құрсын, —

деді. Біз осылай сөйлесіп жатқанда, өзіміздің елдің біреулері Абайға барып: Әріп пен Көкбай айтысып жатыр депті. Соған соң біреу келіп, екеуімізді де Абай шақырады деді. Келіп едік: “Не айтыстыңдар?” деді. Мынау ананы айтты, мен мынаны айттым дедім. Абай тыңдады да, әлгі даудың орайына:

Аксұпы дүниеден ұлсыз өткен,
Енетен жалшысынан бала біткен.
Өкіреш Найман ұл болмаған соң,
Атасызда Найман көп, деп ап кеткен, —

деді.

Міне, нағыз қолма-қол суырып салма айтыстың түрі осындай болады. Әріп пен Әсеттің айтысы, Сәдір мен Әріптің айтысы да сондай суырыпсалма айтыстар.

Айтыс күрделі бір мәселе жайында болса, ондай айтыс ұзақтау болып келеді және ақындар жазу арқылы, жазысып айтысады. Әріптің Қуанышбаймен айтысы, Көкбай, Боранбай ақындармен ұзақтау айтыстары жазба айтыс түріне жатады.

Әріптің айтыс өлеңдері көп болған, оның бәрі бізге түгел жеткен жоқ.

Әріп Пушкиннің “Евгений Онегин” романының уақиғасы бойынша шағын көлемді дастан жазған. Әріптің бұл шығармасы Әсет ақынға таңылып, оның жинақтарында жарияланып жүргендіктен, бұл мәселе туралы қазір сөз қозғамаймыз. Және бұл дастанның басқа да нұсқалары болғандықтан, әлі де байыпты түрде зерттелуі керек.

Қазан төңкерісінен кейін де қарт ақынның қаламы қолынан түскен жоқ. Отаршыл патша өкіметінің күйреп, құлауы ақынның рухын көтерді. Патша өкіметін құлатып, халыққа бостандық әперген, Ленин бастаған большевиктер деп сенген ақын Кеңес үкіметін мадақтап жырлады:

Кеңестік өкіметті ашты халық,
Большевик партиясы қылып жарлық.
Жерді алып помещиктен, байдан дәулет,
Тамырын талқан қылды падишалық, —

деді. Большевиктердің үздіксіз өзеуреген үгіт-насихатына, қыздырма қызыл сөзіне — демогогиясына сеніп қалған қарт ақын Кеңес өкіметінің мақсаты: адам баласына азаттық, теңдік беру патша заманында езілген халыққа кең жол ашып, ерікті ел ету деп түсініп:

Кеңестің іздегені азаттық, тең,
Адамдық ықтиярын қылмақшы кең.
Ескеріп, есепке алып, ұран шашып,
Дәл мұндай ілгеріде болып па ең, —

деп жырлады. Сөйтіп, ақын өмірінің соңғы кезінде, Қызыл империяның екі жүзді алдамшы саясатының байыбына бара алмай шырмауына түсіп қалғанын көреміз. Бұндай хал тек Әріп ақынның ғана басында болмағаны белгілі нәрсе.

Ақын өмірінің ақырына дейін шыншылдық, сыншылдық жолынан тайған емес.

Кеңес үкіметінің ауылдағы қолшоқпарларының, азғын

шолақ белсенділерінің, өркеуде әкімдерінің елге жасаған зорлық-зомбылықтарын аяусыз әшкерелеп отырды. Ол ешкімнің де беті-жүзіне карамай, дәл аты-жөнін әйгілеп отырып әшкерелейді.

Мысалы, 1920 жылдары Сыбан елінде үш-төрт жылдай болыс болған Кенжебай Көбеков, оның шабарманы Тұтқышбай дегендердің, әсіресе аштық жылы (1921), жетім-жесірлерді зар жылатқан озбырлықтарын әшкерелейді. Өлең зорлық көрген төрт жесір әйелдің арызы түрінде жазылған.

Айған деген жесір әйелдің мұң-зары былай суреттеледі:

...Мұң қылып әдей жаздым барсын бізден,
Үміт жоқ жол басшылар басқа сізден.
Жетімнің күн ұзаса көрегі еді,
Кенжебай тартып алған қайран сүзбем.

Тұтқышбай партизаны келді тулап,
Албытып мас кісідей отырды улап.
Өзімді ұрып, сүзбемді тартып алды,
Жетімдер жерге қарап қалды шулап.

Қазақтың ойласаңшы көзі ашығы,
Ұлықтың тартып алмақ қай машығы.
Екі табақ бидайды бұрын алған,
Жетімнің аузын жыртар құр қасығы.

Совнарсот¹ көзін салсын жылағанға,
Бермеп ем тартып алды сұрағанда.
“Заңның жолы осы” деп ақырады,
Енді қайда барамыз, құдауанда.

Сол сияқты Кенжебай болыс пен Тұтқышбай шабарман Қауа дейтін әйелдің майын тартып алады.

Тұржан дейтін жесір әйелдің корек қылып отырған етін тартып алады, 60 сом ақшасын алдап алады.

Өжекен деген әйелдің арызында Кенжебай болыстың жемқорлығы онан сайын ашыла түседі:

Кенжеке, қолыңмен ал ақырмай-ақ,
Сүйекке қиянаттап батырмай-ақ.
Илеген төрт терімнің үшін алдың,
Енді жайға қайтсаңшы шақырмай-ақ.

¹ Совнарсуд (орысша) – Совет халқы соты

...Май, сүзбе, тері-терсек алымыңыз,
Осымен басылмады жалыныңыз.
Он үш кесек киізді жайып қойдың,
Жаз ақ үй тұрғызбақшы ханымыңыз.

...Жүз отыз қой елдегі байдан алдың,
Әкеңнің еншісіндей айдап алдың.
Қырсаң да күні бүгін тауысылған жоқ,
Не дейсің сұраса ұлық: “Қайдан алдың?” ...

Кеңес үкіметінің ауылдағы атқамінер әкімдерінің зұлымдығына қаны қайнаған қарт ақын, олардың шектен шыққан озбырлығын айнытпай суреттеп, әшкерелеп берген.

Шыншыл, турашыл ақынның өткір сынына ұшыраған кеңес әкімдері, елдің берекесін кетірген партияқор байлары оның соңына түседі. Жоғарғы Кеңес орындарына Әріптің үстінен арыз жаудырады: патшаның тілектес адамы, патша үкіметінің чиновнигі болған адам деген сияқты неше түрлі пәле-жала жабады. Ондай арыздар Семейдің облыстық архивында сақтаулы.

Партияқор байларды әшкерелеп жазған өлеңінде олардың аттарын атап-атап келіп, жазған арыздарын мысқылдайды:

Қозғады партияны елдегі бай,
Кетіріп тыныштықты жүрмеді жай.
Көкежан, Рақыманкүл, Сұрбас, Күйсіз
Қазақшылық бастады баяғыдай.

Қылыпты Николаймен мені жолдас,
Арызбен жамандапты ішке қонбас.
Николай Петерборда, мен Сыбанда,
Ақымақшылық ісі көп айтып болмас.

...Қағазын тексермей ме мисыз жазса,
Жолың болар деген кім шалды қазса.
Жаман-жақсы болса да бетіңмен кет,
Құр босқа қаңқылдамай соқыр қазша.

Сөйтіп, ел ішіндегі басбұзар, пәлеқор топты жалтармастан әйгілеп атап, маскаралап береді.

Енді бір көңіл бөлетініміз, Әріптің “Бір тергеушіге” дейтін өлеңі. Бұл өлең жайында қысқаша түсініктеме беру керек болады.

Әріптің катал сынына ұшырап, халық алдында әшкере

болған, Кенжебай сияқты кеңестің белсенді бұзық атқамінерлері, ақынға пәле-жала жауып, арыз жазуларын тоқтатпайды. Сондай арыздарды тексеруге 1922 жылы Семей губерналық сотының тергеушісі келеді.

Келген тергеушінің өзі де тегінде Әріпті жақтырмайтын адам болса керек. Пәлеқор белсенділердің ақынға жапқан жалған жаласын жақтап, жиналған жұрт алдында Әріпке қасакана қатты кадалып, дөрекі сөздермен даттап, өрескел мінез көрсетеді.

Осы оқиға ар-намысына тиіп, жанына батқан қарт ақын “Бір тергеушіге” деген ұзақ өлең жазып, көңіл күйінішін тебірене толғайды:

...Болмайды насихатшы неге жұмсақ,
Майда тіл әсер қылмақ түбін қусақ.
Ақырып айтқан сөзден көңіл қалар,
Сағынар тәтті сөзді әркім сусап.

...Қатты сөз әсер етпес, көңіл жыртар,
Жүректің махаббаты затын құртар.
Тәтті, жұмсақ сөзбенен жан ерімек,
Сүмірейтіп ел көзінше босқа шырқар.

...Тынама сынық көңіл ақырғанға,
Қуандық сөз айтам деп шақырғанда.
Итсің, қусың, залымсың деп бастадың,
Құмар боп лебізіне отырғанда, —

деп бастап, тергеуші мырзаның теріс мінезін ашып беріп, адамгершілік қасиеттерді сипаттайды.

* * *

Өмірдің талай-талай қиын-қыстау жолдарын басынан кешіп, тіршілік сапарының ақырғы кезеңіне келген шақта қарт ақын өз басының мұңын, шерлі сырын шертіп толғайды:

Жетелеп жетпіс алда, алпыс айдап,
Бекітіп қол-аяқты жіпсіз байлап.
Дүниенің бәрі де күңгірт тартты,
Шапшыған тұнық едім тұрған қайнап.

...Кәрілік жапалаққа айналдырды,
Бұлбұл ем дауысы зарлы тұрған сайрап.
Төрт арыс қадірлі білмеуші едім,
Жат болып менікі емес қалдың жайрап.

Өмірдің етпегінің белгісі жоқ,
Пәлен күн барам демес саған сайлап.
Құтырған жолбарыстай көп жұлындым,
Я тәңірім, өзін кешір ғафу ойлап, –

дей келіп, кешегі қаскүнем дұшпандарын есіне алып, ызалы мұңын да толғайды.

Орныма егін ексең мен кетейін,
Кіжінген дұшпандарым тісін қайрап.
Жақынға керегім де бар-ақ шығар.
Өкінер көмгеннен соң әбден жайлап.
Қолменен ұстап берген кісімсініп,
Отырар қуанысып күліп-ойнап.
Бурадан бота ажалы бұрын келмек,
Тегінде есіне алсын оны да ойлап.
Келмейді алжып жатып өлең жазғым,
Жасыққа көрсетейін сөзден қайрақ...

Рухы күшті ақын, мұң-шерін шаға отырып, сары уайымға салынбайды, жабырқап жасымайды. Ақындық өнерінің өлмейтініне берік сенеді.

Ең соңғы шығармаларынан әзірге бізге жеткендері: “Кәрілікке”, “Балаларыма” деген екі өлеңі және өлер алдында айтқан жиырма бес жол толғауы.

Жас өлімге тақалды,
Қарасам аппақ сақалды.
Атадан алтау тусаң да,
Бір жалғыздық бар деген
Естуші едік мақалды.
...Өмір шіркін көңілге
Таусылмастай көп еді,
Қызықтырып дүние –
Әлі өлмейсің деп еді,
Мінеки, көрге апарды.

Әріптің ақындық сапары осы өлеңмен аяқталады. Әріп Тәңірбергенұлы 1924 жылы маусымның 14-күні қайтыс болған. Зираты бұрынғы Еңірекей бекетінің бойындағы Жыланды деген жердегі өзінің қыстауының етегіндегі Қарабұлақ деген жерде.

Ақындық өнерде Семей облысының ақындарына Әріптің игі әсері күшті болған. Төлеу Көбдіков (1874–1955), Сапарғали Әлімбетов (1889–1956), Есенсары Құнанбаев (1895–...), Шәкер Әбенев (1900–1994), Боранбай Отынбаев, Шұғыбан Қауметов сияқты ақындар Әріптің көп өлеңдерін, әсіресе “Біржан – Сара айтысын” жатқа айтушы еді. Бұл ақындар Абайдан кейінгі ұстазымыз Әріп деп білген.

Сапарғали: “Жастайымнан тәңірідей құрметтеп оқығаным Абай болды, онан соң мені Әріп ақындыққа баулып тәрбиеледі”¹, – дейді.

Сапарғалидың Абайдан және Әріптен алған тәлім-тәрбиесі, үлгі-өнегесі, оның жазған өлеңдерінен де көрінеді. Бірер өлеңін келтірейік:

Семейден алтын ойлы Абай туып,
Күрескен көп наданмен белін буып.
Абайдың үлгісімен барлық ақын
Сөзінің тазалаған кірін жуып.

Абайдың бас шәкірті ақын Әріп,
Атағы кеткен жүйрік жерді жарып.
Бір ол ма барлық қазақ ақынына,
Шынында қыдыр болған Абай дарып.

Бар ақын содан оқып түзетті ойды,
Дананың терең ойы жеңіп бойды.
Абайсыз қашан қазақ білуші еді,
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Толстойды²–

дейді.

Әріптің алдын көріп, көп тағлым алған Есенсары ақынның өлеңінен Пушкиннің өмір тарихынан хабардар болғанын көреміз:

...Тарихқа таңба болған “Қозы Көрпеш”,
Бүгін тұр тас мұнара зәулім аспан.
Құмар боп Қозы Көрпеш – Баян үшін,
Пушкин де кетті арманда жаза алмастан.

¹ Есмағамбет Исмаилов “Ақындар”, 1956 жыл, Алматы, 267-бет

² Семей облыстық “Екпінді” газеті, 29 декабрь, 1943 ж. № 266(3575).

Сол жерден шыққан ақын мен боламын,
Кем емес өткір тілім ақ алмастан.
Сейледім он төртінде домбыра алып,
Құрбым жоқ оза шауып, сөзбен асқан.
Сабырбай, би Ақтайлақ, ақын Әріп,
Қолтықтап көтеретін жерде сасқан¹... —

деп жырлайды.

Сапарғали ақын тағы бір өлеңінде “Өзімнің оқытушым ақын Әріп” деп, оның өмірбаянынан да мағлұмат бере кетеді. Әріптің Абайдан үлгі, өнеге алғанын айта келіп, өзіне солардың қандай әсер еткенін жыр етеді:

Өзімнің оқытушым ақын Әріп,
Басталған атасынан өлең дарып.
Сүйінбай, атақты ақын Жамбылменен,
Айқасқан Алматыда ерте барып.

Әріптің өзі Абайдың сөзін оқып,
Сақтаған кокейіне жастан тоқып.
Солардың түпсіз терең сөздерінен,
Бір әсер жүрегіме қонған толқын².

Әріп кейінгі халық ақындарына үлкен әсер етіп, оларды жазба әдебиет үлгісінде тәрбиелеген.

Абай өлгеннен соңғы жиырма жыл өмірінде, Әріп ұлы ұстазының әдебиеттегі дәстүрін таза сақтап, өзі де басқа ақындарға ұстаз болу дәрежесіне жеткен.

¹ “Екпінді” газеті, № 35 (3889) 1945 ж

² “Екпінді” газеті, № 53, 16 март, 1945 ж

Әсет Найманбайұлы

(1867–1923)

Абайдың алдын көріп, ұлы ұстаз ақыннан тағылым алған талантты шәкірттерінің бірі – Әсет.

Әсет – нағыз сегіз қырлы өнерпаз. Ол ақындық өнердің өрен жүйрігі, суырыпсалма – импровизатор, ақпа ақын. Табиғи тума қабілеті күшті, дарынды ақын қолына домбыра алғанда, қолма-қол нөсерлете жыр төксе, домбырасымен қоса, қағаз бетінде қаламы да қатар жүйткітін сауатты саңлақ ақын болған.

Әсет өзінің әрбір өлеңіне арнап ән шығарып, өлең-жырын шаршы топта домбыраға қосып шырқап айтатын, әйгілі әнші-ақын. Ақын Әсет асыл жырын, әсем әнімен домбыраға қосып, аспанға шалқыған асқақ дауысымен аңырататын болған.

Ән салсаң өзімдей сал аңыратып,
Жайлатып, қонырлатып, жамыратып.
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,
Қондырып қоныр қаздай мамырлатып.

...Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебенді әсерлі етіп.
Шырқатып, шығандатып, шалықтатып,
Шапшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.

Ахмет Жұбанов Әсеттің сөзіне музыкасы сай келетінін атап айтып: “Орындауы келіссе, “Әсет” әні сахнаның сәнінің бірі. Әсіресе қайырмасында ән күйкылжып, төгіліп, шын мәнісінде ойнақтап, делебенді қоздырып кетеді”.

“Әсеттің “Ырғақтысын” былай қойғанда, оның халық арасына көп тараған, балаға дейін білетін “Әсет” атанып кеткен әні Әсет творчествосының шыңы десе болады”, – дейді. Әсеттің осы әнінің Совет композиторларының шығармаларына тақырып болып жүргенін және “Абай” операсында қалай пайдаланғандарын Ахмет Жұбанов атап айта келіп: “Қысқасы, Әсет творчествосы біздің заманымыздың музыкалық кәдесіне толық асуда. Ол Әсет творчествосының халықпен байланысты болып, халықтың жоғын жоқтау жолында болуы-

нан”, – деп қорытады. Ахмет Жұбанов өзінің еңбегінде Әсеттің шығарған он үш әнін атайды (“Замана бұлбұлдары”, 1963 жыл, 261-272-бет).

Сөйтіп, Әсет – әнші, композитор.

Әсет – нәзік сезімді, ұшқыр қиялды лирик ақын; ол – тілге бай, алғыр ойлы, бөгелмей жүйткітін айтыс өнерінің де орен жүйрігі; ол алысқа алқынбай сілтейтін жүйрік, бай уақиғалы поэма, дастандар жазған эпик ақын. Сондықтан Әсетті нағыз сегіз қырлы өнерпаз дейміз.

* * *

Әсет Найманбаев бұрынғы Қарқаралы уезі, Темірші болысы, сегізінші ауылда (қазіргі Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы) 1867 жылы туған. Руы Арғын, оның ішінде Қаракесектен тарайтын Майлық деп аталатын аз атадан. Әкесі Найманбай кедей шаруа болыпты. Ауыр тұрмыстың айдауымен 1875 жылдар Найманбай Семей қаласына көшіп келіпті. Қалаға келген соң да күн көрерлік жардымды кәсіп-қаракет таба алмапты. Кейінірек Әсеттің Әріп ақынмен бір айтысында Әріптің: “Әкең Найманбай базарда шақша сатқан, қаракеті жоқ па екен онан өзге”, – дейтін сөзі бар. Және осы сөзді Әсетпен айтысатын Қали деген ақын да қайталай айтып: “Қолында Найманбайдың сексен шақша, тұқымың құрып па еді насыбайдан”, – дейді. Осы әзіл-қалжың айтыс өлеңінің өзінен де Әсеттің әкесінің тұрмысының қандай халде болғанын, болашақ ақынның балалық, жастық шағы ауыр тұрмыстың талқысында өткенін көреміз.

Найманбай Семей қаласында да тұрақтай алмай, Бактыда тұратын (қазіргі Семей облысы, Мақаншы ауданы) апа, жездесін сағалап, сол жерге көшіп келеді. Бактыға келіп орналасқан соң, Әсетті сондағы медресеге оқуға береді. Он-он бір жасында мектеп есігін ашқан зерделі, талапты жас шәкірт, төрт-бес жыл оқып, ескі медресенің берген білімін жақсы меңгеріп алады. Медреседе оқып жүрген шәкірт кезінде-ақ оның табиғи ақындық таланты таныла бастайды. Жасы ұлғайған шағындағы бір өлеңінде ақындық өнер сапарының он үш жасында басталғанын айтады:

Елуден жасым менің белең асқан,
Өлеңге он үш жастан араласқам.
Қызыл тіл қимылдаса қызуымен,
Текпінді терең сөзден жаза баспан...–

дейді акын. Осы өлеңнің өзінен табиғи тума талантын ерте сезініп, әнді, өлеңді нағыз өнер деп түсініп, сол өнерге боз-бала кезінен бастап берік сеніммен берілгенін көреміз.

Әсеттің алғашқы акындық қадамындағы айтатын, жазатын өлеңдерінің тақырыбы көбінесе жастық, махаббат туралы және суырыпсалма айтыс өлеңдер болады.

Әсет акындық өнерді өзгеше жоғары бағалап, табиғаттың тартқан ерекше қасиетті сыйы деп біліп, ардақтаған адам.

Арғынмен атым Әсет арындаған,
Арындап ән сала ма дарымаған.
Аспанның аясында ән толқытқан,
Бұлбұлмын дауысым көкте дамылдаған.
Көмекей көк қапысын¹ әнмен ашса,
Төгіліп меруерт, маржан сауылдаған.
Тұлпармын топтан озған тосырқаман,
Шаршы топ, қарсы ерім жоқ шабылмаған.
Жорғамын, жортарманмын жұрттан озған,
Майдамын, майда желіс мамырлаған.
Жұртымның асау, қызу жиынында
Бұл кезде ән адыра салынбаған, —

деп, шалқыған асқақ дауысты әнші, топтан озған тұлпардай өрен жүйрік — дарынды акын өз өнерін халқына мақтан етіп, масайраған ақ жарқын көңілмен әйгілеп айтады.

Акындық өнерін халқына арнаған Әсетті туған елі қадірлеп, құрметтеген. “Үйрек пен қаздай қалқып жүрмін жүзіп, көп елде — көл жұртымда қыдыр шалған”, — дейді акын.

Әсеттің акындығы ең алдымен айтыс өнерінде танылады. “Айтыс — майдан, айтысқан акындар майданның жекпе-жектегі батыры. Жену үшін нелер қатты шабуылдар жасалса да, мін емес”, — дейді Мұхтар Әуезов (“Айтыс өлеңдер”, “Айтыс”, бірінші том, Алматы, 1964 ж., 44-бет).

Әсеттің алғашқы түскен ең үлкен айтыс майданы — Рысжан қызбен айтысы. Бұл айтысқа кейінірек тоқталамыз.

Әсеттің акындық, әншілік өнер жолында үлгі-өнеге алған

¹ Көк қапысын — дұрысы “Көк қапусын” “Капусын” деген сөздің түп төркіні “Капу”, яғни “қақпа” деген сөз “Көк қапусы ашылу” — “бақыт қақпасы ашылу” деген мифтік ұғым “Көмекей көк қапусын әнмен ашса” дегенде Әсет Бақыт қақпасын әнмен ашам деген ұғымда айтқан Татарша-орысша сөздігінде

Капу — үст книж см Капка

Күк қапусы ачылу

а/ миф Открытие ворот счастья,

б/ Северное сияние, — деп түсіндірме берген — КМ

ұстазы Абай. Әсет 1889 жылдан бастап ұлы ақынның ауылында болып, Абайдан тәлім-тәрбие алған ең талантты шәкірттерінің бірі. 1889–90 жылдар Абайдың ең бір мағыналы өткізген өмір кезеңі еді. Ақын өмірінің осы бір кезеңін Мұхтар Әуезов толық сипаттап, 1933 жылы жарияланған “Абайдың туысы мен өмірі” атты еңбегінде жазған болатын. 1889 жылы ел жұмысын өзінің інісі Оспанға тапсырып, өзі бір беткей ілім іздеу жолына, ақындыққа берілгенін айта келіп: “Сонымен 89-жылға келіп, сыртқы өмірінде әлгідей тыныштық толас болған соң, мүмкін болғанша бұрынғы мақсат, арман қылған, мағналы өмірін бастап кереді. Ең алдымен бұл жылда кітапты көп оқиды. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдатып қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, оқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады. Осы жыл Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең жемісті жылы болады. 89-жылы 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша елінің өзі көрген кемшілік мінездерін қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімімен сынап, тексеру бар. Сонымен қатар, махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да бар, одан соң Пушкиннің “Евгений Онегинінен” аударма жасайды.

Осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған, ел ішінің көзі ашық жастарына Абай ауылы үлкен білгіштіктің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, сөз ұғатын ынталы, талапты жастардың бәрі шәкірт”, – дейді.

Айтыс бәйгесіне түсіп жүзде алып, елге атағы шыға бастаған жалынды, албырт жас ақын, асқақ әнші Әсет ұлы ақынның, кемеңгер ұстаздың алдына келген кезде 22 жаста еді. Абай ауылы қазақ сахарасындағы өнер-білімнің, мәдениеттің өнегелі ордасындай еді. Әсеттің Абай ауылына келу тарихын Мұхтар Әуезов былайша баяндайды: “Әлде қандай себептермен қалаға барып оқи алмай қалып, өз маңайына жиналған іні, бала, ағайын-туысқан сияқты жастардың тәрбиесін қатты ескергендіктен, Абай жалғыз өз өсиетін қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, сол 89-жылы музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды. Осымен 91-жылға шейінгі өмірі Абайдық ең мағналы өткізген жылдары болады”.

Бұл кезде Абайдың ұдайы қасында болатын жақын адамдары: Шаһкәрім, Көкбай, Ақылбай, Мағауия, Турағұл, Кәкітай, Ахметбектер еді. Осы ұлағатты топқа Мұқа, Әсет келіп қосылады.

Дәл Әсет келген жылы (1889) Абай өзінің жиырма өлеңін жазып, Пушкиннің “Евгений Онегин” романынан сегіз үзінді

аударған болатын. Жиырма өлеңінің ішінде “Күлембайға” (“Болыс болдым мінеки”), “Мәз болады болысың” деп аталатын атқамінер алаяқ әкім, озбыр болыс атаулының бәріне бірдей ортақ мінез-құлықты, іс-әрекетті, нағыз шындықты жеріне жеткізе шебер сипаттап, ащы ажуа, мірдің оғындай өткір мысқыл сатирамен әшкерелейді. Жиырма өлеңнің ішінде атақты “Сегіз аяқ”, “Ішім өлген, сыртым сау”, “Қажымас дос халықта жоқ” өлеңдері, “Қор болды жаным”, “Сен мені не етесің”, “Жігіт сөзі” (“Айттым сәлем қаламқас”), “Қыз сөзі” (“Қиыстырып мақтайсыз”), “Жарқ етпес кара көңілім не кылса да”, тағы басқа махаббат лирикасы және “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңі де сол 1889 жылы жазылған...

Абай шәкірттеріне тек өз өсиетін ғана айтып қоймай, Шығыс пен Батыстың, орыстың өзі таныс болған және ардақтап, қадірлейтін, бұрынғы-соңғы данышпан ғалым, ақын, жазушыларының өмірі мен еңбектерінен қызықты мысал келтіріп, өнегелі әңгіме айтып отыратын болған.

Талантты шәкірттерінің ақындық өнерін құптап, олардың өлең, поэма жазуларын мақұлдап және әр қайсысының ақындық ыңғайына қарап, жазатын шығармаларының тақырыбын да айқындап айтып беретін Абайдың ұстаздық әдеті болғаны мәлім.

Сонымен бірге Абай ақын шәкірттерінің жазған шығармаларын зер салып қарап, кемшіліктері болса, қатал да әділ сынап отырған. Жалпы ақындық өнерге қоятын қағида-шарттарын ақын шәкірттеріне де түгел қоятын болған.

Нағыз ақынның мақсаты “тіл ұстартып, өнер шашпақ”, ақын өлеңді “ермек үшін” емес, елге өнеге, “үлгі бермек үшін” жазады. Анық ақын болу үшін оның өнеріне сай терең білім қажет, адамгершілік қасиеті биік, ар-ұжданы таза, мінез-құлқы түзу, халыққа жұғымды, қарапайым болу керек. Осындай қадір-қасиетке ие болған, мәдениетті ақын ғана елге өнер шашып, үлгі-өнеге көрсетпек дейді Абай.

Ұлы ұстаз өзінің өнерлі шәкірттеріне, жалпы жастарға тағлым беріп, адамгершілікке жат, жағымсыз мінез-қылықтан сақтандырады.

“Өзін өзі өзгешелікпен артық көрсетпек, адамдықтың нұрын, гүлін бұзады, — дейді Абай, — өзі өзгеше боламын демектің түбі — мақтан, әрбір мақтан — біреуден асамын деген күншілдікті бітіреді де, күншілдік күншілдікті қозғайды... Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі: надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық деп білесің. Надандық — білім, ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік: күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жі-

герсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады...” (отыз сегізінші сөзден).

Өнерін бағалап, қадірлейтін жақын шәкірттерінің басынан байқалған жағымсыз жат мінез — қулық болса, олардың беті-жүзіне қарамай, аға ақын, тәрбиеші ұстаз аяусыз әшке-релеп өлең жазып, қатал сынайтын еді.

Әсет Абайдың алдында болып, мол тағлым алып, ұлы ұстазының әдебиеттегі дәстүрін өзінің ақындық, әншілік өнерінде үлгі-өнеге еткен. Ғылымның әр саласынан өнеге етіп айтып отыратын Абайдың әңгімелерін, өсиет, ақылын тыңдаушылардың бірі болады. Абайдың өз өлендерімен, на-сихат создерімен, Абай маңындағы ақындардың өлең, по-эмаларымен терең танысып үлгі алады. Орыстың ұлы ақын, жазушыларының, соның ішінде Пушкин шығармаларымен де, Әсет осы Абай ауылында алғаш рет танысады.

Әсеттің Абайдан алған әсері көрген өнеге-үлгісі оның ақындық өнерінің жаңа бағытта өркендеуіне үлкен себеп бо-лады. Әсеттің “Евгений Онегин” романының оқиғасын алып, еркін аударма жасап, Пушкин шығармасының қазақ поэзия-сында өзінше бір нұсқасын тудыруы — сөз жоқ тура Абай әсері, Абай өнегесі.

Әсеттің бұл аудармасы: “Онегин мен Татьянаның әңгімелері” деп аталып, Пушкиннің қазақ тілінде 1937 жылы басылып шыққан “Таңдамалы шығармаларының” 2-томын-да басылды (241–252-беттер).

Әсет әуелде суырыпсалтып қолма-қол айтатын айтыс ақын-дарының салтын ұстаса, кейін ақындық өнерде Абайды ұстаз етіп, көбінесе қаламға ауысады. Өлеңнің “іші алтын, сырты күміс”, яғни терең мазмұнға көркемдік түрі сай келуі қажет деген Абайдың ақынға қоятын шартын, эстетика қағидасын Әсет берік сақтайды. Әсеттің бізге жеткен өлең, поэмалары-ның, айтыстарының идеялық мазмұны, көркемдік түрі нағыз жазба әдебиет үлгісінде болып келеді.

Әсет өлендері “бөтен сөзбен былғанбаған”, “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін” әрі мағыналы, әрі көркем. Әсет қалам алып жазуға көшумен бірге өзінің импровизаторлық дәстүрін де тастамайды.

* * *

...Жорғамын жортарманмын жұрттан озған,
Майдамын, майда желіс мамырлаған.
Жұртымның асау қызу жиынында
Бұл кезде ән адыра салынбаған..., —

деп шырқайтын Әсеттің дауысына кейін егде тартқан кезде, ұзақ өлең, ән айтқан уақытта аздаған жарқышак пайда бола бастайды. Сол себепті дауысын ашық, айқын шығару үшін тамағына мүсәтір салуды әдет етеді екен.

1923 жыл шаршы топтың алдында ән салып отырып, әдеті бойынша мүсәтір деп қатеден тамағына алмас салып жіберіп (мүсәтірді қолдан сатып алып жүретін болса керек) қапылыста уланып қалады.

Сөйтіп, атақты ақын, әйгілі әнші Әсет арманда қаза табады.

Ақын өлер алдындағы қоштасуында өзінің қапылыста дүние салып бара жатқанын, қолы қысқа болып, ауыр тұрмыстың талқысын көп көріп, ақындық қазынасын түгел ақтарып, жарыққа шығара алмай, арттағы ұрпаққа Абай сияқты мұра қалдыра алмай бара жатқанын ұлы арман етеді.

Болжаусыз осы екен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Айғайға қайран дауысым ерінбеген,
Абайдай арттағыға сөз қалдырып,
Жаксы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген.
Ертең жазып, бүрсікүн бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен,
Қатын-бала асырау амалында,
Кеттім-ау үнем көңіл бөлуменен,
Менен сорлы ақын да өтті ме екен.
Бір сөзі баспа орнына берілмеген.
Осымен өмір бітті, дем таусылды,
Ішімде көп сөз кетті-ау терілмеген.
Тіршілікте әрекет етпеген соң,
Сүйектен не шығады кебіндеген, —

дейді. Әсет осыдан (1923 жылдан) отыз жыл шамасы (1895 ж.) бұрын, өлгелі жатқан Кемпірбайдың көңілін сұрай барғанда, қарт ақын Әсетке өзінің іштегі сырын ашып, арманын айтқан еді. Ол сырын:

Ер Дәуіт жеті жаста иектеген,
Қызырдың суын іштім құдығынан
...Әсетжан, осы аурудан өлем білем,
Алланың аманатын берем білем.
Кеудемнен көк ала үйрек “қош” деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем, —

деп, өлең жеті жасымда дарып еді. Ақындық Дәуіт пайғамбардың тартқан сыйы еді. Ақындық кие көк ала үйрек бейнесінде келіп еді. Сол кәрі жолдас өлең енді кеудемнен көкала үйрек болып, “қош” деп ұшты дейді. Бұл Кемпірбайдың сыры – ескі ақынның сенім, нанымы болатын. Олай болса сол ақындық киенін яғни көкала үйректің (өлеңнің) ата мирас болып, өзінің қалған тұқым-жұрағатының біріне қонуы керек еді. Кемпірбайдың ол тілегі орындалмады – ақынның ақырғы арманы да сол:

Әсетжан, осы ауру қоймас білем,
Алланың әмірі екі болмас білем.
Соны айтып қайырылмастан ұшып кетті,
Осы өлең Серкебайға қонбас білем, –

деп арман етеді Кемпірбай.

Әсет Кемпірбай сияқты ірі импровизатор ақындардың ақындығын қадір тұтып, олардың жақсылық жақтарын алған. Бірақ Әсет ақындық жөнінен Абайды ұлы ұстаз деп білген. Ол өзін Абай бастаған жаңа әдебиеттің жаршысының бірімін деп ұққан.

Сондықтан Әсет өмірден көшкелі жатқандығы ақырғы қоштасуында аузына Дәуіт пайғамбарды алмайды. Абайдың ардақты атын аузына алып: “Абайдай арттағыға сөз қалдырып, өлген жақсы еді-ау”, – дейді. Көзі тірісінде өлеңі басылып, кітап болып қалмай бара жатқаны – ақынның ең үлкен арманы болады.

Әсет өзінің есімін халыққа жайған өлеңімен, ең жақын жан жолдасым деп ақырғы демде де өзінің өмірдегі ең ардақтысы ақындық өнермен қоштасса, “Аңыраған аспан – көкке асқақ әнім” деп, сондай ардақты әнмен де қоштасады:

Алашқа атым шыққан Әсет ақын,
Өлеңім жан жолдасым маған жақын.
Аңыраған аспан-көкке, асқақ әнім,
Саған да уақыт жетті қарлығытың, –

дейді. Әсет осы қоштасу өлеңінде өзінен кейінгі жастарға, “аңыраған аспан-көкке асқақ әнім” үйренуді өсиет етеді:

Бозбала, осы әнімді үйренерсің,
Бұғаққа келтіре алмай күйзелерсің.
Асау ән жетегінде жүрмеген соң,
Біріннен бірің керіп сүйрелерсің.

Әсет ақындық, әншілік өнерді өз бойындағы ең зор қасиетім деп таныған. Өлеңді “дертке дәрмен, көңілдің гүлі” деп келеді Әсет. Ол өлеңді дәл Абай тұрғысынан бағалай білген ақын.

Ақындардың өлердегі қоштасу өлеңінен олардың жүрек сырын, ақырғы арманын айқын білеміз. Кімнің жырын жырлағанын, ақырғы “қошын”, өсиетін кімге арнап айтқанын көреміз.

“Қалың елім, қазағым қайран жұртым” деп халық қамқоры болған, ұлы ақынның шәкірті Әсет өзінің өлердегі қоштасуын:

Ел-жұртым, аға-іні, көңіл қосым,
Бәрібір: мейлі дұшпан, мейлі досым.
Артымда тірі қалған үлкен-кіші,
Бәріңе ақтық рет айтқан қошым! —

деп аяқтайды. Халықтың ақыны, әншісі болған Әсет ақырғы сөзін де халқына арнайды.

* * *

Әсетті көрген, онымен достас болған, Әсеттің өлеңдерін көшіріп жазып алып, жаттаған Семей облысында марқұм Сапарғали Әлімбетов (1889–1956), Төлеу Көбдіков (1874–1954) және Есансары Құнанбаев сияқты белгілі ақындар бар еді.

Біз Әсеттің “Арғынмын атым Әсет арындаған” деп басталатын әйгілі өлеңін 1949 жылы Сапарғали мен Төлеу ақындардың аузынан жазып алдық. Бұл екі ақын да Әсет өлеңін ерте кезде жазып алып жаттаған. Екеуінің айтуында ешбір айырма жоқ. Сол жылы Сапарғали ақынның аузынан Әсеттің өлердегі қоштасу өлеңін (“Болжаусыз осы екен ғой өлім деген”) және “Салиха-Сәмен” атты поэмасын жазып алдық.

Сапарғали ақын Әсеттің “Қызыл табан ағаш ат” деген поэмасын түгел өз қолымен жазып берген болатын.

Поэманы түгел қағаз бетіне түсірер алдында Сапарғали марқұм поэманың өзіне аса ұнаған жерлерінен үзінділер жазып жіберіп: “Қызыл табан ағаш аттың” өлең нұсқасы осындай болып келеді. Егер өлеңдік жағы ұнаса, түгел көшіріп жіберейін”, — деп хат жазып, кейін біздің сұрауымыз бойынша поэманы түгелдей жазып берген еді. Енді сол поэманың Сапарғали алғашқы жазған бірлі-жарым үзінділері ғана сақталып қалды.

Қазір біздің қолымызда “Қызыл табан ағаш аттың” Алтай казактарына тараған бір нұсқасының көшірме қолжазбасы бар. Бұл нұсқа Сапарғали жазып беретін нұсқадай толық емес сияқты. Сапарғали жазбасында болатын біраз өлеңдер бұл нұсқада кездеспейді.

1945 жылы Әсеттің “Салиха-Сәмен” поэмасы мен таңдамалы өлеңдері Қытайда жеке кітапша болып басылып шыққан. Кітапшаға таңдамалы өлеңдерінен “Арғынмын атым Әсет арындаған” және Әсет ақынның өлердегі қоштасу ретінде айтқан “Болжаусыз осы екен ғой өлім деген” екі өлеңі кірген (35–39-бет). Жинақтың басында Әсет өмірінен аздаған мәлшет беріліп, оның қабілеті күшті ақын болғандығы ерекше айтылады:

“Ал Әсеттің тума қабілеті өте күшті. Қолына домбыра алып тартқанда сол минутта-ақ көз алдындағы іске қолмақол баға беретін, суырып салма. Бір ізін қайта баспайтын ардакүрең ақын болды. Ақын өлеңінің ішінде артық сөз жоқ. Мүддесін аудармай суреттейтін бір қасиеті өзгеден ерекше еді. Бұл жерде мысалға Омар деген кісіден түлкі сұрап жазған хатындағы бір ауыз өлеңін келтірейік:

Қолға алса күйкылжыған түрі болсын,
Күмістей жалтыраған жүні болсын.
Асса кара, болмаса қоңыр ала,
Ал күрең үш қызылдың бірі болсын.
Келінім Мәдинаға дұғай сәлем,
Ағаңның сұрағаны шыны болсын.

Ол тілге бай, сөзге шебер, бөгелмей түйдектеп тастап отыратын ерең жүйріктің нағыз өзі. Әрбір өлеңдерін өз әнімен домбыраға қосып айтатын әншілдігі, әсемдігі жаннан бөлек алғыр еді. Мысалға өлеңдерінен бір-екі үзінді алсақ:

Ән салсаң өзімдей сал аныратып,
Жайлатып, жамыратып, қоңырлатып,
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,
Қондырып қоңыр қаздай мамырлатып.

Ән салсаң Әсеттей сал әсемдетіп,
Қоздырып делебені әсерлетіп.
Шырқатып, шығандатып, шалықтатып,
Шашшытып, шүмектетіп, нөсерлетіп.

Ақынның көп өлеңдерінің аяғы бірдей шығып отырады, — дейді.

¹ Бұл жинақ қазір Семейдегі Абай музейінің қолжазба қорында сақтаулы.

Бұл жинақтағы “Салиха-Сәмен” поэмасы мен екі өлеңнің Сапарғали ақыннан жазылып алынған нұсқасынан айырмасы жоқ деуге болады. Кейбір өлең жолдары, өлең шумақтарындағы жеке сөздер жөніне азлаған қайшылықтар ұшырасады. Мысалы, Әсеттің қошгасу өлеңіндегі бір жол өлең кітапта:

Абайдай арт жағына сөз қалдырып, —

деп басылса, Сапарғали айтуында:

Абайдай арттағыға сөз қалдырып, —

делінген. Тегінде осы Сапарғалилық айтуы дұрыс дейміз.

“Арттағыға” деген сөз, артта қалған ұрпаққа деген айқын мағына береді. Сол сияқты Әсеттің: “Арғынмын атым Әсет арындаған” дейтін өлеңінің ішіндегі бір шумақ өлең кітапта:

Азырақ сөз сөйлейін қазағымнан (?)
Қазақ елі айы туған маңдайшадан.
Үйрек пен қаздай қалқып жүрмін жүзіп,
Көп елде, көл жұртымда қыдыр шалған, —

деп басылып, өлең ұйқас, көркемдік жағынан ақсап тұр. Бұл шумақ Сапарғали, Төлеу ақындардың жаттауында алғашқы қалпын сақтап:

Тауықпын тары терген Найман шалдан,
Найман шал айы туған маңдайшадан.
Үйрек пен қаздай қалқып жүрмін жүзіп,
Көп елде, көл жұртымда қыдыр шалған, —

деп дұрыс айтылады.

Кітаптағы Әсет өлеңдерін Сапарғали, Төлеу ақындар айтатын нұсқамен салыстырғанда осындай азлаған ғана айырмашылықтар кездеседі. Әсеттің өз қолжазбалары сақталмағандықтан көшірме қолжазбаларда, есте сақтал жаттауда ақын шығармаларының түпнұсқасы қайткенде өзгеріске ұшырауы табиғи нәрсе.

Біздің қолымызда Әсеттің творчестволық өмірін түгел қамтитын шығармалары толық жоқ. Сондықтан ақынның қазіргі қолда бар кейбір шығармаларына тоқталамыз.

Әсет пен Рысжан айтысы

Әсеттің алғашқы ақындық қадамындағы шығармаларынан бізге жеткендерінің ішіндегі ең көлемдісі де, көркемі де Рысжанмен айтысы.

Бұл айтыс өзінің көркемдік жағынан болсын, идеялық-мазмұн жағынан болсын басқа белгілі ақындар айтысынан ерекше. Бұрынғы айтыстарға тән рушылдық сарын Әсет айтысынан орын алмаған. Рысжан да, Әсет те өз руларының рубасы бай, би, болыстарын дәріптеп, мадақтаудан аулақ.

Атақты “Біржан-Сара” айтысында екі ақын да ата-бабаларын айтып, бай жуан рубасыларды асыра мақтасып, бірін-бірі жеңуге дәлел еткісі келетін. Біржан Арғынның аруағына, Сара Найман аруағына сыйына сөз бастайтын. Айтыс үстінде ата-бабаны сөз бәсекесінде бел ететін.

Әсет пен Рысжан айтысында ру тартысын айтыс бәсекесіне араластырмайды, айтыс үстіндегі тартыс желісі етпейді. Өздерінің алғыр ойлы ақындық өнерін айтыс бәйгесіне қосады, Рысжан:

Қарқабат, Қаракесекті етпеймін бел,
Аузымнан а дегенде зулайды жел, —

деп, аруақты бел етіп, сыйынбайды, өзінің өнеріне сенеді.

Екі ақын да айтысты бастағанда бірін-бірі а дегеннен ықтырып жібермек болады. Әсет те, Рысжан да әрқайсысы өзді өзін асыра мақтап, астам көрсетіп, асқақ сөйлейді. Рысжан әуелде суырылып сөйлеп кете алмаған Әсетті сөзбен бастырмалатып, кекеп-мұқап, ажуа етеді. “Ажалды киік — адырға” деп нысанама дәл келдің, жұрт Рысжанмен барабар деуші еді, ол әншейін өсекшілердің сөзі екен дей келіп:

Осы ма атақтыңыз Әсет деген,
Бере ме өнер пайда көрсетпеген.
Топастау тор шолақтың біреуі ғой,
Мұны кім сөз білгішке есептеген.

Шаппайтын, желмейтұғын жорға десем —
Семірген ақша майға екен көбең.
Көбеңдігің көрінді көлденеңнен,
Заты ұрғашы әйелден болдың төмен.
Жел аяқ жан салмайтын жүйрік десем,
Екен ғой әншейін-ақ сығыр деген, —

деп әдейі Әсетті бойына тең көрмей, сөзбен бастырмалатып, тұқыртпақ болады. Қыз сөзі етінен өтіп, сүйегіне жеткен Әсет те қызды міней, шеней сөйлейді:

...Шөп желке шошаңдатпа таяғынды,
Дөндеген бастай берме баяғынды.
Шарам кеңнен шабылған қара шормын,
Асықпасаң тартамын табағынды.
Албастыңды соғатын әкең менмін,
Аңдап-аңдап басқайсың аяғынды, —

десе, Рысжан: құрғақ сөзбен дау айтпа, майданда озған ақынды жүйрік дейік. Аязбай, Шашубай бастатқан алты ақын мені сөзден ұтқан жоқ деп мақтан айтады:

Сөзің қалай шығады қардан суық,
Қасыма ақырындап келдің жуық.
Тасымалдап артынан әзер таптың,
Апшыңды бір қуырдым сөзбен буып.

...Алты ақын Аязбай мен Шашубайлар,
Артымнан жете алмаған күстай қуып,
Дау айтып күні бұрын көрсетпелік.
Майданда озса жүйрікке есептелік.
Орта жүз түгел білген Рысжанмын,
Жыланды үш кессе де, кесерткелік.

Ақын қыздың асқақ, тәкаппарлық сөзі бірінен-бірі асып түскен сайын Әсет те суырылып, өрлей соғады. Қыз алты ақынға бой бермегенін айтып, мақтан етіп, “жыланды үш кессе де, кесерткелік” деп Әсетті менсінбесе, Әсет өзін қыран бүркітке теңеп, Рысжанды бозторғай дәрежесіне апарып тастайды.

Дөндеп қапсың Аязбай, Шашубайдан,
Болыпсың өнегелі үлгі жайған.
Киуасыз құр мақтан сөз сөйлегенмен,
Қыран бүркіт жасқанбас бозторғайдан,

дейді. Екі ақын бірін-бірі арбап, сөзден сүріндіретін жерлерін аңдып, қанша шайқасса да, тең түсіп отырады.

Әсет қанша асқақтаса да, Рысжан қайыспай, оның өзіне өктем сөйлеп, жалынды сөзбен жасытқысы келіп:

Ақынның тура келмей данасына,
Соқтықтым жанып тұрған шаласына.
Қоржын толмас бойынның кескіні бар,
Бойыңның көзім тоймас қарасына.
Осы жұрт жөнін білмей соқтықтырды-ау,
Майқының жұдырықтай баласына, —

деп Әсетті кеміте, кішірейте сөйлесе де, оның да өзімен тең-
бе-тең ақын екенін мойындап, енді қазбаласа берудің орын-
сыз екенін сезіп:

Табысып татулықпен сөйлесейік,
Қыстырмай ұят сөзді арасына. —

дейді. Әсет те өзінің ешбір ақынға бой бермейтін бойлауық,
ақпа ақын екенін былай жырлайды:

Топанның тура келдің тасқынына,
Тасыған Ніл дарияның басқынына.

Онысынан Рысжан үрікпейді де, үрейленбейді. Әсет аса
сөйлесе, қыз оны тұқырта баса сөйлейді. Әсет дүние жүзін
қаптаған топан суының тасқынындаймын десе, қыз оны онан
сайын кішірейтіп:

Жіңішке өзің нәзік қылдырықтай,
Сүйтсе де сөзің ұшқыр бұлдырықтай.
Қу бала-ау, бала демей не деуші едім,
Көзіме көрінесің жұдырықтай.
...Қызығып қыз екен деп далбаңдама,
Тұйғынның жемін қуған кезқұирықтай, —

деп қысылмай да, қымтырылмай өршелене жауап қайтарады.

Сойтіп, екеуі ақындық өнер салыстыра келгенде бір-біріне
сайма-сай келген өрен жүйрік екенін танытады. Енді орағы-
тып ояқтамай, жиылған жұрт тыңдаитын орнықты сөз ай-
тысайық деседі. Сонда Рысжан:

Біреу ойда, біріміз қырда екенбіз,
Мұқтаж көңіл барабар мұнды екенбіз.
Көркем сөйле, жұрт тыңдап көңілденсін
Отырған халайыққа үлгі екенбіз.

Шешен тілі, шебердің өнері ортақ,
Әр жерде ақылдыға бұлды екенбіз, —

деп, ақындық өнерде терезесі тең екенін айта келіп, жұртқа жағымды, ел сүйсінетін сөз сөйлейік дейді.

Екі ақын өнер жарыстырып, ашық айтыста бірін-бірі жеңе алмайтын болған соң, шарт қойысып жұмбақ айтысқа көшеді. Ол шарты — Рысжан төрт түрлі жұмбақ айтпақ. Әсет сол жұмбақты дұрыс шеше алса, жеңбек те, шеше алмаса, жеңілемек болады. Сонда ақындардың “Көркем сөйле, жұрт тыңдап көңілденсін” деп отырғаны — халыққа түсінікті жайды, елдің көңілдегісін айту еді.

Жұмбақтың ең негізгі түйіні патша өкіметінің ел билеуші өкімдерін жер-жебіріне жеткізе әшкерелеу, патшалық құрылыстың халыққа жат жауыздық бейнесін ақын тілімен ащы ажуа ету болады.

Рысжан әуелгі жұмбағының басына екі-ақ жол өлеңмен меке, ораза, намаз, қажы, зекет сияқты дінге байланысты сөздерді: М. Р. Н. Қ. 3 әріптерімен астарлы жұмбақ етеді де, патша әкімдерін жұмбақтауға келгенде нағыз жағымсыз образдар бейнесінде сипаттайды. Олар — жұмыртқа шайқап ішіп отырған екі ителгі, солар ұшырған бір бидайық, оны баулып жүрген сегіз-тоғыз лашын, олардың ішінде отыз-қырықтай құзғын бар, тағы жапалақ, жүзден аса күйкентай — ылғи жыртқыш құстар. Жұмбағын осылай бейнелеп айтып келіп Рысжан Әсетке: “алып кел бәрін атап белгі тағып”, — деп шешуін сұрайды. Сонда Әсет осы жұмбақты былай шешеді:

.....
Бәйтеректе жұмыртқа шағып ішкен,
Ояз бен помощник дуандағы...

.....
Бір бидайық — ел жейтін жебір болыс,
Баулыған сегіз лашын — сегіз биі.

.....
Отыз-қырықтай құзғындар — елу басы,

.....
Ел мазасы кетеді мұндайлардан,
...Жемтік жеген құзғындай жел өкпелер,
Он қаршыға старшын ыңғайланған.
Сот ол — бізді күзеткен бір содия,
Жапалақ жасауылдар шыр айналған.

Таппағанға жұмбағың қиын екен,
...Жүзден аса күйкентай он басылар.

Қағып жеген тышқаны тыйын екен.
Хан кара, би, болысты жұмбақ қылып,
Жұмбағың сеніңдағы сыйымды екен.

Рысжан екіншісінде адамның дене құрылысын жұмбақ етеді. Әсет кісінің он екі мүшесінің атқаратын қызметтің шешен тілмен шебер суреттел, қыздың бұл жұмбағын да шешіп береді.

Қыздың үшінші жұмбағы:

Арықтап бір түйе өлді жетіп ажал,
Алты батпан бұлы бар безбенге сал.
Сүйегі жерден, көктен табылмайды,
Білдің бе, мұның өзі қайда өлген мал.
Артылған мәртебеніз талай жұрттан,
Көрген жоқ сізді сөгіп біреу сырттан.
Алты батпан көтерген алып малдың,
Санасаң әр батпаны жеті бұттан.
Жілігі жиырма төрт, толайы бес,
Шамалап өлшеп байқа ерте мен кеш.
Осыны нажағайдай жаркылдатып,
Тегістеп бас, аяғын анықтап шеш.

Әсет қыздың бұл жұмбағына да мүдірместен:

Домбыра саған ерген бұлбұл екен,
Рысжан кара сөзге қырғын екен.
Арықтап оттай алмай өлген түйең,
Ақылмен абайласам бір жыл екен, —

деп одан әрі жылдың айын, аптасын атап-атап шешіп береді. Ақырында Рысжан бүкіл жаратылыс әлемін, “Он сегіз мың ғаламды” жұмбақ етеді. Әсет жаратылыс, табиғат әлемін тамаша көркем сөзбен келістіріп сипаттап, қыздың ең соңғы жұмбағын да шешеді.

Әсеттің алғыр ойлы ақындығына риза болған қыз:

Бағыма бұлбұл Әсет болған ақын,
Кім сөгер Орта жүздің қолқанатын.
Сөз көшесін қыдырған көрегенсің,
Жерің жоқ бір мүдіріп толғанатын, —

деп Әсеттің жолын береді. Әсет те қыздың ақындығына шек келтірмейді, Рысжанды ақындықпен жеңем жоқ, шартты жерге жеткенде уәде бойынша тоқтатып кеттім:

...Алтын жүзік, бір торғын алған жерім,
Заты ұрғашы демесек, уа, жігіттер,
Әйелдің көрдім сондай бағылан керін, —

деп айтысты аяқтайды.

Айтыстың басындағы бір жүз тоқсан жолдай өлең, айтыстың аяғы түгелдей Әсеттің өз сөзі. Бұл айтыс шындықта болған күннің өзінде де кейіннен Әсет қағаз бетіне түсіріп өңдегені даусыз. Ал, Рысжан ақынның аты әдебиет тарихында мағлұм емес және Рысжанның не басқа айтысы, не жеке өлеңдері де бізге белгісіз.

Бұл айтыстың көркемдік қасиетімен қатар саяси-әлеуметтік мәні де зор. Ескі айтыстар сарынына түспей, екі ақын өз заманындағы өмір шындығын айтыстың негізгі тақырыбы етіп жырлайды.

1868 жылдың реформасынан кейінгі патша өкіметінің әкімшілік, ел билеу саясаты XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ақындарының басты тақырыбының бірі болған еді. Әрбір ақын бұл мәселені өзінің идеялық тұрғысынан қарап жырлады.

Ал Әсет осы айтыста патша әкімдерін нағыз сыншыл реализм бағытында, Абай тұрғысынан қарап сынайды. Ащы ажуамен әшкерелейді.

Айтыстың сөз қолданысында да жаңалық көп кездеседі. Айтыста қазақтың байырғы көркем тілімен қатар, заманға сай жаңа сөз образдары да мол кірген. Мысалы, “Сөз көшесін қыдырған көрегенсің” деген сөздегі жаңа образдар, адамның дене құрылысын айтқанда кездесетін: пружина, магнит, машина, градус деген сөздер қыздың әнін гармон, скрипка үніне салыстыру — ол кездегі әдебиет үшін жаңалық еді. Бұндай орынды қолданылған русизм ақынның мәдениетін, үлгі, өнегесін айқын танытады.

Бұл айтыс жөнінде М. О. Әуезов:

“Әсет пен Рысжан айтысы” — жарыс айтыста бір арна. Бұл кездесіп қалған қыз бен жігіттің жеңіл-желпі шекісуі емес, екі елдің сайлап кездестірген ақындарының нағыз ақындық тапқырлыққа жарысқан іргелі айтысы. Жұмбақ және шешу арқылы ақындар елді жеген әкімсымақтарды халықтық сыншы санамен әйгілейді. Бұл тартыс ұру таласы емес, шешендік шеберлік өнерінің халық сүйетін айқын жарысы болғандықтан, өлеңдік құрылысында мазмұнына сай, көп көркемдігі бар үлгілі айтыс болып шыққан¹”, — дейді.

¹ Қазақ әдебиетінің тарихы 1-том, фольклор.

Қызыл табан — ағаш ат

Әсеттің ертеден ел аузында жатталып, сақталып келген “Қызыл табан — ағаш ат” поэмасының көшірме қолжазбасының бір нұсқасы Абай музейінің қолжазба қорында сақтаулы¹. Поэма 1947 жылы жазылып алынған. Көлемі бес жүз он жол өлең.

“Қызыл табан — ағаш ат” поэмасын Әсет дәл қай жылы жазғаны мәлім емес. Поэманың тақырыбына, оқиғасына қарағанда Әсеттің Абай ауылында болған 1889—1890 жылдар шамасында жазған шығармасы деп жорамалдауға болады. Осы жылдар Абай айтуынан тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде оз уақытында жаңа болған “Мың бір түн”, “Шаһнама”, “Бақтыжар”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Керуғлы сұлтан” сияқтылар² болған.

Осы кездерде Абайдың “Масғұт” және Абайдікі делініп жүрген “Әзім” поэмалары жазылған. Бұл шығармалардың оқиғасы негізінен шығыс әдебиетінен алынады. Шығыс елнің әлемге әйгілі “Мың бір түн” сияқты әңгіме, ертегілерінде оқиға Арун Рашид заманында, Бағдат шаһарында болған деп келетіні мәлім.

“Масғұт”, “Әзім” поэмаларында да сол салт сақталып, оқиғаны Арун Рашидтың есімінен, Бағдат шәһәрынан бастайды.

“Масғұт” поэмасы:

Я, алла, құрметінде достың Махмұт,
Тілге яр бер, берілсін тұғры максұт.
Арун Рашид халифа заманында
Бағдатта бір жігіт бар аты Масғұт, —

деп басталады.

“Қызыл табан — ағаш ат” поэмасының оқиғасы да Шығыс елінің әңгімелерінен алынған.

Әсет поэмасын “Әуелі сөз сөйлеймін бісімілләдан” деп бастап алып, оқиғаның өтетін жерін баяндайды:

Жарасар заманында қыз бен жігіт,
Болғанда бірі — сандық, бірі — кіліт.

¹ “Қызыл табан — ағаш ат”, Қолжазба № 67

² М. О. Әуезов. Абайдың өмірбаяны Абай толық жинақ II том, 48-бет, 1957 ж.

Бұрынғы нағыз дегдар асыл затты,
Сөйлеуге бір патшаны қылдым үміт.

Кім тындар айтқан сөзім болса дәмсіз,
Ер жігіт жасымай ма жүрсе малсыз.
Бағдат шәһәрында ғадыл затты,
Дейтұғын падиша бар – аты Ғамсыз.

Сол патша көп заман перзент көрмей жүреді. Ақырында тілегі оң болып бала көреді.

Бір бала нәсіп қылды бар құдайым,
Тарқады көңілінде зар, уайым.
Қасен деп ат қойыпты баласына,
Аты екен анасының Ажарайым.

Қасен бес жасынан сабақ оқып, білімді, өнерлі шаһзада болып ер жетеді.

Сол Бағдат шаһарында алдына жан салмаған, аты өлемге жайылған аса өнерлі бір ұста болады. Жасынан өнер дарыған ұстаның өнеріне жеті ғылым жетпейді. Жалғыз-ақ адам жа-сап жан салмаған, одан басқа нәрсенің бәрі қолынан келетін шебер болады. Сол өнері асқан ұста бір керемет ағаш ат жа-сайды:

Шіркіннің кеудесі алтын жазылған хат,
Көңіліне еш нәрсені қылмас хажат.
Ішіне резинканың жел кіргізіп,
Жасайды бек тамаша бір ағаш ат.

Атқан оқ шала алмайды ап дегенде,
Сияды жанқалтаға бүктегенде.
Кілтi бар бұрап қойса аспанға ұшқан
Жетер ме бұған өнер күп дегенде.

Өнерді бұдан басқа бекер дейді,
Осыған өнер бар ма жетер дейді.
Мінгессе екі кісі ап ұшады,
Нәрсені одан үлкен көтермейді.

Адамға өнер бар ма одан артық,
Бағасын айта алмады ешкім артып.
Баға айтып ешкім сатып алмаған соң,
Қасенге ағаш атты келді тартып.

Қасен үстаның тарту етіп әкелген ағаш атын алып, оған жүз мың дiлдә бередi. Қасен ағаш атқа қуаныш жасап, неше күн сауық-сайран салады. Поэманың экспозициясы осылай берiледi де, ендi оқиға түйiнi түйiледi.

Қасен бiр күнi ағаш атқа мiнiп, сейiл құруды ойлайды. Ағаш атқа мiнiп, кiлтiн бұрап жiбередi. Ағаш ат Қасендi шыркатып аспанға алып шығып кетедi. Ел мен жерден мүлде аулаққа, аспан дүниесiне шығып кеткен Қасен қайта жерге түсiретiн тетiгiн таба алмай, ерiксiзден ұзақ аспан сапарын шегедi. Қолдан келер амалы жоқ, ел-жұрты улап-шулап қала бередi. Бұдан әрi Қасеннiң аспан әлемiнде суыққа ұшырап азап шеккенi, ақырында ағаш атты жерге қондыратын кiлтiн тауып, екi күн бойы төмен ұшып, жерге қонған шақта Қасен есiнен танып қалады. Бiр заманда есiн жиса, бейтаныс бiр елге келiптi. Ағаш атын қалтасына салып алып, жан-жағына қараса:

Қараса бiр шәһәр түр алтындаған,
Лағылдан гәуһәр қақпа жарқылдаған.
Бұл дүние мысалына ұқсамайды,
Құба жел жан-жағынан аңқылдаған.

Шеткерiрек тұрған бiр бақшаға кiрiп барса, бiр қария отыр.
Сол шалмен сәлемдесiп, амандасып, шал жөнiн сұраса:

Бала айтты сол Бағдат жерiм дейдi,
Шәһәрiм алыс қалды, елiм дейдi.
Айтарлық одан басқа менде жөн жоқ,
Құдайдың құдыретiмен келдiм дейдi.

Шал Қасендi күтiп, өз ел жұртының жайын баяндайды.
Бұл Құлжазиран деген патшаның шәһәрi болады. Шал өз елiнiң мән-жайын айтып берiп, өзiнiң баласының жоқтығын бiлдiредi де, Қасеннiң бала болуын тiлейдi:

Шырағым, не сұрайсың мәнiмiз сол,
Патшаның қисабы жоқ әскерi мол.
Өзiм кедей, жоқ едi еш перзентiм,
Қарағым, ендi маған сен бала бол, —

дейдi. Қасен сол шалға бала болып жүре бередi.

Бiр күнi сырнай, керней тартып, ойын-сауық құрып жүрген патшаның баласын көрiп, Қасен шалдан рұқсат алып ойын-сауыққа барып, патшаның баласымен танысып, достасады. Му-

зыкаға Қасен шебер, өнерпаз болады. Патшаның баласы, оның да аты Қасен аттас болып шығады. Бір күні кітап қарасып отырса, кітап арасынан бір асқан сұлудың суретін (портрет) көреді. Қонақ Қасен ішінен сол қызға ғашық болады. Ол патшаның қызы, патша баласы Қасеннің қарындасы екен.

Қыз еш пенде бара алмайтын, дарияның ортасынан салынған биік зәулім сарайда болады. Ол сарайға баратын жалғыз жол патшаның үйіне ғана жалғас салынған. Ол жолмен қызға барып, көрісуге болмайды.

Жолы жоқ одан басқа адам барар,
Айналып мұхит-дария тұрған арал.
Тап сираттай жасаған жіңішке жол,
Қасында бес жүз кісі күзетші бар.

Қасен бір түнде ағаш атымен ұшып барып, қыздың әйнегінен кіреді:

Сарайдың лағыл қақпа, терезесі,
Құриды қызды көріп кенезесі.
Жатқан үй шамшырақтай жарқырап тұр,
Қозбайды енді кімнің делебесі.

Ханьша ақ мамықтай жатыр ұйықтап,
Бекітіп үй есігін әбден мықтап.
Қырық қыз біреуінен біреуі өтер,
Адамзат шыдар емес тіпті тоқтап.

Ойлайды сонда Қасен әртүрлі ақыл,
Ханьша ай мен күндей ұйықтап жатыр.
Оятсам қапияда кетер шошып,
Қалармын арманда боп ертең ақыр.

Қасен ғашықтық халін білдіріп хат жазып кетеді.

Гүлғұсыл хатты көрді көзін ашып,
Бір жігіт ойында жоқ болған ғашық.
Ағаш ат, келіп кетіп жүрген мәнін,
Кетіпті бәрін жазып, мөрін басып.

Ақыры Гүлғұсыл сұлумен Қасен табысып, ағаш атпен келіп, кетіп, алты айдай жастық дәурен сүріп жүреді. Қыз жүкті болады. Мұны патша сезіп, кімнен болғанын білмей, таба алмай жүрсе, бір кемпір бар сырды ашып бермек болады:

Жағамын қызыл бояу сараиына,
Ондайдың сан қылғамын талайына.
Кетпейді табанынан басқан жанның
Әгәрде келер болса маңайына.

Мен табам таксыр патша, мұны саған,
Кім айтар сұрағанмен жайын маған.
Таңертен жұртты жиып табанын көр,
Болады күнәлі адам қызыл табан.

Кемпір қыздың үйін сырлаған болып, еденіне қызыл бояу жағып, ертең келіп өрнек салтып берем деп кетеді. Кешке Қасен келгенде Гүлғұсыл үйді бояғанын, одан күдіктенетінін айтқанша, жігіт бір аяғына бояу жұқтырып алады. Ол бояу бір жұқса, кетпейді екен. Ертеңінде патша елін жиып аяқтарың қаратса, Қасеннің бір табаны қызыл бояу болып шығады. Патша Қасенді дарға асуға бұйырады. Қасенді өлтіретін жерге көріп тұрсын деп Гүлғұсылды қырық қыз нөкерімен алдырады. Қасен өлер алдында дәрет алып, намаз оқуға рұқсат сұрап алып, намаз оқуға даярлық жасаған болып, ағаш атын камдап алады да, аспанға бірақ шығады.

Патша да, жиылған жұрт та ғажап қайран қалады. Қасен ғашық жарын қалдырмай ала кетеді.

Осы қыз жазық маңдай, қиғаш қасты,
Тұсында шаһзаданың өнері асты.
Қанатын қайырып салған сұңқардайын,
Келді де Гүлғұсылды ала қашты.

Қасен өзінің жөнін, ағаш атынын жайын айтып, патшаға қош деп жөнеледі. Аман-есен еліне келіп, ата-ана, ел жұртымен көріседі. Елі үлкен той жасайды. Қасеннің әкесі ағаш ат жасаған ұстаны зынданға салып тастаған екен. Ұста да азаттық алып, ақыры бір шәһарға патша болады. “Қызыл табан – ағаш ат” поэмасының мазмұны осы.

Әсеттің бұл поэмасы Шығыс елінің қиял-ғажайып ертекеріне, ғашықтық дастандарына сырттай сарындас, үндес болғанымен, өзіндік дара ерекшелігі бар.

Әсет бұл жерде оқыған, естіген ертең, аңыз, дастандарға құр ғана еліктеп, Шығыс әңгімелерінің дәстүрінен шыға алмай қалған ақын емес.

Поэма Шығыс әдебиетінің әсерімен жазылса да, баяндауы басқаша. Ақын оқиғаны өзінше түйіндеп, өзінше дамытып, өзінше әңгімелейді. Ертедегі шығыстың ғашықтық махаб-

бат тақырыбындағы дастандарында кейіпкерлер бірін-бірі көрмей, білмей, не болмаса түсінде көріп ғашық болатын. Тіпті сәби күнінде-ақ бір-біріне ынтықтық пайда болатын. Олар бұл дүниеде қосыла алмай, өмір бойы зар шегіп өтетін. Ғашық отына күйіп, жанып дүниеден безіп, мәжнүндік халге жететін.

Қиял-ғажайып әңгімелеріндегі кейіпкерлердің аңсап, арман еткеніне көздеген мақсатына қолын жеткізетін табиғаттан тыс күш болатын. Ол күш самруқ, алып қаракүс, қанатты тұлпар, не бір ғажайып сикырлы заттар бейнесінде оқиғаға араласатын.

“Қызыл табан – ағаш ат” поэмасындағы Қасен мен Гүлғұсыл арасындағы ғашықтықты Әсет өзінше баяндайды. Поэмада Қасен қызға сырттан көрмей ғашық болып, не түсінде көріп ынтызар болып іздеп бармайды. Қасеннің Гүлғұсылға кездесуіне ағаш ат, шебер ұстаның өнері себеп болады. Қасен қыз тұратын шәһарға ойламаған жерден келіп, осы шәһарда жүріп, Гүлғұсылдың ағасымен танысып, достасады.

Бұл достықтың өзі де Қасеннің музыкаға шеберлік өнерімен байланысты. Патшаның баласы Қасен қонақ Қасенді сегіз қырлы, өнерлі жігіт болған соң сыйласып, дос болады. Қасен әуелде кітап қарап отырып, сұлу қыздың суретін көріп, содан барып, қызға ғашық болады.

...Кітаптың арасында портрет көрді,
Қараса ай мен күндей бір сұлу қыз.
Ішіне қонақ Қасен жалын кірді, –

дейді ақын.

Поэма сюжетіне ескі ертеке әңгіменің дәстүрін ақын осы арада орынды пайдаланған. Ол дәстүр ханның асқан сұлу қызын жан көрмес жерге сақтап тәрбиелейтіні еді. “Қызыл табан – ағаш аттағы” патшаның қызы Гүлғұсыл да адам бара алмайтын дарияның ортасынан салынған сарайда сақтаулы.

Бұл арада оқиғаны дамытудағы Әсеттің жаңалығы – Қасеннің қолын ғашығына жеткізетін ағаш ат образы. Бұл табиғаттан тыс мифтік образ емес, адамның ақылдың жемісі, өнердің табысы – ағаш ат. Ағаш ат басында Қасенді қауіп мол, қорқынышты қиын сапарға әкетіп еді. Аяғында көрген бейнеті зейнетке айналып, мұратына жетті.

Қасеннің мақсатына жетуіне көмектесетін поэмадағы кейіпкерлер табиғаттан тыс күш емес. Олар – қарапайым, өнерлі ұста, көпті көрген ақылды, жарлы қария.

Жағымды образға қарсы күресетіндер патша, айлакер

кемпір. Бірақ бұлардың күші, айла-әрекеті ақылға, өнерге қарсы тұра алмайды. Ақырында адамның ақылы, жігер-қайраты, өнері үстем болып шығады.

Поэмадағы екі патша да, Қасен мен Гүлгүсылдың әкелері, жағымсыз образдар. Біреуі өнерлі ұстаны зынданға салып қойса, біреуі қызы сүйген жігітті дарға асуға үкім айтады.

Ақын поэманың аяғында ағаш атты жасаған өнерлі ұстаны бір шәһарға патша етеді. Ол сол кездегі халықтық санадан туған идея, яғни ақылды, білімді, өнерлі адам ел басқарса екен деген арман, тілек.

Поэмадағы оқиғаның желісі бастан-аяқ ағаш атқа байланысты. Әсеттің поэмасының тақырыбының өзі де негізінде осы ағаш ат. Бұл образ орыс ертегісінің сюжетіне жазылған Ершовтың “Конек-горбунок” поэмасына ұқсас. Бірақ, ағаш ат адамның қолынан жасалған өнердің табысы ретінде сипатталады. Әсеттің ағаш атында ғылыми-фантазияның негізі бар.

Бұл жөнінде Әсеттің Абайдан алған тәлім-тәрбиесі, Абайдан естіген өнер, ғылым жаңалықтарынан ұққаны, тоқығаны байқалады.

Әсет поэмада құр әйтеуір ағаш ат бір кереметпен аспанға ұшты демейді. Өз шамасына қарай ағаш аттың қалай жасалғанын, нендей күшпен көкке көтерілетінін өнер-білімге сүйеніп сипаттайды:

Ішіне резинканың жел кіргізіп,
Жасайды бек тамаша бір ағаш ат, —

дейді. XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым, техника жедел дамып, ұшқыш аппараттар жасала бастағаны мәлім. Мысалы, 1852 жылы Жиффер тұңғыш дирижабль жасады. Осындай өнер-білім табыстарынан Абай хабардар болғаны даусыз нәрсе. Ағартушы Абай өз маңындағы талапты жастарға дүние жүзінде болып жатқан жаңалықтарды айтып, таныстырып отырған.

Әсет ағаш атын құдайдың құдіретімен немесе басқа бір белгісіз күштің қуатымен көкке ұшырмай, өзінше адам ақылмен резинкаға жел толтырып ұшырады.

“Қызыл табан — ағаш ат” поэмасын Шығыс ертегі әңгімелерінің әсерімен жазылған, өз уақытына сай қазақ поэзиясында туған ғылыми-фантастикалық поэма деуге болады.

Салиха – Сәмен

“Салиха – Сәмен” поэмасы – Ақылбай, Мағауия поэмаларының үлгісінде жазылған, лирикалы-романтикалық поэма.

Салиха мен Сәмен де бас бостандығы үшін, махаббат жолында құрбан болған жандар. Олар да катал хандардың қайырымсыз заңының құрбандары.

Поэмада Алтай тауын мекендеген маңғұлдың Ясукей деген ханының асқан сұлу қызы Салиха сипатталады.

Ясукей ханның қол астына қарайтын әрі көрікті, келбетті жас батыр Сәмен мен Салиха сұлу көңіл қосады. Жастардың жасырын сыры жария бола бастайды.

Хан сезіп, халық білсе мұндай сырды,
Ажалдан қыз бен жігіт қалмайды аман.
Екеуін еркіменен қоспайтұғын,
Қатыгез хан қаһары өзіне аян, –

дейді ақын.

Сәмен мен Салиха ешбір жаннан жәрдем күтпейді. “Құс ұшпас, жан жүрмес жер табам деп”. Сәмен тау-тасты аралайды. Ақыры бір қиын құзды тауып, сол жерге бекініп жан сауғалауға бел байласады.

Жалтыр тау, тасқан өзен, заңғар биік,
Тұрғандай бұлтан өтіп, көкке тиіп.
Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын, қаһар көзін қарсы түйіп.
Мұңлы тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейне мүлгіп, басын иіп.
Ақырған аждаһадай тасқынды өзен,
Сарқырап төмен аққан шатқа құйып.
Белгілі Жая деген бір қиын тас,
Сескенбей қиындығы жан бара алмас.
Бел байлап сол қиынға бекінбек боп,
Жөнелді қорықпай шыдап Салиха жас.

Қатыгез хандардың тар дүние, катал заңынан, қанша қаһарлы, қанша қауіпті болса да, “темірдей сұрғылт түсті қара жартас” сүйіскен жастарды өз қойнына тартып пана болады.

Екі жас түн қараңғысында қауышып дәурен сүріп жүреді. Сәмен күндіз елге барып, түнде оралып келіп отырады.

Хан қызының жоғалуы елді дүрліктіріп, сергелдеңге са-

лады. Қызды іздеп таба алмаған ел ақыры амалсыз ханға білдіреді. Хан “қызымды азғырғанды дарға асып, қыздың басын кесем”, – деп жарлық етіп, еліне іздеп табуды бұйырады. Ақыры қалың қол Сәмен мен Салиханың үстінен шығып, Сәмен жар үшін қалың қолға қарсы соғысқа шығып, қансырап естен танып құлайды. Қызды хан қолына апарып табыс етеді.

Хан қолы Сәменді өлді деп тастап кеткен. Қансырап талып қалған Сәмен есін жыйады. Сәменнің Сайынбурыл аты қашып келеді. Сәмен тауда үш айдай жасырынып жатып, Мөңғұлдар сиынатын Көкше дейтін әулиені іздеп, Тянь-Шань тауына тартады. Әулие Сәменге жәрдем көрсетудің орнына атын тартып алып, өзін жаяу қайтарады.

Жаяулық, жалаңаштық арман емес,
Көрерлік Салиханы туса заман.
Жолына жаным құрбан болсын деген,
Дауысың құлағымнан кетпейді һәман.
...Зарлатқан мені мұнда, сені онда,
Мейірімсіз қара пейіл, сұмырай заман,
Өлсе көрін, өлмесе өзін көрмей,
Тарқар да өліп кетсем іштегі арман, –

деп Сәмен Салиханы іздеп зар тұтып, Ұланға қайта оралады. Ақын енді Салиха халін баяндайды. Салиха қапа мен қайғыға душар болып сарғайып гүлдей солады:

...Алкызыл нұрлы жүзін әжім басып,
Ағартты жауған қардай самай шашты.
Жабысып тырнақтары саусағына,
Нұр қайтып, жан дененің қаны қашты.

Салиханың көңілі дүниядан Сәменсіз тыянақ таппай,
“жолыңа жаным құрбан болсын” деген уәдесін бұзбай:

...Зар жылап осылайша қылды налыс,
Ай мен күн дәт айтуға тұрсың алыс.
Қуә бол тәңірі алдында сен екеуің,
Ғаламсың көпке бірдей тура қалыс.
...Соны айтып, салды қанжар жүрегіне
Жан шығып тез жетуге тілегіне...

Сөйтіп, қаза тапқан жарының басына Сәмен де келіп,
сол қанжарды қолына алып:

Жас жаным Салихамен болсын бірге,
Маржандай қызыл қаным жерге тамып.
Қара жер, мейірімді анам, аш қойныңды,
Саяңа келіп тұрмын Сәмен ғарып”, –

деп ол да өзін өзі өлтіреді.

“Салиха-Сәмен” поэмасының мазмұны осы.

* * *

“Салиха-Сәмен” поэмасының идеялық мазмұны хандық дәуірде адамның жеке басының ерікті болуына ешбір мүмкіндік жоқтығын көрсетеді.

Ханның ақылды, сұлу қызы Салиха, сол ханның қолбасы батырының бірі Сәмен сияқты шын сүйіскен екі жастың махаббаты қайғыға айналады.

Қаншама екеуі бірдей бұлқынса да, тар заманның бұғауын үзе алмайды. Бұл екеуіне қарсы тұрған жеке адамның басы емес, бүкіл қоғамдық құрылыс. Ақын Салиха, Сәменге қарсы жеке адамды суреттемейді. Ясукейдің хандығын қарсы қояды.

Тауда жасырынып жүрген Салиха жартастың үңгірінен әкесінің көшін көреді. Әсет Ясукей көшін суреттегенде білектің күші, найзаның үшімен билік жүргізген ханның қарулы қалың қолдың ортасында келе жатқан қаһарлы тұлғасын сипаттап береді. Ылғи көк темір құрсаңған жауынгердің ортасында көк сауыт дулығалы, қару-жарақты хан келе жатады. Оның ең сенімді әскер басы да татардан қолға түскен батыр – Темір.

..Бір бөлек көш алдында қалың әскер,
Ясукей ортаға алған батыр ханын.
Татардан қолға түскен Темір ерге
Билеткен әскерінің түгел бәрін.

Мінгені Ясукейдің қасқа арғымақ,
Қара да, торы да емес, қоңырсымақ.
Белінде жібек баулы алтын қаңжар,
Басында дулығалы темір тымақ.

Сар алтын жарқылдайды шарайнасы,
Күмбездей дөңгеленген жұмыр басы,
Жалпақ бет, келте мұрын, сары жүзді,
Сараңдау қызыл жирен сақал, шашы.

Салиха мен Сәмен осындай қалың қолы бар Ясукей сияқты қатал қара күшке қарсы тұрады.

Поэмадағы жағымды екі кейіпкер – Салиха мен Сәмен нағыз романтикалы геройлар. Екеуінің де ерлік мінезі мен ерлік ісі, махаббат жолындағы қайсарлық күресі, алған бетінен қайтпаушылық, айтқан серттен айнымай шығысып, бір қан-жармен тағдырын шешу – осының бәрі өршіл романтизмнің белгілері.

“Өлсек – бір көр, шықсақ – бір төбедеміз”. – деген берік сертті бұл екеуі де бұзбайды.

Салиха мен Сәмен өлгенде жеңіліп, бас иіп өлмейді. Ғашықтық уағдаларына жеткеніне риза болып, тәкаппарлықпен өледі. Бұл екі кейіпкер де бір сезімге берік берілген. Ол сезім – махаббат. Поэманың оқиға түйіні, тартыс желісі сол махаббат жолындағы күреске құрылған.

Ақын поэмасында махаббатты ешбір күш жеңіп бағындыра алмайды деген қорытындыға келеді. Сәмен өлерде:

Қош айтам тау менен тас, дария, көлге,
Жат бауыр өсіп өнген біздің елге.
Сайрандап көк аспанмен тұрған жұлдыз,
Сәуле бер біздің жатқан сары белге, –

деп жұлдыз сәулесінің ғашықтар қабіріне түсіп тұруын тілейді. Салиха да, Сәмен де өлерде жеке адамға кінә қойып, қарғыс айтпайды. Өйткені, бүкіл әлеуметтік өмір, хандық дәуір, тар заман бұлардың өліміне кінәлі.

Әсет поэманың романтикалық сарынына сай оқиғаның ширап өрбуін асқақтаған суреттермен, табиғаттың айбынды тұлғасының құшағында береді. Әсет поэмасының тіл көркемдігі, сөз образдары, көркемдік приемдар жағынан да Абай үлгісі, Абай өнегесі айқын көрініп тұрады. Салиханы суреттегенде:

Тамағы ақ торғындай үлбіреген,
Сүйіріктей он саусақтың бар саласы, –

деген сипаттау Абайдың:

Жүп-жұмыр ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды, –

деген суретін еске түсіргендей. “Отындай электрдің жалтылдаған” деген салыстырулар Абай русизмі.

Темірдей қара жартас сұрғылт түсті,
Қабағын қаһар көзін қарс түйіп, —

деген суреттер Ақылбайдың “Дағыстан” поэмасындағы, не Лермонтовтағы Кавказ тауының бейнесін көз алға әкелгендей.

Мұңлы тау аспанменен бой теңескен,
Тұрғандай бейне мүлгіп басын иіп,

деген сияқты метафоралар, “Ақырған аждаһадай таскынды өзен” деген жолдар Әсет ақынның бұл поэмасында анық мәдениетті, жазба ақынның салтын сақтағанын көрсетеді.

“Салиха—Сәмен” — лирикалы-романтикалы көркем поэмалардың бірі. Әсет поэзиясының жақсы мұрасы.

Мұқа Әділханұлы

(1857–1927)

Мұқа – Абайдың сегіз қырлы өнерпаз, талантты шәкірттерінің бірі. Ол – асқан домбырашы, шебер скрипкашы әрі әнші, әрі акын.

Мұқаның өнерін Абай қалай бағалап, оған қалай қамқорлық еткенін Мұхтар Әуезов былайша сипаттайды:

“Абай жалғыз өсиетін қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды.

Мұқа Абай еліне кеңшілік жай емес, қысылшан хал үстінде пана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әменгеріне тигізбей алып қашады да, Абай ауылына барады. Бұл кеткен соң, жуан ағайыны артындағы үйін шауып алып пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады”, – дейді.

Ал, енді қысқаша болса да, Мұқаның нақты өмірбаянына тоқталайық:

Мұқа Семей облысы қазіргі Жанасемей ауданында, Уақ ішінде Жарқын, Жарқыннан Төрехан, Әділхан, Өзбехан, Қарахан деген төрт ұл болған. Біз Мұқаның өмірбаянына қатысы бар Жарқынның екі баласының ғана ұрпағын баян етеміз. Олар Әділхан, Қарахан; Әділханнан Қайырхан Мұқа (шын аты Мұхаметқанафия) және Мәлімғаждар, Қараханнан Әлімхан, Қасымхан; Қасымханнан Қайсахан, Қожахан, Алшынбай.

Мұқа ауыл молдасынан оқып сауатын ашқан соң табиғатынан талантты, ән-күй, өлең-жырға құштар жастың бар ынта-жігері өнерге ауады. Әкесі Әділхан немере ағасы Үрістемнен (Өзбекханның баласы) екеуі де ірі домбырашы екен. Солардан үйренген домбыра өнерін місе тұтпаған талапты, талантты жас биікке қол сермеп, өнер-білім іздеуді көксейді. Әкесі оны алысқа жібергісі келмейді.

Бұл ауылдар жаз шыға Семейден 25–30 шақырым Балтарақ дейтін жерге көшіп келіп, егін салады екен. Әкесі Мұқаны соқа атына мінгізбек болады. Бар ынтасы музыка өнеріне ауған Мұқа, ауылының қалаға жақын жерге көшіп келуін пайдаланып, бір-ақ күнде Семейге қашып кетеді. Қаланы

тұңғыш көрген ол көшені аралап жүргенде, бір үйде тартылып жатқан әсерлі күй естиді де, күй тартушыны көруге құмарланып үйге кіріп барса, ол – қонақ үйі екен. Күй тартып жатқан сол қонақ үйдің музыканты, скрипкашы – Ғарифолла деген татар болады.

Мұқа Ғарифоллаға жабысып, айрылмай скрипка ойнауды үйретугін өтінеді. Сөйтіп, әркімнің үйіне қонақтай жүріп, Ғарифолладан скрипка үйренеді. Әкесі баласының музыкаға әбден ауып кеткенін білген соң, оған қаладан пәтер үй алып береді. Ғарифолладан бастап, сол замандағы Семей қаласының музыканттарымен танысып, әсіресе, скрипка ойнау өнерін меңгеріп алады. Осы кезде Мұқа Абайдың өлеңдерін қолжазбалар арқылы оқып танысып, Абай әндерін домбыра, скрипкаға қосып айтып жүреді. Енді сол Абайдың өзін көріп, жүздесіп, лебізін естісем-ау деп ынтығып, арман етеді.

Мұқаның Абай ауылына бару тарихы былай еді:

Әкесі Әділханмен бірге туысқан Қараханның Әлімхан деген баласы болғанын жоғарыда айттық. Әлімхан белгілі шешен, би және Абаймен сыйлас, достас адам болған. Осы Әлімханның Исахан деген баласы қайтыс болып, оның әйелі Фатиха жесір қалады. Фатиха Көкеннің Бәли деген кісісінің сұлу қызы болған екен. Исаханның жылы тақаған кезде ағайындары Фатиханы Әлімханның екінші баласы Мұсаханға қосуды ұйғарысады. Екі әйелі бар Мұсаханға баруға Фатиха іштей наразы болады. Фатиханың Мұқамен махаббаты жарасып, екеуі көңіл қосады. Исаханның жылын беруге бір-екі ай қалғанда, Мұқа Фатиханы жасырып алып қашып, Абай еліне кетеді. Жаңағы Мұхтардың: “Мұқа, Абай еліне кеңшілік жай емес қысылшаң хал үстінде пана тілеп барған еді”, – дейтіні сол.

Сөйтіп, елдің ежелгі ескі салтын бұзып, үлкен дауды мойнына алып, Мұқа мен Фатиха екі жүйрікті сайлап мініп, бір түнде Абай ауылына бет қойып жөнелген. Таң ата Ақшоқыда отырған Абай ауылына жетеді. Абай Шыңғыста съезде екен. Үйде Мағауия болады. Өнерпаз Мұқаны Мағауия сырттай біледі екен. Достық көңілмен құшақ жайып қарсы алып, халжайларына қанған соң, Абайға хат жазып, қолма-қол кісі жібереді. Ертеңінде Мұқаны тез жіберсін деген Абайдан хабар келеді. Мағауия Мұқаның қасына кісі қосып, Шыңғыста съезде жатқан Абайға жібереді. Абай барлық хал-ахуалды сұрап білген соң, Әлімханға хат жазып, кісі жіберіп, дау-шарды тоқтаттырады.

Осыдан былай, 1889 жылдан бастап, Мұқа Абайдың бір туысқан інісіндей болып кетеді. Осы достық Абай дүниеден

кайтқанша үзілмейді. Абай қалаға барса, Мұқаны қасынан тастамай, орыс және басқа халықтардың музыка өнерін меңгеріп, жетілуіне үнемі зер салады. Әрдайым қалаға жіберіп, театрда, қала бақшасында музыка тындауын, музыка мамандарынан үйреніп, өнерін өркендетуін қадағалап отырады.

Ұлы ақын Мұқаны Москва, Петербург қалаларына жібермек болып, әдейі арнап киім тіккізіп, жол жабдығын даярлап жүрген шақта ел ортасының тағы бір шатағы кездесіп, Мұқа бара алмай қалады. Абай Мұқаға өз балаларын, басқа да ауыл жастарын музыкаға үйреттіреді. Мұқадан үлгі-өнеге алған Абай балалары шебер скрипкашы болып шығады.

Кейіннен Петербургте оқыған Әбіш жаз елге демалысқа кайтқанда орыс халқының, Европа елдерінің ән-күйлерін ала келіп, Мұқаға үйретіп, сол арқылы қазақ сахарасына жайылады. Мұқа өзінің скрипкада ойнайтын жақсы көретін күйлерінің бірі белгілі “Дунай толқыны” (“Дунайские волны”) деген күйдің әсерін өлең еткен:

Он саусақ бірі басып, бірі қаға,
Сорлы ғой қақпа күйге жұрттан баға.
Бекітіп скрипканың смычогын,
Мен соқтым “Дунайская волнаға”

Дунайдың мыңға жуық әуел басы,
Пенденің толқынға ұқсас өткен жасы.
Емлесін дәл басқанға сүйсінісіп,
Еміреніп күйге түсті ықыласы.

Сайрауық тамам құстар тұрды тыңдап,
Бір-бірін үндеме деп баспен ымдап.
Гуляйтта көлбектеген көкше құстар,
Құйылды күй тыңдауға көктем зымғап.

Ұшқан құс, жүгірген аң ол кеңесті,
Қамығып қалың орман қайғы жесті.
Күйменен кеңіл дертін күйсіндірген,
Бишара неткен мұңды адам десті.

Оның ақындық өнерде Абай дәстүрінен тағлым алып жазған өлеңдері де аз емес. Мұқаның скрипкада, домбырада орындайтын күйлерін сақтаған Абайдың немересі. Ақылбайдың баласы — Исраил еді. Ол скрипкамен, домбырамен орыс, Европа, қазақ халықтарының қырықтан астам ән-күйлерін

орындаушы еді және Мұқаның балдызы Сайран Мәмбеталыұлы да Мұқа мұрасын сақтап қалған шәкірті, домбырашы, скрипкашы болатын. Сайран 1930 жылдары қайтыс болды.

Мұқа домбыраны өзі жасайтын шебер екен. Оның жасаған домбырасы қазақтың ескі домбырасынан әлдеқайда үнді, орыс күйлерін де орындауға қолайлы болған. Мұқадан кейін сондай домбыраны Сайран жасап елге таратқан. Исраил, Сайран сақтап қалған Мұқаның музыкалық мұрасы кезінде нотаға түсірілмей қалды.

Мұхтар Әуезов Мұқаны жас шағынан естіп, білген. Екеуінің соңғы кездесіп, сырласып, әңгімелескені 1926 жыл еді. Мұхтар Ленинградта оқып жүріп, Қазақстанда пьесаға бәйге жарияланғанда “Каракөз” пьесасын жібереді. Ол пьесасы 1926 жылы бірінші бәйге алып, театр сахнасынан көрсетіліп және жеке кітап болып басылып шығады.

Оқудан жазғы демалысқа шыққан соң, Қызылордаға келіп, пьесаның бәйгесін және қаламақысын алып, Семейге оралып, одан өз еліне келіп, бұл жолғы демалысын туыс, құрбы-құрдастарының ортасында сауық-сайран, сейіл-серуен құрып өткізеді. Демалысының бір кезеңін Көкен тауында, Мұқа-ның мекен жайында өткізіп, Мұқамен әңгімелесіп, ән-күйін тыңдауды мақсат етіп, Көкенге келеді. Мұқаның мекені табиғаты бай, қалың қайың, талды, ну орманды, қарақат, бүлдірген, мойыл сияқты жемістер өсетін, таудан құлап ағатын мөлдір тас бұлағы бар, бұлбұл сайрап тұратын Көкен тауының тамаша бір қойнауында болған. Бұл жерді “Қандар сайы”, “Мұқа сайы” деп атаған.

Бұл саяхат сапарында Мұхтардың қасында өз ағалары: Ағзам, Ахмет Әуезовтер, Абайдың баласы әнші, домбырашы, скрипкашы Ізкәйіл, немересі Исраилдар болады. Абайдың досы, талантты шәкірті Мұқа мен Мұхтар 1926 жылы Көкенде осындай жағдайда кездесіп еді.

Мұхтардың “Абай жолы” романындағы белгілі тарихи тұлғаның бірі осы Мұқа Әділханов. Және Мұхтар өзі жақсы білетін Мұқаның аты-жөнін өзгертпей, оның бейнесін, өнерін, адамгершілігін, мінез-құлқын дәл де көркем суреттеп берген.

Романның “Биікте”, “Татьянаның сахарадағы әні” деп аталатын тарауында Семей қаласында бас қосып отырған Абайдың шәкірт достарын сипаттай келіп, Мұхтар былай дейді: “Бұлардан басқа алты-жеті кісінің ішінде атақты әнші Мұқа бар. Боздай шығатын зор үнді Мұқа биік денелі, ақшыл жүзді, келбетті жігіт. Оны осыдан екі жыл бұрын әрі әнші, әрі домбырашы, скрипкашы болғандықтан, Абай Уақ ішінен көшіріп өз қолына алған. Мағауияға жолдас етіп берген болатын”. Ал енді, Мұқаның Абай мұрасын халыққа жаюдағы

ұмтылмас мәдени-тарихи еңбегін Мұхтар былайша суреттеп береді: “Осы кештен екі күн өткен соң, қаладағы бір Уактын қыз ұзататын тойына Мұқаны шақырысқан еді. Сондағы қыз-келіншек, күйеу жолдастар, қайын жұрт, жас-кәрінің ортасында “Татьяна хаты” Пушкин үшін өзгеше жана бір қауым ортасында, тұңғыш рет топ алдына шықты. Атақты әншінің үнімен орыс ақыны сазын шертті. Мұнда да барлық мәжілісті шын сезім, шыншыл наз ұйыта мүдгітті. Мұқа соңғы сөздерін ырғап қайырып болғанда, әннің басынан-ақ құлай тыңдап отырған бір қарт сөз қатты:

– Қарағым, көп жаса, бойды балқытып-ақ өнер айттың. Ал енді осыны айтқан кім? Соны бір шешіп берсеңші, – деп еді, әнші жігіт:

– Орыстың баяғы өткен ақыны Пошкин деген кісі болған екен, соның сөзі. Қазақшаға аударған Абай, – деді.

Романның “Қыспақта” деп аталатын тарауында Мұхтар Әуезов Мұқаның өмірінде болған тарихи бір шындықты, болған оқиғадан алып, көркем суреттеп берген.

Петербургтен Семейге келіп, содан Қарқаралыға бара жатқан жолында Әзімхан төре Семейтаудың бауырындағы бір ауылға қонған түні Мұқамен кездеседі. Ол оқиғаны жазушы былай суреттейді:

“...Көрші үйде, аңғары отау үй болу керек, көп жастардың жиыны, думан-сауығы болып жатыр еді. Үлкен үйде, ауыл иесінің қасында отырған Әзімхан сол отаудағы ән, сауықты естіп, алаңдай берген. Ол думанның жөнін сұраса, күйеу кеп жатыр екен. Және сол күйеудің жолдасы боп осы Семейтау, Көкенге аты шыққан бір әнші келіпті. Осы жайды естіген соң жас төре үй иесінен өтініп, сол әншіні шақыртып алған.

Ақсұр жүзді, келісті толық бет бітімі бар, етшен денесі зор біткен, шоқша қара сақалды әнші бұл төрені салған жерден таң қылды. Ол:

Амал жоқ, қайттім білдірмей,
Япыр-ау, қайтіп айтамын.
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын! –

деп бір кетті. Сөздер төренің шала шырамытатын бір жайын баян етті. Әнші маңғаз пішінмен бұл өлеңді біраз айтып беріп, енді тағы бір өлеңге ауысарда: “Жаңағы хатқа Онегиннің жауабы мынау”, – деп салды. Төре енді анық өзі болжаман жайды жыр ғып отырған әншіге басын жастықтан жұлып алып, ентелей беріп сұрау салды:

– Әй, сенің айтып отырғаның “Евгений Онегин” бе? – деп өзіне біткен топтастау оқыс мінезімен тұрпайы сұрады. Әнші бұған бет бұрмастан, әдейі пандана жай сөздей етіп, тағы бір жайды айта салды:

– Өзің де біледі екенсің ғой, мырза!

– Е, сен оны қайдан білуші ең.

– Мен білмейтін несі бар.

– Кім деп білесің оларды?

– Олар орыстың мен сияқты Пушкин деген ақыны жазған қыз бен жігіт. Солардың жөнін қазақша өлең қылған біздің досымыз, үлкен ақынымыз Абай, – деді. Бұл жайды Әзімхан төреге баян еткен Абайдың дос әншісі Мұқа болатын”. Мұхтардың Әзімхан төре деп шын атын өзгертіп, романда жазып отырған адамы – Әлихан Бөкейханов.

Абай қайтыс болған соң, Әлихан Бөкейханов ақынның өмірбаяның орыс тілінде жазып, мақаласын:

“Абай (Ибраһим) Қунанбаев (некролог)” деп атап, Семейде шығып тұратын “Семипалатинский листок” атты газетте 1905 жылы жариялаған (1 250–252). Осы мақаласы екінші рет, 1907 жылы “Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского Географического общества. Выпуск 111-й” деп аталатын кітапта жарияланған. Осы кітаптың 5-ші бетінде Мұқа Әділхановпен кездескенін Әлихан былай суреттеп жазған:

“Абаем переведен на киргизский (казахский) язык “Евгений Онегин”, особенно в степи популярностью пользуется “Письмо Татьяны”, для которого тот же переводчик сочинил мотив. В 1899 году в Коконской волости киргизский певец Адылхан (Мұқаны әкесінің есімімен атаған. – Қ. М.) предложил нам послушать “Письмо Татьяны” под аккомпанемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает “Письмо Татьяны”, Адылхан не безгордости указав на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он, певец – “ахын” Пушкин, который воспел, как Татьяна слу (красавица) любила джигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней, как мудрец”.

Мұхтардың романда суреттеп жазғанының негізі осы оқиға.

Мұқаның Абайдан алған тағлым, үлгі-өнегесі, ұлы ақынның саналы, мәдениетті шәкірті болғаны осы деректерден айқын көрініп тұр. Және ұлы жазушы Мұхтар Әуезов өмірде

болған осы оқиғаны өзінің романында нағыз шындықпен тарихи негізде көркем суреттеп, Мұканың образын дәл бергенін жаңа айттық. Мұканың өнерпаз, адамгершілік қасиеттері романның әр тарауында сипатталып отырады. Абай өз өмірінің ақырғы кезеңінде көп сый, құрмет көрсетіп, Мұканы туған жеріне — Көкенге қайтарады. Мұканың қалған өмірі өзінің туған елінде, Көкенде өтеді. Ол өмір бойы елдің даушарына араласпай, өзінің бала жасынан қуған өнері — музыка, ақындық жолында болады.

1909 жылы Семейде “Народный дом” деп аталатын орында қазақ, татар өнерпаздары домбырашы, скрипкашы, әнші-күйшілердің жарысы болғанда, оған Абай шәкірттері Мұқа Әділханов, Әлмағамбет Қапсаламов, Мұқаметжан Майбасаровтар да қатынасады. Осы өнер салыстыру жарысында бас бәйге Мұқаға беріледі.

Абайдың өнерпаз шәкірттері Мұқа, Әлмағамбеттер ұлы ұстаздары дүниеден қайтқаннан кейін, оның әдебиет, өнердегі дәстүрін халыққа кең жайып насихаттауда, өздері өле-өлгенше мол мағналы еңбек еткен.

Мысалы, 1915 жылы 13 ақпанда Семейде өткізілген қазақша ойын-сауық, ән-күй, өлең-жыр кешінде Мұқа, Әлмағамбеттер қатысып ән салып, күй тартады.

Мұқа 1927 жылы 70 жасында дүниеден қайтты. Бейіті Көкен тауында, Қандар сайында.

Тайыр Жомартбайұлы

(1884–1937)

Абай мектебінен тәлім, өнеге алыш өскен талапты жастардың бірі – Тайыр Жомартбайұлы еді.

Ауыл мектебінде оқып сауатын ашып, хат таныған кезінен бастап, зерделі жас шәкірт: ұлы ақынның өлеңдерін құмарта, құныға оқып жаттайды. Абайдың жас ұрпақты өнер-білімге шақырып жазған өнегелі өсиет өлеңдері, жас шәкірттің сана-сезімін оятып, оны оқу-білім жолына құлшындырады. Кейін ержетіп, есейген шағында, жазуға талаптанып қолына қалам алып, алғашқы қадамында жазған Тайырдың бір өлеңін, Көкбай ақынның баласы, Ақыметқалидың аузынан жазып алған едім. Ол өлеңі мынау:

Кел, Тайыр, қаламыңды ал, қағазың жаз,
Дүниеге келіп кетті талай шаһбаз.
Кешегі өтіп кеткен хәкім Абай
Оның да сөзін ұғып қалғандар аз.
Қаңқылдап жаз шықпаған жерге келді.
Адасқан уақытынан болды бір қаз... –

дейді.

Сөйтіп, Абайды зер салып, зерттеп оқып терен түсінген Тайыр, оны тек данышпан ақын ғана емес, кемеңгер Хәкім (философ) деп танығанын көреміз.

* * *

Тайыр Жомартбайұлы 1884 жылы Семей облысы қазіргі Абай ауданында, ата мекені – Мұқыр деген жерде дүниеге келген.

Әкесі Жомартбай: ескіше сауатты, көңіл көзі ашық, жайдары мінезді, тілге шешен, ел-жұртына қадірлі, абройлы адам болыпты.

Жомартбайдың бәйбішесінен жеті ұлы болған. Балаларын жас ретімен атасак, тұңғыш баласы Сәрсенбай, одан кейінгілері: Ибраһим, Хасен, Ғабдолла, Шамали, Тайыр және Төлеубай. Сөйтіп, Тайыр – Жомартбайдың алтыншы баласы.

Жомартбайдың руы, тобықты ішінде, Көкше, яғни Жомартбай Көкбай ақынмен аталас әрі ауылдас, ағайын адам. Көкбай өз ауылында медресе ашып, бала оқытқаны туралы жазған өлеңінде:

Ұстаздық жолына енді бетті бұрдым,
Іс қой деп игілікті ниетті бұрдым.
Сахрадан медресе ашып, бала оқытып,
Ортаға сол күндегі дүкен күрдым.

Оқыды: Арғын, Найман, Керей мен Уак,
Көрген соң тек оқуды кетті құлап.
Араб, түркі, орысша сабак бердім,
Өзіме өз еңбегім кетті ұнап, —

дейді.

Кейін әкесінің өмір тарихын зерттеп, жазған мақаласында, Тайырдың баласы Өзбек былай дейді:

“О ранних детских годах отца Таира сохранилось немного сведений. .

... Имеется достаточно оснований, что Таир в начале подросткового возраста учился в медресе Кокбая. Желание учиться у отца остро проявилось еще в то раннее время, он жаждал знаний...”

Алғашқы білімді Көкбай медресесінен алған Тайыр араб, түркі және орыс тілдеріне үйрене бастайды. Абайдың адал досы әрі шәкірті, үлкен ақын әрі білімді ұстаз Көкбайдың тәлім-тәрбиесін көріп, үлгі-өнеге алған Тайырдың өнер-білімге деген құштарлығы онан сайын арта түседі.

Тайырдың ағасы Хасен, жақсы көретін інісін Семей қаласына әкеліп, қалада тұратын жақын туысканының үйіне орналастырып, медресеге оқуға түсіреді. Оқуға аса ынталы әрі қабілетті Тайыр, үздік оқитын шәкірт ретінде ұстаздарының көзіне түседі. Семейде оқып жүрген жылдары: қалада тұратын тобықты елінің ауқатты адамдарының үйлеріне барып жүретін болады. Ол адамдар оқыған жастарды жақсы көретін, оларды сыйлайтын көзі ашық, көңілі ояу — Жақия қажы, Қаражан сияқты үлкен байлар, мәдениетті адамдар елі.

Тайыр Семей медресесіндегі оқуын тәмамдағаннан кейін, одан әрі оқуды ойлайды. Сол кездегі әйгілі оқу орны — “Медресе Ғалияға” түсіп оқуды армандайды. Ол арманына жаңағы Жақия бастаған байлардың камқорлығының арқасында ғана қолы жетеді. Қолы ашық Жақия қажы сияқты мырза — жомарт байлар Тайырдың оқуына, тұрмысына жетерлік ақша жинап беріп, оны Уфа қаласына оқуға аттандырады.

Тайыр Жомартбайұлы Уфа қаласына барып, “Медресе Ғалияға” оқуға түседі. Бұл оқу орны туралы “Қазақ Совет энциклопедиясында” берілген мағлұматты келтірейік:

– “Медресе Ғалия” – Еділ бойында, Орта Азия, Қазақстанда жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогрестік бағыттағы оқу орны. Өйткені “Медресе Ғалияда” – Шығыстану пәндері, логика, философия, тарих, география, математикамен қатар орыс тілі, орыс әдебиеті де оқытылған.

19 ғасырдың аяғы, 20 ғасырдың басында “Медресе Ғалияда” көптеген талапкер қазақ жастары оқыды. Солардың шінде белгілі жазушы Бейімбет Майлин, педагог-ақын Тайыр Жомартбаев болды.

“Медресе Ғалияда” қазақ қыздары да оқып, білім алған. 1911 жылы “Медресе Ғалиядағы” қазақ жастары өз каражатымен “Әліппе яки төте оқу” атты қазақша оқулық кітап бастырды. Революция алдында “Медресе Ғалиядан” оқып шыққан қазақ жастары ауылдарға келіп, мұғалім болып, көпшілігі ағарту ісіне ат салысты (ҚСЭ, 7-том).

Тайыр “Медресе Ғалияны” 1911 жылы тәмамдап, медресе өзімен бірге оқып, бір жылы бітіріп шыққан Адығия деген татар қызына үйленіп, Семейге қайтып келеді.

Семейде, ол кезде Заречная Слободка деп аталатын, қазіргі Жаңасемей қаласында 1910 жылы ашылған мұсылман мектебі болатын. Тайыр сол мектепте ер балаларға, әйелі Адығия қыз балаларға сабақ береді.

Тайыр жанашыл мұғалім ғана емес, мәдени-ағарту ісіне белсене ат салысқан. сол кездегі белгілі мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің қатарында болған адам.

“Сол кездің, – дейді Қазақ энциклопедиясында, – озат адамдары Ғабдолла Тоқай, Ғалиасқар Қамал, Фатих Әмірхан (татардан), Мәжіт Ғафуры (башқұрттан), Мамед Күлизаде (азербайджаннан), Тайыр Жомартбаев, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұд Торайғыров (Қазақстаннан), т. б. ескілікті оқу тәртібін жақтаушы молдалармен дін иелеріне қарсы күресті, төте оқуды жақтады” (ҚСЭ, 7-том, 363-бет).

Қазақтың алдыңғы қатарлы педагог-ақын, жазушылары төте оқуды құр жақтаумен ғана болған жоқ, өздері мектепте сабақ бере жүріп, оқулық кітаптар жазды. Спандияр Көбеев “Үлгілі бала” кітабын, Мұстақым Малдыбаев “Қазақша ен жаңа әліппе” (1912, Семей) оқулығын, Тайыр Жомартбаев – “Балаларға жеміс” кітабын жазды.

Тайырдың өлеңмен жазылған “Балаларға жеміс” атты кітабы Семей қаласында 1912 жылы “Ярдам” (“Жәрдем”) серіктестігінің баспасынан басылып шықты.

Ақын — педагог жас ұрпақты оқуға шақырып, өнер-білімнің пайдасын, қадір-қасиетін, баланың құлағына жағымды, көңіліне қонымды, ұғымына оңай, сезіміне әсерлі, тілге жеңіл өлеңмен суреттеп береді. Ақын өлеңдері: жас буынның сана-сезімін оятып, көңіл көзін ашып, адамгершілікке, ізгілікке, мейірімді, бауырмал болуға, адалдыққа, еңбекке баулып, тәлім-тәрбие жемісін беруге арналған.

Кітаптың сыртқы бетінде басылған:

Неге болды кісіде
Екі құлак, жалғыз тіл,—
Көп естісін, аз сөйлеп,
Дегені ғой, соны біл,—

деген бір ауыз өлеңнің өзі-ақ жас жеткіншектердің сезімін селт еткізіп, көңілін кітапқа аударады.

“Балаларға жеміс” кітабының беті ең алдымен мектепті суреттеу өлеңімен ашылады. Жас шәкірт бала мен оның кішкене қарындасының әңгімесі арқылы, шәкірт баланың түсінігі бойынша, мектептің үйі, оқу тәртібі, бала тілімен сүйкімді суреттеледі. Бұдан кейін “Мектепке шақыру” өлеңі келеді. Бұл өлең К. Д. Ушинскийдің “Приглашение в школу” деген шығармасының үлгісі бойынша жазылған.

“Ижтиһадты бала” деген өлеңінде оқуға ынталы, тәртіпті баланың жақсы мінезі сипатталады. “Балаларға нәсихат”, “Балалардың тілегі”, “Жетім баланың мұңы”, “Рақымды кемпір”, “Рақымды жолдас” бар.

Педагог ақынның балаларға арналған шығармалары жалаң үгіт-насихат өлеңдер емес, жас оқушыларды ойландыратын, ізгі іс-әрекетіне құлшындыратын сана-сезіміне әсерлі, шағын уақиғалы өлеңдер болып келеді. Мысалы, “Рақымды жолдас” атты өлеңінде жетім балаға шәкірт жолдастары қамқорлық жасап, орталарынан ақша жинап, оқу құралдарын сатып әпергені баяндалады, қайырымдылық, достық үлгі-өнегесі көрсетіледі.

“Балаларға жеміс” кітабында: орыс педагогтарының, жазушыларының жас өспірімдерге арналған өнегелі әңгімелері, қазақ тіліне өлең түрінде аударылып берілген. Мысалы: К. Д. Ушинскийдің “Мектепке шақыру” әңгімесі, Лев Толстойдың: “Старый дед и внучек” атты әңгімесін “Үлкен әке мен неме-

ре” деп, “Праведный судья” деген әңгімесін—“Махмұд патша мен қайыршы” деп аударған. Толстойдың бұл әңгімесін Ыбырай Алтынсарин қара сөзбен аударып, 1879 жылы өзінің “Қазақ хрестоматиясы” кітабында жариялаған болатын.

Тайыр жалпы өлеңдерінің көбін, ұлы ұстазына еліктеп, Абайша жазуды мақсат еткен. Абайдың “Сегіз аяқ” өлеңінің үлгісімен жазған “Замандастарға қарап” деген бір өлеңін “Балаларға жеміс” кітабына кіргізіпті.

Тайыр өлеңінде “Сегіз аяқ” өлеңінің құрылысы дәл сақталғанын көреміз.

Өлеңнен мысал келтірейік:

Кешегі Абай,
Білгіштер талай
Қайтсе де елге жақпады
Кезерген ерін,
Сыпырған терін,
Еңбегін кім ақтады.
Түзелсін десең көп дүрмек,
Ең қызығы жәй жүрмек.
Болам деп сондай,
Көңілін толмай,
Бақаға ұқсап жүрмелік.
Шаптығып пілге,
Тоқтамай тілге,
Қанденге ұқсап үрмелік.
Әліңді біл болсаң өз,
Өзіңе-өзің болма мәз.

Осы өлеңнен кейін келетін “Біздің хәл” деген өлеңмен “Балаларға жеміс” кітабы аяқталады. Соңғы өлеңін былай деп қорытады:

Сөзді қылдым мен тәмам,
Үйретер өзі бұл заман.
Асықпасаң байқарсың,
Нелер жақсы, не жаман.
Осы енді біздің хәл,
Ілтипат қып назарға ал.
Ұнаса сөзім ақылға,
“Рахмет” деп айта сал.

Кітапқа ақынның барлығы жиырмаға тарта өлеңі кірген.

Тайыр Жомартбайұлының бұдан 84 жыл бұрын жарияланған “Балаларға жеміс” кітабы тәлім-тәрбиелік маңызы зор, педагог ақынның алғашқы еңбегі еді.

“Балаларға жеміс” 1912 жылы басылып шыққаннан бастап, сол кездегі Семей облысындағы (қазіргі Семей, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстары) мұсылман мектептерінің оқу құралы болды.

* * *

Жиырманшы ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетінде көркем проза туа бастағаны белгілі. Көркем прозаның алғашқы бастамасы, 1910 жылы Қазан қаласында басылып шыққан, Міржақып Дулатовтың “Бақытсыз Жамат” атты романы болды. Содан екі жылдан кейін, 1912 жылы Тайыр Жомартбаевтың “Қыз көрелік” атты романы Семейде басылып шықты. Спандияр Көбеевтің “Қалың мал” романы 1913 жылы басылса, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1914 жылы жазылған “Қамар сұлу” романы 1933 жылы ғана жарық көрді. Сөйтіп, уақыт жағынан алып қарағанда, Міржақып Дулатовтан кейін роман жазған екінші жазушы — Тайыр Жомартбаев.

Тайыр роман жазуға талаптанып, қолына қалам алғандағы мұрат-мақсатын, шығармасының басында, ұзақ өлеңмен (84 жол) баяндап береді. Мысалы, романға кіріспе сөзінде былай дейді:

Әңгіме бір сөз жаздым құрбыларға,
Замандас жаңа өспірім тұрғыларға.
Ашық қып қатем болса, хабарландар,
Итерме көре тұра құзар жарға, —

деп, оқушы жұртшылықтың ашық сын-пікірін айтуын өтінеді. Содан кейін:

Кел, Тайыр, жаз сөзіңді босқа жатпа,
Таныс бол құрбылармен жазып хатқа.
Қыларсың бірін түзу, бірін қисық,
Теп-тегіс жету қиын қамалатқа.
Еңбек қыл, қалам ұстап білгенді жаз,
Бос жүріп бой түзетумен болмаңыз мәз.
Алдыңғы білгендерден тәғлім ал,
Дүниеге сөз таратқан көп өнерпаз...
Жастарға сөйлейтұғын келді кезек,
Өнерден бос қалмандар бойды тежеп.

Меруерттің алтын менен қапшығы бол,
Ішін нас боп жүрмесін, сыртты безеп.
Бір роман жазайын деп мен де ойладым.
Оянған мезгіл еді барша жанның... —

деп келіп, шығармасының уақиғасына кіріседі.

“Қыз көрелік”-тің бас кейіпкері — Ғайникамал.

Ғайникамал — Ғайса дейтін бай адамның жалғыз қызы.

Көңіл көзі ашық, заман ағымын дұрыс түсініп байымдаған Ғайса, жалғыз баласы Ғайникамалды жақсы тәрбиелеп өсіруді әке парызы деп біледі.

Қызына құда түспекші болған ауқатты адамдарды беттетпейді. Бәйбішесі Ғайсаға:

“Осы Қаракеннің өзіңмен құрдас бесіктегі баласына Ғайникамалды атастырайық: қыс жерін жейміз, жаз құдығына қонамыз ғой”, — деген бәйбішесінің сөзін қабыл алмаған Ғайса:

— “Өзіме һәм Ғайнышыма ғұмыр берсе, осы баламды әбден ер жеткізіп, сабақ оқытып, өзінің сүйгеніне беремін”, — деп өзіне өз аузынан уағда қылып, серт етіп қойды”, — дейді жазушы.

Жеті жасқа толған соң, Ғайникамалды оқытуды ойлаған Ғайса: Қырымнан оқып келген, жаңашыл бір мұғалімді айына жиырма бес сом беріп жалдайды. Бала оқытатын жеке үй салып беріп:

“Ғайнышымның арқасында мына кедей балалары да оқысын, адам болып бір нәрсе біліп қалсын”, — деп, әлгі мұғалімді қолына ұстап, балаларға сабақ бергізеді.

Ғайникамалдың оқуға, өнер-білімге күштар әрі қабілетті, табиғи талантты шәкірт болғанын жазушы былай суреттейді:

— “Ғайникамалдың ұғымына, зейініне мұғалім өзі таңтамаша қалушы еді... Ғайникамал қасындағы бірге оқыған қазақ балаларының жалқаулығына, оқымайтындығына қапа болып, он жасында-ақ ойлап, өлең жазушы еді. Жаңа шыққан романдарды және Ибраһим Құнанбай ұғлының жазған өлеңдерін һәм ғиратты хикаяларды бек көп оқушы еді...”

Қайда бір қызық хикаялар көрсе, әке-шешелеріне оқып беруші еді және Абайдың “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген өлеңін оқып, жаттап алып, “Әке! Мені осы жас күнімде оқыт”, — деп, бағанағы мұғалімнен қайтар уақытында орысшаның да қарасып (азбука) танып алды”. — дейді. Одан әрі Ғайникамалдың өнер-білім қуып, Уфа қаласына барып, мұғалімдер даярлайтын медресеге оқуға түскенін баяндай келіп: “Ғайникамал Уфада бас-аяғы бес жыл оқып, дәріф мұғалимат медресесін бітіріп, орысша, мұсылманша бек жақсы, бірінші дәрежеде біліп шықты”, — дейді автор.

Ғайникамал жоғары дәрежелі білім алдым, мақсатыма жеттім деп жайбарақаттанбайды. “Сонда Ғайникамал әрбір ойларды да ойлап:

“Енді мен осынша оқыған соң, осы ғұмырымды босқа өткізбей, өзім секілді қазақтың сорлы қыздарына пайдамды тигізіп, оқытып, өнеге-үлгі шашсам-ау”, – деп, осы кайғы да басын бек айналдырған еді,” – дейді жазушы.

“Ғайникамал Уфа медресесінен оқуын тәмамдап үйіне келген кезде, жуан ата, шонжар байлардың, малға мас, надан үш мырзасы: Әділқан, Мұқаш, Сейітқан дегендер қыз таңдап жүреді екен.

Үш мырзаның да көңілі Ғайникамалға ауып, үшеуі үш жақтан жаушы жіберіп, қызын маған берсін деп Ғайсаны қысымға алады. “Енді қайтсе де, – дейді жазушы, – Ғайса бұлардан құтылудың лажын ойлайды. Сонан соң Ғайса қызына: “Шырағым, мына үшеуіне не десең де, жауабын өзін бер. Саған мен разы, әйтеуір осылардан мені құтқар”, – дейді. Ақылды қыздың үш мырзадан құтылу үшін оларға қарсы қолданған амал-айласы романда шебер суреттелген.

Ақырында Ғайникамал өзінің теңі, сүйген жігіті Мұхамедғалиға қосылады.

“Мұхамедғали еркек балаларды оқытып, Ғайникамал қыз балаларды оқытып, екеуі халыққа бірінші пайдалы болып, өмір сүріп тұра бастады”, – дейді жазушы.

“Қыз көрелік” романының бас кейіпкері Ғайникамал заман талабына және өмір шындығына сайма-сай сипатталған көркем образ. Жазушының құрғақ қиялынан туған бейне емес. Ғайникамал сияқты оқымысты, талантты, мәдениетті қазақ қыздарының өмірде болғандығы тарихи шындық.

Жиыrmасыншы ғасырдың басында жазылған басқа романдардан “Қыз көрелік” романының өзіне тән ерекшелігі бар.

Тайыр шығармасының бас кейіпкері Ғайникамал тек өзінің қара басының қамын ғана ойламайды: “Өзім секілді қазақтың сорлы қыздарына пайдамды тигізіп оқытып, өнеге-үлгі шашсам-ау”, – деп армандайды. Және ол таудай талабының, өнер-білімінің, қайтпас қайрат-жігерінің арқасында көздеген мұрат-мақсатына жетеді.

“Қыз көрелік” романының сол дәуірдегі қазақ жастары үшін тәрбиелік мәні зор болды. Жалпы қазақ оқырмандарының қызыға, құныға бас алмай оқитын кітабына айналды.

Романдағы Ғайникамалдың сүйген жігіті Мұхамедғали жайында бір-екі сөз айта кету керек.

Мұхамедғалидың қандай адам болғаны былайша баяндалады:

“Семейпалат шаһарында тұратын бір Тырымбай деген нашарлау адамның Мұхамедғали деген жігіт, сол Семейпалатта Слаболкада тұрушы Жакия қажының Қайыр ихсанымен бірнеше жылдар Уфа шаһарындағы дәртмұғалімнің медресесін бітіріп қайтқан еді”, – дейді.

Шынында Тайырдың Уфаға барып, “Медресе Ғалияға” оқуға түсуіне қамқорлық жасап, мол ақша берген адам: Семейде Заречная Слаболкада (қазіргі Жаңасемей) тұратын тобықтының байы, Жакия қажы екені, жазушының өмір тарихында жоғарыда жазылған.

Сөйтiп, романдағы Мұхамедғалидың прототипі – Тайыр Жомартбаевтың өзі деуімізге болады.

“Қыз көрелік” романына қазіргі заман тұрғысынан қарап, қазіргі романдармен салыстырып баға беру дұрыс болмас еді. Бұл шығарма қазақ әдебиеті тарихында жаңа туа бастаған көркем прозаның алғашқы жас туындыларының бірі.

Көркем прозаның тұңғыш туындылары туралы Мұхтар Әуезов былай дейді:

“Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде Қазақстанда көркем проза туа бастады...

Қазақ жазушыларының проза саласында жеткілікті тәжірибесі болмады... Сондықтан тұңғыш қазақ повестерінде... кейіпкерлердің ішкі дүниесін суреттеудегі көркем кемелдік жоқ. Сөйтсе де, қазақ оқушысы тұңғыш романдарды бас алмастан оқыды, оларда заманның талап-тілектері шынайы бейнеленгендігін жоғары бағалады” (Мұхтар Әуезов. “Әр жылдар ойлары”, 1959, 167–168 бет).

Мұхтар Әуезовтің осындай нақтылы әділ пікір айтып, дұрыс бағалап отырған “тұңғыш романдардың” бірі, әрине, – Тайыр Жомартбайұлының “Қыз көрелік” романы.

Тайырдың қазан төңкерісіне дейінгі жазған басты шығармалары: “Қыз көрелік” романы мен “Балаларға жеміс” атты өлеңдері.

Жазушының басқа шығармалары: өлеңдері, мақалалары сол кездегі газет, журналдарда жарияланып тұрған. Мысалы, “Замандастарға қарап” деген өлеңі 1913 жылы “Айқап” журналында жарияланған, “Қуану – жұбану” деген ұзақ өлеңі Ташкент қаласында шығып тұратын “Алаш” атты газетте 1917 жылы январь айында басылған.

“Достыққа достық қарыз іс, дұшпанына әділ бол”, “Мен де өз көңілімді бір көтерейін” деген т. б. мақалалар жазған.

Тайыр жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу жолында өмір бойы еңбек еткен тәжірибелі педагог. өнегелі ұстаз еді.

Ол оқытушылық қызметімен ғана шұғылданып қалған жоқ. Мәдени ағарту мәселесін жандандырып, ұйымдастыру жұмысына, сол кездегі өзі тұстас қазақ зиялыларымен бірге белсене ат салысты. 1914 жылы Абайдың дүниеден өткеніне он жыл толуына байланысты ұлы ақынды еске алуға арналған әдебиет кеші өткізілді. “Қазақ ақыны Абай Құнанбаев оның поэзиясы” туралы Нәзифа Құлжанова баяндама жасады, ақынның өлеңдері оқылды, Абайдың әндерін оның әнші шәкірті Әлмағамбет орындады. Бұл кештің үш бөлімнен құрылған программасы сақталған.

Тайыр басы-қасында болған, 1915 жылы ақпанның 13-де Семейде өткізілген үлкен әдебиет кешінің төрт бөлімнен құрылған, қазақ және орыс тілінде басылған программасы біздің қолымызда сақтаулы.

“Қазақша ойын: ән-күй, өлең-жыр” деп аталған бұл программаны “Абай” журналының 1992 жылғы екінші санында жариялағанбыз. Сондықтан үлкен программаның мазмұнын бұл арада баяндап жатпаймыз. Сол 1915 жылға әдебиет кешін өткізуге Тайырмен бірге ат салысып, тікелей қатынасып, сөз сөйлеген, өлең-жыр айтып, ән салып, күй тартқан, Абайдың өлең әндерін, Ыбырай Алтынсаринның өлеңдерін орындаған белгілі адамдардың аттарын атасақ — Тайырдың кімдермен қарым-қатынаста болғанын, яғни мәдени ортасын көреміз. Олар: Нұрғали және Нәзифа Құлжановтар, педагог журналист Мұстақым Малдыбаев, сол кездегі семинаристер: Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаевтар және Абайдың ақын шәкірттері: Шәһкәрім, Турағұл, Мұқа Әділхановтар.

* * *

Жаңашыл педагогтың медреседе жаңа әдіс бойынша сабақ беруі, ескішіл молдаларға ұнамайды. Ақынның өнер-білімі насихаттап, молдалардың өзімшіл мінез-құлықтарын әшкерелеп жазған өлеңдері олардың өшпенділігін онан сайын күшейте түседі. Тайыр бір өлеңінде:

...Ақыратын сөйлеме деп қалды заман,
Хазреттер періште емес, болды пенде.
Толтырған жердің жүзін ғылым — хикмет,
Ғибрат жоқ кең шапан мен ұзын жеңді, —

дейді. Ақынның осы сияқты өткір сөздері кертартпа кекшіл хазреттердің ашу-ызасын келтіреді. Ақыры олар Тайырды медреседен қуады. Бұл уақиға 1916 жылы болады.

Тайырмен жақсы таныс және қазақ зиялыларын құрметтеп, сыйлай білетін, көңіл көзі ашық, Зайсан қаласының көпес байы Бидахмет Бобкин деген абройлы адам Тайырды Зайсанға шақырады. Сөйтіп, Тайыр 1916 жылы Зайсанға көшіп барып, Бидахмет мырзаның көмегімен, өзі де, әйелі де мұсылман медресесіне қызметке орналасады. Сабақ бере жүріп, жазу, мәдени ағарту жұмысын тоқтатпайды.

Қазан төңкерісінен кейін: бастауыш мектептер ашу, қазақ арасында сауатсыздықты жою, жетім балалар үшін мектеп-интернат ашу жұмысын ұйымдастырып, жедел жүзеге асыру ісіне аянбай ат салысады.

Бұл кезде де мәдени ағарту ісін, жазушылық жұмысын тоқтатпайды.

1920 жылдары жазған “Осы ма, қазақ, өмірің?” атты шағын пьесасы Зайсан қаласының театр сахнасында қойылады.

1927 жылы Семей қаласына көшіп келеді. Қазақ педтехникумында, мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті және математика пәндерінен сабақ береді. Мол тәжірибелі мұғалім қай пәнді оқытуда болсын өзіндік ұтымды әдісін қолданып, орындай жерінде ақындық өнерін де пайдаланады. Педагог ақын әсіресе математика сабағында, есеп шығару ережелерін өлеңмен түсіндіріп, оқушылардың ұғымына жеңіл жол табады.

Ақынның “Бөлшек сандар ережелері” деген өлеңі сақталған.

“Бөлшек санды қосу ережелерін” төрт шумақ өлеңмен түсіндірген:

Бөлшекті бүтін санға қосу реті:

6 бүтін 8—ден болса жеті,
Алтыны өсір сегізбен, 7—ні қос —
8—ден 55 бөлшек шыққан беті, —

деп басталады.

Бөлшекті алу ережелерін “Бөлшек санды бөлу ережелері”, “Бөлшек сандарды көбейту ережелері” деп атап, осы ережелерді түсіндіруге арнап, он алты шумақ өлең жазған.

Тайыр көрнекті әдебиетші, тілші болумен қатар, жақсы математик болғанын да көреміз.

Тайыр мәдени ағарту ісіне ерекше көңіл бөледі. Өнерге бейім жастардың басын қосып әдебиет, драма, музыка, ән-би үйірмелерін ұйымдастырып, оларға өзі басшылық етеді. Үйірмедегі талапкер жастарды түрлі музыка аспаптарымен, тағы басқа қажетті керек-жарақтармен қамтамасыз етіп, халық алдында өнер көрсетуге әзірлейді.

Тайыр баулып, өнерлерін өркендеткен жастардың күшімен қала жұртшылығына жиі-жиі концерт беріліп тұрды. Жастардың концертін көруге қаланың кәрі-жасы бірдей асығатын, солардың ішінде біз де болатынбыз.

Жазушының “Сарысүйек құда” атты үш көріністі пьесасы Семей театрының сахнасында қойылды.

Ақынның жиырмасыншы жылдың соңымен отызыншы жылдың басынан бастап жазған өлеңдері Тайырдың анық қалыптанған шыншыл да сыншыл ақын болғанын, өлеңдерінің көркемдік түр жағынан да жақсара түскенін көрсетеді. Бұл кездердегі өлеңдерінің тақырыбы да кеңейіп, идеялық мазмұны тереңдей түскен.

Табиғатты көркем суреттейтін өлеңдері де бар. Мысалы, “Зайсан”, “Шыңғыстау” өлеңдерін айтуға болады.

Бауырында Маңырақтың нулы Зайсан,
Молайған Ертіспен сулы Зайсан.
Түн болса төңірегін мұнар басқан,
Ұштасқан бұлытпен бірге булы Зайсан.
Алтайдың, Тарбағатай сүгін ішіп,
Сауырдың саясында туды Зайсан...
Зайсанның беті мөлдір, түбі күнгірт,
Ажымсыз айнадай боп жатқан жым-жырт.
Ән қосып аққу мен қаз қонақтайды,
Күн батып ұясына, жабылса ымырт, —

деп, Зайсан көлін көркем суреттейтін өлең шумақтары бар.

Ақынның “Мен неге күлем” деген көлемді өлеңінде кейбір адамдардың жағымсыз мінез-құлықтары суреттеліп, ащы ажуа етілген. Мысалы, “жазғыш” ақындар жайында былай дейді:

Мен күлемін кей жазғыш ақындарға,
Бәрін бірдей жарамас мақұлдарға.
Атақ байлап, аброй тапқан ақын,
Біқтимал ақындыққа жақындар да.

Демесем мына жерде күшенесің,
Одан артық айтуға хақым бар ма?
Іші күміс сырты алтын болмаса да,
Ақша алындар, өлеңді сатындар да.

Басқа жақтан жалаңаш болсаң-дағы,
Өлең жаза беріндер жатындар да.
Ақынға хат таныса болады ғой,
Одан басқа білімді ақын бар ма?!

Тайыр бұл өлеңінде өзінің сатираға да шебер ақын екенін танытады.

Бұл аталған өлеңдерден басқа сақталған өлеңдері: “Жаңа әліппе жыры” (1927), “Мен өзім” (1934), “Ескі тұрмыс, ескі қызық”, “Жаңа тұрмыс, жаңа қызық” (1934), “Жұбанышым”, “Мен қуанам”, “Ана тілі”, “Шыңғыстау” және “Туған жерді сағыну”. Соңғы екі өлең өмірінің ақырғы кезеңінде жазылған сияқты.

Ақынның туған жеріне, өскен еліне деген сүйіспеншілік сезім-сырын шертіп, жан-тәнімен терең тебіреніп жырлаған толғауы: табиғат шындығымен, көркем суретімен, әрбір адамның көңіл көзіне жарқын жақындығымен сүйсіндіреді:

Сағындым Хан Шыңғысты туып өскен,
Сол жер еді ата-бабам кіндік кескен.
Еркесі Сарыарканың Тобықты елі
Сейліп, серуендеп сол жерде өскен.
Хан Шыңғыс керегедей канат жайған,
Тас бастау аққан бұлақ әрбір сайдан.
Гүрілдеп тасқын өзен таңырқатып,
Дауысы естіледі әлде қайдан.
Тоғайдың жұпар исі мұрын жарып,
Қол бұлғап шақырып тұр анадайдан..., —

дей келіп, ұзақ өлеңінің соңында, туған жер, өскен ел алдындағы азаматтық парызын ақтау үшін, ел ортасында өз күшімен мектеп ашқанын айта отырып:

Өмірі ағартуда еңбек еттім,
Шын түзу жолы осы деп адал ниеттің,
Мансапшыл, мақтаншактан аулақ қашып,
Істедім ең түзуін қаракеттің.
Мындаған жас ұрпақты тәрбиелеп,
Қазағым — қандасымды еркелеттім, —

деп бар саналы өмірін, қазақтың жас жеткіншектерін тәрбиелеп өсіруге арнағанын мақтан етеді.

Ақынның қазан төңкерісінен бұрынғы және одан соңғы жылдарда жазған шығармалары әлі жиналған жоқ.

Тайыр бес баланың әкесі болған адам. Ол балаларын жас шағынан бастап, таза адамгершілік жолына қарай жетелеп: махаббатқа, бауырмалдыққа, әділдікке, шыншылдыққа, еңбек сүйгіштікке, өнер-білімге баулып тәрбиелейді. Туған елінің білімді, мәдениетті, адал азаматы болуға әзірлейді.

Өзі берген тәрбиесіне ғана қанағаттанбайды, енді сезім тәрбиесі қажет деп біліп, балаларын музыкаға үйретеді.

Тайырдың қызы Сағида: “Ата-анамыз бізге жақсы тәрбие берді, оқумен қатар бәрімізді музыкаға үйретті”, — дейді.

Музыкаға үйрету жөнінде баласы Өзбек толығырақ баяндайды. Өзбектің сөзін өзгертпей өзінің жазған қалпында келтіреміз:

“Когда перешел в 7-класс я стал посещать частные уроки музыки (класс скрипки) у известного в Семипалатинске музыканта Иванова, окончившего еще до революции Парижскую консерваторию. Он оценил должным образом мою способность к музыке. Я довольно быстро овладел практически приемами игры на скрипке. У него же обучались музыке моя сестра Сагида и старший брат Масгуд.

Еще в подростковом возрасте Масгуд учился на дому по нотам в г. Зайсане у капельмейстера по фамилий Розгаль. Брат обнаруживал превосходные способности к музыке, играл на многих инструментах. Это свое увлечение он продолжал и в зрелые годы, будучи студентом Московского института цветных металлов и золота им. М. И. Калинина.

Отец нам покупал все необходимые музыкальные инструменты (“скрипку, мандолину, балалайку, домбру и др.”).

Осындай өнегелі тәрбие алып өскен Тайырдың балаларының бәрі де жоғары дәрежелі білім алып шығады. Тұңғыш баласы Масғұд (1912 жылы туған), Мәскеудің түсті металдар мен алтын институтында Дінмұхамед Қонаевпен бірге үздік оқып, 1936 жылы қызыл дипломмен бітіріп шығады.

Кейін Димаш Қонаев өзінің үйлену тарихын әңгіме еткенде, болашақ зайыбы Зұхрамен алғашқы танысуына себеп болған досы — Масғұд Тайырұлы Боқаев екенін айтады:

“Сөйтіп жүргенде, — дейді Д. Қонаев, — Шымкенттен хат келді. Алдында ғана менімен бірге оқып, қатар диплом қорғаған, кейінірек кандидаттық диссертацияны да бір күнде қорғаған, сонда қызмет істеп жүрген Масғұд Боқаевқа “Құдай қос көрсе, демалысқа келіп, өз үйім, өлең төсегімде аунап-қунап жатырмын” деп хат жазып жібергенмін.

Екі-үш күн аралатпай жауап алғанымға әрі таңданып, әрі қуана хатты оқыдым.

Басы артық сөз жоқ. Тек: “Уақыт тапсаң, мына қосымша хатты Фурманов көшесіндегі 135-үйде тұратын Зұхра деген, менің Құдай қосқан қосағымның жан құрбысына апарып беруінді сұраймын” депті. “(Дінмұхамед Қонаев. “Өтті дәурен осылай”. Алматы, 1992, 56–57-беттер).

Сөйтіп, Тайырдың үлкен баласы Масғұд Қонаевпен сырлас дос болған. Масғұд 1979 жылы дүниеден өтіпті.

Баласы Өзбек жоғары білімді педагог-химик, кенже баласы Моряк, физика-математика ғылымының кандидаты, қыздары Сағида мен Хакима да жоғары білімді педагогтар.

Тайыр өз балаларымен бірге ағасы Хасеннің Садуақас Ербосын деген екі баласын тәрбиелеп өсіріп, оқытқан Садуақас Хасенұлы Боқаев (1907–1942) Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетін үздік оқып бітіріп, Абай атындағы пединституттың профессоры болған.

Ербосын Хасенұлы көрнекті қоғам қайраткері, үш сайлау Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Ленин ордені бас татқан бес орденмен наградталған. Тайыр бұлардан басқа туысқандарының балаларын да тәрбиелеп оқытқан.

Семейдегі “Қазкоммуна” деп аталған мектепте Тайырдан сабақ оқып, тағлім алған шәкірттерінің ішінен әйгілі халық әртістері Шәкен Айманов, Шахан Мусин сияқты өнер қайраткерлері де шықты.

Осы айтылғандардың бәрі — педагог жазушының өнегелі тәлім-тәрбие жұмысының жемісі.

Тайыр Жомартбайұлы өзінің бүкіл саналы өмірін, бар өнер-білімін жас ұрпақты тәрбиелеп өсіруге арнаған, қазақ халқының адал ұлы, асыл азаматы еді.

Тайыр Жомартбайұлы Боқаев 1937 жылы қызыл империя жеңдеттерінің қанды қақпанына түсіп, зұлымдықтың құрбаны болды.

Тайырдың өмір тарихы әлі толық зерттелген жоқ, шығармалары түгел жиналған жоқ. Педагог жазушының шығармаларын жинап, зерттеп, талдау жасап, толық жинағын шығару — әдебиетші, педагог ғалымдарымыздың борышы!

Баймағамбет Айтқожаұлы

(1870–1932)

Абайдың алдында болып, ұлы ұстаз ақынның өсиетін көп тыңдап, мол тағлым алған, талантты ақын шәкірттерінің бірі – Баймағамбет Айтқожаұлы.

Баймағамбет Абай мектебінің ақыны деген атақты ақтанған адам. Олай деуімізге дәлел: оның Абай шығармаларының үлгісінде жазған өлеңдері және Абайдан естіп, ұққан уақиғалар негізінде жазған дастандары болады. Баймағамбет Айтқожаұлының шығармалар жинағы жеке кітап ретінде 1915 жылы басылып шыққан. Сондықтан Баймағамбетті Абай мектебінің ақыны дейміз.

* * *

Баймағамбеттің толық өмір тарихы зерттеліп, жазылған емес; ақын жайында аздаған шағын мәліметтер ғана бар. Сол мағлұматтарды келтірейік:

Бірінші, “М. О. Әуезовтың қолжазба мұрасы” (“М.О. Әуезов архивының ғылыми сипаттамасы”) деген 1977 жылы басылып шыққан кітапта Баймағамбет туралы Сапарғали Бегалинның шағын мәліметі жарияланған. Онда С. Бегалин былай дейді: “Мен көргенде, Абай әңгімесін жап-жақсы білетін кісі Баймағамбет Айтқожаұлы еді... Ол кісінің әдебиеттен де хабары бар болатын, ол қазір тірі кісі. Солардан әлі де болса, толығырақ жинау керек”.

Абай туралы Баймағамбет Айтқожа ұлының айтуынан (Тобықты, Шыңғыс елінікі):

“Абайдың бір мінезі: өзі бір нәрсеге бет қойып кіріспеуші еді. Егер кіріссе, ол нәрсенің үлкен-кішісіне, жақсы-жаманына қарамай, соны іске жаратуға құмар еді. Егер кезі келіп біреуге қалжынға тірелсе де, соны бір қайтармай қоймаушы еді”, – дейді.

...“Абайдың өзі көңлі түссе, бала демей, үлкен-кіші, жақсы-жаман демей, аянбай ойнап отыратын мінездері болушы еді” деп айтар еді.

Жинаған: Бегалыұлы Сапарғали (50–60-бет).

Сапекеннің Баймағамбетпен кездесіп, әңгімелескен уақыты – 1930–31 жылдар шамасы болса керек.

Бұл мағлұматтан Баймағамбеттің Абайды аса жақсы білетінін көреміз.

Екінші, “Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары” (1959) деген кітабында, Әбіш Жиреншин: Баймағамбет Айтқожаұлының туған жылын – 1865 деп, өлген жылын – 1932 деп көрсетіп: “Абаймен аталас Бөкең руының адамы. Абай аулына келіп, апталап жатып, ұлы ақынның өсиетін тыңдап, көп тағлым алады...” (2-бет), – деп мағлұмат береді.

Үшінші, 1962 жылы Абай ауданына барған сапарымда Баймағамбетті жақсы білетін Тілеке Орынбаев ақсақалға жолығып әңгімелескен едім. Тілеке ол кезде Қасқабұлақта тұратын 79 жастағы қарт адам еді. Баймағамбет жайында сөз қозғағанымда, оны ерте кезден жақсы білетінін айта келіп, Тілеке былай деді:

– Сіздің Баймағамбет деп отырған адамның шын аты Баймұхамед болатын. Оны ел Баймағамбет деп атап кетті. Баймағамбеттің әкесі Айтқожа, Тобықты ішінде Бөкең деген атадан. Бөкең дегеніміз: Шаһкәрімнің “Қалқаман–Мамыр” кітабында атататын: Қалқаманмен бір туысқан – Байбөрі деген адам.

– Баймағамбет мұсылманша жақсы сауатты, көп оқыған, көп білетін, сөзге жүйрік, ақын адам еді. Абайды көрген, Абайдан көп өнеге алған адамның біреуі осы – Баймағамбет.

Оның Абай туралы, тағы басқа өлеңдері болатын.

– Баймағамбет 1932 жылы, 62 жасында, Семей қаласында қайтыс болды, – дейді, Тілеке ақсақал.

Тілекенің айтуына қарағанда, Баймағамбет Айтқожаұлы 1870 жылы туған болады.

Баймағамбеттің өмір тарихынан біздің білетініміз осы айтылғандар.

* * *

Ақынның өлеңдер жинағы 1915 жылы Семей қаласындағы “Ярдам” (“Жәрдем”) серіктігі баспасынан басылып шыққан. Жинақ кітабы былай аталады:

“Шын мақсұттар”

Шығарушысы, таратушысы:

Шыңғыс елінің Баймұхамед Айтқожа ұғлы.

Семипалатинск.

Типография Т-ва “Ярдам”

1915 г.

Жинаққа ақынның тоғыз өлеңі, екі дастаны кірген. Шығармалардың жинақтағы басылу ретіне қарасақ, Баймағамбет өлеңдер жинағын жариялауда алдына айқын мақсат қойғаны байқалады. Сондықтан жинағын “Шын мақсұттар” атаған.

Жинақ кітабының беті “Ескі ақындар” деген өлеңмен ашылады.

Қисса жазған ақынның өлеңдері,
Пәлен бай, пәлен батыр дегендері, —
Оқушының әп-сәтте оты қайтып,
Балаға да мәлім ғой төмендері, —

деп, мақтау өлең айтып “Сөз қадірін кетірген” ақындарды Абай өлеңдерінің үлгісі бойынша сынады.

Осыдан кейінгі өлеңі “Абай қандай” деп аталған.

Кешегі айтылғаны Абай сөзі,
Әркімнің мәлім болды сыр-мінезі,
Білмегенге қараңғы қайда жүрсе,
Білгендер әдетінен болды мезі, —

деп, Абайдың ақындық қасиетін жырлайды.

Осы екі өлеңнен кейін “Мың бір түн” ертегісінің бір уақиғасы негізінде жазылған дастаны келеді. Баймағамбет “Мың бір түн” уақиғасын әуелде Абайдан естіп қанған.

Турағұл Абай баласы былай дейді:

“Өзім көргенде: “Мың бір түннің” кітабын оқып, алғашқы біздің елді “Мың бір түнмен” таныстырған менің әкем”, — дейді (Абай. Толық жинақ. 1933 ж., 397-бет).

“Мың бір түнді” ең алғаш Абайдың аузынан естіп, құлағы қанған адамның бірі, әрине. Баймағамбет болған. Ол “Мың бір түн” кітабын өз көзімен көріп, оқыдым демейді: “Бұрынғы бір ескі сөз құлақ қанған” дейді, яғни естіп білгенін айтады. Абайдан естіген әңгімесін ақын тілімен суреттеп жазуды мақсат етеді.

Бұрынғы бір ескі сөз құлақ қанған,
“Ғалайтдин Ғабдысамат” деп атанған.
Өзгертіп ортасынан сөзін боліп,
Алдына оқушының қайта апарған.

Оқушының естіген бәрі білер,
Демеймін құмар болып қайта тілер.
Жазушының мақсаты қандай екен,
Алдыңнан анық сынап, байқап жібер,

Меруерттей қатарлап тізген Харн,
Оны да қараңыздар бір аударып.
Басушыдан тілеймін хатасызын,
Жаңылмай ретімен қойса апарып.

Бір ертекті бөлдім де жаздым қысқа,
Ұзын сөз ұнаулы емес біздің тұсқа.
Жазуға, басуға да ыңғайлы боп,
Қосылар бас-аяғы сонымды ұста..., —

дейді. Ақын дастанның мақсатын, жазылу жайын баяндай келіп, уақиғаға кіріседі.

Айтпақ сөзім осы еді “Мың бір түннен”,
Көрі ертеқ баяғыдан әркім білген.
Мағлұм бәріңізге Мәжит бай,
Бұлайша бұрын бірақ айтпай, —

деп бастап, Мәжиттің асқан байлығын сипаттайды. Қартайғанда көрген жалғыз ұлының атын Ғалайтдин Ғабдысамат қойған екен.

Ғалайтдин алты жасынан бастап оқу оқып, өнер, білімге жетік жігіт болады.

Әсем үшін оқытты әрбір тілді,
Бәрекелді дегендей ғылым білді.
Бұл күндерде он беске жасы толып,
Оқуменен өткізді тоғыз жылды.

Скрипка тізіліп гармондары,
Адам тимей қозғалып органдары.
Ән салған, ат жорғалап, ер күресіп,
Не қылса да келеді дәрмендері.

Сөйтіп, Ғалайтдин сегіз қырлы өнерпаз: музыкант, әнші әрі ер жүректі жігіт болады. Оның адамгершілігін ақын былай суреттейді:

Адамдарға сөйлеген өні жылы,
Дүниенің безенген түрлі гүлі.
Жұмсақ мінез, жылы сөз, құрбысына
Қошаметті шын мырза дейді мұны, —

дей келіп, оның тағы бір мінезі: “Қатерлі іске ерлігі қатты құмар”, — дейді.

Дастанның бас кейіпкерін сипаттай келіп ақын енді нағыз уақиғаға көшеді.

Ғалайтдин отыз жігіт жолдас алып, Балсұра шаһарынан саяхат сапарына аттанады.

Аттарын, азаматын алған таңдап,
Жау қайдалап жастар да жүр жаутаңдап.
Қару-жарак, азығы төрт пар атта,
Нар түйеге теңдеді қаз-қатарлап.

Бұл таныс емес жолда адасып, зәңгілерге кез болады.

Зәңгінің кез болыпты қалың жауы,
Оған жоқ кез келгеннің алынбауы.
Оларға адам қаны судан арзан,
Үйректен онай болар бауыздауы.

Әскерге толған екен тау мен тасы,
Бұршақтай домаланған адам басы.
Бәрін де мал мен жанның қалды басып,
Құтылды басшы менен байбатшасы.

Сөйтіп жолдастарының бәрі қырылып, тек көшбасшы Камалитдин мен Ғалайтдин екеуі ғана аман қалады. Бұл екеуі бет-бетімен қашып, тау-тасқа тығылады.

Ғалайтдин бір жұмадай ауыр азап шегеді.

Су ішті, жуа жеді бір жұмадай,
Қайтеді аш-жалаңаш зар жыламай.
Осы өзен құятұғын Бағдатқа,
Тоқтай тұр, ендігісін көп сұрамай, —

деп ақын бұл арада шегініс жасап, Бағдат шаһарын, оның патшасы һарон Рашидті, патшаның уәзірін, ақынын, мінезін суреттеп кетеді. Бұдан кейін барып Ғалайтдиннің Бағдатқа келген жайы суреттеледі.

Бағанағы зарлаған бала қайда,
Келерлік мезгіл болды бұл маңайға.
Ханның жайы айтылды уәзірімен,
Жазушы бишараны қозғамай ма.

Сегіз күн дамыл алмай жүрді ұдай,
Уақыт жоқ еркелейтін бұрынғыдай.

Бағдаттың осы айтылған қаласына
Әкеліп кездестірді оны Құдай.

Көрінді қараңғыда жарк-жүрк,
Ентелеп келе жатыр жылдам жүріп.
Түн ортасы болғанда әзер жетіп,
Бір жерге құлай кетті дымы құрып, —

деп, Ғалайтдиннің жатқан жері, қаланың түнгі көшесі суреттеледі.

Ендігі уақиға Бағдат қаласында өтеді.

Ғалайтдиннің Хасан деген ишанмен жолығып сырласқаны, не себеппен Хасанның үйінде болып, оның қызымен танысқаны баяндалады. Сөйтіп, дастанның екінші бас кейіпкері Хасанның қызы — Зүбайдәтіл Ғауида болып шығады.

Бұл қыз да, Ғалайтдин сияқты, оқымысты, өнерлі, музыка тілін терең білетін болады.

Ендігі уақиға желісі, осы өнерлі екі жастың арасындағы махаббат мәселесін суреттеуге арналған.

Бұрын бірін бірі білмейтін қыз бен жігіттің махаббат сезімін тебірентіп оятқан, екеуін бір-біріне ынтық еткен — музыка, ән-күйдің әсері болады.

Ғалайтдин өзінің ішкі сырларын, көңіл күйін ән-күй арқылы мәлімдейді.

Бәйт соқты, ән қосты, күйін тартты,
Салған сайын бірінен бірі артты.
Бойы батқып естіген жылағандай,
Өзінің көбінесе мұңын айтты.

Басында бай болғанын, мырза екенін,
Мәжиттің бай Балсұра ол мекенін.
Жау тонап, жаяу қашып, бейнет көрген
Қайғылы өзін қосып мұнда екенін.

...Қыз естіді, таң қалды тартқан күйді,
Жып-жылы құлағына майда тиді.
Дене жібіп, қозғалды тамыр соғып.
Тамылжытып шырқаған әнін сүйді.

...Қыз денесі от болып елжіреді,
Көздің жасы толықсып мөлдіреді.
Көтерген зарлы күйге шақырғандай,
Есікке екі көзі телміреді, —

деп, жігіттің ән-күйінің әсері әдемі де көркем суреттеледі.
Қыз да карап қалмайды:

Жұлып алып гармонды о да соқты,
Күйкылжытып қозғады ойда жоқты.
Өлмек түгіл өлеңге есі шығып,
Құр үнге өзін көрмей құмар бопты.

Жігітке де естілді қыздың зары,
Күй ішінде сөйленді сөздің бәрі.
Ыстық жүрек қозғалды салған әнмен,
Буын-буын лыпылдап тамырлары.

...Жылдам қол перне басты тығыз қағып,
Майда тиіп жүрекке жанға жағып.
Екі үйдегі әуезі бір боп шықты,
Еріген соң денесі тұрсын нағып.

Сыбдыр етті, шығарды жезилгекті,
Ар жағынан жүгіріп қызда кепті.
Арасында екеуі құшақтасып,
Дүниенің ләззаты мұнда депті.

Сол арада екеуі біраз жатты.
Жарық сәуле жанына жана тапты.
Қол ұстасып сарайда біраз жүріп,
Азырақ қатар тұрып күй зарлатты.

Уақиға бұнымен аяқталмайды. Шын ғашық болып, махаббаты жарасып табысқан екі жас, қосылып бақытты өмір сүру жолында, қауіп-қатерлі бөгеттерге ұшырап, көп қайғы-қасірет шегеді. Ең ақырында барып, ғашықтар өздерінің өнер-білімдерінің арқасында және бұлардың өнеріне, адал махаббатына көзі жетіп, көңілі түскен, әділ патша һарон Рашидтың қамқорлығының арқасында мақсаттарына жетеді.

Біз дастанның күрделі уақиғаға толы мазмұнын баяндап жат-паймыз. Оқушы қауым дастанды өздері оқып, танысқаны дұрыс шығар.

Ақын дастанының идеялық-көркемдік қасиетін: махаббатқа, өнер-білімге, табиғат суреттеріне арналған өлеңдерінен айқын аңғарамыз.

Дүниеде ең күшті нәрсенің бірі — махаббат деп білген ақын:

Махаббаттың байқаңыз күші қандай,
Максұтынша қу жанын ұшырғандай.
Екі көңіл шынымен сүйіскенде,
Болады оны айырған кісі қандай?! —

деп махаббаттың қадір-қасиетін мадақтайды.
Табиғат көріністерін суреттеуге келгенде:

Тал көктен, қайың ақтан киім киіп,
Керіліп, кербезденіп басын иіп,
Ақ жібек те оралып арқасында,
Жемістер салбырап тұр жерге тиіп.
Көк құран сылдырласты, сыңқыл қағып,
Басына үлпілдекпен үкі тағып... —

деп өсімдіктер дүниесіне жан бітіріп, өрнектеп суреттейді.

Баймағамбет ән-күй, жалпы музыка өнерінің қасиеттерін сипаттауға арналған өлеңдерінде белгілі музыкант, әнші, ақын Мұқа Әділхановтың шығармаларынан үлгі алып отырғаны, Мұқаның игі әсері анық байқалады.

“Мың бір түн” ертегісінің Абайдан естіген қызықты бір тарауын өзінше өлең қылып жырлаған Баймағамбеттің “Ғалайтдин Ғабдысамат” атты дастаны — талантты ақынның, әдеби маңызын жоймайтын, көлемді көркем шығармасы.

Бұдан кейінгі шағын дастан — “Софы Аллаяр”. Ақын дастанын былай бастайды:

Және бір көңілдегі сөздің басы.
Іші ұзын, сырты қысқа ең ұйқасы.
Софы Аллаяр екенін қандай адам,
Жазушының білгізбек бар ынтасы.

Бір күнде қарайды екен Бұхар ханға,
Атағы жерді жарып, шықты аспанға.
Аллаяр — осы ханның бір сұлтаны,
Жол бермей жеке шыққан таласқанға.

Асау төре әшкере елге атанды,
Биледі сұлтан болды бірқатарды... —

деп, Аллаярдың қатал мінезді, қаһар сұлтан болғанын, жа зықсыз жандарды жәбірлеп, ұрып-соғатын озбырлығын ай тады.

Дастанның енді бір кейіпкері былай суреттеледі:

Сол заманнан мәлім ғой Ғұбайдолла,
Ғылымның көзін ашқан жалғыз молла.
Өңі жұмсақ жылы жүз, майда сөзді,
Сылап-сыйпап салады елін жолға.

Уақиға: ғалым молла Ғұбайдолланың “асау төре” Аллаярмен қандай хәлде кездескенін суреттеуден басталады:

Базарға біреу барып, тері сатты,
Асау төре кез болып, ұстап апты.
Ұрды, соқты, қолынан алды жұлып, —
Хазірет тәңір айдап кез боп қапты.

Келсе бір жаңа шәкірт — жас баласы,
Қан ағып анадайдан бас жарасы.
Шапағат рахымы түсіп кетті,
Төре ұрған мәлім болды ақ-қарасы.
Уатты, сабыр қыл деп сылап-сипап,
Мейіріңді шын демі кетті құлап.
Төрени мінезінен жеркендір деп,
Аллаға дұға қылды, кешу сұрап, —

сөйтіп, хазірет зұлым төрені: “мейірімді, рахымды қып, көңілін жұмсарт, жүрегін нұрға толтыр” деп Алладан тілек тілеп, дұға қылады. Ғұбайдолланың тілек-дұғасының қабыл болғаны, Аллаярдың жүдеп-жадап, мүсәпірлік күйге түскені, Құдай үшін деп, кешірім сұрап, хазіреттің алдына келгені, одан бата алғаны баяндалады.

Аллаяр ақсарбас айтып, елінен кешірім сұрап, мешітке барып тәубесіне келеді. Сөйтіп, “тентек төре” Софы болады:

Софы Аллаяр атанып, болды сопы,
Махаббатпен дуылдап ғашық оты.
Қараңғыдан жарқ еткен жалғыз ердің,
Кітаптарын кара да, сөзін оқы.

Маңынан шайтын лағы жоғалыпты,
Кіршіктей таза жүрек ағарыпты.
Қиямет қайымға ше қалғандай ғып,
Төрт кітап матнәма шығарыпты, —

деп, дастан осылай аяқталады.

Аллаяр софы — 18 ғасырдың орта кезінде өмір сүрген, мұсылман әлеміндегі әйгілі софы ақындардың бірі.

Оның “Ғазизаға бағыштау” деген шығармасында: төрт пайғамбарға алладан келген төрт кітап аталып айтылады. Ол кітаптар: Мұсаға келген кітап — Тәурат, Дәуітке келген — Зәбүр, Исаға (Ғайсаға) келген — Инжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген кітап — Құран.

Баймағамбет ақынның “Төрт кітап шығарыпты” деген сөзі осы аталған кітаптарға байланысты болады.

Аллаяр софының кітабы қазан төңкерісіне дейін қазақ арасына да тараған.

Абайдың зер салып, терең зерттеп оқыған көп кітаптарының бірі — Аллаяр софының шығармасы болғаны белгілі.

Абай өзінің “Кітап тасдиқ” деп атаған философиялық трактатының ғибадат туралы түсінік беретін жерінде айтқан өз пікіріне дәлел ретінде, Аллаяр софының ділмәр сөзін (афоризм) мысалға алады.

“Шәкірліктен ғибадаттың бәрі туады. Енді зипһар ғадаләт, шапағаттан босамандар. Егер босасаң, иман да, адамдық та, һәммасы босанады.

Аллаяр софының бір фәрәдән жиз фәрлә бижай дегені басына келеді”, — (38-сөз) дейді.

Баймағамбет ақын “Софы Аллаяр” дастанын Абайдан естіген әңгімесі бойынша жазған деуімізге де болады. “Кітаптарын қара да, сөзін оқы” дегеніне қарағанда, Баймағамбеттің Аллаяр шығармаларымен таныстығы байқалады.

“Шын мақсұттар” жинағында, “Софы Аллаяр” дастанынан кейін, ақынның жеті өлеңі жарияланған. “Өзіміз үшін қарыздар” атты өлеңінде:

“Бұрылмай жолмен жүріп, ізде Алланы” деп мұсылмандық қағидасын насихаттайды. “Өмір суреті” деген өлеңінде жаратылыс дүниесін өзінше суреттей келіп:

Бұлардың жайын білер ғылым өлшеп,
Ойды қозғар, ойлансақ бойды теңсеп.
Адам ойы жетерлік терең теңіз,
Оқымай махрұм қалған өзіңе есеп, —

деп қорытады. Енді бір өлеңінде: байлыққа тойымсыз нәпсі, аш көздік, қанағатсыздық мінездер сыналады.

“Өтер өмір” өлеңінде: бодандық мәселесін әшкерелеп, ашып айта алмаса да, емеуірінмен мысалдап сөз ете келіп:

...Жамандық жақсылыққа тез жетеді,
Еркін жетіп алған соң еңіретеді.
Бүгін озған тұрмайды үнемі озып,
Аяндап асығыссыз о да өтеді, —

деп жамандықтың өмірі ұзақ болмайтынын айтады.

Баймағамбет ақынның саяси-әлеуметтік көзқарасын “Түзу жол” деп атаған өлеңінен айқын көреміз. Ақын бұл өлеңін: қиын-қыстау тар заманда, ұлт-азаттық жолындағы күреске басын байлап шыққан Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қосемдеріне арнаған:

Құдайың бол деп еді кімге көмек,
Пайғамбар хәдісінде айтты не деп:
— Миллат үшін жылаған адамдарға,
Бол деді өлгеніңше соған себеп.

Отыр ғой Орынборда “Қазақ”¹ жылап,
Мұқтаж ғой былтырғыдан биыл тым-ақ.
Бір келіп жұмасына мұнын шағып,
Ғарызын естімейді біздің құлақ.

Айғайлап ана жылдан “Қыр баласы”²,
Көрініл көкіректе тұр жарасы.
Неше жыл жалғыз жүріп жаһан түзде,
Жолдастың көрінбейді бір қарасы.

Үш-төрт-ақ адам екен айналасы,
Олардың ішінде жоқ бай баласы.
Максұтын талаппенен іздегенде,
Ұялтар ақша деген қайнағасы, —

дейді ақын.

Патша заманында, Алаш қайраткерлерінің тура аттарын атап, олардың ерлік күресін суреттеп, көсіле жазу мүмкін емес еді. Алайда осы өлеңінің өзінен-ақ, ақынның идеялық ой-пікірін анық түсіне аламыз.

¹ 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап, Орынборда жұмасына бір рет, А. Байтұрғынов, М. Дулатовтар шығарып тұрған — “Қазақ” газетін айтады
“Қыр баласы” — Әлихан Бөкейханов — Қ. М.

Сөйтіп, Баймағамбет, Шаһкәрім, Көкбай, Турағұлдармен бірге, Алаш көсемдерінің жолында болған ақын екенін көреміз.

“Өзіме білінеді кәрілігім” деп басталатын соңғы өлеңінде, ақын жеке басының мұнына қоса, Ресей империясының отарлау саясатының салдарынан береке-бірлігі кетіп, жер билігінен айырылып, зорлық-зомбылықтың қасіретін шегіп отырған елінің қайғысып шертеді.

Баймағамбет ақынның “Шын мақсұттар” атты шығармалар жинағы 1915 жылдан кейін жарық көрген емес.

“Шын мақсұттар” кітабын 1915 жылғы басылымы бойынша, өзгеріссіз жариялап отырмыз. Ақынның шығармаларына өзі қойған атаулары да сақталды. Бұрынғы басылымында қате басылып кеткен кейбір жеке сөздерде, өлең жолдарын түзету мүмкін болмағанын ескертеміз.

Иманбазар Қазанғапұлы

(1870–1943)

Абайдың талантты ақын шәкірттерінің бірі Иманбазар 1870 жылы бұрынғы Семей үйезі, Қызылмола болысында дүниеге келген.

Иманбазардың әкесі Қазанғап Қынашұлы:

Көңіл көзі ашық, мұсылманша және орысша жақсы сауатты, адамгершілігі зор, ел-жұртына қадірлі, абыройлы адам болыпты. Өз ауылында мектеп ашып, бала оқытыпты, Меккеге барып, мұсылмандық парызын өтеп, қажы атаныпты.

“Семипалатинские областные ведомости” газетінің 1886 жылғы 3-санында жарияланған ресми хабарда:

“Кызыл-мулинской волости управитель Кнашев, кандидат Бектемис Курукбаев”, – депті. Сөйтіп, Қазанғаптың болыс болғанын да көреміз.

Осындай мәдениетті әкеден тәлім-тәрбие алып өсіп, кейін өнер-білімімен елге танылған, Иманбазарға арнаған бір өлеңінде Әріп ақын былай дейді:

Әркім мактап айтады Қазанғапты,
Қазанғап хақ жолында иман тапты.
Аман Қынаш – бір түйте кездік еді,
Кездіктен қанжар тудың алтын сапты.

Ауылда мұсылман мектебінде жақсы оқып шыққан талапты баласын, енді орысша оқытпақ болып, Қазанғап Семей қаласына әкеліп, орыс мектебіне түсіреді. Ол мектеп: Семей қалалық 5-кластық училище деп аталатын.

Иманбазар училищені 1887–88 жылдары бітіріп шығады. Ол училищеде оқып жүрген жылдары, Семейде казак тілінде газет шықпайтын.

Ол кезде, Сібір генерал-губернаторына (орталығы Омбы қаласы) қарайтын қазақтың үш облысында (Ақмола, Семей, Жетісу) орыс тілінде ғана газет шығарылып тұрған. Ол газеттер: “Акмолинские областные ведомости”, “Семипалатинские областные ведомости” және “Семиреченские областные ведомости” деп аталған. Тек 1888 жылдан бастап, осы газеттерге қосымша ретінде, орыс және казак тілінде газет шығарылатын болған. Ол газет орыс тілінде: “Киргизская степная газета”, “Особое прибавление в Акмолинским, Семипалатинским и Семиреченским областным ведомостям” деп, ал

қазақша: “Дала уалаятының газеті”, “Қосымша газет болып шығады Ақмола, Семей һәм Жетісу облыстарының шығып тұрған газеттеріне” деп аталған.

Иманбазар өзінің алғашқы өлеңін осы газетке арнап жазып, 1888 жылы 26-ыншы ақпанда жіберіпті.

“Дала уалаяты газеті”-нің 1888 жылғы, 8-інші сәуір күнгі 15-санында Иманбазардың өлеңі жайында хабар беріліпті. Ол хабарда өлеңді толық түрінде басуға болмайтын себебі айтылған және осы хабарға қоса, Иманбазар өлеңінің мазмұны қара сөзбен орыс тіліне еркін аударма жасалып берілген. Осы аударма бойынша, жас ақынның не туралы жазғанын және өлеңінің идеялық мазмұнын байқауға болады.

Сондықтан орыс тілінде жарияланған газет хабарын өзгертпей, өз қалпында келтіреміз.

Стихотворение

Мы получили от киргиза Кызылмулинской волости, Семипалатинского уезда, Иманбазара Казангапова стихотворение, в котором выражается мысль о том, что “Киргизская газета” может дать толчок к самообразованию. Мы вполне разделяем эту мысль, но не можем разделять взгляда автора на то, что самообразование киргизов может быть достигнуто только понуждением начальства и обнаружением в газете только дурных сторон народного характера. А потому мы помещаем здесь только первую половину стихотворения.

* * *

По прочтению газеты на киргизском языке, становится понятным, что начальство желает дать толчок к развитию образованию киргизов.

Сознавая действительную пользу сказанной газеты, мы думаем, однако, что за отсутствием в киргизах способности, без понуждения власти, к движению вперед, такая благодатная мера едва-ли пробудит их от застоя.

В положении киргиз, находящихся во взаимном угнетении и вражде и не имеющих поэтому чистоты нрава, трудно допустить возможность скорого проявления в них сознания и потребности самообразования.

Издания газеты выяснит слабые стороны в киргизском народе и заставит степное население задуматься о своем образовании.

Но душа эта сводится лишь к упованию на Государя и поставленное им начальство, которое, если обратит внимание на обездоленный народ и пополнит недостатки образования, окажет тем народу истинное благодеяние.

26-го февраля 1888 г. уроч. Сабал.

Сөйтiп, газет Иманбазардың бұл пікірін қолдамаған. Өлеңнің бастапқы он шакты жолын ғана жариялап, шағын түсініктеме берген.

“Газет білсең жақсырақ,
Жазылған мұнда сөз құрап,
Мұратқа бұмен жетесіз.
Бөтеннен, халық, не етесіз,
Хабар үшін сөз сұрап.

Кой, жігіттер, халайық,
Мына сөзге ұнайын, —
Бейнеттенген кісінің,
Жаңа талап ісінің
Тілегінде болайық...

шығарушы Семей оязында, Қызылмола елінің, шаһары Се-
меи 5-класы медресесінде ғылым бітірген Иманбазар Қазан-
қапұлы”.

Осыдан кейін берілген түсініктемеде: “Осы өлеңді өзімізге жақсы ат үшін басып тұрғанымыз жоқ. Оқу білетін жас қазақ жігітінің көңілінің рахметтілігін білдіріп тұрмыз. Газетшілер”. Орысша аудармасы:

Она обогощает нас знаниями.
Крайне необходимыми для преуспения в жизни.
Для чего-же Вам обращаться к чужим
За ничтожными сведениями?
Нет, господа! Обратим на это внимание,
И постараемся всеми силами оправдать
Труды и старания Редакции
По этому полезному делу.

Кызылмолинской волости, Семипалатинского уезда, окончивший курс в Семипалатинском 5-классном городском училище, Иманбазар Казангапов.

“Помещаем это стихотворение не ради лестного о себе отзыва, а как искреннее выражение благодарного чувства со стороны молодого грамотного киргиза Редакция”

Міне, Иманбазардың алғашқы ақындық қадамында жазған өлеңінің тағдыры осындай болған.

Бірақ жігерлі жас ақын бұндай сәтсіздікке жабырқап, жасымаған, қайта, бұдан кейін жазған өлеңдерін “Дала уалаятының газетіне” жіберіп тұрған. Ол кезде қаламы әбден төселген, Әріп ақын да өлеңдерін осы газетке жібереді екен. Бірақ патша үкіметінің ресми газеті, бұл екі ақынның өлеңдерін қабыл алмаған.

Мысалы, “Дала уалаяты газеттің” 1890 жылғы маусымның 22-сі күнгі 25-санында, Әріп пен Иманбазардың өлеңдері туралы редакцияның берген хабарламасында: “Киргизам Семипалатинского уезда Арипу Танирбергенову и Иманбазару Казангапову Ваши стихотворения не могут быть напечатаны”, – деп, қысқа да тұжырымды жауап берген.

Осыдан кейін Әріп те, Иманбазар да “Дала уалаятының газетіне” өлеңдерін жібермейтін болған.

* * *

Мұхтар Әуезов Иманбазарды жақсы білетін еді. Абайдың ақын шәкірттері туралы әңгімесінде: Иманбазармен Мағауияның бала жасынан дос болғанын атап айта келіп, Мағауияның Иманбазарға өлеңмен жазған хатынан есінде қалған:

Досым ең бала жастан Иманбазар,
Отызға келіп қалдық қайтпай ажар... –

деген сөздерін айтушы еді. Және Мағауияның осы хатын Иманбазардың өзінен сұрап, білу керек дейтін.

Бұл екеуінің алғашқы танысып, достасқан уақыты Семейде оқып жүрген шәкірт кездерінде болуы керек деп ойлаймыз.

Олай дейтіміз: Мағауия 1884 жылдан бастап, 1887 жылға дейін Семейдегі ер балалар мектебінде оқыған (Қ. Мұхамедханов. “Абайдың ақын шәкірттері”, Алматы, 1993 ж. 86–87-бет).

Иманбазардың да сол жылдары Семей қаласындағы 5-класстық училищеде оқығаны мәлім. Сондықтан бұлар Семейде оқып жүрген шәкірт кезінде, 14–15 жастарында танысып, достасқан деп білеміз.

Иманбазардың Абайды алғаш көріп, ұлы ақынды танып-білген кезі де осы аталған жылдар болады.

Абай Семейге келген кездерінде қалада оқып жүрген казак балаларының басын қосып, олармен әңгімелесіп, ақылын айтып отыратын әдеті болғанын білеміз.

Сондай мәжілістерде Иманбазар да, Мағауия досымен бірге, Абай алдында болып, оның өсиетін тындаған шәкірттердің бірі болған.

Семейдегі оқуын тәмамдағаннан кейінгі жылдарда да. Мағауия мен Иманбазардың достық қарым-қатынасы өмір бойы үзілмеген. Иманбазар Мағауияға жиі-жиі келіп, досымен сыр шертісіп, сұхбаттасып, көп уақытын Абай ауылында өткізетін болған.

“1889 жылдан бастап, Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сияқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын талапты жастардың бәрі — шәкірт. Абай іні, бала, ағайындарына дос, жастарға мағыналы тәрбиеші бола бастайды. Енді осы сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі хиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қарай жетектеп, баулығысы келеді.

...Ескі үлгіде қалма! Өзгерген заманның жана түрлі қайраткері болуға әзірлен”, — дейді (М. О. Әуезов).

Үнемі Абай алдында болып, оның өнегелі өсиетін тыңдап, ұлы ұстаздан тағлам алған, талапты шәкірттерінің бірі — Иманбазар болады.

Абай талапты шәкірттерінің өлең жазуын мақұлдап, олардың әр қайсысына, ақындық қабілетіне және білім дәрежесіне қарай, өлең қыларлық теманы да беріп отырған.

Мысалы, Көкбай ақын Абайдың берген темасы бойынша Абылай туралы “Сабалақ” атты дастан жазғаны, Мағауия — “Медғат—Қасым” поэмасын, Ақылбай — “Дағыстан” және “Зұлыс поэмаларын жазғаны белгілі. Сол сияқты Иманбазар да Абайдан естіп, ұққан әңгімелері, негізінде, “Әнибал” және “Алтын сакина” дастандарын жазған.

Иманбазардың әдеби мұрасынан бізге толық қалпында жеткені — “Әнибал” дастаны ғана.

Дастанның экспозициясында уақиғаның болған елі мен жері, кейіпкерлері қысқаша суреттеледі:

Рұмның Хүкімінде талай халық,
Жамиғат құлақ салсаң, бұл сөз анық.
Жазайын ғибрат қылып қыз өнерін.
Кейінгі қыз, бозбала қылсын тарих, —

деп басталып, Рұм патшасы аталады:

Рамұлдың бақытты артық Құдай берген,
Патша болып әр істі көзі көрген.

Қазына, мал мен басы бәрі бірдей.
Ферзанты екі ұл, бір қыз соңына ерген, —

дейді де, екі ұлының ер жетіп, әскер басы боп кеткенін ғана айтады да, дастанның бас кейіпкерін суреттейді:

Кенжесі Рамұл ханның Әнибал қыз,
Жасынан сөзі әдепті “Сіз” бенен “біз”.
Сипаты жаннан артық нұрлы жамал,
Бақытты қандай жанға болады кез.
Сарайын кенже қыздың салған бөлек,
Безентіп сейіл үшін екті терек.
Әнибал жас күнінен сабақ оқып,
Ғылымға жан салмайтын болды зерек.

Артылды өнер біліп қыздың басы,
Ғаламның екі бірдей нұр дидасы.
Ғылымға он екі пән бірдей болды,
Балиғы он алтыға келмей жасы, —

дейді ақын. Әнибалдың атақ-даңқы бүкіл елге жайылады.

Естіді қыздың даңқын талайдағы
Өнерлі жұртқа естіліп тіл мен жағы.
Алмаққа ханның қызын жаһат етті,
Баласы патшалардың маңайдағы.

Талай ханзадалар ғашықтығын айтып жат жазса да, Әнибалдан дұрыс жауап ала алмайды.

Әнибал байлық, патшалыққа қызықпайды, өзінің өмірдегі мұрат-мақсатын ата-анасына ашық айтып, былай баяндайды:

Бай, жарлы демес едім, болса дана,
Апа еке-ау, біздің айтқан сөзге қара, —
Ғылым, білім, өнер, ой, мінез — қылық,
Осы түгел табылар жігіт бар ма?

Құр байлық, патшалық пен неге керек,
Өнер тап жан қуанар, болсаң зерек.
Нысап, сабыр, ұяттың орнын біліп,
Әр жерде сөзді абайлап бой бекітпек.

Рамұл патшаның қызын сұрап Бағдат патшасының баласы Ғабидолла ханзада келеді. Шешесі ханзаданың келгенін хабарлағанда Әнибал:

– Хабарын білдім мен де сізден бұрын,
Бір көріп, білу қиын кісі сырын.
Шешуін бір сөзімнің тауып берсе,
Айтқамын ұнатам дей мұнан бұрын.
– Ұға алмай дүниені көңлім ерек,
Сөзім аз, тез табады болса зерек.
Қағазға қарындашпен жазып берді:
“Адамға ғұмыр сұрмек неге керек?”

– Әнибал қыздың қойған сұрағына Ғабидолла ханзаданың берген жауабының түрі мынадай болып келеді:

...Ғұмырға туу дегенде дәулет керек,
Қатын-бала дәулетпен түгенделмек.
Тамақ тоқ, киім бүтін, жақсы орын
Ғұмыр нені іздейді мұнан бөлек..., –

деп, байлық, сән-салтанат, сауық-сайранды айтып кетеді...
Әнибал ханзаданың жауап сөзін естіген соң:

“Бұл болса бар білгені қонағыңның, қыз іздеп, бейнеттеніп
не қылады”, – дейді.

Әнибал жеке өз басының ғана қамын ойлаған жан емес.
Ол былай дейді:

Басымның қызығы емес іздегенім,
Пайдасы күллі ұрғашы көздегенім.
Адамзат еркіменен болмақ керек,
Көп күнә оған ерік бермегенің. ...

“Әнибал” дастанының негізгі идеясы – әйелдің бас бостандығы. Қалыңмалға сатылып, еріксіз күнеуге берілген қазақ әйелінің көретін қорлық-зорлығының бәрі Әнибалдың аузынан айтылады; тек мұң-зар ретінде айтылып қана қоймайды, адамгершілік тұрғысынан қатты сыналады.

Әйел теңдігі туралы өзінің ой-пікірін, мұрат-мақсатын айқындап айта келіп, әкесінің алдына қоятын ақырғы талап-тілегін анасына ашып айтады:

Жан апа-ау, патшаға айт арызымды,
Құдайға, шарифатқа сөзім шын-ды.
Әрбір қыз өзі тандап барсын байға,
Тілек беріп тарқатсын біздің мұңды.

Жұртына жарлық қылсын осы жайды,
Осы ісі ғәділдікке хұп ұнайды.

Әр жігіт сүйгенімен болмақ болса,
Құдайдан одан артық не сұрайды?

Босатсып қыз байқусты қылып азат,
Сонда шығар жігіттен арман-хажат,
Бермекке қалың малға мал іздемес,
Дұға оқыр, разы болып көп жамағат, —

дейді.

Адамшылығы зор, адал жүрек, ақылды қызының қойған әділетті тілек-талабы, ақ көңіл, мейірімді ананың ақылына қонып, сана-сезімін тебірентеді. Әнибалдың талап-тілегіне жан-тәнімен берілген ана:

Көздің жасы, жүректің қанымен,
Ханым сөзін ханға айтты мәніменен:
— Тұтқыннан әйел затты құтқармасаң, —
Боласыз Сіз де өкпелі меніменен, —

дейді.

Қысқасын айтқанда, патша қызының қойған талап-тілегін орындау — адамгершілік парызым деп біледі.

Рамұл патша уәзірлерімен мәслихат құрып оларға, Әнибалдың қоятын талап-тілегін баян етеді және қызының талабын өзі мақұлдайтынын айтады. Уәзірлері де патшасының әділ шешімін шүбәсіз қабылдайды.

Уәзірлерінің мәслихатын алған соң, патша жаңа мизам (заң) шығарып, халқына жариялайды:

Патша әмір етіп жұртын жиды,
Шығарып жаңа мизам-жаңа күүді.
— Жанды адам ықтияры өзінде — деп,
Халқына естіртеді мұндай сыйды.
— Әркім өзі сүйгенін алады, — деп,
Қыз бенен боз балаға теңдік тиді, —

дейді Иманбазар акын.

Әрине, ол заманда дәл мұндай уақиға болған емес.

“Әнибал” дастаны — өмірлік романтика үлгісінде жазылған шығарма.

Данышпан қыз Әнибал, әділ патша Рамұл — акынның адамгершілік талап-арманынан туған образдар. Әнибал, Рамұл образдары арқылы өзінің арман еткен заманын: адамның еркіндік бақытты өмірін, әйел теңдігін, адал махаббаты, әділетті, адамгершілік қасиетті жырлайды.

Адамгершілік талабын ең басты мақсат, асыл арман етіп жырлау, Абайдан алған үлгі-өнеге екенін “Әнибал” дастанынан айқын аңғарамыз.

Мұнда жоқ қыздырмалы қызықты сөз,
Көп ұзатпай осылай тоқтаттым тез.
Не қылса әңгіме үшін айтқаным жоқ,
Пайдасы кейінгінің көреді көз.

Бұл сөзім әңгіме емес жылман қаққан,
Мисыз пәңгі не қылсын ыржақ баққан.
Өткен адам білмепті деп айтпасын,
Кейін біреу табылар мұны ұнатқан. —

дейді ақын. Иманбазар да ұлы ұстазы Абайдың: “Мен жазбайтын өленді ермек үшін” деген қағидасын берік ұстанған ақын. Дастанның ең соңғы шумағы: “Еркөкше ақын мұны айтқан қазақ үшін” деп басталады. Бұл арада Иманбазар өзінше сыпайылық жасап, өзін тура атамай, Еркөкше деп жазған.

Еркөкше шынында өмірде болған адам: Иманбазардың ағайыны, суырыпсалма, күшті импровизатор ақын болыпты.

Иманбазардың дастаны “Хыйсса Әнибал” деп аталып, тұңғыш рет 1909 жылы Қазанда басылып шыққан. Одан кейінгі жылдарда жарық көрген емес, екінші рет осы кітапта жарияланып отыр.

* * *

Иманбазардың басқа шығармалары бізге жеткен жоқ. Ал, оның “Алтын сақина” дастаны жайында біраз мағлұмат бере кетуге болады.

— Иманбазармен аталас туысқаны Жағыпар Кәкімов деген адамның баласы, мұғалім Ақат Жағыпарұлымен 1986 жылы 26-ншы маусым күні Иманбазар туралы ұзақ әңгімелескен едік. Менің өтінішім бойынша, Ақат өзінің Иманбазар ақын жайында білетіндерін жазып берген болатын. Ақат былай дейді:

— Иманбазар атамызбен менің әкем Жағыпар екеуі аталас, Уақ руының адамдары еді. Екеуі де мұсылманша және орысша сауатты, мәдениетті адам болатын. Иманбазар Семей қалалық бес класты училищені бітірген, менің әкем гимназияда оқыған.

Иманбазармен қыс қыстауымыз, жаз жайлауымыз бірге ауылдас болатынбыз. Әкеммен екеуі қалтықсыз сырлас, дос еді.

1926 жылдың жаз айы, ел жайлауда “Еспе” деген жерде болатын. Біздің үйде Иманбазар мен әкем екеуі қымыз ішіп әңгімелесіп отырып, әңгіме арасында “Алтын сақина” дастанын сөз етісті. Сонда Иманбазар “Алтын сақина” дастанын бастан-аяқ оқып беріп еді. Бала күнімізде естіген жақсы өлеңді жаттап алатын әдетіміз болатын. Мен “Алтын сақина” дастанын сол кезде түгел жаттап алып, айтып жүруші едім. Содан бері міне 60 жылдай уақыт өтті. Үнемі айтып жүрмеген соң, қазір ұмыттым. Бірақ дастанның уақиғасы әлі де есімде. Және бірер ауыз өлеңі, шала-шарпы болса да, ойымда қалыпты. Дастан былай басталушы еді:

Сұлу қыз дария судын жағасында,
Ғашығы ойнап отыр өз қасында.
– Жүзігім осы суға түсіп кетті,
Қарасаң су түбінен табасың ба?...

Осы арада екі куплет өлең бар еді, оны ұмытып қалып-пын. Ол екі куплетте: жігіт ғашық қызының сөзін қимай, суға түсетіні, алғашқы суға сүңгігенде жүзiктi таба алмай шыққаны, екінші рет түскенде, жігіттің суға кеткені айтылушы еді. Одан кейінгі өлең жолдарында келетін:

...Қыз құшақтар жігітті су құшақтап,
Теңіздің толқынына қолға түсті...

дейтін сөздері есімде қалыпты. Дастанның соңына таман келетін:

Есірік, даңғой еркекті қыз алдайды осылай,
Жанып қиған жан жарын саудаға салды осындай –

дейтін сөздер болатын.

Дастан оқылып болған соң менің әкем Иманбазарға қарап: “Сен дұрыс аудармағансың. Жігіт сен айтқандай: есірік, даңғой емес, ол шын сүйген ғашығының сөзін қимай теңізге түсті де, суға кетті емес пе?” деп еді, Иманбазар:

“Ақын қалай жазса, мен дәл солай аудардым”, – деді.

Ақат Жағыпаров. 26.VI. 1996 ж. Семей

Ақаттың айтуына қарағанда: Иманбазардың “Алтын Сақина” дастаны – Европа ақындарының біреуінің баллада түрінде жазған шығармасының аудармасы болуы керек деген қорытындыға келеміз. Бұл мәселе әлі де зерттелуі керек.

Енді Иманбазардың өмір тарихына байланысты баспасөз жүзінде жарияланған және архивте сақталған, өзімізге белгілі болған, мағлұматтарды келтіреміз.

“Дала уәлаятының газеті” әрбір үш жыл мерзімге сайланған қазақ болыстары туралы ресімі хабар жариялап отырғаны мәлім. Газеттің 1898 жылғы 13-ші қыркүйек күнгі 33-санында: 1899 жылдан 1902 жылға шейінгі үш жыл мерзімге бекітілген Қызылмола болысының болыстық қызметіне (управитель) сайланған болысы мен билері аталған. Болыстық қызметке: Қанқожа Тілебаддин, оның кандидаты болып Мұхамеди Айқымбаев, № 1 ауылдың халық биі (судья) болып Иманбазар Қазанғапов сайланыпты.

Қызылмоланың 1917–19 жылдар аралығындағы болысы Әбен Бітімбаев (Шәкір ақынның әкесі), кандидаты Иманбазар Қазанғапов болған.

Иманбазардың қазан төңкерісіне дейінгі өмір сапарынан бізге мәлім болғаны осы айтылғандар.

Иманбазар әлеумет жұмысына араласа жүріп: Ресей империясының отарына айналған, туған халқының ерікті елдігінен мүлдем айырылғанына әбден көзі жетті.

Азамат ақын халқының ерікті, мәдениетті, іргелі ел болуын арман етті, ұлт тәуелсіздігін көкседі.

Иманбазардың “Әнибал” дастаны 1909 жылы басылып шықса, дәл сол жылы Ахмет Байтұрсыновтың “Қырық мысалы” басылып шығып, елге кең таралды.

“Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын, — дейді Мұхтар Әуезов. “Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң, бір жарым жылға (административтік ссылка) айдау ретімен Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарындағы әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан да ашырақ, күштірек тілмен “Масаны” (1911) жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны “маса” болатын. Ахметке үн қосып: “Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты” деп ұран салған Міржақыптың. “Оян қазақ” кітабы 1909 жылы шықты.

1913 жылдан бастап, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар ұйымдастырған “Қазақ” газеті шықты. Мұхтар Әуезов былай дейді:

“Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі танның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған “Қазақ” газеті болатын.

“Қазак” газеті халықтың саяси көзі ашылуына, “жұрттық” деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды”.

Сөйтіп, Абайдан кейінгі дәуірде, ұлы ақынның Иманбазар сияқты көзі тірі шәкірттерінің саяси-әлеуметтік көзқарасының және ұлттық сана-сезімінің әбден берік қалыптасуына игі әсер еткен — Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсыновтар бастаған ұлт-азаттық қозғалысының қайраткерлері, рухани көсемдері болды.

Шаһкәрімнен бастап, Көкбай, Турағұл және Иманбазар сияқты Абай шәкірттері: Алаш қайраткерін қазақ халқының нағыз қамқоры, көшбасшы көсемі деп танып, солардың бастаған жолын ұстанды.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін құрылған Алаш партиясын Абай шәкірттері бір ауыздан қолдап, Алаш партиясына қарсы шыққан “Үш жүз” деген партияның әрекетін баспасөз жүзінде әшкерелеп, “Сарыарқа” (Семей) газетінің 1917 жылғы 26-санында, халыққа үндеу ретінде, “Қазақтан шыққан арамзалар” атты мақала жариялады. Мақалаға қол қойған он үш адамның үшеуі: Иманбазар Қазанғапов, Көкбай Жанатаев, Дініслам (Шөпіш) Тәңірберді немересі — Абай шәкірттері.

Саяси-тарихтың маңызын жоймаған мақаланы келтірейік:

“Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ, бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйытқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақтан басқа ел қағынып, жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастырып тұр еді.

Бізден де, ұяттан да кеткен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. Халықтың қамын ойлап, қорған болған, Алаштың туын ұстаған асқар белдей ерлерімізді, жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен, пікірі айуан сияқты сүмдар “Үш жүз” дің партиясы деп атақ байланып, бар қазақтың ұйтқы болған Алаш партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға стрихип (үү) салушы еді, міне оған деген үу мынау:

“Үш жүз” партиясы анық содырлы-сойқанды, жүзі қаралар партиясы. Бұл жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану Алаш балаларына борыш.

Қазақтың баяғыдан бері аяқ астына басылып, көрген қорлығы, көрген зорлығы мен зұлымдығы аз емес. Енді “Үш жүз” дің қуларына айтамыз:

Елімізді ертбеніздер, ел қылып ұстау сендердің қолдарыңнан келетін іс емес. Ел де есін біледі: сендердің сондарыңнан еріп, жарға қамалып жығылмайды. Халықты әуре қылмай, өлген мұжықтың қойнында қалаш табылатын болса, соны іздеп қараңдар!

Біз Алаш партиясының соңынан ереміз, анық көшбасшыларымыз сонда.

Семейдің уезный земствосының мүшелері...”

Он үш адам қол қойған.

Қазіргі қалың оқырман қауымға түсініктірек болу үшін, “Земства” деген қандай мекеме және оның мүшелерінің атқаратын қызметі туралы Әлихан Бөкейхановтың түсініктемесін келтірейік: “Земства – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс-мекеме, жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры, қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте земства билемейтін іс болмайды.

Земства үш орында, үш дәрежеде болады:

Волосной, уездни һәм обласной...” (Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Алматы, “Қазақстан”, 1994 ж. 251-бет).

Иманбазар, Көкбайлар, Семей уездік земстваның белсенді мүшелері, Алаш партиясын қолдаушы және қорғаушы, алаштың адал азаматтары болды.

* * *

Иманбазар ақынның Кеңес өкіметі заманындағы өмірі туралы нақтылы мағлұматымыз жоқ. Бірақ Алаш партиясының жолында болған зиялы азаматтың, коммунистік билік дәуіріндегі өмірі қыл үстінде болғаны анық.

Кеңес өкіметі алғашқы қадамының өзінде-ақ, ұлттық интеллигенцияны жою әрекетін бастады. Зұлымдық репрессияға ең алдымен Алашорда қайраткерлері ұшырады, Алаш партиясының жолында болған қазақ зиялылары Советтің сайқал саясатының құрбаны болды.

Абай шәкірттері: Шаһкәрім атылды, Турағұл Абай баласы абақтыға қамалды, ақыры айдауда жүріп өлді, Мекаил (Мекеш) Абай баласы атылды... Сөйтіп, Абай мектебінің түлектері түгелдей жойылды.

Сондай сұмдық қызыл қырғыннан тек Иманбазарды құдай сақтапты!

Ауызша мәліметтерге қарағанда, Иманбазар өмірінің соңғы кезеңінде өз ағайындарының ортасында тұрмапты. Бір орыс колхозына есепші (бухгалтер) болып орналасып, орыс арасында тұрыпты.

Иманбазардың бірден-бір сырлас адамы, адал досы, белгілі

майталман ақын — Сапарғали Әлімбетов (1889–1956) болған. Бұл екі ақынның достық қарым-қатынасы өмір бойы үзілмеген.

— Иманбазардың өмір бойы қолынан қаламы түскен емес. Қашан барсам да жазу жазып отыратын. Жазғандарын ешкімге көрсетпейтін, еш қайда жарияламайтын, — деуші еді Сапарғали ақын.

Иманбазар Қазанғапов 1943 жылы жетпіс үш жасында, туған жерінде қайтыс болды. Иманбазар дүниеден өткенде Сапарғали ақын былай депті:

Қолынан өлген күні қалам түсті,
Қаратамен көз алдында жердің үсті.
Төрінде жиған жүктей кітап қалып,
Сол сұңқар тұғырынан биыл ұшты...

Ол — өлгенше қолынан қаламы түспеген ақынның әдеби мұрасы бізге жеткен жоқ. Иманбазар өлерінен бұрын өзінің қолжазбаларын, қысқасы, бар архивын сандыққа салып жерге көміп кетіпті. Бір жақын адамына ғана көмген жерін түспалдап қана нұсқап: “Осынау маңайда” депті де, дәлдеп көрсетпепті.

1967 жылы Иманбазардың туған жиені (қызының баласы), Семей пединституттың мұғалімі, физика-математика ғылымының кандидаты Ахметжан Абаш (Абылай) екеуіміз Шар ауданындағы Белтерек совхозына арнайы барып, Иманбазар архивының көмілген жерін анықтамақ болып, қаншама талаптанып ізденген ісімізден нәтиже шықпады.

Иманбазар ақын Қазанғаповтың өмір тарихын, оның әдеби мұрасын әзірлеп зерттеу мәселесі — әдебиетші жас ғалымдарымыздың абыройлы борышы.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов

(1870–1938)

Сталиннің кешегі кеселді кер заманында өр зорлық пен өктем зұлымдықтың құрбаны боп кеткен халықтың ардақты азаматтары, қадірлі қайраткерлері кең дүниеге қайта орала бастады.

Демократияландыру мен жариялылықтың кең өріс алып, өркендей бастауының нәтижесінде, 1988 жылы жарық дүниеге жарқ етіп Шаһкәрім шықса, 1989 жылы төрт бірдей арысымыз: Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек шықты.

Нағыз табиғи дарынды, ардагер акын-жазушыларымыздың әдеби асыл мұрасы том-том кітап боп басылып, рухани мәдениетімізді байытып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей болдык.

Тарихымыздың ойсырап қалған орны, күннен-күнге толысып, ақтандақтан арыла бастауы халықтың рухын көтеріп, қайта құру күресіне аянбай ат салысуға онан сайын жігерлендіреді.

Елу екі жыл бойы атын атауға тыйым салынып келген тағы бір ірі қайраткер Әлихан Бөкейханов мәселесі КСРО Жоғарғы сотының 1989 жылы 13–14 майдағы Пленумында қаралып, қылмысы жоқ болғандықтан ақталғаны туралы хабарды “Социалист Қазақстан” газетінің 7 маусым күнгі санынан оқып, шындыққа тағы көзіміз жетті. Бұрын Бөкейхановтың тағдыры туралы еш нәрсе білмейтін едік. Репрессияның етек алып, нағыз қабындап тұрған шағында, 1937 жылы 14 шілдеде Мәскеуде тұтқынға алынып, КСРО Жоғарғы сотының әскери Коллегиясының 27 қыркүйектегі үкімі бойынша, 1938 жылы мамыр айында атылғанын білдік.

“Социалист Қазақстан” газетінің 7 маусымдағы хабарынан соң іле-шала, 9 маусым күні “Қазақ әдебиеті” газеті Бейбіт Қойшыбаевтың “Әлихан Бөкейханов” атты көлемді мақаласын, 7 шілдеде тарих ғылымының докторлары, профессор А.Ф.Сармұрзин мен профессор В.К.Григорьевтың “Бөкейханов және тарих шындығы” атты мақаласын жариялады. Сөйтіп, жариялылық заманы туғанға шейін Бөкейханов туралы айтылмай, бұркеліп келген шындық ашылып, айтыла бастады.

“Наш современник” журналының 1989 жылғы 7-санында жарияланған “Заметки о национальном” атты мақаласында Ирина Стеклова Бөкейханов туралы: “Бөкейханов был

крупнейшим деятелем своего времени, видным экономистом. Но до последнего времени даже и представить было невозможно, что в Казахстане кто-то решится написать и издать объективную биографию Букейханова. Его имя появлялось в исторических трудах с неизменным ярлыком “националист”, шла ли речь о его позиции до февраля 1917 года или об участии в правительстве Туркестана, поддерживавшем Временное правительство, или о программе партии “Алаш”. Но разве не интересно, что в статье “Благое дело” Букейханов агитировал за кооперацию для казахов?” — деген.

Әлихан Бөкейханов мамандығы жөнінен терең білімді экономист болуымен қатар, ол үлкен ғалым-тарихшы, әдебиетші, жалынды публицист, журналист әрі шебер аудармашы да еді.

Әлихан Бөкейханов сияқты кең ойлы, жан-жақты терең білімді, ірі қайраткердің өмір тарихын, саяси-әлеуметтік қызметін, ғылыми-ағартушылық еңбегін түгендеп баяндап беру — тарихшы, әдебиетші, экономист ғалымдарымыздың алдында тұрған мәселе. Бұл үлкен адамның басынан кешкен күрделі өмір сапары, ғылыми еңбегі, әдеби мұрасы әлі зерттеліп, қорытылған жоқ. Осы күнге дейін ол туралы жазылып келген қым-қиғаш пікірлер, оған жабылған жалған жала қара тұмандай тұмшалап, оның шын бейнесін көрсетпей, бүркеп келді.

“Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған Б.Қойшыбаевтың және А.Ф.Сармұрзин мен В.К.Григорьевтың мақаласында Ә.Бөкейхановтың өмірбаянынан біраз мағлұмат беріліп, саяси-әлеуметтік қызметі туралы баяндалған.

Мен бұл мақалада Бөкейхановтың өмір тарихынан өзіме мәлім болған мағлұматқа және өзім оқып, білген еңбектеріне ғана қысқаша тоқталып, ол туралы кейбір белгілі әдебиет қайраткерлерінің айтқан пікірлерін баян етпекпін.

Бөкей — Әлиханның төртінші атасы. Шаһкәрім шежіресінде былай баяндалады: “...Бөкей ханның тоғыз баласы бар: Шынғыс, Есім, Уәлі, Тәуке, Батыр, Сұлтанғазы, Абылғазы, Көксал, Әбілмәмбет. Осы айтылған Батырдың бір баласы Мырзатай, оның бір баласы — Нұрмұхаммед, оның баласы Әлихан Бөкейханов” (Түрік, қырғыз-қазақ қәм ханлар шежіресі. Орынбор, 1911 ж., 81-бет).

Орта жүздің екі ханының бірі — Уәлі хан (Шоқанның атасы), екіншісі — Бөкей хан Барак хан ұлы (Әбілхайыр ханды өлтіретін Барак осы. —Қ.М.). Ол 1816 жылдан Қарқаралыда хан болып тұрып, 1819 жылы өлген (Құрбанғали Халидұлы. “Тауарих Хамса...” Қазан, 1911 ж., 434—441-бет).

Әлиханнның туған жылы “Социалист Қазақстан” газетінде (7 маусым) “1866 жыл” деп және Сармүрзин мен Григорьевтың мақаласында да (“Қ.Ә.”, 7 шілде) “1866 жыл” деп көрсетілген. Дұрысы – 1870 жылы туғандығы болады. Оған дәлел “Выборгский процесс” кітабында (С.-Петербург, 1908): “Алихан Нурмухаммедов Букейханов, 35 лет” деп (23-бет) жазылған және сол кітаптағы фотосуретінің астына: “Букейханов Алихан. Родился 1870 г.- Кончил лесной институт. Статистик...” деп көрсетілген. Сондықтан Б.Қойшыбаевтың мақаласында (“Қ.Ә.”, 9 маусым) 1870 жылы туған дегені дұрыс.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов баспасөз жұмысына 1890 жылдардан бастап араласа бастаған. Олай дейтініміз “История Сибири” кітабындағы бір мағлұматта: “1893 жылдан бері Омбыда шыға бастаған “Степной листок” 1895 жылдан бастап “Степной край” атты үлкен газетке айналды. Бұл газеттің өркендеп өскен мезгілі – 1895–1897 жылдар, яғни саяси жер ауып келгендерден құрылған редколлегия қолына көшкен кезі болды...”, – дей келіп: “В газете участвовали П.Ф.Якубович (Мельшин), В.Д.Соколов (Митрич), А.А.Беляков, Н.Флеровский (Берви), А.Н.Букейханов, О.Н.Фигнер и др.

Как передовое для своего времени издание, газета “Степной край” просуществовало недолго. Против нее со злобой и ненавистью ополчились местные власти. Политических ссыльных устранили от руководства газетой, она попала в руки обывательской реакции”, – деп жазылған (“История Сибири”. Том третий. Ленинград, 1968 г. стр. 393-394).

Бөкейхановтың мол еңбегінің бір саласы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне арналған. Атақты ғалым П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийдің, редакциясымен “Россия. Полное географическое описание нашего отечества” атты көп томды кітап шыққаны тарихтан белгілі. Сол көп томдық кітаптың 18-томы қазақ тарихына арналып, “Киргизский край” деп аталып, бұл кітап 1903 жылы Петербургте басылып шыққан (көлемі – 478 бет). Кітапты жазуға қатысқан адамдар: “Составители: А.Н.Седельников, Л.П. Осипов, А.Н. Букейханов, С.Д. Чадов, Н.А. Бородин, Т.Т.Белоногов, В.П.Семенов, П.Н.Столянский”, – деп атап көрсетілген.

Бөкейханов осы кітаптың “Население” деп аталған 2-бөлімін (136–292-беттер) жазуға қатысқан. Кітаптың осы айтылған 2-бөлімінің Бөкейханов жазысқан төртінші, бесінші тарауларын атап, қысқаша ғана шолып өтейік. 4-тарауының

тақырыбы: “Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи”, — деп аталған. Бұл тарауда зерттеліп жазылған мәселелер: “Народы, населявшие Киргизский край в древности — “Чуд”. Татары. Башкиры. Калмыки. Джунгары. Киргизы”. Одан кейін баяндалатын мәселелер: “Завоевание и два вида колонизации края “вольная и правительственная. Крестьянская колонизация 80–90-х годов ХХ в. Развитие просвещения в крае. Низшее и среднее образование. Книжное и издательское дело в крае”.

Тарихтың 5-тарауы: “Распределение населения Киргизского края по территории, его этнографический состав, быт и культура”, — деп аталады. Осы мәселелерді баяндай келіп: “Теперь перейдем к рассмотрению главного народа края — киргиз-казаков”, — деп бастап, казак туралы: “Этот народ, как по количеству, так и по обширности занятой территории, занимает первое место среди всех тюркских народностей азиатского материка (и второе, после турок — османов, на земле)”, — дейді (стр. 199).

Қазақ халқының ақыл, ой-санасы туралы былай деп мінездеме береді:

“Из умственных способностей киргиз на первое место следует поставить память на окружающую его жизненную обстановку (природа, люди, события), в этом отношении киргиз стоит значительно выше крестьянина... Учение (особенно математика) дается нетрудно, среди учащихся лица с хорошими, способностями нередки” (стр. 202).

Қазақтың мәдениеті туралы былай дейді: “Среди тюрков, кочующих в Азии, киргиз-казаки наиболее культурный народ, и несомненно, что ему предстоит лучшее будущее: количество его увеличивается, и он оказывается восприимчивым в культурных приобретениях.

О сравнительной культурности киргиз-казаков можно судить отчасти по характеру языка, по способности и форме излагать свои мысли, по богатству народной литературы и наконец по состоянию развития искусств” (стр. 203).

Қазақ халқының рухани мәдениет байлығын баяндай келіп, ауыз әдебиетінің түрлеріне тоқталады. Халық поэмаларына сипаттама беріп, “Қозы Көрпеш — Баян сұлу” дастанына ерекше көңіл аударады.

Шортанбай, Ноғайбай сияқты жеке акындарды атап айта

келіп, Абайға ерекше тоқтап, оны казактың жана әдебиетінің көш басшысы дейді: “Наконец, как представителя нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева (“Кномбая” деп басылған) — автора многих стихотворений изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору принадлежат хорошие переводы “Евгения Онегина” и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у семипалатинских өлеңші (певцов) можно слышать, например, “Письмо Татьяны”, распеваемое, конечно, на свой мотив”.

Сөйтп, Абайдың көзі тірісінде оны орыстың оқырман қауымына тұңғыш рет таныстырған адам — Әлихан Бөкейханов.

Абай қайтыс болған соң, Әлихан Бөкейханов ақынның өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұратын “Семипалатинский листок” атты газетте 1905 жылы жариялайды.

Содан екі жыл өткен соң, 1907 жылы “Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества” деп аталатын кітапта Абайдың өмірбаяны фотосуретімен бірге тағы басылып шықты. Бөкейханов жазған Абай өмірбаянынан бірнеше үзінді келтірейік.

“Абай (Ибрагим) Кунанбаев

(некролог)

23 июня 1904 года в Чингисской волости (в горах Чингис) Семипалатинского уезда скончался популярный в родной степи киргизский поэт Абай Кунанбаев. Книжное имя его Ибрагим (Авраам), но Киргизская степь, следуя матери поэта, укрепила за ним нежное ласкательное имя Абай, которое и мы сохраним за ним.

Абай по отцу происходил из поколения известных вожаков и биев рода Тобыкты. Прадед поэта тобыктинский би и батыр Ыргызбай, названный по названию реки Ирғиз Тургайской области, где он родился в 50-х гг. 18 века, в числе немногих вожаков его привел род Тобыкты из Туркестана в Чингисские горы, представляющие превосходные пастбища...”

Одан кейін Өскенбайды айта келіп, Құнанбайға тоқталады.

“...Отец Абая Кунанбай имел огромное влияние и на киргиз чужих родов, что подтвердилось избранием Кунанбая в старшие султаны Каркаралинского округа.

Мать Абая Улжан происходила из поколения знаменито-

го в роде Бошан бия Бертыса, подобно Ыргызбау, приведшего киргиз рода Каракесек в Каркаралинский уезд: в горы Куу, Едрей, Мыржык.

Популярнейшие в Киргизской степи братья юмористы Контай и Тонтай приходились Улжан, матери Абая, родными дядями...”

Сөйтүп, Абайдын ата-бабасымен таныстыра келіп, оның окуын, алган тәлім-тәрбиесін, білімін, аскан акындығын, даналығын, орыс революционерлерімен достығын, орыстың ұлы акын-жазушыларының шығармаларымен таныстығын айта келіп: “Впоследствии Абай прочел “Опыты” Спенсера, “Позитивную философию” Льюиса, “Умственное развитие Европы” Дрепера”, – деп жазады.

Абайдың Крылов, Лермонтов, Пушкин шығармаларынан аударған өлеңдерін баяндайды. Оның шәкірті, әнші, скрипкашы, акын – Мұқа Әділхановпен танысқанын Әлихан Бөкейханов қызықты етіп әңгімелейді:

“...1899 году в Коконской волости киргиз певец Адылханов предложил нам послушать “Письмо Татьяны” под аккомпонемент его скрипки. На наше удивление, откуда он знает “Письмо Татьяны”, Адылханов, не без гордости указав на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он, певец – “акын” Пушкин, который воспел, как Татьяна сулу (красавица) полюбила джигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылханов, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов Лермонтова...” – дейді.

Абайдың өмірбаяны туралы мақаласын былайша қорытады:

“...Абай как это покажут его стихи, представлял недюжинную поэтическую силу и составляет гордость киргизского народа. Еще не было киргизского поэта, так возвысившего духовное творчество народа, как Абай. Чудные его стихи, посвященные четырем временам года (весна, лето, осень и зима) сделали бы честь знаменитым поэтам Европы.

Биографические данные для этого некролога доставил племянник Абая Какытай Скакович Кунанбаев”, – дейді.

Және жақын арада Абайдың өлеңдер жинағы басылып шығатынын былайша хабарлап жазады:

“Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из “Евгения Онегина”), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом Императорского русского географического Общества под редакцией А.Н.Букейханова”, – дейді. Бірақ солай десе де, Абай

жинағы шықпай қалды. Оның себебі, Әлихан Бөкейханов 1906 жылы 8 қаңтарда тұтқынға алынып, түрмеге жабылды. “В январе 1906 г., в связи с событиями дней свободы, в Семипалатинске был назначен областной съезд. Меня арестовали на пути из Павлодара в Семипалатинск, в пос. Ямышевском, 8-го января” (Алихан Букейханов. “Выборы в степном крае”, в книге “К десятилетию первой государственной думы”. Петроград, 1916 г., стр. 45).

Әлихан Павлодар түрмесіне жабылғанда, оның портфелінде Абай өлеңдері жинағының қолжазбасы да болған. Оны дәлелдейтін архив документін келтірейік:

“1906 г. января 10 дня г. Павлодар. Мне, мировому судье 2-го участка Павлодарского уезда, при посещении сего числа тюрьмы арестованный по шифрованной телеграмме ротмистра Рутланда из г. Омска Алихан Нурмухаметович Букейханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит об аресте его довести до сведения прокурорского надзора, объявить ему о причине задержания и об обвинении, которое ему предъявлено, а также просит освободить его из-под стражи на поручительство или под залог, а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке, имеющейся в арестованном у него в портфеле, содержащей стихотворения, так как она оценивается в 5.000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбаеву” (Государственный архив Омской области, фонд 270, опись 1, дело 200, лист 10).

1908 жылы түрмеде тағы да отырып шығады. Сөйтіп Абайдың өлеңдер жинағы тек 1909 жылы жарыққа шықты.

Бұл жөнінде Міржақып Дулатов 1914 жылы “Қазақ” газетінде басылған “Абай” атты мақаласында былай дейді: “1905 жылы “Семипалатинский листок” газетасында, онан кейін Семейдегі “географический обществоның” шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржіма халын жазды қәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады.

1909 жылы Абайдың балалары мен інілерінің ризалығы қәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургте Бураганский баспасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы”.

Сөйтіп, Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы Әлихан Бөкейхановтың басшылығымен басылып шыққан. Бөкейхановтан кейін, 1913 жылы Ахмет Байтұрсынов Абай туралы “Қазақтың бас ақыны” атты үлкен мақала жариялады. 1914 жылы Міржақып Дулатов “Абай” деген мақаласын жазды (“Қазақ” газеті, 1914 жыл, № 67).

Әлихан Бөкейханов Абай туралы ақынның көзі тірісінде (1903) жазғанын, 1905 және 1907 жылы жарияланған мақалаларын Абайдың ақын шәкірттері, балалары – Ақылбай, Турағұлдар, інілері – Шаһкәрім, Кәкітайлар, досы – Көкбай ақын кезінде оқып, біліп отырған. Олар Бөкейхановты ерекше қадірлеп, құрметтеген. Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы (1909) Әлиханнның ыждаһатымен басылып шыққанын жақсы түсініп, бағалаған. 1913 жылы Орынборда шыға бастаған “Қазак” газетін үзбей алдырып оқып тұрған. Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың өздерін де, олардың жазған еңбектерін де жақсы білген, осы үш қайраткердің де түрмеге қамалып, ауыр азап шеккендері, үнемі қуғын-сүргін көріп жүргендері Абай шәкірттерінің қабырғасын қайыстырып, терең тебіrentкен. Көкбай ақын өз заманында Әлихан Бөкейхановты қазақтың алғашқы оқымысты, қамқор азаматы деп білген.

Бөкейхановтың Абаймен, оның шығармаларымен және ұлы ақынның туыстарымен (Турағұл, Кәкітай), Көкбай, Мұқа сияқты ақын шәкірттерімен алғашқы танысқан уақыты – 1889 жыл болады. Петербургте орман шаруашылығы институтын 1898 жылы бітірген Әлихан Бөкейханов қазақ жерін зерттеуге шыққан Щербина бастаған “Экспедиция Щербины” деп аталатын экспедицияның бір мүшесі ретінде қазақ даласына шыққан. Щербина экспедициясының дәл қай жылы шыққандығы туралы жоғарыда аталған “Россия. Полное географическое описание...” кітабында көрсетілген: “Только уже после статистического исследования в 1899 г. (Экспедиция Щербины) было выяснено, что без всякого ущерба для киргиз переселенцам могут быть выделены большие участки” (стр. 163-164). Және Абайдың әнші шәкірті Мұқа Әліхановпен 1899 жылы жолығып, әңгімелескені туралы Бөкейхановтың өзі жазған сөзін жоғарыда келтірдік. Сондықтан “Советский Казахстан” журналының 1954 жылғы 10-санында жарияланған “Великий сын народа” (Абай туралы. – Қ.М.) атты мақалада: 1897 жылы Абайға қастық жасап, оған қол көтеруді ұйымдастыруға сол жылы (1897) жаздай Тобықты елінде болған Бөкейханов (мақалада тура аты аталмаса да, Бөкейханов екенін толық түсінуге болатын етіп жазылған) қатысқан деген Мұхтар Әуезов пен Сапарғали Бегалиннің мағлұматтарының дәлелді негізі жоқ екенін қай жағынан алып қарағанда да шындыққа жатпайтынын және ақылға қонбайтынын атап, ашық айтуымыз керек. Бұдан 35 жыл бұрын үстірт айтылған, көрінеу қате пікірді ашып айту – заманның талабы деп білеміз. “Великий сын народа” мақаласы Мұхтар Әуезовтің 1961 жылы шыққан “Мыс-

ли разных лет” кітабында және “Абай Құнанбаев” атты мақалалар мен зерттеулер жинағында да (1967) жарияланды... Сондықтан да оқушы жұртшылықты аластырмау үшін, мақалада оғаш айтылған пікірден арылтып, толық түсінік беру қажет деп білдік.

“Бөксиханов және тарих шындығы” (“Қ.Ә.”, 7 июль 1989, № 27) атты мақалада көрінеу бұрмаланған мәселенің біреуіне ғана тоқталайық. Мақала авторлары: “Россия. Біздің Отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы” атты көп томдық кітаптың 18-томының авторларының бірі – Бөкейханов екенін атап айтып, сол кітаптан цитата келтірс отырып: “Көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын жалғастырып келе жатқан халықтың болашағына Ә.Н.Бөкейхановтың көзқарастары онда кеңінен орын алуы табиғи нәрсе. Кітап беттерінде ол оқырмандарды былай деп иландырады: Самодержавие “жартылай жабайы халықтың мінез-құлқын жұмсартып, дәулет деңгейін көтеруді” өзінің міндеті етіп отыр, ол “қазақтардың өздерінің мүддесін” көздейді. “Сауда транспорттарының жүріп-тұруына ыңғайлылық жасау үшін мүмкін болғанның бәрін істейді, ең бастысы, күллі цивилизаторлық ісін жүзеге асыру нәтижесінде самодержавие “астықты арзандатып, көшпенділердің өмір сүруін қамтамасыз ететін болады” (Россия. ХҮІІІ том, 156–175-беттер), – деп жазады.

Сөйтіп мақала авторлары кітапта басылған басқа адамдардың, патша әкімдерінің пікірін Бөкейхановтың пікірі деп, патша әкімдерінің сөздерін Бөкейхановтың сөзі деп, әр жерден үзіп-жұлып әкеліп Бөкейхановқа таңып, оны патша үкіметінің отарлау саясатын қолдаушы және мадақтаушы адам етіп көрсетеді.

Енді осы айтылғандарымызды дәлелдеу үшін, мақала авторларының Бөкейхановқа таңған сөздерді кітаптың қай жерінен, қалай бұрмалап, қалай құрастырып алғандарын көрсетіп, шыны мен сырына көзімізді жеткізу үшін, авторлар сілтеме жасап отырған кітаптың өздері көрсеткен беттеріне көз жіберіп, мәселені тереңірек, дұрыс түсіну үшін, толығырақ цитата келтіру қажет болады:

“Состояние русской колонизации Киргизского края в 70-х годах ХХ века обрисовано так во всеподданнейшем отчете за 1895 г. одного из наиболее выдающихся генерал-губернаторов Западной Сибири ген. Казнакова:

“Положение степных областей”, читаем мы в этом отчете, “требует особенного внимания. Со времени принятия киргизами русского подданства, успехи, сделанные ими в гражданственности, ничтожны...”

Поднимая вопрос о необходимости заселения Киргизского края чисто земледельческим элементом крестьянами, генерал-губернатор Казнаков ставил для новой колонизации широкие задачи и вполне определенно намечал ее основные принципы. “Осторожно”, говорит он, “без стеснения кочевого населения водворение внутри степей оседлого населения, частое общение русского населения с киргизами и наглядный пример более удобной жизни представляет единственное средство, могущее смягчить нравы и поднять уровень благосостояния полудикого народа”.

Этот взгляд на колонизацию Киргизского края нашел себе поддержку в центральной власти. Поэтому решено было образовать на киргизских землях русские поселения, которые предполагалось размещать главным образом при почтовых и коммерческих трактах, так как это дает известные удобства для передвижения торговых транспортов, а развитие хлебопашества на пунктах новых поселений должно было удешевить хлеб и обеспечить существование кочевников. Для проведения в жизнь всех этих предначертаний была образована при главном управлении Западной Сибири особая комиссия, которая должна была выработать положение о порядке колонизации степи” (Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Том восемнадцатый. Киргизский край. С.-Петербург, 1903 г., стр. 156-157).

“Бөкейханов және тарих шындығы” мақаласы авторларының Бөкейханов пікірі, Бөкейханов сөзі дегендерінің бәрі — Батыс Сібір генерал-губернаторы, генерал Казнаковтың және оны мақұлдап отырған жоғарғы үкіметтің пікірі мен сөздері екеніне енді көзіміз жеткен болар.

* * *

Әлихан Бөкейханов қазақтың басын біріктіріп ерікті ел болуын көкसेп, сол мақсатқа жету жолына өз бойындағы бар қасиетін: ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын — бар саналы өмірін арнаған адам. Егер ол өзінің бас пайдасын ғана ойлап, патша заманында мансапкер болып, шен-шекпенге қызығып, ұлық болғысы келсе, өзі ақсүйек, хан әулеті әрі оқымысты Бөкейхановқа ол жол оңай еді. Бірақ Бөкейханов қара басының қамын ойлаған жоқ, туған халқының қамын ойлап, белін бекем байлап, ел үшін еңбек жолына түсті. Аяғын шалыс басып, адасса да, қилы заман, қиын асуда қиналып, қателесе де, сол жолда адасты, сол жолда қателесті. Бірақ халық басына бостандық күні туатынына кәміл

сенді. Сондықтан Бөкейхановтың еліне деген адал жүрек, ақ көңілін дұрыс түсінген жұрт оны қадірлеп, құрметтеді. Бөкейхановтың алғашқы сенімді серіктері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтар болды.

Атақты ақынымыз Сұлтанмахмұт Торайғыров былай дейді:

...Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке-дара тұр ғой өзі.

Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай, сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Түймеге жаркылдаған алданбаған,
Басқадай бір басы үшін жалданбаған.
“Көркейер қайткенде” алаш деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы тұн,
Туатын “Бақ жұлдызына” көзі жеткен.

Басында ол қарағым тұр ғой дайын,
Тек ұзақ өмір берсін бір құдайым.
Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов —
Білемін бұл үш ердің айтпай жайын.

Көшегі қара күнде болмап па еді,
Бірі — Күн, бірі — Шолпан, бірі — Айым!
Солардан басқа кеше кім бар еді?
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын...

Әлихан Бөкейхановтың нағыз үлкен қайраткер екендігін “Бөкейханов және тарих шындығы” мақаласында тарих ғылымының докторлары, профессор А.Ф.Сармұрзин мен профессор В.К.Григорьев ашық жазып, дәлелдеп, былай дейді: “Әрі Алаш партиясында және жалпы алашордалық қозғалыс қатарында ұлт интеллигенциясының көпшілік бөлегі болғанын мойындауымыз керек қой. Болған іс болып өтті. Егер Ә.Бөкейханов 1917—1919 жылдары өз соңына, халыққа қарсы қоз-

ғалысқа даланың интеллектуалдық тұрғыдан неғұрлым әзірлігі мол негізгі бұқарасын ілестіре алған болса, демек, ол солардың бәрін маңына топтастырып, аузына қарата алғаны. Басқа сөзбен айтқанда, ол нағыз (саяси лидер еді, жеке тұлға, фигура болатын”.

“Неліктен және не себепті мұндай жәйт мүмкін болды? Бұған көп нәрсе: Ә.Бөкейхановтың тегі де, жеке басының қасиеттері де россиялық интеллигенцияның көрнекті өкілдерімен жан-жақты қарым-қатынас, байланыстары да әсер етті” (“Қ.Ә.” газеті, 1989, № 27).

Тарихшы екі профессордың осы айтылған пікірін дәлелдей түсетін тағы бір мағлұматты Сәкен Сейфуллиннің “Тар жол, тайғақ кешу” кітабының алғашқы, 1927 жылғы басылымынан келтірейік: “...Омбыда, Семейде Әлекеңді құдайдан сұрап алған жалғзындай құттықтады. Мұны аз ғана көз алдына келтіру үшін, 1917 жылғы ноябрьдің 21-індегі “Қазақ” газетінің 25 номеріндегі Бөкейханды Семейде қалай, кімдер күтіп алғанын жазған “Сарыарқа” газетінен көшірген мақаланы келтірейік. “Әлиханның Семейге келуі”, “...Әлихан Семейге 21 октябрь күні келетіндігі күнілгері мәлім болған екен. Сол күні алдынан шығып, құрмет көрсетуге Семей қазақтары бұрынғы губернатор мекемесі, қазіргі “Бостандық үйіне” ағыла бастаған. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, мұғалімдер бір рет, тұрғын саудагерлер, қырдан келгендер бар, “сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай” дегендей, қуанышпен отарбаның келуін тосқан еді”, – дейді.

Мұнша халықтың артықша зор құрметпен, қуанышпен сағынып күткен адамы:

Ел үшін құрбандыққа жанын берген,
Бит, бүрге, қандалаға қанын берген.
Ұрыдай сасық ауа, темірлі үйде,
Зарығып алаш үшін бейнет көрген.

Заманда басқан аяқ кейін кеткен,
Жасымай алашына қызмет еткен.
Болса да қалың тұман, қараңғы түн,
Туатын “Бақ жұлдызына” көзі жеткен.

Түймеге жарқылдаған алданбаған,
Басқадай бір бас үшін жалданбаған.
“Көркейер қайткенде алаш” деген ойдан,
Басқа ойды өмірінде малданбаған.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді...

Әлгі көше толып ағылған қазақтың бәрі “Бостандық үйіне” барып толды...

...Сөйтіп отырғанда пойызды тосып, автомобильмен әкелуге жіберген екі кісі құрметті қонақты “Бостандық үйіне” түсірді. Жұрт амандасып болғаннан кейін қара қазақ атынан Шайқы Мұсатайұлы Әлиханның келгеніне құтты болсын айтты. Онан соң Комитет атынан Ақыметжан Қозыбағарұлы сөйледі... Оқытушылар атынан мұғалім Мәннан Тұрғанбайұлы сөйледі: “Сүйікті басшымыз! Еңбегің жанды, ұлтыңның жандана бастағанын көзің көрді, өзінің оқытушы екенін жасырып жүретін оқытушылар мынау отырған. Бұрынғы келгендерінде дидарыңды көрсетпей жауып қойған да уақыттары болды. Жүзікаралардан қорқып, біз де бүйтіп көрініп, алдыңыздан шыға алмаушы едік. Құдай бізді бүйтіп қарсы алуға жеткізді. Біз, оқытушылар, пікіріңізді жайып, еліңді тірілтуге даярмыз. Көп жаса, басшымыз, сені көрумен өзімізді бақытты санаймыз”, — деді.

Жалпы жастар атынан Сұлтанмахмұт Торайғыров былай құттықтады:

Көш бастаған еріміз,
Қуанышқа еліңіз.
Төбеміз көкке жеткендей,
Көкіректен бүгін кеткендей,
Сізді көріп шеріміз.
Еліңіздің бұл шағын,
Алаш туын қам бағын
Көзбен көріп төленді,
Көптен бергі төріңіз.
Алаш туын қолға алған,
Қараңғыда жол салған,
Арыстаным, келіңіз!

Оқушылар атынан Аймауытұлы мынаны айтты: “Қараңғыда қан жылап, қаңғырған күнде басыңды алаш жолына құрбан қылған ағамыз, асқар беліміз! Сізді көргендегі жүректің қуанышын тіл айтып жеткізерлік емес. Өмірінде жүрген жолың — біз, інілеріңе жағып қойған шамшырақ. Жасасын сүйреген алашың. Көп жаса, сабазым!” Басқалар тарапынан да осы секілді сөздер сөйленіп болған соң, Әлихан мынаны айтты: “Ағалар, інілер! Мені бұлай қарсы алғандарыңа рахмет. Бірақ ұғыну керек: бостандықты туғызған мен емес, орыс ерлері, мен олардың жолында жолдастықта жүрген кісі. Жүз жыл-

дан бері бостандық үшін асылған, атылған – солар. Тәңірі жарылқасынды соларға бұрын айтуға керек. Бостандыққа қуансаңдар, мені “басшымыз” деп айтқандарың шын болса, міне, мен өле-өлгенше сендерге қызмет қылуға уағда беремін. Сендер уағда бересіңдер ме, бостандық жолымен болуға? Бостандық жолында болсаңдар, нашарды жемеу керек, партияны қойып, бірігуге, бас пайдасы мен жұрт пайдасын бірдей көруге, барлық күштерінді ғылым жолына жұмсауға керек.

Міне, бостандық болғалы осыларды қылып отырған шығарсыңдар. Осыларды қылмасаңдар, бостандық өзінен-өзі сендерге түк әкеліп бермейді”, – деді” (“Тар жол, тайғақ кешу”. Қызылорда, 1927 жыл, 68–71-бет).

Әлихан Бөкейханов өзіне арналып шын көңілден айтылып жатқан мадақ сөздерге елігіп, оған масаттанбай, салқын ақылмен, салмақты мінезбен қабылдайды. Және өз сөзінде тарихи шындықты ашып айтып, дұрыс түсіндіреді. Және оның шыны мен сырын, асырмай да жасырмай айтқан сөзінен “ұлтшылдық”, “байшылдық” дегендердің көлеңкесін де көре алмаймыз.

Біз жоғарыда келтірген “Әлиханның Семейге келуі” деген тарау “Тар жол, тайғақ кешу” кітабының 1960 жылғы басылымынан мүлдем алынып тасталған. Сәкен Сейфуллин кітабының бұл соңғы басылымында “қысқарту, түзеу, күзеу” дейтіндер көп. Бұндай жолсыздық тарихқа және қазір көзі жоқ Сәкенге жасалған қиянат болады.

* * *

Бөкейханов туралы шындық әлі зерттеліп, шегіне жеткен жоқ. Беті ашылмай жатқан мәселелер аз болмаса керек. Мысалы, А.Ф.Сармұрзин мен В.К.Григорьевтың мақаласында: “...қазақ ұлттық автономиясын жасау жөніндегі “Алаш” партиясының қадамдарын қолдауды өтініп, В.И.Лениннің атына оның жазған үндеуінің текстін (архивтер әлі де толық ашылып біткен жоқ) толық білмейміз. Бізге оның Семейден 1918 жылғы 2 апрельде Москвамен телеграф арқылы жүргізген келіссөздерінің текстері белгісіз. Олай болса, болашақта Алашорда премьерінің өмірбаянында жаңа маңызды штрих болып қалуы ғажап емес”, – дегендері Бөкейхановты зерттеушілерге тағы бір бағыт нұсқайды.

Әлихан Бөкейхановтың басынан кешкен тарихи шындықты қасақана өңін айналдырып, бұрмалап көрсету аз болған жоқ. Мысалы, Бөкейхановтың 1922 жылы түрмеге жабылып, одан босап шығуы туралы шындықты “Әлихан Бөкейханов” атты

“Қазақ әдебиеті” газеті жариялаған (9 июнь, 1989) Бейбіт Қойшыбаевтың мақаласынан оқып білдік. Мақалада: “1919 жылы ВЦИК кешірімінен кейін ол (Бөкейханов. — Қ.М.) Совет платформасында жұмыс істегісі келді. Бірақ оны Қазақстан большевиктері сенімсіз адам санатында түрмеге жауып тастайды. Соған орай Москваға, Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары И.В.Сталинге Ташкенттен мынандай мазмұндағы телеграмма жөнелтіледі...” — деп, телеграмманың мазмұнын толық келтіріп, телеграмма берушілер: “ТуркЦИК председателінің орынбасары Қожанов, ТуркСНК председателі Рысқұлов” деп көрсетіп: “Ұзамай Әлихан Нұрмұхамедұлы түрмеден шығып, Москваға аттанады...” — делініп, тарихи шындық документ бойынша, дұрыс жазылған. Бұған дейін бұл уақиға туралы біздің оқып, білген мағлұматымыз мынандай болатын: “...Біздің барлаушылар Бөкейхановты 1922 жылдың көктемінде ұстайды да, Қарқаралы қаласына әкеледі... Барлаушылар Бөкейхановты Семейге әкеткенде, қастарына Токжігітов те ереді... Бөкейханов Семей абақтысына жабылғаннан кейін, ондағы алашордашылар Москваға Ұлттар Комиссариатына телеграмма береді де, Нарком Сталиннен Семей ревкомына: “Бөкейхановты тұтқыннан босатып, Москваға жіберіңдер” деген молния келеді (“Сталин Бөкейхановпен ерте кезде, меньшевик Чхеидзенің үйінде танысқан екен, ол Бөкейхановтың досы екен” деседі). Бөкейхановты Москваға қызы Лиза мен Смағұл Садуақасов апарған. Садуақасов артынан сол қызға үйленді” (Сәбит Мұқанов. “Есею жылдары”. 1964 жыл, 35-бет).

Бөкейханов туралы осы сықылды қауесет аз емес. Осындай тараған қауесеттерден арылмай тұрып, шындықтың шегіне жету оңай болмайды.

Әлихан Бөкейханов 1922 жылдан бастап Москвада тұрады. Жазу жұмысымен шұғылданып, үздіксіз еңбек етеді. Москвада басылып шыққан, әзірге бізге мәлім кітаптары: “Потанинның өмірбаяны”, 1923 ж.; Марабай. “Ер Тарғын”. Түзетіп бастырған: Қыр баласы, 1923 ж.; Короленко. “Макардың түсі”. Аударушы: Қыр баласы, 1923 ж. “Қыр баласы” — Бөкейхановтың бүркеншік есімі (псевдоним).

Бөкейханов аударған — “Макардың түсі” туралы Жүсіпбек Аймауытов жазған мақаладан үзінді келтірейік: “Тіршілік тартысы, тұрмыс талқысы адамды адамға айуандай жегізіп, қара пейіл үкімет қорғансыздарды қарадай қанап, қара күндер тұғанда, табансыздардың тауы шағылып, имандылар иманынан айырылып, қайғы-қасірет басқанда, көптің ауқымына ермей, толқынға бойын бермей, сүрінгенді сүйеп, жығыл-

ганды жебеп, кім мұндықта, зарлықта жүрсе, сол үшін жанын пида қылып, қолына шырақ ұстап, үмітке, жарыққа жол бастап шығатын қажымас алыптар болады. Ондай адамдар болмаса, дүниеде қызық та болмас еді. “Макардың түсін” жазған Короленко орыстың сондай ақыны. “Біз ақындық жолымен жүре алмадық, жолынан таймаған жалғыз-ақ сізді көрдім”, – деп Чехов Короленкоға жазады. “Тұрмыс құбылысы” деген Короленконың әңгімесін оқығанда, Толстой ботадай боздап жылаған. Короленко жаны шыныдай таза, адамзаттың тақуасы. Ақ жұмысқа жанын салып, өмірі үкіметтің жауыздығымен алысып өткен адам...

...Жазушылықтың жайын білмеген, әдебиеттің ішінен өтіп, сыртына шыға алмайтын адамдар “Макардың түсінде” не мән бар? Керегі жоқ нәрсе ғой деп қарауға мүмкін. Олай емес, онда үлкен мән, пікір (идея) бар. Өмірден қакқы жеген кедей, сорлы, надан, нас Макарға таңның атқаны жыр тәрізді көрінеді. Макар өксігенде тауға кетем, еркін өмір сүрем деп алданыш етеді. Макар тамаша түс көреді. Қиямет-қайым болып, Макар тергеледі, Макардың күнәсі таразыны басып кетеді. Екі ауыз сөздің басын қосып айта алмайтын топас Макар ашынған соң, ділмар болып суырылып соғады. Жаман Макар ер боп кетеді. Өмірде көрген қорлық-зорлығын көйтеді. Құдайдың өзін естен тандырып састырады. Жаман Макардікі шын екеніне құдай да қол қояды. Бұдан не мән шықпақ? Мән – шындық жеңбек, Макардан түбінде ер адам шықпақ, жабықпа, алдында жақсылық бар, теңдікті айтысып-тартысып аласың, үкіметтің істегені қиянат-зорлық, халық үкіметті жек көреді...

Аударма сөзбе-сөз деп айтуға болмайды, еркін істелген: ұзын сөйлемдер, керексіз сөздер қысқартылған. Қыр баласы аударғанда пышақпен жонбайды, балтамен шабады, шұбатпайды, келтесінен қайырады. “Шалған жаман ауыл емес: шіркеуі бар” деген сықылды сөзді орнына қоймай кететін жерлері де бар... “Макар түсіне қойды, неге татар мырза болып атты оп-оңай бермек болғанын” деген сықылды басы аяғына қарап кететін сөйлемдер ұшырап отырады... Өзге айта қалғандай жері жоқ” (“Терме”. Ташкент, 1925 ж. 136–138-бет.).

Бөкейхановтың 1924–25 жылдары басылған еңбектері: Л.Н.Толстой, “Қажымұрат”. Аударушы: Қыр баласы. Москва, 1924 жыл (180-бет.). “Қозы Көрпеш – Баян”. Жазып алған Қыр баласы. Москва, 1924 жыл. Кітаптың сөз басында Қыр баласы былай деген: “...Қозы Көрпеш – Баянның” жайылмаған түрік жұртында жері жоқ десе болады: “Қозы Көрпеш – Баян” Ертіс аяғы Тобыл татарында, Күншығыс Түркстаны

Тараншыда, Түркстанда, Сарыарқада, Алтайда, Ұранқайда, Оралда, башқұртта, Кавказда, чешенде, осетинде бар. “Қозы Көрпеш – Баян” біздің түрік баласының сүйген ертегісі. Норманда “Фауст” қандай болса, түрік баласына “Қозы Көрпеш–Баян” сондай. “Қозы Көрпеш – Баян” мағыналы, түрік жұртын сипаттайтын әдебиет қорының таңдамасы...”

Бөкейханов 1925 жылы Л.Н.Толстойдың тағы үш шығармасын аударып, Москвада бастырып шығарады: “Кавказ тұтқыны”, “Жұмыртқадай бидай”, “Жеті қаракшы”. Аударушы: Қыр баласы. Москва, 1925 жыл. Және сол жылы бастырған бір кітабы: Эзоп пен Толстой, “Жетпіс жеті мысал”. Аударушы: Қыр баласы. Москва, 1925 жыл.

Қыр баласы аударған “Қажымұрат” туралы Жүсіпбек Аймауытов жазған көлемді мақаладан үзінді келтірейік: “Қажымұрат” орыстың данышпан жазушысы Толстой шығарған роман, аударушы Қыр баласы. Мәскеуде 24 жылы басылған.

Толстой – ақыл-ойдың, ақындықтың кеңі. Адам баласына бақ іздеп, адамгершілікке үндеген пайғамбар. Өмірін шындық көксеумен тауысқан. Тұрмыс жүзіндегі теңсіздік, бақытсыздық, неше түрлі жауыздықтың тамыры адам баласындағы атаққұмарлықта, менмендікте, өзімшілдікте деп біліп, оның бәрін ел билеген күштілерден, үкіметтен көріп, үкімет болмасын деген пікірді таратып кеткен. Соғысқа, қан төгуге қарсы болған. Адам баласын бір бауыр қылам деп арпалысқан. Теңдік күшпен табылатындығына, адам баласының тарихы – тап тартысының тарихы екеніне Толстой қосылмаған. Байлардың жауыз нәпсісін, тас жүрегін уағызбен, үгітпен жібітпек болған. Патшаның өмірінен бастап, малайдың, мұжықтың, солдаттың өміріне шейін Толстойдың қырағы ақылынан, өткір қаламынан құтылған жоқ. Адамның сырын айнаға айқын түсірген. 82 жыл өмір сүріп, бір арба кітап жазған.

Сондай данышпан Толстойдың сөзімен орысша білмеген қазақ баласы “Қажымұратты” оқудан бастап танысады”, – дей келіп, шығарманың мазмұнын баяндап барып, аударма туралы былай дейді: “Роман жалпы айтқанда жақсы аударылған. Дәлме-дәл, көп бұзбай аударған... Сөзді ұғымды, кестелі қылу үшін қазақ сөздерінен тапқан кейбір салыстыру, мәтелдер, өлендер жақсы-ақ! “Гүлдің сабағы дәл тарамыс”, “Асық тілі тілсіз тіл”, “Алыс пенен жақынды жортқан біледі”, “Иығы Алатаудың иығындай”, “Көгендегі қозыдай”, “Қошқардың шүйдесіндей”, “Жатық маңдайы қары кеткен төскейдей”, “Айылын қатты тартқан буаз бие іштеніп”, “Бойы нардай,

жүрісі желдей, сұлулығы құсбегі пішкен томағадай”, “Асқа тіккен үйлей”, “Дауысы домбыраның босаған ішегіндей қалтырап”. Мұның бәрі аудармашының шеберлігін көрсетеді. Сүгіретті әдемі жерлері көп: “Мылтық ұстап лып етіп, тар үзеңгіге аяғын салып сып етіп, атқа мініп алды”, “Қызықты қияның қырмызы қызылын біліп, қан жаудырған бүркіттей қоқиланып, жігерін, терең сырын сабырмен сыпаттап: Мен жұрттың тілегін қабыл алдым, – деді Қажымұрат”, “Төрелердің ұрлығы сауысқанның аласындай: аласыз сауысқан жоқ, ұрлықсыз шенеунік жоқ”, “Палуан жауырынды, жалпақ жаялы, жіп-жіңішке ұзын бойлы, қармаулы ұзын қолды, жас шыбықтай майысқан, мергендей епті, қашаған ұстайтын аттай ынғайлы Жүсіпті көргенде, Қажымұрат сүйсініп, сусыны қанып қуанатын” (155-бет).

Аударманың жақсы екенін осындай сөздерінен байқауға болады. Орыс тілінде жазылған таулықтардың өлеңі де қазақшаға жатық аударылған.

Хат білетін адам “Қажымұратты” оқып, аузының дәмін алғандай”, – деп, Жүсіпбек мақаласын қорытады.

Сөйтіп, Әлихан Бөкейханов көркем әдебиетіміздің өркендеп өсу жолында: үлгі өнеге болатын еңбегімен, рухани мәдениетімізге үлкен үлес қосқан әдебиетші.

1926 жылы басылып шыққан еңбектері: “23 жоқтау” (154 бет). Қазақ тарихының төрт жүз жылын алады. Жинаған, түзеткен Байтұрсынұлы Ахмет пен Қыр баласы. К.Пламарин. “Астрономия әліп биі” (224-бет). Аударушы: Қыр баласы. Т.Гутковский. “Жердің қысқаша тарихы” (102-бет). Аударушы: Қыр баласы.

Бөкейханов 1925 жылы Н.К.Крупскаяның: “Халық ағарту туралы Лениннің өсиеті” атты кітабын аударып, Мәскеуде бастырып шығарған.

Әлихан Бөкейхановтың нағыз дұрыс өмір тарихын жазып, сан салалы бай мұрасын жинап, жан-жақты зерттеп, күземей де түземей, түпнұсқасына нұқсан келтірмей, шығармаларының толық жинағын жариялау – тарихшы, экономист, философ, әдебиетші ғалымдарымыздың борышы.

Ахмет Байтұрсынов

(1873–1937)

Ахмет Байтұрсыновтың дүниеге келгеніне жарты ғасыр толған мерекесінің құрметіне арнап, 1923 жылы жариялаған “Ахаңның елу жылдық тойы” атты мақаласында Мұхтар Әуезов: “...оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ахаң арналған тұңғыш той – ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі”, – дейді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссиясының қорытындысында: “Қазақстан өнерінің енді бір көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов Ұлы Октябрь социалист революциясынан көп бұрын-ақ ағартушы, ғалым-лингвист, түрколог, орыс поэзиясының дарынды аудармашысы, бірқатар оқу құралдарының авторы ретінде кеңінен мәшһүр болған. Саяси “сенімсіздігі” үшін патша охранкасы оны бірнеше мәрте тұтқындап, жеті жыл бойы, 1910 жылдан 1917 жылға дейін, полицияның бақылауына алды”, – деген. Комиссия қорытындысында А.Байтұрсыновтың жеке басындағы бүкіл қиындықтар мен қайшылықтарды көрсеткен. Отызыншы жылдары жазықсыз жазаға ұшырап, Сталинның басшылығы кезінде республикада орын алған зорлық-зомбылықтың, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болғаны атап айтылған.

Комиссияның қорытындысында және былай делінген: “Елімізде революцияға дейінгі интеллигенцияның көптеген көрнекті қайраткерлері жазықсыз қуғындалып, жазаланған 20-шы жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басында Алашорданың бұрынғы жетекшілерінің контрреволюциялық қызметінің шын деректері табылыпты-мыс деген өсек-аяқ А.Байтұрсыновтың үстінен де қаптап кетті.

Ол баспасөздің сан мәрте шабуылының объектісіне айналды”.

Баспасөздің сан рет шабуылының бір кезеңі 1923-ші жылы болғанын көреміз. Ол жөнінде Сәбит Мұқанов былай дейді: “Ұлтшылдармен идеология майданында күрескенде, менің бірнеше қате сілтеген құлаштарым да болды... 1923 жылы “Еңбекші қазақ” газетінің 69-санында басылған “Қара тақтайға жазылмандар, шешендер” деген мақалада мен: Кенеса-

рыға, Шоканға, Ыбырайға, Абайға, Ахмет Байтұрсыновқа қарсы болып, оларды халыққа жат адамдар деп жаздым. Бұл пікір жалғыз Байтұрсынов турасында ғана болмаса, өзге төртеуі туралы дұрыс емес еді.

Кенесары, Шокан, Ыбырай, Абай туралы қате пікір айтуға объективтік және субъективтік бірнеше себептер болды...”, – дей келіп, объективтік жағдайының бірін былайша түсіндіреді: “...1923 жылы контрреволюцияшыл алашорданың лидерінің біреуі Ахмет Байтұрсынов 50 жасқа толды. Партияны алдап кірген алашорданың өкілдері осы датаны сылтау қып, Байтұрсыновқа юбилей жасауға кірісті. Алашорданың партия қатарында тонын айналдырып жүрген агенті Смағұл Садуақасов Байтұрсыновтың юбилейі туралы Орынбор қаласында баяндама жасады, сол баяндамада, ол: Кенесары, Шокан, Ыбырай, Абай, Ахмет – бәрін бір таразымен өлшеп, бәрін де алашордашыл қып сипаттады”, – дейді (Сәбит Мұқанов. “Қазақтың XVIII–XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. I бөлім. Қазақ ССР Оқу Халық Комиссариаты педагогика институттары мен техникумдарына әдебиет тарихы жөнінде көмекші құрал есебінде ұсынады”. Алматы, 1942, 10-11-бет).

А. Байтұрсынов туралы сыңаржак, өрескел үстірт пікірлер жалғыз Сәбит Мұқанов кітаптарында ғана емес, басқа кітаптарда да кең орын алған. Бір ғана Байтұрсынов емес, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтар туралы жазылған тұрпайы социологиялық, сыңарезу сындар, жоғарғы оқу орындарына арналған, қазір оқылып жүрген “Қазақ совет әдебиетінің тарихы” кітабында да сыңсып тұр. (“Қазақ совет әдебиетінің тарихы. Бірінші кітап, Қазақ ССР-інің “Ғылым” баспасы. Алматы, 1967).

Ахмет Байтұрсыновтың қуғын-сүргінде өткен өмірінің ең ақырғы қасіретті, қайғылы кезеңі туралы комиссия қорытындысында былай деген: “Ол баспасөздің сан мәрте шабуылының объектісіне айналды және 1929 жылдың июнінде қамауға алынды. ОГПУ коллегиясында сотталып, Архангельск облысына айдауға жіберілді. Ал әйелі мен қызы Томскіге жер аударылды.

1934 жылы М. Горькийдің сол кезде Қызыл Крест комиссиясында жұмыс істеген әйелі Е. Пешкованың өтінуі бойынша А. Байтұрсынов айдаудан босатылып, Алматыға қайтып оралды. Бірақ 1937 жылдың 8 октябрінде жалған айыптаулар бойынша қайтадан тұтқындалып, атылды”.

Сөйтіп, өрескел өр зорлық, зымиян зұлымдық, өктем бол-

ған сталинизм дәуірінің қара жүрек, қатыгез, қаскөй, дүлей жендеттерінің қанды қолынан Ахмет Байтұрсынов 64 жасында қаза тапты.

Орыстың әйгілі мәдениет қайраткерлері, атақты ғалымдары, академик А. Н. Самойлович, профессор Е. Д. Поливановтар Ахмет Байтұрсыновты жоғары бағалап, құрметтеген, академик А. Н. Кононов оны отандық түркологтардың жетекшілері қатарына қосады. Орыс ғалымдары Байтұрсыновтың көзі тірі кезінде-ақ, оның тарихта алатын құрметті орны туралы ғылыми дәлелдеп жазған. А. В. Луначарский, И. И. Лебедев-Полянский сияқты мәдениет, ғылым қайраткерлерінің басшылығымен 1929 жылы басылып шыққан “Литературная энциклопедиядағы” Байтұрсыновқа арналған мақаладан үзінді келтірейік: “Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынович (1873) – выдающийся казахский поэт, журналист и педагог... Перед революцией 1905 года принимает участие в революционном движении. В 1905 Байтұрсынов является руководителем революционных казахских масс. В период реакции продолжает свою работу в подпольных организациях. Его заключают в Семипалатинскую тюрьму, а в 1910 высылают на два года из пределов казахско-киргизских областей. В Оренбурге в 1913 Байтұрсынов издает на казахском языке газ. “Қазақ”, цель которой – общественно-культурное пробуждение казахского народа и его просвещение. Казахские молодые поэты и писатели того времени группировались вокруг этой газеты, просуществовавшей до октября 1918.

...До 1919 Байтұрсынов находится в рядах автономистов-националистов, но убедившись, что политика правых губительна для киргизско-казахского народа, он переходит на сторону Советов. ...Литературная деятельность Байтұрсынова начинается в 1901–1904 переводом на казахский язык басен Крылова. Язык Байтұрсынова в этих баснях и лирических произведениях простой, народный, отличается своей художественностью и богатством поэтических выражений. Оригинальные стихи Байтұрсынова напечатаны в его сборнике “Маса” (Скорпион). Основной мотив поэтических произведений Байтұрсынова — забота о пробуждении казахского народа. Поэт резко выступает против колонизаторской политики царского правительства. ...Байтұрсынов является и первым выдающимся казахским ученым-лингвистом. Он – реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики и основатель теории казахской литературы...” (“Литературная энциклопедия”. Том первый. Издательство Коммунистической академии. Москва, 1929, стр. 305 -306).

Ахметтің “Маса” атты әйгілі өлеңдер жинағы ұмытпасам, 1911 жылы басылып шықты. Мұхтар жоғарыда аталған мақаласында: “Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, “Кедейді шарапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып”, елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік, көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді”, – дейді. Ахметтің Абай үлгісімен жазылған “Маса” кітабындағы өлеңдерін бір кезде біз де жаттап алып, айтып жүруші едік. Мұхтар атап отырған өлең жолдары есімізге түседі:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің.
Сынуға түр таянып.
Қамауда жаның,
Талауда малың,
Аш кезінді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сыйқың?!
Қымызға қанып,
Қызарып жанып,
Бай ұйықтайды мастықпен.
Емшегін еміп,
Анаға сеніп,
Бала ұйықтайды жастықпен.
Шалап ішкен кедей мас,
Міне, жұрттың түрі оңбас!...

“Семейде сегіз ай абактыда отырған соң, бір жарым жылға (административтік ссылақаға) айдау ретімен Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарындағы әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан да ащырақ, күштірек тілмен “Масаны” жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны “Маса” болатын”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Россияда буржуазиялық-демократиялық бірінші орыс революциясы жеңілгеннен кейін Столыпин реакциясының дәуірі басталғаны белгілі. “1907–1912 жылдары патша үкіметі қазақ еңбекшілерінің жерін жаппай тартып алып отырды... Патша өкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде қазақ еңбекші бұқарасы жаппай жерсіз қалып, күйзеліске ұшырады, отаршылдық езгі күшейді” (Қазақ ССР тарихы. I том, 546–547 бет).

Осы айтылғанның бәрі “Маса” кітабында, Мұхтар айтқандай, “бұрынғыдан да ашырақ, күштірек тілмен” суреттеліп жазылған.

“Маса” – патша заманында қазақ халқының басынан кешкен аса ауыр хал-ахуалын айнытпай суреттеп берген, шыншыл көркем шығарма. Қазақ әдебиетінде ешқашан тарихи маңызын жоймайтын дәуір (эпоха) туындысы.

Сондықтан Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ-халқының басынан өткен тарихи дәуірін жыр еткенде: ...“Бұхар тұсы”, “Абай тұсы” дей келіп, Абайдан кейінгі, Октябрь төңкерісіне дейінгі дәуірді “Маса” тұсы” деп атап, суреттейді:

“Маса” тұсы елдігін қазақ жойған,
Ұмытқан, “елдік” деген сөзді қойған.
Мал секілді үрку мен қорқу болған,
Кезінде жат пышағы бауыр сойған.
Бәрі де бақырайып кезек күткен,
Артық болмай соғымға сойған қойдан.
Бір-бірін мұқатуға жатқа шапқан,
Кейбірі есек айтып тамақ тапқан.
Жеріне, елдігіне қәм дініне
Құрылған талай тұзақ, талай қақпан.
Ақылмен ала қойды көбейтуге
Қойшы боп аю менен қасқыр баққан...
Бостандық дариясы былтыр тасып,
Жұрт кетті ақынға еріп, араласып.
Сондай-сондай дәуірді кешіргенін
Қазаққа әдебиеті береді ашып.

“Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахаң салған өрнекті біліп, Ахаң ашқан мектепте оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр”, – дейді Мұхтар Әуезов 1923 жылғы мақаласында.

Мұханның “кейінгі жас буын” дегені біздің буын болса керек. Біз 1924 жылы қазақ бастауыш мектебінің табалдырығын аттадық. Бірінші класта тұңғыш қолымызға алып, бетін ашқан кітабымыз “Оқу құралы” атты Ахмет Байтұрсыновтың кітабы еді. Ұстазымыз Хайролла Ибраһимов (1881–1966) сол кітапты оқытып үйретіп, алғаш сауатымызды ашты. Сөз құрап оқуды тез үйреніп, жазу-сызуға да дағдыланып, жаттыға бастадық. Алғашқы оқып, жаттағанымыз, “Оқу құралы” кітабының сыртқы бетіндегі:

“Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіндер, түсіп, байқап қаралық та!
Бұл жолмен бара жатқан өзіндей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

А. Б.” – деген өлең еді. Кітап оқуға жеңіл, тілі ұғымды, баланы қызықтырып, ынталандырып, баурап әкетеді. Туысқан-туған қалай аталады, киім-кешек, ойын, ойыншықтар, тамақ, сусын, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, мал атаулары, малдан басқа төрт аяқтылар, құстар, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, жер түгінің атаулары... – осының бәрін үйретеді. Одан соң: жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер оқып, жаттап алатанбыз. Солардың көбін осы күнге дейін ұмытқанымыз жоқ. “Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы”, “Ақыл – жас ұланнан, жүйрік тай, құнаннан”, “Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады”, “Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас” т. б. бірінші класта оқып, жаттаған мақалдар болатын. Күн, жұлдыз, ай аттарын оқып, біліп, сонда жаттаған өлең әлі есімде:

Күн ұзарып, қар еріп,
Су сайларға толады –
Бұл қай кезде болады?
Күндер ысып, шөп пісіп,
Ел пішенін орады –
Бұл қай кезде болады?
Жауып жаңбыр, жер сабыр,
Шөп, жапырақ солады –
Бұл қай кезде болады?
Суда мұз бар, жерде қар,
Боран борап соғады –
Бұл қай кезде болады?

“Оқу құралындағы” қызықты, қысқа әңгімелерді құлшынып, құныға оқитынбыз. Әр әңгіменің соңында “тобықтай түйіні” – мақал болатын. Мысалы, “Өтірікші тышқан” әңгімесінің қорытындысы: “Қолы жетпеген қорлаушыл”; “Ата насихаты” әңгімесі: “Тірліктің күші бірлікте” деп қорытылатын. “Оқу құралы” әр нәрсені естен кетпейтін әсерлі, шағын әңгімемен түсіндіріп беретін. “Сезікті секіретін” деген мақалды айтқанда, бірінші класта оқып, жаттап алған “Бақсы” деген әңгіме әрқашан ойыма келеді. “Бір қазақтың ақшасы

ұрланыпты. Кім алғанын біле алмай бақсыны шақырыпты. Бақсы ауыл адамының бірін қалдырмай жиғызыпты. Етіктерін шешкізіп, жалаңаяқ қойып, айтыпты: “Мен жынымды шақырамын, ол жылан болып келіп, ақшаны алған ұрының аяғын шағады”, – деп. Сонан соң қобызын алып, сарнапсарнап отырып: “Ал шақты!”, – деген екен, ұры секіріп кеп түсіпті. Сезікті секіреп”.

Екінші класта “Тіл құралы”, “Оқу құралы” кітаптарын оқытатын. Ыбырай Алтынсаринның “Кел, балалар, оқылық!”, “Өнер-білім бар жұрттар” өлеңі, “Бай мен жарлы баласы” әңгімесі, Абай өлеңдері (“Жазғытұры”, “Жаз”, т. б.) оқитынымыз. Мағжанның: “Жазғытұры”, “Туған жер”, “Бұлбұл” өлеңдерін де екінші класта оқыдық, “Интернационалды” (қазақ тіліне аударған Жүсіпбек Аймауытов) сонда оқып, жаттаған едік. Ахмет Байтұрсыновтың “Аққу, шортан қәм шаянынан” бастап, оннан астам мысал өлеңдерін қызығып оқып, жатқа айтатынбыз. Сөйтіп, бастауыш мектептің бірінші класынан бастап, үшінші, төртінші кластағы оқуымыз А. Байтұрсыновтың “Тіл құралы”, “Оқу құралы” кітаптары болды,

Байтұрсыновтың “Қырық мысал” кітабы тұңғыш рет, ұмытпасам, 1903 жылы басылып шықты. Ол кітапта Пушкиннен аударған өлеңдері де болушы еді. “Қырық мысал” Крыловтан аударма дегенімен, сөзбе-сөз аударма емес, Байтұрсынов Крылов мысалдарының тақырыбын ғана алып, өзінің төл шығармасындай, емін-еркін жырлап кетеді. Және әрбір мысал өлеңнің соңында келетін ой-пікір түйіні (сентенция) – Ахметтің өз қорытындысы, өз пікірі. Мысалы, “Аққу, шортан қәм шаян” мысал өлеңнің қорытындысында:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек болсақ жолдас.
Біріңнің айтқанына бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, –

десе, “Үлес” өлеңінде баяндалатын уақиғаның қорытындысында былай дейді:

Ойласақ уақиға емес болжайтұғын:
Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын,
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болмайтұғын.
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман,
Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.
Бұл белгі табылып түр біздің жұрттан,

Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арадағы дау-шарына,
Қатерден қапері жоқ келер сырттан.

“Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын”, – дейді Мұхтар Әуезов.

Бізді әдебиет теориясымен тұңғыш таныстырған адам – Ахмет Байтұрсынов. Оның жазған әдебиет теориясы, ұмытпасам, “Әдебиет танытқыш” деп аталатын екі кітап болатын. Бірінші кітапта әдеби терминдермен таныстырып, әрбір термин сөздің мән-мағынасын ұғындырып, бірнеше мысал келтіріп, қалған мысалдарды екінші кітаптан оқып, танысуға сілтеме жасап отыратын. Өнердің түр-түрімен таныстыратын. Мысалы, “архитектура” деген сөзді – сәулет өнері, “скульптура” дегенді – сымбат өнері деп атап, түсіндіріп беретін. Орыс ғалымдарының Ахмет Байтұрсыновты: “Основатель теории казахской литературы” – деп және қазақтың ең тұңғыш аса ірі лингвист-ғалымы (первый выдающийся казахский ученый-лингвист), қазақ тілінің емлесін жасап берген реформатор, қазақ тілі грамматикасының негізін салып, қалыптастырушы (реформатор орфографии казахского языка, основоположник его грамматики) деп, атап көрсеткенін жоғарыда жаздық. Байтұрсыновтың осындай баға жетпес, тарихи ерекше еңбегін терең зерттеп, талдап жазып, қалың жұртшылыққа ұғындырып беру қазақтың оқымысты, тілші, әдебиетші мамандарының абыройлы борышы.

Елдің бәріне түсінікті, қарапайым мысал ретінде айтсақ: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғау, септеу... дегендерді Ахмет Байтұрсыновқа дейін кім білуші еді! Ыбырай Алтынсаринның өзі имя существительное – “зат-мақұлықтың қасиетінің аттары”, имя числительное – “есеп аттары” ... деп қана түсіндірмеуші ме еді...

Ұлы ағартушы Алтынсаринның бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген – Ахмет Байтұрсынов.

Қазіргі өркендеп өсіп отырған қазақ тіл ғылымының атасы Ахмет Байтұрсыновтың ардақты атын қайта құру дәуірінде қайта жаңғыртып, зор мақтанышпен атауға қолымыз жетіп, халқымыздың мерейі үстем болып, қуаныш құшағына бөленіп отыр.

Бұдан 65 жыл бұрын Мұхтар Әуезовтың: “Ахаң ашқан мектебі, Ахаң түрлендірген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны... өнер-білім... жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды”, – деген сәуегейлік сөзі, бүгін өз орнына келіп отыр.

Енді Ахаңның жоғарыда аталған кітаптарынан басқа басылып шыққан еңбектерін білгенімізше атап көрейік: “Оқу құралы”, бірінші кітап (Семей, 1919); Қазанда 1922 жылы басылған кітаптары: “Баяншы” (қазақ мұғалімдері үшін), тиражы – 8000, “Оқу құралы” – 50000, “Тіл құрал”, бірінші жылдық – 35000, “Тіл құрал”, екінші жылдық – 25000, “Қырық мысал” – 5000, “Маса” – 5000.

Орынбор, Қызылордада басылғандары: “Сауат ашқыш” (1924), “Тіл құрал”, I-інші. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. Қызылорда, 1925 жыл; “Тіл құрал”, II-інші, 5-басылуы, “Тіл құрал”, III-інші, 3-басылуы. Қызылорда, 1925; “Әліпби”. Төте оқу мен тұтас оқу – екеуіне де жарайтын түрде жазылған жаңа құрал. Қазақ тұрмысына үйлесімді суреттері бар. Емлесі жаңа. Қазақстан білім ордасы мектептерде қолдануға ұйғарған. Қызылорда, 1926 жыл.

“...Ахметтің 7-рет басылған бұрынғы “Әліпбиі” (оқу құралы) қазақ жұртына орасан көп пайда келтірген еді. Бұрынғы әліпбиі қазақ мұғалімдерін ең алғаш Еуропа оқу әдістерімен таныстырудың үстіне, кезінде әрі жаңа, әрі төте жол салып, қазақ арасында оқу жөніндегі ескілікті жойған еді. Бірақ соңғы кездерде жаңа тәртіптер шыға бастағаннан кейін ол әліпбиі әдіс жөнінен де, мазмұн жағынан да ескірген.

Мынау жаңа әліпбиі бұрынғысынан қай ретте болса да аса артық. Бұл әліпбидің мазмұны, қазақ жағдайына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Сөздері баланың ұғымына аса қолайлы тәртіппен құрылған. Бұл әліпбиі дыбыс әдісімен де, Америка әдісімен де оқуға қолайлы. Шығарушының үлкен шеберлігі көрініп тұр. Оқушыға бұл әліпбиі аса қызықты, баланы өздігінен білуге, өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылған. Сыртқы көрінісіне қарағанда тұтас сөздер әдісімен жазылған сықылды. Бірақ тәжірибесі аз мұғалімдер мұнымен дыбыс әдісі бойынша да оқыта алады. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық. Мазмұн жағынан да, әдіс жағынан да артық кемшілік таба алмадық...

Бұл әліпбиі бұрынғысына тіпті ұқсамайды. Көңілдегідей болып шыққан.

Білім кеңесі”.

“Оқу құралы”, 3–4-жылдарда оқылатын кітап-хрестоматия. Қызылорда, 1926, “Әліппе астары” (“Оқу құралы” деген қазақша әліппе бойынша үйретушілер үшін шығарылған

баяншы). Орынбор, 1924 жыл. “Ер Сайын” – жыршылар айтуынан алынған. Бұл кітапшада Ахметтің Потанин сексенге толғанда айтқан өлеңі және Қыр баласы жазған Потанинның өмірбаяны бар. Москва, 1923 жыл, 95 бет.

Ахаңның үлкен еңбегінің бірі, – Мұхтар атап айтқан, – “Мәдениет тарихы”. Әзірге бізге мәлім кітаптары осы айтылғандар. Ал, ол кісінің жазған мақалалары көп.

Байтұрсыновтың аталған еңбектерінің бәрі де араб әрпімен басылып шыққан. Оның кітаптарын қазіргі адамдарымыздың басым көпшілігі оқи алмайды.

1929 жылы араб алфавиты қалдырылып, латын алфавитына көшірілді. Одан он жыл, өтпей жатып, орыс алфавитына көштік. Ақырында араб және латын әрпімен басылған газет, журнал, кітаптарды оқи алмайтын халге жеттік.

Қазір амалсыздан, жоғарғы оқу орындарында тіл-әдебиет факультетінде оқитын студенттерге латын, араб алфавитын таныстырып, сабақ берген боп жүрміз. Нәтижесі шамалы.

Араб әрпінен латынға көшіру мәселесі көтерілген кезде, 1922-23 жылдардан бастап талай тайталас айтыс болыпты. Сол айтыстардың бірінде Ахмет Байтұрсынов үлкен баяндама жасапты. Сол баяндамасынан бірер үзінді келтірейік: “...Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін. Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес. Ділгерлік қыспақ түгіл еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылғанымыз – қажетімізге жарайтын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан. ...Араб әрпінен жасап алған әліпбиімізге жер жүзінде әліпби баласы жетпейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды...”

Латын әрпін жақтайтындардың өздері де, мысалы, тілші Т. Шонанұлы былай дейді: “Бізде Ахан еңбегімен, білім ордасының жігерімен жасалған жақсы емле бар. Емлеміз бұл күнге жер үстіндегі емлелердің ішіндегі бір артығы деп сенеміз...” (“Әліппе айтысы”. Қызылорда, 1927 жыл, 16–17 және 31-беттер),

Қазір латын алфавитына зорлықпен көшірудің зардабын шегіп отырған біздің республика ғана емес. Қазіргі қайта құру кезеңінде бұрын бүркеліп келген шындықтың сырын ашып айтып берген – Совет Одағының Батыры, академик, коммунист – Буниятовтың сөзін келтіруіміз қажет. Ол былай дейді: “Распоряжением Сталина и его “присных” в Азербайджане и в некоторых других республиках волевым решением был лик-

видирован арабский алфавит, на котором у нас столетиями писались все труды по истории, праву, философии...

Все, кто возражал против насильственного изменения алфавита были физически уничтожены как буржуазные националисты! Но если даже условно можно было бы считать переход от арабского алфавита к латинскому явлением прогрессивным, то ведь и латинский алфавит, к которому только-только стали привыкать люди, был через 10 (!) лет заменен на кириллицу... Иными словами, дважды за короткий период времени был нанесен губительный удар по общественному и интеллектуальному сознанию азербайджанского народа...

Вот таким преступным образом, двойным принудительным изменением алфавита... азербайджанцы вместе с туркменами, узбеками, каракалпаками, киргизами, казахами, татарами, башкирами, ногайцами, кумыками, балкарцами и другими народами были искусственно, в приказном порядке лишены возможности знать свою историю, культуру, литературу..." ("Огонек", № 45, 1988, стр. 23).

Өр зорлықпен істелген істің ақырында осы айтылғандай ауыр зардабы болатындығын Ахмет Байтұрсынов сияқты қайраткерлеріміз бұдан алпыс жыл бұрын айтқан болатын.

Ақындық өнерде Ахметтің ұлы ұстазы – Абай.

– Қазақтың бас ақыны – Абай. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ, – дейді Ахаң.

– Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды, – дейді Мұхаң, Мұхтар Өуезов.

Қайта құру заманында қайта туған Ахмет Байтұрсыновтың атақты ақын шәкірті Сұлтанмахмұт Торайғыров та көгендеулі жатқан жырын бүгін қайта ағытады:

“Ер Тарғын”, “Қобыландыны” оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа,
Ақындықтың қуаты есінді алып,
Бас алмастан оқырсың қайта-қайта.
Кешегі Бұхар жырау, Жанақ ақын, Шөже,
Орынбай халыққа жайған даңқын.
Ахмет пен Міржақып көм Мағжан
Алты алаштың баласы біледі атын.

Алдағы уақытта Ахмет Байтұрсыновгардың атын, алты алаштың – бар қазақтың баласы ғана емес, алдыңғы қатарлы адам баласы білетін болады!

Мағжан Жұмабаев

(1893–1937)

Мағжан — ақын, ақын болғанда, табиғи дарынды, жаратылысынан талантты, тума ақын. Абай ақындық туралы өзінің ой-пікірін айтқанда: “Ол қуат, табиғат сыйы... Ақынның шабыты шын келгенде, адамды қайта тудырып жібереді. Ол (шабыт. — Қ.М.) келгенде адам жай, жабайы адам болмайды”, — дейді.

Нағыз ақынның ерекше қасиетін Плеханов былайша сипаттап берген: “Ақын өлең, әңгіме жазса, пернемен (образ) жазады. Көзі көргенді, көңілі сезгенді өзінің сол көрген, сезген түрінде жазады. Ақын қарапайым жазушылардай сөзін дәлелдеп, толғап, ойлап тұрмайды. Нағыз ақындар өзінің айтайын дегенін суретті әдемі сөзімен, мұнды күйлі, сырлы жырымен айтады. Алдымен оқушының жүрегін, сезімін қозғайды. Ақынның сөзі ақылға, ойға қонбайды, алдымен адамның сезімін қозғайды. Сезгіш көңіліне қонады”.

Біздің данышпан Абай да солай деген:

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз —
Бар тамырды қуалар.

Мағжан — көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол көргенін, сезгенін, айтайын деген ойын салқын ақылға салып, жалаң сөзбен дәлелдеп жатпайды. Көркем бейнелі сөзбен суреттеп, көз алдына әкеліп, көңіліңе қондырады. Оның өлеңі сезімді қозғап, Абай айтқандай, “жүрекке жылы тиіп”, “бар тамырды қуалайды”.

Белинскийді сөйлетіп көрейік: “Егер де ақынның жазғанын ақылмен, оймен жазған деп білсек, онда өнер дегенді жойған болар едік. Онда өнер дегеннің болуына да мүмкіндік қалмас еді. Ақын мен қарапайым пенденің арасында түк айырма болмаса, ақын бола қою қиын болмас еді. Пайда іздеушілер де, күнін көре алмай жүргендер де — жұрттың бәрі де ақындықтан безбес еді. Басында аз-маз ақылы бар адамның кез келгені басындағы ойын күні бұрын даяр тұрған, ойлап, пішіп қойған түрмен (форма) жаза салып, оп-оңай ақын бола қалар еді. Бірақ шын ақындар бұлай жаза алмайды. Мұндай болмайды.

Жаратылысында ақындығы жоқ адам — қандай терең ойлы, қандай мағыналы, қандай қасиетті сөзді өлеңмен жазса да,

оның жазғаны, көркем әдемі сөз болмайды — кісіге қонбайды. Өлеңіндегі терең ой қандай шындыққа сүйенген болса да жансыз шығады. Ұсақ сөз болады. Бояма, қолдан жасаған үйреншікті сөз болады”, — дейді.

Өлең жазып жүрген талапкерлердің бәрін бірдей ақын дей алмаймыз. “Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы, сонда да солардың бар тандамасы”, — дейді Абай. “Жүзден жүйрік шығады, мыңнан — тұлпар”, — дейді халық даналығы. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан нағыз ақындар тарихта сирек кездеседі. Сондай сирек кездесетін, нағыз табиғи дарынды қазақ ақындарының бірі — Мағжан Жұмабаев.

Мағжан таудай талантымен қоса жан-жақты терең білімді, жоғары мәдениетті, адамгершілігі зор, жаны таза, биік арлы, өнегелі интеллигент болған. Туған халқын шексіз сүйген адал ұлы, аяулы, ардагер азаматы. Ол адамзат баласына бірдей бауырмал — гуманист, нәсіліне қарап алаламайтын адал жүрек, ақ көңіл — интернационалист. Еркіндік пен бостандықтың, әділет пен шындықтың, адал достық пен таза махаббаттың жалынды жаршысы. Осындай қасиеттің бәрі түгел болмаса, Мағжан тарихта мәңгі-бақи қалатын, үлкен ақын да болмас еді.

Сондықтан ұлы Мұхтардың шын жүрегімен, бар махаббатымен шексіз сүйген, ерекше ардақтаған адамы — Абай мен Мағжан.

“Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін...

Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Европалық мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын.

Мағжан культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай... Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірінің тереңін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білем”, — деген Мұхтар Әуезов.

Мұхтар бұл сыры мен шынын 1929 жылы қаңтар айында айтқан екен. Ол кезде Мағжан 36 жаста, 10 жылға кесіліп, айдауда жүрген кезі болса керек.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы дүниеге келген. 1906 жылдан бастап, 1910 жылға дейін Қызылжар қаласындағы медреседе оқыған. 1910 жылы Уфа қаласына келіп, медресе “Ғалияға” түсіп, онда 1913 жылға дейін оқиды да, Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясына келеді. Бұл семинарияны ол 1916 жылы бітіріп шығады.

Мағжанның ақындық қадамы 1909 жылдары Қызылжарда оқып жүрген кезінде басталады. Омбы семинариясында оқып жүрген шағында, “Шолпан” атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1912 жылы Қазанда басылып шығады. Омбыда қазақ оқушы жастарының “Балапан” атты қолжазба журналының редакторы болады.

Абайдың алғашқы (1909) өлеңдер жинағымен медреседе оқып жүрген шәкірт шағында танысады. Сөйтіп, Мағжанның алғашқы ақындық сапары басталғанда, оның алдындағы адастырмас Темірқазығы – Абай болды. Жас ақын алғашқы тырнақалды өлеңдерін Абай үлгісімен жазды. Абайды ұлы ұстаз, дана ғалым, философ – хәким (хаким емес) деп таныды. Тұңғыш жинағында “Алтын хәким Абайға” атты өлеңін жариялады.

Шын хәким сөзі асыл баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хәким болған сендей жанды,
Дүние қолын жайып енді күтпес.

...Тыныш ұйықта қабырыңда, уайым жеме,
“Қор болды қайран сөзім босқа!” – деме.
Артыңда қазақтың жас балалары
Сөзіңді кесем қылып жүрер жеке..., –

дейді.

Жас ақынның “Шолпан” жинағында “Жас қыз”, “Жас келін” атты өлеңдері, жыл мезгілдеріне арналған табиғат лирикасы, жастық, махаббат жырлары, халық қамы, ой толғаулары, бостандықты ансап, еркіндікке бой ұратын “Тілегім” сияқты өлең-жырлары жарияланған.

Жалынды жас ақынның “Мен кім?” деген өлеңін оқығанда, Абайдың “Адамның кейбір кездері” атты ақын шабытын, ақын тұлғасын суреттейтін, атақты өлеңі көз алдына келгендей болады. Мағжанның “Мен кім?” өлеңінен ескі дүниеге қарсы күрес майданына шыққан, жаңа өмірге құлаш ұрған, мақсаты биік, сенімі берік, өршіл ақынның қуатты, күдіретті тұлғасын көреміз.

Өзім — тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім — құран, табынамын сөзіме.
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді ескілік келдің өлер кезіңе! —

дейді сонда жас ақын.

* * *

Мағжан семинарияны бітіргеннен кейін “Қазақ” газетінде (Орынбор) істейді. Шығармаларын сол “Қазақта”, “Айқап” журналында (Троицк) жариялап тұрады.

Қазақ халқының адал ұлы Мағжан өзінің бүкіл саналы өмірін, өнер-білімін, жігер қайратын — бойындағы бар жақсы қасиетін туған халқының ерікті ел болып, бақытты өмір сүріп, өркендеп өсу жолына арнайды. Мағжанның ұлы арманы, мұрат-мақсаты — туған халқының бостандығы, ешкімге тәуелсіз дербес мемлекет болуы еді. Сондықтан сол мақсатты көздеген Алашорда жұмысына Мағжан да белсене қатынасып, аянбай ат салысады.

Мағжан 1922 жылы Ташкентке келеді. Мұнда Халел Досмұхамедұлының басшылығымен ұйымдастырған “Қазақ-қырғыз білім Комиссиясының” мүшесі болып қызмет атқарады. Ташкентте шығып тұратын газет, журналдарда өзінің шығармаларын жариялайды. 1922 жылы “Ақжол” газетінде әйгілі “Түркістан” өлеңі жарияланады.

1923 жылы “Сана” журналына “Жұлдызды жүзік, айды алқа ғып берейін”, “Сәрсембайдың зары” өлеңдері, “Ақан сері: (өмірі) атты көлемді мақаласы басылды. Мағжан сонымен қатар оқу-ағарту, оқу құралдарын жазу жұмысына ерекше көңіл бөліп, мағыналы еңбек еткен ағартушы-педагог, ірі ғалым болған адам. Оның: “Бастауыш мектепте ана тілі”, “Педагогика” (Баланы тәрбие қылу жолдары) кітаптары 1923 жылы Ташкентте басылып шықты. Әубәкір Дивайұлы жинаған әдебиет үлгілерінен тізілген “Тарту” оқу кітабы 1924 жылы басылды.

Өлеңдерінің алғашқы жинағы (“Шолпан”) 1912 жылы Қазанда басылса, екінші өлеңдер жинағы да 1922 жылы Қазанда басылып шықты.

Әйгілі “Батыр Баян” поэмасы 1923 жылы “Шолпан” журналының (Ташкент) 4–5 және 6–7–8 сандарында жарияланды. Мағжан балалар әдебиетіне де көп көңіл бөлген ақын. Мысалы, “Балаларға базарлық” деп атап, бір топ өлеңін

(“Аққала”, “Ата, бата”, “Сылдырмақ”, “Сұр құлын”, “Салсал білек, сал білек”, “Ана”) “Терме” кітабында (Ташкент, 1925) жариялады.

1923 жылы Ташкентте Мағжанның үшінші өлеңдер жинағы (көлемі 263 бет) басылып шықты.

Мағжан шығармалары туралы “Еңбекші қазақ” газетінде 20-жылдары жарияланған мақаладан үзінді келтірейік: “...Пікір-идея жағынан Мағжан идеяшыл ақын. Ой, қиял – Мағжанның тәңірісі. Қазаққа келгенде, Мағжанның саяси жолы қазақтың байына қосылып отыр... бұл күнгіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл, жылауық ақын. Бірақ бұдан Мағжанның өлеңдерін “өртеп жіберу керек” деген сөз шықпайды”, – дей келіп, мақалада тағы былай деп жазады: “Біз Мағжанның жаман жағын айта білсек, жақсы жағын да айта білеміз. Оның жақсысына қол сұқпаймыз. Қазақ әдебиетіне Мағжан кіргізген жаңалықтар жоқ емес. Мағжан күшті ақын, ойын, өз тілегін ұқтыра білетін ақын. Көркемдік, әдемілік жағынан қарағанда, Мағжан өлеңдері (әсіресе, “Баян”) үлкен олжа. Жүсіпбек айтқандай, “суретті, кестелі, көркем сөз Мағжаннан табылады”. Өлеңнің сыртын Мағжандай келтірген (бір Абай болмаса) қазақта әлі ақын жоқ. Аз сөзбен көп ой айтатындық Мағжанда бар. Мағжан сөзге еркін ақын. Күшеншек ақын емес. Айтам дегенін оқушының көңіліне қонғандай, сезімін қозғағандай қылып айтады. Кейбір өлеңдерінде “шешендік, толғау, күй төгіліп келетіні” рас.

Көркемдік, шеберлік, әдемілік, Мағжаннан үлгі қыларлық “қасиет” көп. Біздің еңбекші ақындарымыз - жас ақындарымыз Мағжанның сырты сұлу, әдемі сөздеріне терең ой, тура жол сала білсе, бәйгеден келгені...” (“Еңбекші қазақ” газеті, 1925 жыл, № 406).

1920 жылдардағы әдебиет сынының бір түрі осындай. Қалай болғанда да, Мағжанның ақындық қуатты қасиетін мойындайды.

Атақты кеңес ақыны, жазушы, ғалым, Мәскеу Мемлекеттік университетінің профессоры – Валерий Яковлевич Брюсовтың (1873–1924) талабымен 1921 жылы жазушылардың білімін толықтыру үшін арнаулы институт (высший литературно-художественный институт) ашылады. Институттың ректоры және барлық оқу жұмысын басқаратын Брюсовтың өзі болады.

Мағжан сол институтқа түсу үшін 1924 жылы Мәскеуге келеді.

Әдебиетші-ғалым, профессор Бейсенбай Кенжебаев марқұмның 1970 жылы жазып қалдырған Мағжан туралы естелігінен үзінді келтірейік. Мәскеуде 1922 жылдан бастап Күншы-

ғыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқығанын айта келіп, ол былай дейді: “...Бірінші курста барлық сабақты өз ана тілімізде оқыдық. Екі жыл бойы негізгі сабақтардың бірі ретінде қазақ тілі мен қазақ әдебиетін үйрендік. Сонда бізге қазақ тілі мен қазақ әдебиетін... бір жыл әйгілі қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев оқытты...

...Мағжан сұлу еді: орта бойлы, толық денелі, бұйра қара шашты, аққұба, бидай өңді еді. Бет пішіні Абайдың белгілі суретіндегі бет пішініне ұқсайтын. Жүріс-тұрысы жарасты, сәл маңғаз еді. Осының бәрінің үстіне қыз мінезді де еді.

Қыркыншы, елуінші жылдары бірге жүргенімізде кейде сөз арасында Мұқан (Мұхтар Әуезов) айтар еді:

Баяғыда біз Мағжанға: атың – қыздың аты, мінезің – қыз мінезді, сен қалай қыз болмағансың?.. деп, қалжыңдаушы едік, – дер еді.

Мағжан ғалым, тәжірибелі шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Педагогика жайында, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту жайында жариялаған кітабы, мақалалары болушы еді...” – дейді Кенжебаев (“Лениншіл жас” газеті, №2, 1989).

Мағжанның Мәскеуде оқып жүрген жылдары жазған, басылып шыққан еңбектерінен біз білетініміз: “Ана тілінің методикасы”. Мәскеу, 1925; Ленин. “Париж коммунасы”. Аударушы: Жұмабайұлы Мағжан: Мәскеу, 1925, (62-бет), Максим Горький. “Сұңқар жыры”. Аударушы: Жұмабаев Мағжан. Мәскеу, 1924. Бұл кітаптағы Мағжан аударған әңгімелер: “Сұңқар жыры”, “Жұртын сүйген жүрек”, “Ана”, “Темірді жұмсапқан ана”, “Хан мен ұлы”.

“Сұңқар жыры” туралы Жүсіпбек Аймауытұлының жазған сын мақаласын келтірейік.

“Сұңқар жыры”

“Жігіттер! Әулиелі ақиқатқа
Бұ жалған жол таппаса, адаспалық.
Тәтті ұйқы лебін ескен адамзатқа
Ең болмаса ессізді мадақталық”.

Беранже.

XIX ғасырдың аяғында байлар дәуірін жырлап болған орыс ақындары дағдарып, қаламынан жан кеткенде, әдебиетке жан салып, жол “мұңдалап” ұрандата, борандата айғайлап шыққан аруақты ақын – Максим Горький. Максим – көк

теңіздің иісін жұтып, мастанып, жұртты кендікке, еркіндікке нұрлы күнге, ерлікке, тартысқа шақырған, өрттей лаулаған, толқындай тулаған төңкеріс ақыны. Ол жабылдарды жан екен демейді, ерді, сұңқарды мадақтайды. Сұм өмірді өмір екен демейді, ерікті, көрікті өмірді көксейді. Пушкин, Лермонтов, Гейне, Беранжелердің отты өлеңдерін жаттап, Максим қуанышқа құлаш ұрған. Адамзатқа тәтті ұйқы лебін ескен жоқ, алыс-жұлысқа шақырған. Әлі жүрек, жылан жанды, жорғалаған, қыбырлаған адамдарды жаратпаған.

Максимды орыс әдебиетінде “Дауыл құсы” деп атайды. Ол 1901 жылы сондай өлең жазып, келешек дауылдан, төңкерістен хабар берген жыл құсы еді. Максим – төңкерісшіл жалшылардың көсемі болған ақын. Социал демократ (бұқарашыл) партиясына кіріп, төңкеріс жолында қызмет еткен. Большевик қанатына тілеулес болып, Ленинмен пікір алысқан. (Лениннің Максимге жазған 33 хаты 24 жылы басылды). Бірақ саяси пікірде айнымалы болған. Мұны өзіне Ленин талай айтқан. 1917 жылғы төңкерістен кейін біресе большевик, біресе меньшевик газеттеріне жазып, шет мемлекетке барған соң, орыс халқының қаталдығын, жамандығын айтып, большевик пікірінен айырылды.

Жиырма бес жылдық қызметінде 30 том кітап жазған (он мың беттен астам болады). Максим – орыстың барлық төңкерісшіл ақындарының атасы. Бәрін баулыған, баураған, ұйымдастырып, “Білім” атты жинақ кітап шығарып тұрған. Он жылдың ішінде 40 кітабы шыққан. Максим қазір 56-да. Әлі де жазудан босамайды. Ол – жұртын шын сүйген ақын.

Максимді білмейтін жер жүзі жоқ.

“Ана” деген жұртшыл пікірде жазылған әңгімесі барлық Европа, Америка тілдеріне аударылып басылған. Оның даңқы зор.

Максим – идеалист (санашыл), дарашыл, романтик ақын.

Өмірі жаумен алысып қан жұтып, жаралы болған Сұңқар – төңкерісшілдер, жылан – жабайы тоғышарлар. “Өрмелеу үшін туған жан ұша алмақ емес!”. Сондықтан ақын ерлердің көзсіздігін, ессіздігін жырлайды”.

Максимның бес әңгімесін Мағжан қазақ тіліне аударған. 24 жылы Мәскеуде басылған. Көлемі 44 бет.

Әңгімелердің аты: “Сұңқар жыры”, “Жұртын сүйген жүрек”, “Ана”, “Темірді жұмсапқан ана”, “Хан мен ұлы”.

Іші батпақ, қараңғы, қалың орманға жау қамап, қырылуға айналған елді бастаған батыр қатерден елін құтқармақ болады. Бірақ жолда көп қиыншылық, азап шегіп, ел батпаққа батып өле береді. Қиналған ел долданып, басшы ерге

тап беріп, өлтірмек болады. Қараңғыда жол табылмайды, ада-сады. Сонда батыр жүрегін суырып алып, көтергенде, күндей жарқырап нұр шашады. Елін беті ашыққа шығарып, ажалдан құтқарады да, батыр өледі. Бұл — “Жұрттын сүйген жүрек”.

Көк темір киінген қалың жау бірнеше күн қаланы қамап, қала халқы аштан, оқтан қырылып жатқанда, қаладан “Ана” шығып, жауға барады. Жау әскерінің бастығы “Ананың” ұлы екен. Анасының құрметіне қаланы талқандамай тұр екен. Ұлы атақ іздеген. Ана өлімге қарсы, елін сүйген. Баласын сөзге түсіре алмаған ана алдына алып баласын ұйықтатып, жүрегіне пышақ сұғып өлтіреді. “Ұлт үшін қолымнан келген істі түгел істедім” деп, енді өзінің керексіз екенін біліп, ана өз жүрегіне пышақ салып өледі. Бұл — “Ана”.

Өзгелерін айтпаса да болады. Аударма ұғымды, сұлу жазылған. Тілінде кемдік жоқ (“Терме”. Ташкент, 1925 жыл, 134–136 бет).

Мағжан Всеволод Ивановтың әңгімелерін аударып, ол аудармасы “Төрт әңгіме” деп аталып, 1927 жылы Мәскеуде жеке кітап болып басылып шықты, аударған әңгімелері: “Өз өмірімнен әңгіме” (“Рассказы о себе”), “Сай” (“Лог”), “Темірбай” (“Киргиз Темербай”), “Жолығу” (“Встреча”).

Мағжанның “Сауатты бол” (ұлкендерге арналған оқу құралы) кітабы 4-рет 1929 жылы Мәскеуде басылып шықты.

Мағжан халықтың шаруашылық қамын ескеріп, тұрмыс халын жақсартуды ойлап, пайдалы деген кітаптарды да аударған. Мысалы, Будайский. “Қарыз серіктігі қәм оның қарашаруаға пайдасы”. Аударушы: Жұмабайұлы Мағжан. Мәскеу, 1925 жыл (88 бет). Мағжанның бұл аударма еңбегі туралы жарияланған мақалада былай дейді: “Бұл кітапта ел шаруашылығының мұң-мұқтажы, қарашаруаның мәдениет жүзінде мешеулігі, шаруашылығын көркейту үшін қарыз серіктігінің пайдасы баяндалған. Бірнеше мемлекеттің егін шығымы салыстырылған. Сонда Бельгия, Германия, Австрия-нікінен Ресей егіні анағұрлым төмен екендігі қазақ оқушыларына көрініп тұр. Ал қазақ орыс шаруасын өзінен қандай артық көреді. Бұдан кейін әр мемлекеттің мал шаруашылығын салыстырады. Бұдан дүние жүзінде Дания деген мемлекет бар екендігі, оның бір сиыры жылына 350 шелектей сүт беретіні, 250 шелектен кем бермейтіні көрінеді. Данияның бір сиыры біздің 4–5 сиырымызға пара-пар.

Шаруашылықты көңілдегідей көркейту үшін қаражат — ақша керек. Міне, осы ақшаны бірігіп қарыз серіктігін ашу арқасында табуға болады. Қазаққа бұл кітапша пайдакүнемдерге жем болмау жолын, қарыз серіктігін ашу реттерін

үйретеді. Кітапшаны қазақ оқығандары, партиядағы қызметкерлер оқып, серіктік, кооперация ашу жөнінде елге көмек берулері керек. Кітапшаны қазақшаға аударушы жүйрік жазушыларымыздың бірі” (“Книгоноша” журналы, № 1, 1925 жыл).

Мағжан туралы бұдан жоғарыда келтірілген мақалада айтылғандай, “Бү күндегіден безген, келешегі жоқ, уайымшыл, жылауық ақын”, халқының келешегін, шаруашылық қамын ойлап, еліне пайдалы еңбек етіп, өуре болмаса керек.

* * *

Мағжан Жұмабаев 1927 жылы Мәскеудегі оқуын аяқтап, Қызылжарға келіп, оқытушы қызметіне кіріседі. 1929 жылы негізсіз айыпталып, он жылға түрмеге кесіледі. Астыртын қызметі үшін 1921 жылы “Алқа” атты ұйым құрды-мыс деген жадағай кінә тағылады. Ал шын мәнінде бұл алқаны Сібір халықтарын қазақ республикасы туралы кеңінен хабардар ету үшін Сібір революциялық комитетінің жанындағы Қазақ АССР-нің өкілдігі ұйымдастырған еді. Осынау ағартушылық алқа кейін сталиндік репрессия кезінде қазақ ұлтшылдарының құпия контрреволюциялық ұйымы деп танылды. М. Горький мен Е. Пешкованың өтінуі бойынша М. Жұмабаев 1936 жылы тұтқыннан мерзімінен бұрын босатылды. Соған қарамастан келесі жылы қайтадан тұтқындалып, 1938 жылы 19 мартта атылды.

* * *

1920 жылдардан бастап Мағжан Жұмабаевқа жабылған жала еш уақыт толастаған емес. Барған сайын өрбіп, өрши түсті. Ол түрмеде отырған кезде де, ол айдауда жүрген жылдары да, тіпті ол атылып, көзі жойылған соң да тоқтамады. Мысалы, 1967 жылы басылып шыққан “Қазақ Совет әдебиетінің тарихы” кітабының бір бетін ғана ашып көрейікші: “1924 жылдың қысында Орынборда Мағжанға әдебиет “сотын” құрып, С. Мұқанов баяндама жасады. М. Жұмабаев “Қазіргі қазақ әдебиетінде жаңа дәуір тудырып отыр-мыс, одан көркемдік шеберлікті үйрену керек”, – деген сықылды тұжырымдарға С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Тоғжанов, Ә. Байдилдиндер өздерінің мақалаларымен тойтарыс беріп, әдебиеттегі ұлтшылдықты, мағжаншылдықты әшкерелеуге көп септігін тигізді” (52-бет).

Мағжанды қасақана арандату үшін оған қолданылған небір

айла-тәсілге қазір қарап отырсаң, қайран қалып, қапа боласың. Бірер ғана мысал келтірейік. Мағжан айдауда жүрген кезде, 1932 жылы басылып шыққан “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” дейтін кітаптың 230-бетін оқып көрейік: “Тұрмыстың, тартыстың кей кезі жігерден еш нәрсе шығармай қоятын уақыты да болады. Ұраны “Алаш”, өзі “Тәңірі” болғанмен, большевиктер “Алаш” пен Колчакты жай қоймаған соң, байшыл ақын бәйгеге басын тікті. Күреске белін буды. “Жарыма” деген өлеңінде:

Жан жарым, ұзын, қиын түстім жолға,
Алдымда түпсіз дария, сор да, ор да.
Бетпақ шөл, отсыз, сусыз, қайнаған құм,
Ысқырған жылан-шаян оң мен солда.
Өткелсіз, қарлы, отты таулар асқар,
Мейрімсіз табан тілер қия тастар.
Кім білед, қуат құрып, арып-талып,
Төгетін күндер болар ыстық жастар.
Жол ұзақ, жақын үшін жаннан кештім,
Бауырдың халын көріп, бейнет күштым.
Құшақта, сүй, күй, жыла, қайраттандыр,
Жан жарым, ұзақ, ауыр, жолға түстім, —

деп, алдында тұрған тап тартысының қиындығын айтады”, — дейді.

Бұл өлеңде тап тартысына ешқандай қатысы, байланысы жоқ. Өлеңге талдау жасап жатпаймыз, Мағжанның “Жарыма” атты бұл өлеңі 1915 жылы, апрельдің 22 күні “Қазақ” газетінде жарияланған. Ол кезде “Колчак”, “Алаш” дегендер аты-затымен жоқ!

Енді жаңағы кітаптың 234–235-беттеріне көз жіберейік. Онда былай деп жазылған: “Алаш” пен Колчак құлаған күні Мағжан “Зар” деген өлең жазады:

Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,
Алтын күн нұры кеміп, салқын артса,
Жер жүзі елім күтіп, тұрса жылап,
Сексенде селкілдеген байғұс қартша.

Бұдан былай осы өлеңде қыстың (төңкерістің) болуын, бірақ ол қыс етіп (Октябрь кұлайды дегені ғой) жаз жететінін сөйлеп кеп:

Жоғалды, батты, кетті, сәулем, күнім,
Жайнаған жүз құлпырып қызыл гүлім.

Сәулесіз, айсыз, күнсіз қараңғыда,
Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім.

Жалғанның бір көрермін көп пен азын,
Өмірімде енді болмас жылы жазым.
Енді бір жүргенім де, өлгенім де,
Қолымнан ұшқаннан соң қоңыр қазым.

“Қоңыр қазы”, әрине, “Алашорда”. Міне, байшыл Мағжан Октябрге осылай қарады. Мағжанның қазақшыл емес, байшыл екеніне, тегі “қазақшыл” ешкім бола алмайтынына, тап бар дәуірде жалпы ұлтты сую қолдан келмейтін, болмайтын іс екеніне Мағжанның жоғарғы өлеңдері айқын дәлел”, — деп қорытады.

Мағжанның бұл өлеңі де “Қазақ” газетінің бетінде 1915 жылы, 22 қазан күні басылған, ол жылы Колчак та, “Алаш” та атымен жоқ. Арғы жағын оқушы жұртшылық өзі де түсінетін шығар дейміз.

Осы да жеткілікті болар. “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” кітабының беттеріндегі Мағжанға жабылған жала мен еріп жүрген өтіріктің бәрін тізе берудің қызығы жоқ шығар.

Енді осы кітапта Мағжан ақын туралы айтылған, шындыққа ойысқан кезіне келейік:

“Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетіне жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ”, — деп отырған адам, — Сәбит Мұқанов марқұм.

“XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” кітабының авторы да — Сәбит Мұқанов.

* * *

Мағжанның орыс әдебиеті және Европа әдебиеті классиктерінен аударма еңбектерінің өзі бір төбе. Ол, өлең болсын, көркем қарасөздің қай түрі болсын, орыс тілінен мүлтіксіз аудару өнерінің өрен жүйрігі. Оның аудармасын өзінің төл шығармасындай құштарланып оқисың. Мағжанның Гетеден аударған “Орман патшасы” (“Лесной царь”) деген өлеңін бала күнімізде аса қызығып қайта-қайта оқушы едік, оқып отырғанда үрей туғызып та жіберетін, осы күнге шейін ойдан кетпейді.

Мағжанның 1927 жылы “Еңбекші қазақ” газетінің 189-санында “Тоқсанның тобы” атты көлемді өлеңі жарияланған. Ол өлеңнің үлкен тарихы бар, оған арналған мақалалар

бар. Сол мақалалардың ішінде Шаймарден Тоқжігітовтың екі мақаласы, Ыдырыс Мұстамбаевтың орыс тілінде жазып, “Советская степь” газетінде жарияланған “Джумабаев и “Девяносто” атты мақаласы ерекше көңіл аударарды. Мағжанның “Тоқсанның тобы” өлеңі туралы жеке арнаулы мақала жазу керек.

Мағжан — адамның нәзік сезімін, терең сырын шертіп, жан дүниесін тебіrentетін асқан лирик ақын ғана емес, ол — кең құлашты, ұшқыр қиялды, шығанға шырқайтын эпик ақын. Оның тарихи тақырыпта жазған күрделі уақиғалы поэма, дастандары бар. Олар: “Қорқыт”, “Ергек”, “Жүсіп хан”, “Батыр Баян”, т. б. Солардың ішінде ерекше атайтыным — “Батыр Баян” поэмасы. Бұл поэманы 1932 жылы “Шолпан” журналынан оқып, көшіріп алып, жаттап жүретін едім.

1940 жылы Алматыда, Мұхтардың (Әуезовтың) үйінде ұзақ уақыт болған кезімде, Мұхаң Мағжан туралы қызықты көп әңгіме айтып еді. Сонда Мағжанның “Батыр Баянды” қалай, қай кезде жазған тарихын және поэманы жазуға бір жағынан Шоқан Уәлихановтың тарихи зерттеу еңбектерінің себеп болған жайын баяндап, бұл — тарихи поэма деген еді. Мұханның сол сөзі ойымда жүретін.

Осы соңғы кезде “Батыр Баян” поэмасының уақиғасын тарих деректерімен, әсіресе, Шоқанның еңбектеріндегі тарихи мағлұматтармен салыстырып, біраз зерттеу жұмысын жүргізген едім. Сондықтан “Батыр Баян” поэмасы жайында жеке мақала жазбақпын.

* * *

Мағжан ақынымыз қазіргі заманда шыңыраудан шыңға көтерілді. Әділеттің ақ құсы қанат қағып, халқымыздың мерейі үстем болып, масайрап, қуанышқа бөленіп отыр. Қуанышымыз қуанышқа ұласып, ұзағынан сүйіндірсе екен.

Ендігі басты мәселе: Мағжанның өмір тарихын ғылыми тұрғыдан терең зерттеп жазу, оның әдеби асыл мұрасын шырқын бұзбай, толық жариялап, ақынның туған халқына кіршіксіз жеткізу — абыройлы борышымыз.

Жүсіпбек Аймауытов

(1889—1931)

Анкетаға жауап

Жиырманасыншы жылдардың аяғында Смағұл Садуақасов сол тұстағы қалам қайраткерлеріне бірнеше сұрақтар беріп (анкета түрінде), олардың өмірі, еңбектері туралы мәліметтер жинауды мақсат етіпті. Солардың бірсыпырасы Мұхтар Әуезовтың архивінде сақталып қалған екен. Жүсіпбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов және Әуезовтың өзінің өмірбаяндық (“Өз жайымнан мағлұмат” деп аталады) қолжазбаларын бір кезде С. Садуақасовтың жұбайы Д. Әлиханқызы кезінде Мұхана табыс етіпті. Ж. Аймауытовтың жауаптары да сол архивтен алынып жарияланды.

Осы арада ескере кететін бір жай мынадай: Жүсекең анкетада 1928 жылға дейін жазып, жарияланған еңбектерін ғана атайды. Шын мәнінде, ол прозашы, акын, драматург, аудармашы, ғалым, журналист және педагог ұстаз ретінде мұнан кейінгі жылдары — қалған өмірінде — 1931 жылға дейін де көптеген құнды еңбектер жазды. Ж. Аймауытов қазақ әдебиетшілері арасында бірінші болып В. И. Лениннің көркем бейнесін жасады. Пролетарлық гимн “Интернационалды” қазақшалады. Қос тілділік, интернационалдық тәрбие мәселелері туралы мақалалар сериясын жазды...

Мен сиыр жылының аяғында (1890 жылдар) Қызылтаудың бауырындағы Қараның адыры деген жерде Дандебай аулында тұсам керек. Руым — Сүйіндік, оның ішінде Күлік. Айдабол, Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт Айдаболдан. Екеуміз сегізінші атадан қосыламыз. Мәшһүр Жүсіппен 7-ші атадан қосыламыз. Кереку үйезі, Семей губернесі.

5 жасымнан 15-ке шейін ескі молдадан оқып, “Мұқтасарды” дендеп, “Нақу” оқып барып қалдым. Аулымызда Оспан деген кісі молда ұстаушы еді. Әуелі Жүніс қожадан, содан кейін Шаймардан қожадан, артынан Қожахмет молдадан, Қапар қажыдан, Мұқаметжаннан оқыдық. Сөйтіп, ескіше 5-6 молданың алдын көріппіз. Бастапқы екеуі болмаса, соңғылар басқа ауылдардың молдасы. Жаз жайлауда барып оқып тұрушы едік.

1917 жылдарға шейін әкеміздің малы 6—7 қарадан асып көрген жоқ. Сондықтан әкей бізді (үш ағайынды едік, мен ортаншы баламын) мал табуға дайындады. Бір жағынан, жылда

молдаға бір бұзауын беріп, Ақат ағам екеумізді сабақтан үзбей (інім жас еді), екінші, біздің ауылдағы етікші, ағашшы, сыршыларға жіберіп, қол өнерін үйретті. Ақат ағам екеуміз де әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі сырнайшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Біздерден үлкен екі апамыз болды. Үлкені домбыра тартушы еді, хат танушы еді. Бізге өлең, ән үйреткен екі апамыз еді. Қадікеш деген үлкен апамыз өлең де шығарушы еді. Ұзатылатын қыз жолдастарына шығарған өлеңдерін ұрлап алып, оқи беруші едік. Байы өлген қатындарға шешем (Батима) жыр шығарып, үйретіп отырғанын жас кезімде құлағым шалушы еді. Менің 7–8-дегі жалаң бұт жүгіріп жүретін кезімде, ойын-сауық болғанда, келіншектер бізді (Ақат ағам екеумізді) көтеріп әкеліп, етегімізге бауырсақ, құрт салып қойып, қосылдырып ән салғызар еді.

Ержеткен соң, Ақат ағам (менен екі жас үлкен) байлардың кебезесін, шкафын, жұқаяғын істеп, үй-ағашын сырлап, етік тігіп кәсіп қылды. Бері келгенде ер қосатын болды. 15 жасқа келгенде мен молдалық құрып, бала оқыта бастадым, “Қартқожадағы” підие алатын бала молданы оқысақ, ол – өзім. Қартқожаның әке-шешесін көрсек, ол – өз әке-шешем. Әкемнің қолы да іске онталды еді: қазанның қақпағын, шелектің шеңберін, сынған арбасын өзі істеп отырушы еді. Әжем де шебер еді: ауыл-үйдің киімін сол пішер еді. Алашаның, баудың, текеметтің түрін әжем салар еді, сырмақты, түс киізді әжем оюлар еді.

Мен қазақша оқуды қойып, молдалық құра бастағанда, Оспан деген кісі Қағазбай, Қанім деген екі баласын өзі орысша оқыта бастады. Оспан, Абайылда, Әбдіраман үшеуі Дандебайдың тоқалынан, Аймауыт пен Иса бәйбішесінен болады. Оспан орысша фельдшерлік оқуын бітірген, дәрігер болған, артынан тілмаш, болыс болған орташа ауқатты адам. Бәйбішенің екі баласы (Аймауыт, Иса) кедей болды. Исаның балалары Оспанның жылқысын бақты. Біз (Аймауыт балалары) тоқал тұқымының уақ балаларын оқытып, кебеже, шкафтарын істеп, апаларымыз алаша, бауларын тоқып, орамалдарын, жастық тыстарын кестелеп, керегіне жарадық. Оспандікің үлкен үй деуші едік. Үлкен үйден көшкенде, ат мінуші едік. Еруде қымыз ішуші едік. Қыс бір-екі қой соғым берер еді. Сүйтіп жүрсек те Оспанға жақпадық: екі баласын орысша оқытқанда, мені оқытпай қойды. Әкем де, өзім де барып айттым, үндемеді: паң еді. Мені тоқал баласынан артық боп кетеді деген арам ойы болу керек. Үйткені біз

(Аймауыт балалары) оқытуға да, басқа өнерге де Оспан балаларынан зерек едік. Оспан оқытпаса да, Қағазбай деген үлкен баласы мені жақсы көруші еді, содан оқып, орысша хат таныдым. Перевод қарастыруға жаралым. Екі айдан кейін Қағазбай қағынып өлді. Кіші баласы түк ұқпады: орысша оқу доғарылды. Мен басқа ауылда бала оқытып жүрдім.

Сол кезде Баянауылда (бізге 60 шақырым) ауылнай школ ашылып, әркім бала бере бастады. 1907 жылы молдалықты тастап, Баянауылға барып школға кірдім. Оспанның Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді, Баянда соның үйінде жаттым. Баянда бір қыс оқып, екі белімін бітіріп, келер жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауылшаруашылық (с-хоз) школына барып, емтихан ұстадым. Школға кірісімен, 40 шақырым жердегі егін жұмысына жіберді. Бір айдай егін орып, жұмыс қылып, қалаға келіп, екі айдай оқыған соң, қазақ балалары забастовка шығарып, бәріміз (өңшен қазақ баласы) школдан шығып қалдық. Жаз шыққанша күн көрейік деп, жатақтағы Іргебай етікшінің үйінде жатып, етік тіктім. Жаз шыққан соң, қалашының екі дөңгелек арбасына ілесіп, елге келдім. Бү жылы басқа мектепке кіре алмай, Баянға қайта барып, ауылнай школда 3-ші бөлімде оқып шықтым. Келер жылы әр жерге арыз беріп, қазыналық оқу таба алмай бос қалған соң, жайлаудағы Өлекті өзені бойындағы Қаржас Сүлеймен деген кісіге бала оқытуға жалдандым. 1911 жылы ол ауылда оқытқан бір-екі баланы (Мәжікен Сүлейменұлын, Сұлтан Анапияұлын) алып, Керекуге тағы бардым. Со жылы Керекуде 2 класты русско-киргизская школа ашылған екен, үшеуміз де соған кірдік. Келесі жылы ол школда интернат ашылды. Интернатқа түстім. Осы школда 4 жыл оқып, бітірдім. 1914 жылы Семейдің учительский семинариясына барып түсіп, 1919 жылы мұны бітірдім. Қыс оқысам, жаз елге шығып бала оқытып, қаражат жинадым. Орысша оқуға кіргеннен былай, әкеме мал тауып бере алмадым (Сүлеймендерден алған бір құнан, бір тайдан басқа), бірақ әкемнің аз күнкөрісіне бір тиын да зиян келтіргем жоқ.

Ауылдағы өзім құрбы балалардан хатты ерте таныдым. Қолым (почерк) әдемі болушы еді. Жалаң бұт жүретін кезімде Оспан шақыртып, арыз көшіртуші еді. Оқып жүргенде арабша кітаптарды қауырсын қаламмен өзім көшіріп алып оқушы едім. Қысса, өлең кітаптарды көп оқушы едім. Қадікеш апамның бір сандық қыссасы бар еді. Қыстың ұзақ кештерінде алғашқыда Қадікешке, соңынан Ақат екеумізге әкем қысса оқытқызып отырушы еді. Жасымыздан қыздардың арасында өскендіктен, бок ауыз айтуды, шайпаулық қылуды, қақ-соқ-

ты көп білмедік. Әке-шешелерімізді сыйладық, жақсы көрдік. Олар да бізді жақсы көрер еді. Өйткені ұдайымен 4–5 қыз туып, бізді (үш қарғасын) сағынып жүргенде, қартайғанда көрген екен.

Ең алғаш менің өлең жазғаным 13 жасар кезім болса керек. Дұғалық — жазатын кішкене шолақ кітапшама тіленші шалға боранда есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп, әкесін ренжіткен қызды (ол Жамікен деген апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, мандайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным 19–20 жастар кезім болса керек. Бір бала молдамен айтысып, өлең жазғаным бар. 1912 жылы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде әлі сақтаулы; Абайға еліктепін. Ең алғаш басылған сөзім, 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мeste шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім, бұл хабар “Қазак” газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды. 1916 жылғы қазақтан жұмысшы алу туралы пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады.

“Рабиға”, “Жебір болыс (мансапқорлар)”, “Қанапия — Шарбану” — 1916–17 жылғы жазған пьесаларым. Кейін түзетіп баспаға бердім. Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім — 1917 жылғы “Сарыарқада”. Бірінші нөміріндегі “Сарыарқаның сәлемі” деген өлең, екінші нөмірдегі “Түр, бұқара, жиыл, кедей, ұмтыл жастар!” деген кедейшіл беттегі мақала сияқтылар. Одан соңғы “Абай” журналындағы “Ғашықтық” (әңгіме), “Көшу”, “Ұран” (қазағым қақтықла...), “Әскер марсельезі” (арғы атам ер түрік) сияқты өлеңдер, әдебиет туралы мақалалар, “Бишаралар” секілді (Виктор Гюгодан) аудармалар болса керек. Өзге уақ-түйектер есімде жоқ.

Бұл күнде басылып шыққан кітаптарым: 1) Рабиға, 2) Сылаң қыз, 3) Мансапқорлар, 4) Қанапия — Шарбану, 5) Ел қорғаны, 6) Шернияз — пьесалар, 7) Қартқожа. Аудармалар: 8) Октябрь, 9) Сараң сері, 10) Тас мейман (Пьесалар), 11) Тау еліндегі оқиға (әңгіме), оқу кітаптары: 12) Тәрбиеге жетекші, 13) Психология, 14) Психология мен өнер таңдау, 15) Төңкеріс тарихы — Покровский, 16) Орыс тарихы. III бөлім. Покровский.

Баспаға берілген кітаптарым: 17) Ақбілек, 18) Мәскеу мен Қырымға жолаушылық, 19) Жаман тымақ (балаларға ертегі), 20) Шал мен кемпір (ертегі), 21) Көк егіз (ертегі), 22) Үш қыз (ертегі — бәрі де суретті аудармалар: 23) Дәмелі (Тамил-

ла) – роман, 24) Өр бике (Конрад Берковичтің 6 әңгімесі), 25) Бақылаушы (Ревизор) Гогольдікі, 26) Сұлтанмахмұт Торайғырұлының түгел сөздері.

Маған ұнайтын жазушылар: Мопассан, Мольер, Виктор Гюго, Шекспир, Джек Лондонның кейбір сөздері, Рабиндранат Тагор, Конрад Беркович, Орыстан: Гоголь, Пушкин, Толстой, Максим Горький, Короленко, Чехов секілділер. Биыл оқыған Стефан Цвейг те қатты ұнады.

Абай өлеңдерімен бала күнімнен таныспын. Кітабы басылмай тұрғанда, ел қыдырған өлеңшілердің аузынан бірталай өлеңдерін көшіріп алып, жаттаған едім. Ең алғаш басылып шыққан жылы кітабын қолыма түсіріп, түгел көшіріп алдым.

Менің жазғаным: уақ әңгімелер, оқшау сөздер еді. Олардың бірсыпырасы қолымда бар, бірталайы жоқ. Есімде қалғандарын атап өтейін: 1) Ғашықтық (Абайша), 2) Жынды, 3) Айна – бұлар “Сарыарқада”, 4) Толғақ жиленді, 5) Домалақ ертегі, 6) Мысыққа ойын, тышқанға өлім, 7) Мал бас садақасы ма, бас мал садақасы ма? 8) Сауатсыздықты қалай жою керек, 9) Кузьма, 10) Талкошке шешендері, 11) Күдіріс, 12) Өмір деген осы ма, 13) Жапырақтар – бұлар “Қазақ тілінде”, 14) Елес, 15) Тұмарбай мен қатыны, 16) Жаңабайдың жанындағы трагедия, 17) Қара бақсы, 18) Баушы мен бала – бұлар “Жас казак”, “Лениншіл жас” журналында, 19) Далада наурыз – “Қызыл Қазақстанда”, 20) Жаңбыр, 21) Қатындар (аударма), 22) Ат желі басар ер шерің, 23) Алып ұйқы – бұлар “Еңбекші казак” газетінде, 24) Біз кім едік, кім болдық, 25) Әсемпаздық, 26) Комажнек (чеховша), 27) Жаңа өмірге аяқ басты, 28) Қырсықты Сүлей, 29) Жидебайдың баяндамасы, 30) Бір шешеннің сөзі, 31) Нұр күйі, 32) Көшпелі Көжебай, 33) Оралдан поез еткенде, 34) Делебесі қозған жігіт, 35) Тінікейді не ойландырды, 36) Жеті азбан, 37) Қилыкилы заман болды, қарағай басын шортан шалды, 38) Қойшы Тастамақ, 39) Радио хабарлары – бұлар “Ақ жол” газетінде, 40) Елеусіз ерлер, “Сәуледе”, 41) Соп-соп – “Қосшы” газетінде, 42) Әнші, 43) Жол үстінде – бұлар “Термеде”, 44) Паренжі ертегісі (асылы орысшадан), 45) Бажаның басы қышиды – бұлар “Әйел тендігі” журналында басылды.

Бұдан басқа Максим Горькийден, Мопассаннан, Джек Лондоннан, Тагордан аударған әңгімелерім бар. Олардың қажеті жоқ. “Шаншарда” басылған 3–4 күлдіргі әңгімелерім бар, оларды атағам жоқ. Осымен сұраған алты нәрсеге жауап бердім ғой деп ойлаймын.

*Жүсіпбек
1928 жылғы январь 3. Шымкент.*

Жүсіпбек туған жерін, өскен елін өзінің көркем шығармасында суреттеп берген. 1926 жылы басылып шыққан “Қартқожа” романының “Туған жер” деп аталатын тарауына көңіл бөліп, көз жіберіп оқып көрейік:

“...Туған жердің қадірін туғалы түзге шықпаған елдегі адам не білсін.

Туған жердің қадірін алыс жерге ұзатқан, ұзатқанына әлде талай жыл өткен қыз білмесе, кім білсін?

Туған жердің қымбатым ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?

Туған жердің артығын, жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айрылған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген ер білмесе, кім білсін?

Туған жердің асылын қараңғы үйге қамалып, қара нан мен қара шай жүрегін кесіп жатқанда, қазы, қарта, сар қымыз бұлбұл ұшып көзінен, есіл елін сағынған, бір көруге зар болған тұтқын білмесе, кім білсін?

Туған жердің қадірін әлеуметтің ісіне басын байлап жегілген, кеңседе қағаз кемірген, күйіп-пісіп кебеп боп еңбегінің жемісін көрсем-ау деп телмірген, тар көше мен тар үйде, бойы бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін?

Ыстық қой, шіркін, туған жер! Туған жерге жеткенше, қайтып дәтің шыдайды? Кім сағынбас өз қағын. Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе, сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз...

...Елін сүйген, оқушылар, жүріндер, туған жерге жетейік!..

Шөгip жатқан түйедей, ортасы кезеттенip, денесін қошкыл қара түк басып, қыр арқасы тарақтай ирек-ирек болып, шудасы желкілдеп тұрған, мынау өзіміздің Баян тауы! Жарықтық қандай салауатты! Қандай айбатты! Міне, Ащының бойы! Әне, Бөрлікөл, Бұламбай, Қарасор. Ана көрінген Мойылды. Ой, шіркіндердің көзі жаудырап, самаладай болып жарасып тұрғанын-ай!

Анау Сарадырдың иығынан түсіп, созылып келе жатқан қалың көшін қара! Сүйіндіктің көші! Әлде бұл қай ауыл?..”

Міне, Жүсіпбектің туған жері, өскен елі. Міне, Аймауытовтың туған жеріне, ер жетіп өскен еліне деген ақ, көңілі, адал жүрегі, махаббаты, нәзік сезімі, терең сыры.

* * *

Жүсіпбек бұрынғы Семей губернасы, Кереку уйезі, Қызылтау болысының бірінші ауылында туған. Баянауыл

елінің азаматы. Руы – Сүйіндік. Бұл жағынан келгенде, Сүйіндік ішінде Айдабол, Күліктен шыққан атақты ақындар Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтермен Жүсіпбек әрі жерлес, әрі аталас болады.

Жүсіпбек Аймауытов 1890 жылы дүниеге келіпті. Бес-алты жасынан бастап ауыл медресесінде оқып, одан соң екі кластық (төрт жылдық) орыс-қазақ училищесіне түсіп оқыды. Училищені жақсы оқып бітіргеннен кейін, Жүсіпбек Семей қаласына келеді.

Жүсіпбектің ендігі өмірбаяны жайында біраз мағлұматты архив қоймаларында сақталған ресми документтер баяндайтын деректерден білеміз.

Жүсіпбек Аймауытов Семей қаласындағы мұғалімдік семинарияда (учительская семинария) оқыпты. Архив деректерін келтірейік. Семинария директоры стипендия алып оқитын 20 семинарист туралы жазған бір қатынас хатында:

“К 1 января 1916 г. Земскими стипендиями Семипалатинской области при вверенной мне семинарии состояли:

1. Губарев Григорий.
2. Аймауытов Жусупбек...
6. Сатпаев Габдул-Ганий (Қаныш. – Қ. М.)
18. Нурмухаметов Казы.
20. Сейсембаев Ахметбек”, – деп жазады.

Семинария директору 1916 жылы 23 август күні Семей губернаторына жазған қатынас хатында: “Из 20-стипендиатов Семипалатинского земства в конце 1915–16 учебного года окончили курс следующие 6 воспитанников... (аты-жөні аталған). Ендігі стипендия алатын 14 семинаристің тізімін жазып, олар туралы былай дейді: “Все эти воспитанники... в 1915/16 учебном году обучались при отличном поведении вполне успешно и по своим успехам переведены в следующие классы, а именно: Нурмухаметов... и Сейсембаев в I-й, Аймауытов, Сатпаев... в II-й ...” Сөйтіп, Жүсіпбек Аймауытов пен Қаныш Сәтпаев семинарияға оқуға түскен уақыты - 1912 жыл екені белгілі.

Енді семинарист Жүсіпбектің сегіз қырлы өнерпаз болғанын дәлелдейтін тарихи бір мағлұмат келтірейік.

“Айкап” журналының 1915 жылғы 5-санында “Қазақша бастапқы ойын” деген көлемді мақала жарияланған. Мақала былай деп басталыпты: “13-февральда Семейдің приказчиктер клубында қазақша әдебиет кеші болды. Ойнаушылар қазақтың оқыған жастары, оқыған әйелдері еді”. Ойынға Абайдың әнші, ақын шәкірттері: Мұқа, Әлмағамбет, Қали Бекбергеновтер де қатынасады, “Біржан-Сара айтысы” театр

сахнасына бейімделіп, музыкалы пьеса – инсценировка түрінде көрсетіледі. Біржан болып ойнаған Жүсіпбек екен. “Айқапта” былай суреттеп жазыпты: “Қазір ойналатын Біржан мен Сара турасында Нұрғали Құлжанов жұртқа мағлұмат берді. Сценаның төріне қазақ салтынша масаты кілемдер төселіп, оюлы отау қойылған. Залдың бір жағына қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, камшат бөріктің шоқпардай үкісін былғаңдатып, айқайды сала ән шырқап Біржан шықты. Біржанның қасында салдарша киінген 5 жолдасы да жанында тұрды.

Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері,
Іздеген келіп тұрмын Біржан сері... –

деп шырқаған Біржан даусын естіп, қасында жеті-сегіз қыздары бар бұрала басып былқылдап Сара шықты... Екі нөкер сценаның екі жағына отырып, кезекпе-кезек ән шырқап айттысты... Біржан ролін алған Жүсіпбек Аймауытов та, Сараның ролін алған Тұрар ханым Қозыбағарова да рольдерін ойлағаннан артық шығарды” (“Айқап”, 1915, ¹ 5, 77–78-бет).

Жүсіпбек Біржан ролін де атқарады, домбыра да тартады, ән де салады, өлең де оқиды. Ойынның қазақ және орыс тілінде басылған программасының бір данасы қолымызда бар. “Программа Киргизского литературно-вокально-музыкального благотворительного вечера на киргизском языке. В пользу подвижного мусульманского лазарета в Петрограде и нуждающихся учащихся киргиз поровну В Семипалатинском Приказчиьем клубе 13 февраля 1915 года.

І отделение.

1. Несколько слов и киргизской поэзии прочит.: Р. М. Марсеков и Н. Кульджанов.

2. Сара и Биржан (айтыс) – Т. К. Козыбагарова и Ж. Аймауытов...”

Ойынның программасы бай, үлкен төрт бөлім. Бәрін басқарып, ұйымдастырушы – Нәзипа Құлжанова.

Абайдың, Алтынсариннің өлеңдерін: Жүсіпбек, Қаныш, Нәзипа, Тайыр Жомартбаев, Мұстақым Малдыбаевтар оқиды. Жүсіпбек пен Қаныш домбыра мен мандолина тартып, қосылып ән салады, Жүсіпбек надандық жайынан таклақ айтады, “Қалия” әнін шырқап береді.

Осы айтылғандардан семинарист Жүсіпбектің қарым-қатынаста болған адамдарын, мәдени ортасын айқын танып, білеміз.

Ақындық қуаты ерте оянған Жүсіпбек, он жасында өлен жаза бастаған. Алғашқы бір шығармасы “Қазақ” газетінде (1913) жарияланады. Семинарияда оқып жүрген жылдары жазған мақала, әңгіме және өлеңдері, осы кезде Семейде шығып тұратын, “Сарыарқа” газетінде (1917), “Абай” журналында жарияланады, 1916–1917 жылдары үш-төрт пьеса да жазады. Осы пьесалары кейінірек жарық көреді.

Сөйтіп, Жүсіпбек 1914 жылдан бастап, 1919 жылға дейін Семей мұғалімдік семинариясында оқушы – семинарист болды.

Аймауытовтың саяси-әлеуметтік қызмет сапары 1919 жылдан басталады.

* * *

1919 жылы бірінші декабрьде Семейде Совет өкіметі түпкілікті орнады, Губревком құрылды. Мұхтар Әуезов бастаған қазақ жастары; кешегі семинаристер: Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтпаев, Ахметбек Сейсембаев (Шикібаев) және Семей ер балалар гимназиясы оқушылары: Ыдырыс Мұстамбаев, Әзімбай Лекеровтар – бәрі де совет қызметін атқару ісіне ынта-жігерімен кірісіп кетеді. Бұлардың қандай қызмет атқарғанын архив документтерінен айдай айқын көреміз.

Семей Губревкомының “Инородческий подотдел” деп аталатын бөлім бастығы қызметіне Мұхтар Әуезов тағайындалады, нұсқаушылар бөлімінің бастығы Жүсіпбек Аймауытов болады. Бұл екеуі де бір уақытта – 1919 жылдың 24 декабрінен бастап іске кіріседі.

“Выписка из протокола ¹ 125/е объединенного заседания Губревкома и Губбюро, состоявшегося 26 июня 1920 г.” – деген документтен: Қазақстан Советтерінің бірінші Құрылтай съезіне даярлық, сол съезге өкілдер сайлау және “Инородческий подотделді” “Қазақ бөлімі” (киротдел) деп этап, қайта құру мәселелері қаралғанын көреміз. Қабылданған шешімде: “Поручить заведделуправ. Большакову и Аймауытову реорганизовать инподотдел в инотдел... назначить уездные Кирсьезды по выборам представителей на Всеобщий Кирсьезд...”

Назначить членами избирательной комиссии т. т. Аймауытова, Зорина и Курамжина...” делінген.

(Семипалатинский облгосархив. Ф. 72. дело - 125, оп - 1, ст. 18).

Жүсіпбек Аймауытовтың Семей Губревкомының мүшесі болғандығын көрсететін архив документін келтірейік:

Протокол № 73

Заседания Губревкома, 3 марта 1920 года. Присутствовали: Самсонов, Большаков, Ермеков, Белослюдов, Булах, Гаврилов и Аймауытов. Начало в 6 1/2 часов вечера.

Слушали:

1. О назначении сибревкомом членами Семипалатинского Губревкома: т. т. Заводского, Самсонова, Большакова, Аймауытова, Тюленова и кандидата Скиба.

2. Заявление члена Губревкома тов. Ермекова об увольнении его из состава Губревкома ввиду болезни.

Постановили: утвердить.

(Семипалатинский облгосархив. Ф. 72, арх. № 19, оп. — 1, св. - 3).

Жүсіпбек “Қазақ тілі” (қазіргі “Семей таңы”) газетінің редакторы және журналистер бюросының бастығы қызметін де атқарған. (Архив. Ф — 72, оп. 2, д. 8, св. 1)

Мұхтар оқуға бармақ болып, өзі сұранып қызметінен босап, орнына Жүсіпбек болғанын архив документі көрсетеді.

Протокол № 135

Заседания Семипалатинского Губревкома 10 сентября 1920 года.

Присутствуют: т. т. Самсонов, Большаков, Богданов, Аймауытов.

Председатель — Т. Самсонов.

Секретарь — Т. Матвеев.

Слушали:

1. Об удовлетворении ходатайства завкиротделом тов. Ауэзова ввиду отъезда для продолжения образования, о смещении его с должности завкиротделом.

Постановили:

Просьбу тов. Ауэзова удовлетворить. Временно заведывание Киротделом возложить на члена Губревкома тов. Аймауытова.

1920 жылы январь айында Жүсіпбек партия қатарына (РКП(б) кіреді.

1921 жылы Губревком таратылып, Семей губерниялық атқару комитеті құрылғанда, Жүсіпбек Аймауытов Губатком мүшесі және оқу бөлімінің бастығы болып сайланады. Газет хабарын келтірейік:

“Губерналық атқару комитетінің бірінші жиылысында болған қаулысы; Губерналық атқару комитетінің бастығы (председателі) Әуезов, орынбасары Большаков, мүшелері: Лютин, Нұрмақов, Мазурович, хакімшілік бөлімінің бастығы Большаков, орынбасары Итбаев, оқу бөлімінің бастығы Аймауытов, орынбасары Сәтбаев, Заң бөлімінің, бастығы Барлыбаев, жер бөлімінің бастығы Ғаббасов, орынбасары Симонов, халық шаруашылығы кеңесінің басқарма мүшесі Қасенов...” “Қазақ тілі”. № 138, 5 сентябрь, 1921 ж.).

Жүсіпбек жауапты қызмет атқара жүріп, жазу жұмысынан бір сәт те қол үзбеген. Жазушы, журналист, публицист ретінде түрлі тақырыпта жазғандары “Қазақ тілі” газетінде үздіксіз жарияланып тұрған. Семейде Совет өкіметі орнай сала, декабрьдің бесінен (1919) шыға бастаған тұңғыш Совет газетін ұйымдастыруға ат салысқандардың бірі және сол газеттің – “Қазақ тілінің” алғашқы редакторының бірі де Аймауытов. Ол оқу-ағарту, мәдени-тәрбие жұмысының қабілетті ұйымдастырушысы, терең білімді, мәдениетті, өнерлі, өнегелі, мәдениет қайраткері болған.

Аймауытовтың қызметі Семейден Орынборға ауысуы жөнінде архив қоймасында сақталған документті келтірейік:

Мандат

Предъявитель сего тов. Аймауытов постановлением Семгубисполкома откомандировывается в распоряжение КирЦИКа и направляется к месту новой службы в г. Оренбург.

При передвижении тов. Аймауытова все советские и общественные учреждения и организации обязаны оказывать ему всяческое содействие.

Изложенное подписями и приложением печати удостоверяется.

Тов. Аймауытов получил аванс в сумме десяти тысяч, который по прибытии его на место, подлежит возвращению Губисполкому.

Предгубисполкома — Жигаров.
Секретарь — Матвеев.

Мандат машинкаға басылған, жоғарғы жағына сиямен “отпуск” деп жазылған, яғни екінші данасы (көшірмесі), мандатты алғандығы туралы Жүсіпбектің өз қолымен “Аймауытов” деп қойған қолы бар. Мандаттың № 468,9 XII деп жазылған жылы көрсетілмеген, 1921 жыл болар деп ойлаймыз.

Жүсіпбектің Семейден кеткеннен соңғы қызмет жайын баяндап беретін, Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивында сақталған: “Личное дело Аймауытова Джусупбека, члена Президиума КирЦИКа и коллегии Наркомпроса” — деп аталатын документ. Ол документте мынандай деректер бар:

“Протоколом Президиума КирЦИКа от 12 октября 1921 года, за № 1 тов. Аймауытов назначен в работу Наркомпроса”.

1922 жылы 24 январь күнгі жазылған бір қатынас қағазда: “...тов. Аймауытов находится в Семипалатинске в должности ответственного редактора газеты “Казак тили”, — делінген. Сойтіп 1922 жылы Жүсіпбектің қызметі қайтадан Семейге ауысқан.

Оқуы мен қызмет бабына байланысты, 1914 жылдан бастап, он жылдай Семейде болған кезінде Жүсіпбектің жақсы қарым-қатынас жасасқан, көңілде, достас адамдары, жоғарыда аттары аталғандардан басқа, Шаһкәрім, Көкбай, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаев, Иса Байзақов, Жұмат Шанин, Майра, Әміре сияқты әдебиет, өнер қайраткерлері. Жазушының “Әнші” атты тамаша көркем өңгімесі Әміре Қашаубаевтың бейнесін суреттеуге арналған.

Ел басына қалың қасіретті ауыр күн туған кезде, Жүсіпбек Аймауытовтың адамгершілік мінезін, адал азаматтық қызметін көрсететін және оған жабылған жаланы баян ететін уақиға туралы мағлұмат беретін бір мәселеге тоқтала кетейік. “Қазақ тілі” газетінің 1923 жылғы 42-санында басылған “Жауап” атты үлкен мақаласында Аймауытов былай деп жазады:

“69-ншы сан “Еңбекшіл қазақта” Файзолла Ишанұлының айып алды деп, мені айыптап жазған сөзіне жауап беремін.

Қазақстанның бес губернасы аштыққа ұшырағаны, көп жанның мезгілсіз қырғын табуы, сан алуан бар азаматтың жүрегіне ауыр кайғы болды. “Қырылды”, “жоғалды...”, “жәрдем” деген сөздерді топ біткен, газет біткен қақсады. Жәрдем берудің бір шарасы аман елден мал жинап, төтесімен аш елге жеткізу керек делінді. Азамат атқа мінді. Газет бетінде зарлаушы, мал жинаушының бірі мен екенімді ел де, үкімет

те біледі. Семей губернасынан мал жиналды. Ол малды аш елге жеткізу оңай жұмыс болмады, себебі: ит өлген жер (мың шақырымнан артық), жолдағы Ақмола губернасы қиай оба, арғы жерде банды, оның үстіне ашыққан ел “барған кісіні жеп қояды” деген лақап жайылды. Бұған көзі ашық кісі сенбесе де, қарапайым кісі жүрегі тұрды. Мал айдауға кісі шығуы қиын болды. Жалданып қойып, айнығандар да көбейді. Бұл міндетті мойынға алып, малға басшы болып баратын азамат аз табылды. Қауіп-қатерді, бейнетті, ауыр міндетті білсек те, бас тартуды лайық көрмедік. Алдымен баруға разылық, білдіргеннің бірі мен едім. Көп қиындықпен ай жарым жүріп, малды аш елге жеткіздік. Таратып бердік.

Семейдің губерналық аштар комиссиясының айтуы бойынша, біздің малымызды Ақмола азаматтары алып жеткізсе керек еді. Торғай, Қостанайдан алдымыздан кісі шығып, малды қабыл алса керек еді. Мұның бірі болмады. Аш ел хабарланбапты. Хабарланса да қам кеш істеліпті.

Сондықтан Атбасар уезіне кірген соң, маған Торғай қаласына бару, малдың алдынан кісі шығару қажет болды. 3–4 жолдасын 500 шақырымдай салт жүріп Торғай (Таңқайма) қаласына келдім. Торғай халқы мал келеді деп күтпеген екен. Біздің тұтқиылдан мал айдап келуіміз аспаннан құймақ жауғандай қуандырды. Елдің есі шықты.

“Ашыққан бауырға мал айдап әкеліп беру тарихта болмаған іс”, – деп шын жүрегімен елжіреп, Семей халқына алғысты берді. Жалдама өзенінде малды үлестірдік. Тегін берілген көп мал (4 мың 250 қара) аз олжа көрінбеді. Малды көрген соң, алған соң, тіпті разы болды. Ту бие сойып құрмалдық берді. Бізге де құрмет көрсетті. Мал-жанын ортаға салып, сонша жерден мал әкеліп беріп отырған кісіге қандай қазақ разылық білдірмесін?!

Бақташылардың мұқтажына көмек – сый ретінде киім, азық жинап берді. Басшы деп бізге сондай құрмет істеді: ішік, ат берді. Жалғыз біз емес, бізден кейін барған екінші партия мал басшылары, Ғайса Тоқтарбековке де ат, ішік беріпті. Павлодар жегіттеріне де осындай көмек, құрмет көрсеткен. Бұл жегіттер өздері де жазайды. Рыза болғандығын Торғай азаматтары газетке де жазып білдірді. Міне, ол уақыттағы Торғай халқының рухы осындай еді.

“Келейік Файзоллаға...” – деп, енді Файзолла Ишановтың қасақана жапқан жаласын баяндай келіп, сөзін былай қорытады:

“Мен Файзолланың газетке басқанымен қараланып, әлеумет көзінде азаматтығым жойылады деп ойламаймын. Кімнің

кім екенін бар болсақ, уақыт көрсетер. Жалғыз қынжылатын нәрсе: ауыр қызмет, ақ ниет зая кеткен сықылды “еңбегің еш, тұзың сор” деген мақалдың тап болуы. Не жақсылыққа жамандық қайту табиғат заңы, болмаса өмір көрсетер. Тыныш жатып біреуді мінеуден, сөгуден оңай қызмет жоқ. Іске келгенде байқалар “білгіштер!”

*Бұл туралы менің жолдастарым да хазар.
Жүсіпбек Аймауытұлы”.*

Жүсіпбекті әдейі арандату үшін, Ишанов сияқты өзімшіл, күншілдердің қасақана жапқан жаласы газетке жазған мақалаларымен тынбайды.

Олар Аймауытовтың соңына жарық алып түседі. 1923 жылы басталған пәле-жала онан сайын асқындап, өрши түседі. Ақыры Жүсіпбек тұтқынға алынып, 1926 жылы сотқа тартылады. Сот тергеуі үстінде жабылған жалған жаланың беті ашылып, Аймауытов ақталып шығады. Жүсіпбектің өмір сапарында басынан кешкен осы бір озбырлық уақиғаның тарихы зерттеліп, жазылуы керек.

1926 жылдан кейін Шымкент қаласында Ахмет Байтұрсынов атындағы педтехникум директоры қызметін атқарып жүрген кезінде, енді саяси айып тағылып, 1929 жылы Аймауытов тағы да тұтқынға алынады. Абақтыға камалып, тас камал, тар қапаста ауыр азап шегіп, тарыққан аяулы азамат Аймауытовқа енді қайтып жарық дүниені көру нәсіп болмайды.

* * *

Табиғи дарынды Жүсіпбектің тасқындаған талантына сайма-сай терең білімі болған. Ол туған халқының рухани қазынасының көусарынан ана сүтіндей нәр алып, сусындаған. Абайды бала жасынан жаттап өскен. Шығыс, батыс, орыс әдебиеті классиктерін таңдап, танып, көп оқыған, көңіліне мол тоқыған. Ерекше беріліп, құныға оқыған сүйікті жазушылары: Пушкин, Гоголь, Лев Толстой, Чехов, Короленко, Максим Горький.

Лев Толстой туралы Жүсіпбек:

“Толстой – ақыл-ойдың, ақындықтың кені. Адам баласын бақ іздеп, адамгершілікке үндеген пайғамбар. Өмірін шындық көксеумен тауысқан. Тұрмыс жүзіндегі теңсіздік, бақытсыздық, неше түрлі жауыздықтың тамыры адам баласындағы атак құмарлықта, менмендікте, өзімшілдікте деп біліп, оның бәрін ел билеген күштілерден, үкіметтен көрген. Со-

ғысқа, қан төгуге қарсы болған. Адам баласын бір бауыр қылам деп арпалысқан”, – дейді. Максим Горький туралы: “XIX ғасырдың аяғында байлар дәуренін жырлап болған орыс ақындары дағдарып, қаламынан жан кеткенде, әдебиетке жан салып, “жол мұңдалап” теңіздің иісін жұтып, мастанып, жұртты кеңдікке, еркіндікке, нұрлы күнге, ерлікке, тартысқа шақырған, өрттей лаулаған, толқындай тулаған төңкеріс ақыны. Ол жабыларды жан екен демейді, ерді, сұңқарды мадақтайды. Сүр өмірді өмір екен демейді, жорғалаған, қыбырлаған адамдарды жаратпаған.

– Максимды орыс әдебиетінде “Дауыл құсы” деп атайды”, – дейді Жүсіпбек.

Әрі драматург, әрі ақын, ұлы гуманист – ағылшынның дана жазушысы Уильям Шекспирді, француз жазушыларынан: Мольер, Мопассан, Виктор Гюго, Беранже, неміс жазушыларынан Гете, Гейне, американ жазушыларынан Джек Лондон, Берковичті, психологиялық новелланың шебері, Австрия жазушысы – Стефан Цвейгті жоғары бағалап, құрмет тұтқан.

Бұл аталған жазушылардың кейбіреулерінің шығармаларын да аударған.

Аймауытовтың тағлым, өнеге алған әдеби мектебі осындай.

Жүсіпбек – көркем сөздің ерен жүйрік зергері. Ол әрі ақын, әрі жазушы, журналист, публицист, сыншы, асқан шебер аудармашы және педагог-ағартушы. Ол музыка өнерінің терең сырына қанық, өзі әнші, өзі музыкант – сегіз қырлы өнерпаз. Адамгершілігі зор, адал жүректі, адам баласын алаламайтын ақ көңіл, мейірімді, ар-ұжданы биік, жаны таза, шыншыл, әділеттен айнымайтын, таймайтын, рухани ер, адал азамат. Осындай қасиетін халық үшін еңбек етуге арнаған адам.

Бұл айтып отырғанымыз – ессіз эмоция жетегінде кетіп, желіктен туған жадағай, қыздырма қызыл сөз емес. Үлкен жазушының сан салалы, мағыналы мол еңбегі, қалдырған бай әдеби мұрасы еріксіз мойындатқандықтан айтылған қалтқысыз шын, адал сөзіміз, өзіміздің ой қорытындымыз, өз пікіріміз.

* * *

Жүсіпбектің әдеби мұрасы зерттелген емес. Зерттелмек түгіл, сонау 20-жылдардан бастап Аймауытовты арандату әрекеті, оған жазықсыз жабылған пәле-жала Жүсіпбектің көзі жойылғанша, жойылғаннан кейін де, толастаған емес. Ол өз алдына зерттелетін мәселе.

Біз бұл мақаламызда толық болмаса да, өзімізге мәлім еңбектеріне жалпы шолу жасамақпыз. Шолудың өзі де қазір жүйелі түрде бола қоймас.

Аймауытовтың театр сахнасында көрсетілген және жарияланған пьесаларынан біздің білетініміз: “Рабиға”, “Сылаң қыз” (комедия, Орынбор, 1922), “Қанапия Шәрбану”, “Ел қорғаны” (Ташкент, 1925), “Шернияз”, “Мансапқорлар” (Москва, 1925). Бір ғана пьесасы туралы жазылған сын мақаласынан үзінді келтірейік.

“Мансапқорлар” драмасы туралы былай деп жазылған: “Драмада төңкерістен бұрын бір жағынан, патша чиновниктерінің құлдығында, екінші жағынан, байлардың, болыстардың табаны астында езілген қазақ жұртының тұрмысы, ел арасында бұзықтық, паракорлық, мансапқорлық, болыстық үшін кісі өлтіру сықылды жауыздықтар суреттелген.

Орыс бастауыш мектебінде оқып, “арыз жазуды” үйренген Мүсілім шығаннан шыққан парақор, жалақор, кедейді сүліктей сорған ағайыны – Қасқырбай болысқа тілмаш болады. Мүсілімнің де бар арманы Қасқырбай сықылды болыс болу, пара алу, ел қанау. Өзі жас, өзі орысша білетін Мүсілімге кәрі Қасқырбайдың жас қатыны ғашық болады. Мүсілім Қасқырбаймен болыстыққа таласады. Бірақ оны көрінеу жеңе алмайтын болған соң, қатынына у бергізіп өлтіртеді.

Мүсілім арманына жетеді. Болыс болады. Енді ғашық болған жас әйел: “Сенің ойлағаның болды, мені қайтесің?” – десе, Мүсілім: “Қайтейін сені? Байға тиерсің... Біреу табылар”, – дейді. Әйел алданғанын сонда біледі...

Төңкерістен бұрын қазақ елінің он екі мүшесін күрт боп жеген жауыздықтар шебер драмашының өткір қаламымен осылайша суреттелген...”

(“Книгоноша” журналы, 1926, № 31–32).

“Рабиға” драмасы пьесаға бәйге жариялағанда (1927), екінші сыйлық алған, бірінші сыйлық Әуезовтің “Қаракөз” пьесасына берілген (“К. Ә.” газеті, 1988, № 39).

Аймауытовтың романдарынан біздің білетініміз: “Қар-тқожа” 1926 жылы басылған (Қызылорда), “Ақбілек” романы 1928 жылы “Әйел тендігі” журналының бірінші санында жарияланған, автор “Жанақ” деген псевдонимін қойған, “Күнікейдің жазығы” – 1928 жылы “Жаңа әдебиет” журналының бірнеше санында жарияланған. Бұл соңғы екі романның жеке кітап болып шыққан уақыты есімде жоқ. “Қызыл отау, қызыл бике” деген әңгімесі “Әйел тендігі” журналында басылған (1929), “Әнші”, “Жол үстінде” әңгімелері “Терме” атты жинақ кітабында басылған (Ташкент, 1925). “Жол үстінде” әңгімесінің соңында “Қызылбас” деп қол қойған.

Аймауытов әдебиеттің барлық жанрында жазған адам. Оның: “Қызыл Қазақстан”, “Жас қазақ”, “Жаңа мектеп”, “Жаңа әдебиет”, “Әйел теңдігі”, “Шаншар”, т. б. журналдарда, “Еңбекші қазақ”, “Ақ жол”, “Қазақ тілі”, т. б. газеттерінде жарияланған: әңгіме, фельетон, очерк, әдеби сын мақалаларын атап тізіп жатудың өзі ұзаққа кетер еді. Бір ғана біздің “Қазақ тілі” газетінде жарияланғандарының өзі жиырмадан астам.

Балаларға арнап жазған қызықты ертегі-әңгімелері (“Жаман тымақ”, “Көк өгіз”, “Шал мен кемпір”, т. б.) суреттермен көркемделген кітапшалар еді.

Аударма еңбектері – бір төбе. “Интернационалды” қазақ тіліне асқан шеберлікпен аударуының өзі-ақ Жүсіпбектің аударма өнерінің ерен жүйрігі екенін айнытпай танытады. Пушкиннің “Сараң сері” (“Скупой рыцарь”), “Тас мейман” (“Каменный гость”), Гогольдің “Бақылаушы” (“Ревизор”) пьесаларын аударған. Бұл аудармаларының бұрын қайда жарияланғанын біле алмадым. Ал, “Сараң сері”, “Тас мейман” – 1935 жылы шыққан Пушкиннің таңдамалы шығармалар жинағы кітабында басылған (115–185 бет), жинаған, сөз басын жазған Кенжебайұлы Бейсембай.

Джек Лондоннан аударған “Теңіз телегей аттаныс” (“Всеобщий поход”) шығармасы 1926 жылы “Жаңа мектеп” журналының 4,5 сандарында басылған.

Жүсіпбектің көп аударма еңбектерін әлі білмейміз. Біздің қолымызда бар аудармаларының бірі – “Тау еліндегі оқиға” деп аталатын (“Вершинная быль”) романы (Ташкент, 1925 жыл). Романның басында ұзақ “Таныстыру” жазылған. “Таныстыруда”:

“...Чуйковтың бұл әңгімесі – Европа жазушыларының көзінде мақтаулы, құнды әңгіме. Мұндай әңгімені оқып, қазақ өмірінен таныс болдық дегізгерлік әңгіме. ...Ескілікті тастап, жаңа заманға аяқ басқан дәуірде адамға жаңа талап, жаңа жігер керек. Жасымас қайрат, жалынды жүрек, қайтпас ерлік керек. Идеяның жолында бас байлауға, жан киюға жас бұынды үндеу керек. Келешекке торығып қарамай, түңіліп жыламай, келешектен таудай үміт күту керек. Үмітсіз, селкос істе мардым, береке болмайды, жеміс шықпайды. Өмір қалыпталмаған дәуірде, нағыз өмір емес, өмірдің сәулесіне мазданып, соған ұмтылу керек. Осы жағынан қарағанда бұл әңгіме жас бұынға өте пайдалы үлгі кітап бола ма деп ойлаймын...”

“...Орыстың бұрынғы жазушыларынан мұның тілі жат. Бейнелеу, салыстырулары өзгеше. Аз сөзбен көп нәрсе айтып береді. Қысқа, дәмді жазады. Қазаққа қара сөзге шеберлік

әдебиет майданында әлі жете алмай келеді. Сұлу, қысқа, дәмді, суретті қара сөз, күйлі, әуезді, кестелі қара сөз бізде әлі жоқ. Қара сөз жазушыларымыз бір ойды бастаса, ұшығына шыға алмайды. Сөзін тауыса алмайды. Қысқа, дәл, тиімді жаза білу қаламшылықтың бір шарты ғой. Бұл әңгіме сондай қысқа, дәмді жазуға үлгі болғандай түрі бар...” – деп, романды қызығып аударған және көркем әдебиетке өзінің қоятын шартынан шыққан.

Біз романның авторы Чуйков деген жазушыны қанша іздестірсек те, таба алмадық. Ойлай-ойлай кеп, осы шығарманы жазған – атақты суретші (народный художник СССР) Семен Афанасьевич Чуйков болар дедік.

Жүсіпбек еңбегінің енді бір саласы оқу-ағарту мәселесіне, ғылымға арналған. Ол: “Психология”, “Психология және өнер”, “Тәрбиеге жетекші” деген кітап жазған, тарихшы, академик Покровскийдің “Төңкеріс тарихы”, “Орыс тарихы” (үшінші бөлім) атты еңбектерін аударған.

“Тәрбиеге жетекші” (Бала оқытушыларға) деп аталатын кітап (186-бет) 1924 жылы Орынборда басылған. Осы кітабы туралы “Еңбекші қазақ” газетінде басылған мақалада: “...Жүсіпбектің “Тәрбиеге жетекші” кітабы – жыл құсы. Бұл кітаптың тілі өте жеңіл. Баспасы анық... Кітап аяғында пән сөздерінің қазақшасы тізілген...”

...Жүсіпбек кітабы ескі сарынмен емес, жаңа сарынмен жазылған. Осы күнге шейін ғылымның оқыту, тәрбие туралы шығарған қорытудың Жүсіпбек қазақ оқытушыларына ең керегін алып жазған. Кітапта “қисын” (теория) аз, іс жүргізу жағы көп, бізге керегі де осы. Жүсіпбек оқытушыларымыздың тамырын жақсы айырған. Бұл кітапты оқып шыққан кісі мектептің мақсатымен танысады, қалай іс жүргізуін де біледі. Қалай істі ұйымдастыруын да түсінеді. Баланы қалай оқытуын да үйренеді. Кітап оқытушыларға жақсы жетекші. Бұл кітапты оқытушылардың оқып шығуы аз, зерттеп, жаттап алуы керек. Оқытудың тәртібі жайынан тәрбие алмаған мұғалімдер түгіл, оқу жолына маман оқытушылар да бұл кітапты дұрыстап оқуы керек.

...Бұл кітап педтехникумдарда да, пединститутта да оқу құралы болуға жарайды. Бұл кітап әр оқытушы столының үстінде жатуы керек, әр мектептің кітапханасында болуы керек” деген (“Еңбекші қазақ” газеті, № 410, 1925 жыл).

Жас буынның жақсы білім алып, дұрыс тәрбиеленіп өсіп, адам болуын арман еткен Жүсіпбектің оқу-ағарту саласында да игілікті еңбек еткенін көреміз.

Жүсіпбектің қалдырған бай, асыл мұрасын бас-басына атай

берудің өзі қазір мүмкін емес. Оның әр түрлі газет, кітап, журналдарда жарияланған әдеби сын мақалалары бар. Мысалы, Л. Толстой, Короленко, Максим Горький шығармаларының қазақ тіліне аудармасы туралы сын мақалалары “Терме” жинағында (1925), “Мағжанның ақындығы туралы” мақаласы “Лениншіл жас” журналында (№ 5, 1925) жарияланған.

Енді бір ең елеулі тарихи еңбегін атап айтуымыз керек. Сұлтанмахмұт Торайғыров Жүсіпбектің аталас ағайыны әрі айырылмас досы болған. Сұлтанмахмұт өлген соң (1920), оның шығармаларын он жыл бойы жинап теріп, баспаға әзірлеп, өмір тарихын жазған Жүсіпбек еді. Жүсіпбек өлген соң, үш жылдан кейін “Сұлтанмахмұт (Торайғырұлының) Толық шығармалар жинағы” 1933 жылы басылып шықты. Жинақтың басында: “Сұлтанмахмұт қандай ақын” деген Сәбит Мұқановтың мақаласы бар. Аймауытовтың аты аталмайды. Аймауытов болмаса, Торайғыровтың толық жинағы шығуы, оның толық өмір тарихын білуіміз неғайбыл еді.

Жүсіпбек Аймауытов Сталиннің қара жүрек, қанды қол қарақшы жендеттерінің қолынан, 1931 жылы 41 жасында қыршынынан қиылды.

* * *

1982 жылы Ғабит Мүсіреповтың шақыртуы бойынша, Алматыға бардым. Шақыртқан мәселесі Шәһкәрім туралы екен. 12 июнь күні Ғабиттің үйінде ұзақ әңгімелестік. Әңгімеміз магнитофонға жазылып қалды. Ғабет Шәкерімді ағартып алу жайын айта келіп, Жүсіпбек туралы сөз қозғанды. Жүсіпбекті ағарту мәселесін айта келіп: “Аймауытовтың жазған, колхозшыларға: “Көтеріліндер” деген хаты бар деген соң, соңына түсіп, алдырып көрдім.

...Аймауытовтың почеркін мен білем...” — деп, біраз сөз айтқан еді.

Мүсіреповтың Аймауытовты ерекше жақсы көріп, құрметтейтініне көзім жетті де, қойдым. Біз қазбалап сұрай бермейміз ғой.

Өзбек ағашысы Насыр Ғазылов сұрапты.

“Ғабит агадан: “Сіздің ұстазыңыз болып па еді? Болса кім? — деп сұрағанымда, ол кісі: “Менің ұстазым — Аймауытов!” — деп мақтана жауап берген еді. Біз Аймауытовтың кім екенін де білмейміз, өз тарихымызды жөнді білмейміз”, — дейді Ғазылов (“Лениншіл жас”, 20 октябрь, 1988).

Жүсіпбек Аймауытов — қазақ әдеби тілінің жүзде бермес жүйрігі, терең ойлы, нәзік сезімді, ұшқыр қиялды, кең құлашты, нағыз классик жазушы.

Міржақып Дулатов

(1885–1935)

Кенес үкіметі тұсында атын атауға тыйым салынып келген мәдениет қайраткерлеріміздің бірі Міржақып Дулатов бүгін де қайта туғандай болып, қуаныш құшағына бөленіп отырмыз.

Ол — кезінде Ахмет Байтұрсыновпен бірге әдебиет майданына шығып, “Оян қазақ!” деп ұран салған азамат ақын, жазушы, жалынды журналист, ағартушы-педагог еді.

Міржақып Дулатов 1885 жылы 25 қарашада дүниеге келген. Туған жері бұрынғы Торғай уезі.

1895 жылы ауылдық мектепке түсіп, орыс және қазақ тілінде сабақ оқиды. Он екі жасында (1897) Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесіне түседі. Оны бітірген соң, “ауылдық мектеп мұғалімі” деген атау алып шығады.

Тұңғыш өлеңі 1907 жылы Петербургте “Серке” атты қазақ газетінің бірінші санында жарияланады. Ол газеттің екі-ақ саны шығып, сонан соң жабылған.

Міржақыптың “Оян, қазақ” атты алғашқы өлеңдер жинағы 1909 жылы жарық көріп, елге тез тарап кетеді. Бұл жинақ 1911 жылы екінші рет басылып шығады.

Кітаптың сыртқы бетінде басылған:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты!
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал қарап боп,
Қазағым: енді жату жарамас-ты, —

деген бір ауыз өлеңінің өзінен-ақ “Оян, қазақтың” мұрат-мақсатын, негізгі идеясын айқын аңғарамыз.

Мұхтар Әуезов: “Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі “Қырық мысал” болатын. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұран “Маса”, — десе, Аханның “Қырық мысалы” мен “Масасына” іле-шала үн қосып, ұран салып шыққан Міржақыптың “Оян, қазағы” болатын.

“Оян, қазақтың” “Сөз басында” М. Дулатов былай дейді: “Дүниеге қатынасып жүрген оқыған адамдарымыз болмаса, біздің ғумуми (жалпы. — Қ. М.) қазақ халқы пайдалы мәселелерден бейхабар еді. Себебі: дария қасында тамшы секілді, оқығандарымыз аздығынан, халқымыз шаһар ретінше емес, көшпелі әр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік, оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар туғандарымыздың әдеби тіліменен жазылған газеттері анық

оқымаған халыққа түсініксізден дүниеде болып жатқан ғажайып уағарайыптан пайда ала алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр. Сөйтіп заманымыз күн сайын торланып келеді, мұнан бұрын өткен он бес жылменен бүгінгі халымызды салыстырсаңыз да, аз уақытта көп таршылықта қалған секілдіміз. Әлі де болса бұрынғыдай қозғалмай, ғафілдікте жата берсек, енді аз заманда нешік болмақшымыз?!..

Қой, бүйтпелік, әр халықтың күші өнер болса, ол өнерге... қазақтар да ортақ болса керек. Соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып... Надандардың көзін қойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық! Екінші, дүниемізде қажетті хақтарымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмес үшін орысша оқып, өнерлі болайық! Орысша білмегендіктің зарарын, білу парыз дәрежесінде қажет екендігін міне мұнан байқаныз: Россия мемлекетінде жүз қырық миллионнан артығырақ халық бар, кәммәсі жүз тоғыз тілмен сөйлейді, соның ішінде үстем тіл орыс тілі. Күллі хұкмет махкамаларындағы жұмыстар орыс тілінде болады, закондар қәм солайша.

Әркім өз қолында барына жомарт болғаны секілді, мен де аз мағлұматымша бишара халқымызға пайда келтірмек мақсатымен осы кітапты жаздым.

Миряғқуп Дулатов – 1909”.

“Оян, қазақтағы” беташар, бірінші өлең “Қазақ халқының бұрынғы қәм бұ күнгі халы” деп аталған. Өлең былай басталады:

Міржақып неге отырсың қалам тартпай,
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.
Шамаңды қадари-хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.

Не пайда бір орыннан қозғалмайтын,
Тазармас қара су да жатқан ақпай.
Артықтан тағлым алып, кемге үйретпей,
Жүруің лайық па ақыл таппай.

Сен неге бой көрсетпей жасқанасың,
Тастаса көзің көрсін халық ұнатпай...
...Жігіттің несі жігіт босқа жүрген,
Қызметпен пайда беріп халыққа жақпай.

...Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн қәм шықпай, түр таң атпай.

Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұру мүмкін жанға батпай...

Қызығып қызарғанға кеткендер көп,
Шен алып дәрежеге жеткендей боп,
Ойлайды өз пайдасын халықты сатып,
Қазақты еш керексіз еткендей боп.

Тұманға кірді қалың біздің қазақ,
Арты жар, алды тұйық бұл не ғажап.
Адасқан ағайынға басшы болып,
Ішінде жол көрсетер адам аз-ақ...

Бұдан кейін келетін көлемді өлең – “Қазақ халқының бұрынғы мағишаты”. Ақын бұл өлеңінде қазақ халқының өткен өмірі мен тұрмыс-салтын баяндай келіп, өнер-білімнен кенже қалғанына қапаланады:

...Бола алмай тілек қабыл қапалықта,
Көруде жәбіршілік жүрміз кәмән.
Қазағым, көрмегенің әлі алдында,
Боларсың көне берсең мұнан жаман.
Босында аяқ-қолың қимылдап қал,
Бір күнде тыпырлауға келмес шамаң, –

деп ол елін адал еңбекке, өнер-білімге, бірлікке, бостандық пен ерікті өмір үшін белсенді күреске шақырады. “Сайлаулар хақында” деген өлеңінде:

“Шыққалы болыс сайлау қырық жыл өтті.
Сол сайлау байқасаңыз түпке жетті”, –

дей келіп:

Ағадан іні айырылды, атадан ұл,
Ағайын арзандады, қымбаттап пұл.
Сатылды ғазиз ұждан аз ақшаға,
Ғаламаты надандықтың емес пе бұл, –

деп қорытады ойын. “Қазақ жерлері” атты өлеңінде:

“Мың жеті жүз отыз бір сәнәсінде,
Біз кірдік Россияның панасына”, –

деп, қазақ халқының Россияны паналап, оған қосылғанын

айтады. Сосын ақырында, 137 жыл өткен соң (1868), казак халқының барлық жерін қазыналық жер деп жариялап, заң шығарып, отарлап алған патша үкіметінің зұлымдық саясатын әшкерелейді.

“Таршылық халымыз хақында аз мінәжат” деген ұзақ өлеңінде “халықтардың түрмесі” болған патшалы Ресейдің езгісінде тұншыққан казак халқының аянышты, ауыр хал-ахуалын терең суреттеп, тебірене жырлайды.

“Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп”, –

деп бастап:

Бірлік жоқ алты ауызды халықпыз ғой,
Қатардан сол себепті қалыппыз ғой.
Ғылым мен мағрифатты керек ғылмай,
Надандық шәрбатына қаныппыз ғой...

Жұмыс көп біздің жұртта ұнамаған,
Нашар жоқ қорлық көріп жыламаған,
Шортандай шабақ жұтқан жалмауыздар,
Тексеріп өз ғайыбын сынамаған, –

дейді ақын.

Ағартушы-педагог ақын, күрескер – азамат ақын Міржақып Дулатовтың “Оян, казак” жинағындағы өлеңдері – негізінен, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған, әсіресе, патша өкіметінің отаршылдық, озбырлық саясатын әшкерлеуге арналған саяси лирика.

Біз бұл мақаламызда “Оян, казактағы” шығармаларға талдау жасауды, әрине, мақсат етпейміз. Ол – алдағы уақыттың сыбағасы.

Жинақтағы өлеңдердің соңғысы “Сөз ақыры” деп аталады. Ол өлеңінде: бұл шығармалары туралы сыншылардың пікір айтып, қатесі болса, ғибрат алу үшін, көрсетулерін өтіне келіп, өлең жазудағы себебін, негізгі мақсатын айтады. Үлгі-өнеге алған ұстаз ақындарын тілге тиек етеді.

Бұл сөзді жазғаным жоқ ақын болып,
Халық тентек, бір өзім мақұл болып.
Қайғы мен хал мүшкілін білдіргенім,
Ұйқыда жұрт жатқан соң ғафіл болып.

Қазақтың өзiм дағы баласымын,
Бiлемiн сол себептi рәсiмiн,
Қайламен қақпан күрған жауды көрiп,
Терiс пе сiзге келiп сыр ашуым.

Мүсәниф әр халықтан еткен сайрап,
Заманның кемшiлiгiн айтқан зарлап.
Үзiлмей данышпандар шығып жатыр
Милләтқа жаны ашып, қамын ойлап.

Орыста Пушкин, Гоголь кәм Лермонтов,
Крылов, Тургеневтер кеткен өтiп.
Қартайып бұл уақытта Толстой тұр,
Өзiне мәслихаттас ерлердi ертіп.

Қазақта бұлар теңдес бар ғой шешен,
Халықтан мойыны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзiнде кате бар ма сынап керсен.

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзi алтын мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат алып, жас жiгiттер,
Қәммәсi өз халқына қызмет еткей...

Міржакып – өз халқына қызмет етуге бойындағы бар жақсы қасиетiн, бар саналы өмiрiн арнаған, сол жолда қандай қиындық, ауыр азап, қауiп-қатер болса да, бәрiне басын байлаған қайраткер, азамат ақын. Сондықтан да ол өзiнiң әдеби есiмiн (псевдонимiн) “Азамат” деп атаған.

Міржакып өзiнiң өмiрбаянында “Оян, қазақ” кiтабы туралы: “В 1911 году сборник (“Оян, қазақ”. – Қ. М.) был конфискован Главным Управлением по делам печати”, – дейдi. Ендi осы мәселенiң тарихына аздап көңiл бөлейiк. Халқына қызмет етудi мойнына алған ақын, ел-жұртын аралап тұрмыс-халын өз көзiмен көрiп-бiлудi мақсат еткен. “Нашихат ғумумия” деген өлеңiнде:

Мен жүрмiн жиһан кезiп, халық аралап...
Әр елдi өз көзiммен көрейiн деп

(“Оян, қазақ”, 91-бет), – деген сөзi бар. Сол мақсатпен 1911 жылы Семей қаласына келедi. Мiржакыптың бұл сапары туралы “Айкап” журналында мынандай хабар жариялан-

ған: “Қазақ зиялыларынан Міржақып әпенді Дулатов Петропавлдан Зайсан, Өскемен оязларына саяхат ете бара жатып, Семей шаһарына тоқтаған еді. 2 июньде полиция... тарафынан арестовать етілді. Бұл турада істің баяны мынау: Дулатовтың пәтері Областной, Омский орамларының бұрышында екі этажды жұрттың үстінгі қабатында, бір қазақ учителіменен бірге еді. Кешкі сағат 7-де пәтерін городовойлар қоршап алғанда, үйге жандармский ротмистр, полицеймистр, бірінші часть приставы қәм надзираторлар кіріп, тінте бастаған. Тінту сағат 12-ге шейін созылған.

Жандармский ротмистр өзінің қалтасынан “Оян, қазақ” рәсәласын шығарып: “Бұл кітапты білесің бе, кім жазған?” сауалын берген. Дулатов: “Бұл кітапты мен жаздым қәм екі мәртәбә басылып, екеуінде де цензордың рұксаты болған”, – деп жауап берген. Дулатовтан қазақ, татар қәм орыс тілдерінде әр түрлі кітаптар, газеттер қәм қолжазбалар табылып, оларды алған.

Бұлардың арасында: Фаяз Исхакидың соңғы шыққан “Жамиғат” қәм “Тұрмыш ма бұ?” романдары, “Қазақстан”, “Уақыт”, “В мире мусульманства” газеттері, Байтұрсыновтың “Қырық мысал”, Құнанбаевтың кітабы, “Маса” деген рәсәла, Ғұмар әл-Қарашидың “Өрнек”, “Тұмыш”, Фабдолла Мүштақтың “Кексілдер” қәм “Шаирлері”, Дулатовтың өзі жазған “Оян, қазақ”, “Бақытсыз Жамал”, тәртіп етіп жүрген қазақ балалары үшін 2-бөлім қираһат кітаптарының қәм бастыруға әзірлеп жүрген бір кітабының жазбалары, ғайры уа ғайрилар бар екен.

Сағат 12-де Міржақып әпендіні түрмеге жөнелткен. Дулатовтың Семейде ізденерлік адамы жоқ. Қашан азат қылынар мағлұм емес.

Былтыр қазақ шағиры Ахмет Байтұрсынов та Семей түрмесінде тоғыз ай себепсіз қәм тексерусіз сарғайып отырған еді. Мұның халы нешік болар?!

Азамат Қорықбасов (Семипалат). (“Айқап” № 6, 1911 жыл, 10–11-бет).

Сөйтіп Ахмет ағасының артынан Міржақып та Семей түрмесіне түскен. Оның бұдан соңғы тағдыры жайында тағы да “Айқап” журналының хабарынан білеміз: “Өткен 23 декабрьде Семипалат Окружной соты Міржақып Дулатовтың ісін қарады. “Оян, қазақ” рәсәләсін тәржіме еткен екі орыстан басқа, Дулатов тарафынан шақырылған екі эксперт: семинария учителі Нұрғали мырза Құлжанов қәм Рахметолла Елкібаев бар еді..

Окружной сот кешкі сағат 7-де Міржақып Дулатовты уго-

ловное уложение 103-статьясының 2-пункты қәм 129-статьяның 6-пункты бойынша ғайыпты тауып, бір жыл крепостка хукім етті. Соттан бұрын 6 жарым ай түрмеде отырғаны есеп емес. Дулатовтың бұл хукімге риза болмай, шикаят ететін (уайым ететіні. — Қ. М.) естілді. М. М.”

“Айқаптың” осы санында тағы қосымша хабар жарияланған. Ол хабарда: “Адаремізге (басқармамызға. — Қ. М.) келген соңғы хабарға карағанда, Міржақып Дулатов 2.000 сом залогпен азат қылынған екен”, — деген.

(“Айқап”, № 1, 1912 жыл, 23-бет).

Сөйтіп Міржақыптың “Оян, казак” кітабы патша әкімдерінің үрейін ұшырып, әбігер қылған.

Бұл уақиға туралы “Айқап” журналына хабар жазып “Азамат Қорықбасов” және “М. М.” деп қол қойған адам — белгілі журналист, педагог Мұстақым Малдыбаев. Семейге келгенде Міржақыптың түскен үйі де сол Малдыбаевтың пәтері болады.

1910 жылы “Бақытсыз Жамал” романы басылып шығады. Өлеңмен жазылған “Сөз басынан” үзінді келтірейік:

...Оқуға емес жұрттың бәрі құмар,
Оқыған романды не деп ұғар.
Демеймін жалпақ жұрттың бәрі кеше,
Мағынасын түсінетін бар да шығар.

Сонда да жұрттың бәрі біле бермес,
Сөз болар жақсы, жаман бәрі кеңес.
Мақсұты романның құлық түзетпек,
Жазылған еріккеннен ертегі емес...

Бұл сөзді оқып көрер қолына алған,
Еншалла, хақиқатдүр, емес жалған.
Тыйылып мыңнан бірі қиянаттан,
Көрс екен ғайыптарын әркім қылған.

Қазақша роман жоқ басылған көп,
Бұл күнде халық ішінде шашылған көп.
Қадари-хал білгенше мен де жаздым,
Тілеймін болса екен деп асырған көп.

“Бақытсыз Жамал” — қазақ әдебиетінің тарихындағы тұңғыш роман. Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылы жарық көрген “Қартқожа” романына дейін “Бақытсыз Жамалдан” асырып роман жазған қазақ жазушысы болған жоқ.

Міржақыптың көркем әдебиеттегі ұстазы — Абай. Жан-

жақты терең білімді, әдебиетші, сыншы Ыдырыс Мұстамбаев 1927 жылы “Қызыл Қазақстан” журналында жарияланған “Көркем әдебиет туралы” атты көлемді мақаласында: “...Абайдың әдебиетке әсері қандай болды? Мол болды. “Оян, қазақтан”, “Масадан” бастап, соңғы барлық белгілі ақындарымыз үлгіні Абайдан алды” (“Қызыл Қазақстан”, № 2 (58), 1927 жыл, 51-бет), – десе, Смағұл Садуақасов 1928 жылы Москвада басылып шыққан “Молодой Казахстан” (рассказы современных писателей Казахстана) кітабына жазған алғы сөзінде: “В начале этого столетия появляются первые последователи Абая. К ним можно причислить ныне живущих: А. Байтұрсынова, М. Дулатова, М. Джумабаева...”, – дейді.

Міржақып Абай шығармаларымен 19 жасында (1904) танысыпты. Ол өзінің “Абай” атты мақаласында: “1904 жылы маусым жұлдызының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: “Естүімше, Абай өз өлеңінің басылып шығуын тілемейді қәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, сонда әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын қәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін”, – деп. Ахмет Абайды көруге нәсіп болмады: Абай өмірі күзге жетпей, сол маусымның 23-нде опат болды”. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп алғашқы атқан жарық жұлдыз Абай” (“Қазақ” газеті, 1914 жыл, № 67).

Ахмет, Міржақыптар алғаш қолдарына қалам алып, әдебиет майданына құтты қадамдарын бастаған шақта, олардың көз алдында адастырмас жарық жұлдыз – Темірқазық – Абай тұрды.

Сондықтан Ы. Мұстамбаевтың: “Оян, қазақтан”, “Масадан” бастап, соңғы барлық белгілі ақындарымыз үлгіні Абайдан алды”, – дегені, С. Садуақасовтың: Ахмет, Міржақып, Мағжандарды Абай шәкірттері деп атап айтуы – ақиқат шындық.

Смағұл Садуақасов “Бақытсыз Жамал” романы туралы айта келіп: “Роман... имел огромный успех, доставив автору небывалую славу”, – десе, бұл да тарихи шындық. “Бақытсыз Жамал” Міржақыпты Шығысты зерттеуші орыс ориенталистеріне де танытқан. Әйгілі шығыстанушы түрколог, акаде-

мик Владимир Александрович Гордлевский (1876–1956) 1914 жылы Дулатовқа хат жазып, өмірбаянын жазып жіберуді өтінеді. Міржакып, 1914 жылы 6 сәуірде оған жазған жауап хатын: “Г-ну Гордлевскому. Согласно Вашего письма посылаю Вам краткую и неинтересную свою биографию с фотографической карточкой...” – деп бастапты. Сөйтіп, 1914 жылы Москвада басылып шыққан үлкен кітапқа (көлемі 482 бет) Міржакып Дулатов енгізілген.

“Восточный сборник в честь А. Н. Веселовского” деп, аталатын бұл кітапта Шығыстың ең әйгілі жазушыларының қатарында, қазақ әдебиеті өкілдері ретінде Абай Құнанбаев пен Міржакып Дулатовқа құрметті орын берілген.

Міржакыптың екінші өлеңдер жинағы “Азамат” деген атпен 1913 жылы басылып шығады.

Екінші рет 1914 жылы Қазанда басылған.

Бұл кітаптың сыртқы бетінде акынның:

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса алаш, –

деген бір ауыз өлеңі басылыпты. Бұл – бар өмірін туған халқына қалтқысыз еңбек етуге арнаған азамат акынның адал сыры.

“Азамат” жинағындағы өлеңдері тар заманда тарыққан, еркіндік аңсап зарыққан халқының хал-ахуалын суреттеп, арнамысын оятуға, көңіл козін ашуға арналған.

...Көп құлағы мақтаменен тығулы,
Қасқыр қуып үріккен қойдай ығулы.
Құбыжық бар, десе қорыққан баладай,
Су жүрек боп сорлы қазақ бұғулы.

Жалыны ыстық жас ғұмырым шыдатпай,
Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай,
Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше,
Қарсы шауып қайырылған өткір болаттай.

Желігуден жел көңілім басылмай,
Білім артып жемісі жұртқа шашылмай,
Ерте мен кеш тақылдатып қақсам да,
Әуре қылды, бақ есігі ашылмай.

Жаудың бетін қажып тұрмыз бұра алмай,
Бұрмақ түгіл шыдап қарсы тұра алмай.
Күннің көзін қара бұлт жасырып,
Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай,

(“Азамат”, Қазан, 1914 жыл, 40–41-бет).

Халық қамын ғана ойлағай, жеке бас мүддесін ел мүддесінен ешқашан жоғары қоймаған ақын халқының бақытты өмірі үшін күрес жолына басын байлап:

Аяусыз жаным, мен бір құрбан лағың,
Болса алуға, қаным себеп, мұрадың.
Болайын сүйінші: жұлдызы жанып бақыттың,
Сен көркейді деп естісе құлағым, —

лейді “Арманым” өлеңінде (“Азамат”, 38-бет).

“Азамат” жинағына: “Таза бұлақ” атты уақиғалы, көлемді көркем өлеңі, “Жұт”, “Шешенің балаларын сүйуі”, “Аяңыздар жетімді”, “Газет-журнал”, “Айқапқа”, “Жоғалған қыз”, “Көңіліме”, “Шағым”, “Қиял”, “Қайтер едің?”, “Арманым”, “Сұлу қызға”, “Таң”, “Мұң”, “Айырылу” секілді өлеңдері кірген. Ақын өзінің көңіл күйіне үндес келетін Лермонтовтың “Айтыс” (“Спор”), Пушкинның “Гүл”, “Әр қашан болмақ солай...” өлеңдерін шебер аударып, аталған жинағына кіргізген.

Жинақтағы “А. Б.-тың хаты” деп аталған өлең Ахмет Байтұрсынұвтың Міржақыпқа арнап жазған өлең-хаты. Оның:

Аз сөзге құлағың сал, ақын інім,
Ой, пікір, рухымыз жақын інім..., —

деп басталатын алғашқы екі жолының өзінен, Міржақып Аханның сенімді серігі, айнымас адал досы болғанын айқын аңғарамыз.

Міржақып зор сеніммен қазақ жастарынан үміт етіп, оларға жар салып:

Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұрағын онай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай.
Халыққа жастар басшы бол.
Қараңғыда жетектеп,
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай? —

лейді.

М. Дулатов 1911 жылдан бастап, қазақтың тұңғыш журналы “Айқаптың” жұмысына белсене ат салысады.

Онда жарияланған шығармаларын түгендеп тізіп жатпаймыз. Бұл журналда жарияланған мақалаларынан тарихи маңызды “Абылай хан” атты еңбегін атасақ та жеткілікті (“Айқап”, № 6, № 7, 1912). “Айқапқа” деген өлеңін ақын былай қорытады:

...Газет-журнал оқысаң,
Көзіңді қазақ ашасың.
Дүние халын білмесең,
Ілгері қалай басасың?
Игілік жолдан тартынба,
Бекерге де шашасың.
Өнер-білім тістей ме,
Шегініп неге қашасың?
Сарғайып жатқан бір ғаріп
Жіберді жазыл батасын:
Халыққа шашып жемісін
Жасасын “Айқап”, жасасын!

Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 50 жыл толған мерекесіне арнап, орыс тілінде жазған көлемді мақаласында оның өмір тарихын баяндай келіп, Дулатов былай дейді: “Ахмед Байтұрсунов – публицист и творец школы киргизской словесности. Как публицист А. Байтұрсунов, не имея почти никаких материальных средств, в начале 1913 года основал в Оренбурге первую, в полном смысле этого слова, киргизскую (қазақ. – Қ. М.) газету “Қазақ”, на страницах которой смело выдвигал нужды киргизского народа...”

Вскоре газета “Қазақ” как единственный орган, отвечающий культурным и общественным запросам киргизской жизни, завоевала общую симпатию и стала популярной в широких массах” (“Ахмед Байтұрсунович Байтұрсунов.” Биографический очерк. “Труды Общества изучения киргизского края”, выпуск 3. Оренбург, 1922).

1923 жылы жариялаған “Ахаңның елу жылдық тойы” атты мақаласында Мұхтар Әуезов: “Қазақ” газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отыр...” – дейді.

“Қазақ” газетін ұйымдастырып, жарыққа шығару ісінде Ахмет Байтұрсыновтың оң қолы, ең сенімді серігі болған Міржақып Дулатов еді. Тар заманда, патша үкіметінің қыспағының құрсауындағы ауыр жағдайында шығып тұрған

“Қазақ” газеті туралы М. Дулатов: “Қазақ” просуществовал до октября 1918 года. Созданная почти из ничего и существовавшая в тяжелых условиях царско – полицейского режима, благодаря умелому руководству и самоотверженному труду Ахмеда Байтурсуновича, газета перед закрытием имела свою собственную типографию, запас бумаги, небольшую библиотеку, тираж превышал 8.000.

Таким образом, возглавляемая А. Байтурсуновым газета “Қазақ” в истории молодой киргизской прессы заняла первое и почетное место” (“Труды общества изучения киргизского края”. Оренбург, 1922, стр. 25), деген.

Міржақыптың “Қазақ” газетінде жарияланған толып жатқан мақалаларын, өлеңдерін – барлық шығармаларын бір мақала көлемінде айтып шығу мүмкін емес. Оның тарихи тұлғаларға арнап жазған мақала, очерктерінің өзі бір сала. Мысалы, Ғабдолла Тоқайдың қазасына байланысты 1913 жылы жазған мақаласында: “Біздің қазақ халқына марқұм Ыбырай Құнанбаев қандай құрметті болса, Ғабдолла әпенді ноғайларға да сондай еді”, – дейді. Сол жылы басылған “Хазірет сұлтан” мақаласында өзі барып көрген Түркістан қаласының тарихын, Ахмет Яссауи өмірін, Түркістанда болған қазақ хандарының тарихын баяндайды.

1914 жылы “Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан” деген мақала және “Абай” (опат 23 маусым 1904 жыл) атты бас мақала жазып жариялайды.

“Қазақ” -та жарияланған өлеңдерінен, мысал үшін “Елім-ай” атты бір ғана өлеңінен үзінді келтірейік:

Ем таба алмай дертіңе мен ертеден,
Сол бір қайғың өзегімді өртеген.
Тырп етпейсің бас көтеріп көрпеден,
Еңсең неге түсті мұнша, елім-ай!

Өткен – сағым, келер алдың – бір мұнар,
Қызылшылсың қызарғанға тым құмар.
Сақтан деген сөзді жан жоқ шын ұғар,
Жемге шапқан, қақпан құрса, елім-ай!

...Мұны құр бос өлең десең, өзің біл,
Жұрт болмаймын өлем десең, өзің біл,
Не болса да көнем десең, өзің біл,
Босағада жүрген құлша, елім-ай!..

(“Қазақ”, 1914 жыл, № 52).

М. Дулатовтың ақындық, журналистік атағы “Қазақ” газеті арқылы ел-жұртқа онан сайын кең тарады.

1915 жылы “Терме” атты өлеңдер жинағы басылып шықты.

* * *

Міржақып Дулатов 1920 жылдан Ташкентте “Ақ жол” газетінің редакциясында істейді, 1921 жылы қызметі Семей қаласына ауысып, губерналық кеңес халық сотында сот қызметін атқарады. Сонымен қатар журналистік, жазушылық жұмысынан да қол үзбейді, мақалалары “Қазақ тілі” (Семей) газетінде басылып тұрады.

Семей қаласының архивында сақтаулы мына бір құжатқа қараңыз:

Дело
о службе члена Семипалатинского губернского
совета народных судей товарища Дулатова.

Выписка из журнала общего собрания Семгубнарсуда от 8-го декабря 1921 года.

Слушали:

1. Словесное предложение Предгубнарсуда о явке сего числа к исполнению обязанностей члена совнарсуда товарища Дулатова.

Постановили:

Предложить товарищу Дулатову вступить с сего числа в исполнение обязанностей зам. Предгубнарсуда, возложив на него заведывание всеми киргизскими делами и участками в губернии и инструктированием судей и следователей киргиз (Семипалатинский облгосархив, фонд ¹ 226, дело – 118, связка – 1).

1922 жылы Орынборға келіп, 1926 жылға дейін қазақ институтында (Институт народного образования) сабақ береді. 1926 жылы Қазақстан Мемлекеттік баспасында саяси редактор болып қызмет істейді.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаяны туралы орыс тілінде жазған очеркі, “Балкия” атты төрт перделі пьесасы 1922 жылы Орынборда басылып шығады. Оқу-ағарту ісіне ерекше мән берген, жазушы-педагог Дулатов бастауыш мектеп оқушыла-

рына арнап оқулықтар жазады. Бұл салада бізге мәлім және мектепте өзіміз оқыған кітаптары: “Оқу құралы” (Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы), Орынбор, 1924 жыл, 5 басылуы, көлемі 126 бет; “Есеп құралы” (Бастауыш мектепте 1-жыл оқылатын кітап), Орынбор, 1925 жыл, 4-басылуы, 76 бет; “Есеп құралы” (Бастауыш мектепте 2 жыл оқылатын кітап), 4 басылуы, Орынбор, 1925 жыл, 98 бет.

Бұл екі кітап та, 1927 жылы Қызылордада 6 рет басылып шыққан. Аударма еңбектерінен әзірге бізге белгілілері: Г. Зиновьев. “Ресейлік коммунист (большевик) партиясының тарихы”. Орынбор, 1925 жыл, көлемі 158 бет; “Қазақстанның 5 жылы” (1920–1925); Мерекеге арналған кітап. Қызылорда, 1925; *В. И. Ленин*. “1905 жыл төңкерісі”, Қызылорда, 1926; *Сенушкин*. “Кәсіпшілер одағының мәдени-ағарту жұмысы”. Қызылорда, 1926; *М. Брудный*. “Ленин және кәсіпшілер қозғалысы”. Семей, 1926 жыл; Анов. “Мерезден күткарды” (пьеса), Қызылорда, 1926 жыл, Мадияр (М. Дулатов. – *Қ. М.*). “Чума кандай ауру” (Қызылорда, 1927) деген де кітапша жазыпты.

* * *

Міржакып Дулатов қазақ халқының тарихын терең зерттеп, ғылыми-тарихтық еңбек жазған тарихшы да еді.

“Қазақ-қырғыз тарихы туралы” деген тақырып қойып, Семейде шығатын “Қазақ тілі” (қазіргі “Семей таңы”) газетінің 1923 жылғы 5 мамыр күнгі 35 (305) санында Міржакып Дулатұлының “Өтініш хат” деп аталған мақаласы жарияланған.

Бұл мақаладан Міржакыптың орта дәрежелі мектептерге арнап, қазақ-қырғыз тарихын жазу жұмысын қолға алғанын көреміз. Жазып жатқан тарихының толық және дұрыс баяндалуы үшін қазақтың кәрікұлак шежіре карттарының, білімді азаматтарының игілікті іске атсалысуы қажеттігін айта келіп, олардан күтетін керекті мағлұматтарды нақтылы атап-атап көрсетіп, “Өтініш хатта” айтқан.

Және сол жылы “Қызыл Қазақстан” (Орынбор) журналының 17–18-санында (мамыр-маусым, 1923), “Тарихи мағлұматтар” деген айдармен Міржакып Дулатұлының “Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы” деп аталған көлемді мақаласы жарияланған.

“Қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кіріскенде, – дейді Міржакып, – “қазақ”, “қырғыз”, “алаш”, “үш жүз” деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар

қашаннан бері өз алдына жұрт болған... шешетін жұмбақтың бірі осы” деп, мақаласында ерекше көңіл бөліп, зерттейтін мәселелерін ашып айтады. Және өзінің жазған тарихи еңбегі туралы: “Біз бұл туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік”, – дейді.

Қазақ, қырғыз халқы туралы жазған Еуропа, шығыс және орыс тарихшыларының еңбектеріне шолу жасай келіп, өз пікірін білдіреді. Әсіресе, кейбір тарихшылардың: “Қазақ ескі жұрт емес, ХҮ ғасырда ғана әр түрлі түрік-монғол тұқымдарынан құралған” деген пікірлерінің дұрыс емес екендігін көрсетіп, қазақ ежелден келе жатқан ескі жұрт екенін, нағыз тарихи мағлұмат-деректерді келтіре отырып дәлелдейді.

Қазіргі пайдаланып жүрген тарих кітаптарымыз да Міржақып көрсеткен ойсырап жатқан олқылықтардан сау емес. Нағыз тарихи шындық негізінде жазылған қазақ халқының тарихы жоқ екендігі саналы адамдарымыздың бәріне мәлім.

Ресми тарихшылардың жазғандары – құрғақ саясатқа салынып, шындықтың шырқын бұзып, өрескел бұрмаланып жазылған тарих.

Қазіргі кезде ғылым қағидасына адал тарихшы ғалымдарымыз қазақ халқының басынан кешкен шындық тарихына тереңірек үніліп, зерттеу мәселесіне көңіл аударып, сөз ете бастағаны байқалады. Бірақ әлі де нағыз қазақ тарихы жазыла қоймағаны анық.

Міржақып Дулатовтың бұдан жетпіс жылдай бұрын (1923) жазылған “Тарихи мағлұматтар” деген айдармен жарияланған, ешқашан маңызын жоймайтын мақаласын қалың оқырман қауымға, әсіресе, жастарымызға жеткізуді мақұл көрдік.

Қазақ, қырғыздың аты, тегі туралы

Қазақ, қырғыздың тарихын жазуға кіріскенде, “қазақ”, “қырғыз”, “алаш”, “үш жүз” деген аттар қайдан шыққан, қазақ пен қырғыздың тегі кім, бұлар қашаннан бері өз алдына жұрт болған, біліміміз жеткенше алдымен шешетін жұмбақтың бірі осы. Біз бұл туралы тапқан-таянғанымызды оқушылардың алдына салып, кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік.

Қара халықтың ұғымынша, “атамыз Адам пайғамбар...” деп, беріде жаттап алған құрғақ шежірені саулата берумен, қазақ пен қырғыздың тегін еріксіз пәлен Әулие, түген сахабаға апарып телумен нағыз тарих шықпайтыны оқымысты, білімді азаматтарға аян. Тарих кітабы ғылым, білім арқасын-

да ғана дұрыс я орасан қатесіз шығуға мүмкін. Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы толық мағлұматтар кемдіктен, қазақ, қырғыздың өз арасынан шыққан зерттеушілер ерте күннен болмағандықтан, соңғы кездерде тарихымызды жарыққа шығаруға талаптанған азаматтар әр ағаштың басын бір шалып, құрап-сұрап, өзге жұрттардың жазғандарын тексеріп, қараңғыны қармалағандай болып жүр. Сөйткенмен шын кіріссек, үздіксіз ізденсек, жоқты ойлап шығармағанмен, көмескіні ашуға, барды табуға болар деп сенеміз.

Соңдықтан тарихи әдебиеттен болсын, халық аузында ертеден сақталып келген қисынды сөздерден болсын, төменгі біздің жазғанымыздың кемін толтырарлық, қатесін көрсетерлік білгендері бар қазақ-қырғыз азаматтары осы мақаланы оқығаннан кейін, кешіктірмей жазуларын өтінеміз.

Қазақ, қырғыздың атын, тегін теріс ұғыну

Қазақ, қырғыздың атын, тегін, қандай жұрт екенін зерттеп, алдымен жаза бастаған – басқа жұрттың тарихшылары. Бірақ олар әріден ескеріп, көптен жазып келе жатқан жоқ: кейбіреулері кезі келгенде бір мақсұдпен жазған, бір парасы ғылымға әуестікпен шынымен зерттеген. Бұлардың бәрі де өте кеш кірісіп, бергі екі-үш ғасырлық дәуірлерді ғана болмаса, қазақ, қырғыздың арғы кездегі атын, тегін, өткен өмірін жақсы біле алмай, әлі күнге шейін жорамалдап келеді. Қазақ жайын білуге европалықтар, айырықша орыс білімпаздары, ХҮІІІ-інші ғасырдың ортасынан, яғни 1730 жылдар Әбілхайыр хан тұсында, Кіші жүз орысқа қарағаннан бері ғана кірісе бастаған. ХҮІІІ-інші ғасырдың орта кезінде қазақ жайынан жазған Миллер, Паллас, Георги, Рынков, Фишер дегендердің кітаптары шыққан. Бұлар қазақ, қырғыз жайын жете біліп зерттеді деуге болмайды. Біреулері қазақ пен қырғызды екі түрлі жұрт деп, біреулері бір тұқымнан деп, бұл екі пікірдегілердің екі жағы да қазақ пен қырғыздың я тектестігін, я басқалығын исбаттай алмаған. ХІХ ғасырдың басында қазақ, қырғыз жайын зерттеген Клапрот, Риттер секілді білімпаздың да мағлұматтары өте ұшқары, орасан қате болғандығы көрінеді. Мәселен, Клапрот найманды бұрынғы Об, Енисей өзендері бойындағы қырғыз тұқымы дейді. Риттер: түрік нәсілінен екендігіне ешкімнің дауы жоқ, қазақ пен қырғыз индогерман затынан болуға тиіс, Енисейге ауып келіп, көп жұртпен қаны араласып “түрік” болып кетсе керек, деп жориды.

¹ Исбат (арапша) – дәлелдермен бекітіп, нанымды етіп көрсету (Қ. М.)

² Түрік тарихшылары найманды монғол руларының бірі дейді (М. Д.)

Өстіп қазақтың, қырғыздың тегін әркім әр түрлі жорып, бірінің адасқан ізін бірі басып, көрінеу жалған, болымсыз дәлелдер көрсетумен келген. Қазақ жайын өзгелерден гөрі жете зерттеген Левшин. Мұның кітабы 1832-інші жылы басылып шыққан.

Бұл күнге шейін қазақ, қырғыз тарихы туралы жазушылар Левшинді аттап өткен емес. Қайсылары Левшиннің кейбір пікірлеріне қарсы болса да, көбінесе оны негіз қылып алып жүргені белгілі.

Қазақ, қырғыздың аты, тегі кәм қашаннан бері тарих жүзінде белгілі жұрт болғаны туралы бұрынғы-соңғы мағлұматтармен таныса келе біз төменгі қорытындыға келдік.

Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты “киргиз-қайсақ” деп, бір сөз орнында атайды. Нағыз қырғыздың өзін де жоғарғы айтқандай “киргиз-қайсақ” деп, кейде “тағы қырғыз”, “қара қырғыз” дейді. Қытайлар “бурут” дейді. Дұрысында қазақ пен қырғыз ешуақытта өздерін жоғарғы айтқандай, бөтен жұрттар таққан атпен атаған емес. Қазақ өзін қашаннан “қазақ” деп, қырғыз өзін “қырғыз” деп келеді. Қырғыз бен қазақ, арғы тегі бір болғанмен, екі атаның баласы, біріне бірі туысы жақын түріктің екі руы екені мәлім. Орыстардың “қазақ”, “қайсақ”, қытайлардың “хасах” деп жүргендері “қазақ” деген сөзді бұзғаны. Қайсыбір күншығыс жазушылары, қазақ Айсадан (Исус. — Қ. М.) бұрын өз алдына жұрт болған деулері қаншалық дәлелді екендігін исбаттау қиын болса да, “қазақ” аты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқандығы, ешуақыт қазақ өзін өзге атпен атап көрмегендігі анық. Қазақтың қазақ аты парсы, Бұхар, Хиуа кәм өзге Азия жұрттарының көбіне мәлім. Ерте заманда қазақпен араласы болған ескі жұрттардың бірі қытайлар да қазақпен “хасах” деп атайтындығы жоғарыда айтылды.

Қырғыздың аты, тегі кәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы

Қырғыздың арғы тегі түрік тарихының ертедегі бұлдыр кездеріне барып жоғалады, Мұнан 300 жыл шамасы бұрын түрік шежіресің жазған атақты Абылғазы Баһадур ханның айтуынша, Оғыз хан немерелерінің бірінің аты Қырғыз екен, сондықтан осы күнгі қырғыз елі соның тұқымы дейді. Бірақ қырғыздар арғы замандарда әр жұрттан шабыншылық, қырғыншылық көп көріп, тұқымы азайып қалған дейді. Оғыз

¹ Араб әрпімем “Ұғыз” деп басылған (Қ. М.).

ханның заманы Айсадан (Иссус — Қ. М.) екі-үш ғасыр арман жатыр. Абылғазының қырғызды Оғыз ханнан таратуы тарихи дәлелдермен бекітілмеген болса да, әйтеуір қырғыз Азияны мекен еткен жұрттардың әрідегі бір тарауы екені анық.

569-ыншы жыл император II-інші Юстинян Станболдан Земарх деген елшісін Азияның Солтүстік — күншығыс аралығындағы жерлерде көшіп-қонып жүретін түріктердің ұлы ханы Дизабулға жібергенде, хан елшіге қайтарында қырғыз текті бір тұтқын сыйлаған. Абылғазының айтуынша, қырғыз Шыңғыс хан заманынан көп бұрын күшті жұрт болып тұрып, қырғыз ханы Орыс хан елімен өздері тіленіп, Шыңғыс ханға бағынған. Ол кездегі қырғыздың мекені Селенгі, Ойғырмұран өзендерінің арасы дейді. Кейінгі тарихшылар да Абылғазының бұл сөзін растайды: Ойғырмұран — осы күнгі Енисей өзені, Сібірді орыс алғанда қырғыздар сол арада болған, Шыңғыс заманындағы мекені де сол еді, деседі. Қырғыз елін Шыңғыс хан (мұнан 700 жыл бұрын) кіші баласы Толыға тапсырғандығын ескі тарихшылардың бәрі бекітеді. Қытай тарихшылары да қырғыздың ескі жұрт екендігін көрсетіп, қырғыз бен қазақ екеуі де түрік нәсілінен тарағандығын исбаттайды.

Қырғыздың XIY ғасырдан ХУІ ғасыр аяғына шейін қандай күйде болғаны тарихта анық айтылмайды. Бірақ ХУІІ ғасыр бойы үздіксіз қырғыз атағы Сібір шежірелерінен шығып отырады. Том, Енисей аралығындағы өзендер бойында, Саян тауларының маңайында мекен етіп жүріп, қырғыздар ХУІІ ғасыр бойы Сібірдегі жаңа орныққан көршілес орыс қалаларын мазалап, шауып ала беретін болған. Ол кезде тұрғылас елдердің бәрі қырғызға жау болып, қырғыз орыспен де, монғолмен де, жоңғарлармен де дамылсыз соғысып, кейде жеңіп, көбінесе жеңіліп отырған.

Ақырында қырғыздан әбден мазасы кеткен соң, ХУІІ—ХУІІІ ғасырдың өліарасында жоңғардың қонтайшысы орыс үкіметімен бірігіп, қырғызды тықсырып, осы күнгі мекені Алатауға шығарып жіберген.

Қазақ қалай “қырғыз” атанды

Бұрын қырғыз елі Сібірді мекен етіп тұрғанда, Сібірдегі орыстың қалаларын, ауылдарын дамылсыз шауып, мазасын кетіре бергендігі мәлім. Ол кездерде орыстар: “әне, қырғыз шауып кетті, міне, қырғыз келіп қалды” деген күйге ұшыраған. “Қырғыз келеді” десе, орыстын жылаған баласы уанатын болған. Сондықтан орыстың ұғымында “қырғыз” деген сөздің

өзі жау, шабағаншыл мағынасында орнап калған. Ал қырғыздан кейін, әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман жәбірлеп, әсіресе, Сібірдің оңтүстігіндегі облыстарына үлкен зиян келтіре берген соң, қазақтарды да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына “қырғыз” (киргиз) деп атаған. Қазақ секілді Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, монғол елдері, өздерінің аздығынан болса да, жуастығынан болса да, орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған.

Қазақты орыстардың “қырғыз” деуінің жаңағы айтқаннан басқа тағы бір себебі болған. Алғаш Сібірді мекен еткен орыстар, Сібірді алушының бастығы Ермак, оған ергендер оның тұқымы — бәрі қазақ (қазақ — орыс) еді. Сондықтан оларға өздерін де қазақ, қазақтарды да қазақ деу қалелімде ыңғайсыздық келтіретін болған, үнемі “қай қазақ” деп айырып отыру қажет бола берген.

Міне, сонан бері қазақты қырғызбен шатастыру, қырғызды да “қырғыз”, қазақты да “қырғыз” деп атау басталады. Сонан бері бұл екі елдің шежіресін білмегендер, кейбір тарихшылардан бастап, қазақ, қырғызбен катынасы кем жұрттардың көбі екеуін де “қырғыз” дейтін болған. Қазақты орыс “қырғыз” деп атайтын болған соң, орысқа бағынып жазу-сызу, заң-законның бәрі орыс тілінде жазылғаннан кейін, күні бұ күнге шейін қазақтың орысша оқығандарының өзі орысша жазғанда, сөйлескенде қазақты “киргиз” деп әдеттенген.

Қазақтың аты, тегі қәм қашаннан бері жұрт болғаны туралы

Қазақ фәлен уақыттан, фәлен ғасырдан бері жұрт болыпты деп кесіп айтуға болмайды. Орыс шежірелерінде қазақтың мәлім болуы ХҮІ ғасырдың ішінде ғана. Бұған қарап қазақтың өз алдына жұрт болуы сонан бері ғана деуге келмейді. Орыс жазушыларының көбі ең алғашқы қазақ татар арасынан шыққан, қазақ деген аттың өзі сонда аталған, бұрынғы қәм қазіргі аты сонан келеді деп есептейді. Бұл пікірді Күншығыс тарихшыларының бәрі де бекер дейді. Олардың жазуынша қазақ ескі жұрт, арғы замандарда өзін өзі билеген, ешкімге бағынбаған деседі. Қайсыбіреулері қазақтың қазақ аталып дәурен сүруі Айсадан арғы заманда болған дейді. Бірақ мұны бекітерлік толымды дәлелдер тарихта ұшырамайды.

1020 жылдарда өмір сүрген атакты Фердоуси өзінің тарихында қазақ жұрты қәм қазақ хандары туралы жазады. Бұған қарағанда қазақ Фердоусиден бұрын мемлекетті жұрт бол-

ғандығы көрінеді. Фердоусидің айтуынша, қазақ ескі жұрт, өзінің жауынгерлігімен, ел шабуымен заманында атақ алған, соғысқа шыққанда қазақтың тұтынатын құралының көрнектісі найза болған.

Кейін Азиядан қолына найза ұстап, жорыққа аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше, көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт “қазақ” деп атай беретін болған. Кейбіреулердің “қазақ ноғайдан шыққан” деп жүру себебі, ноғай арасынан да әлгіндей қазақ сияқты жорыққа аттанушылардың қимылы, өнері шын қазактікіне ұқсас болған сон, олар да “қазақ” атанған. Нағыз қазақтың жоғарыда айтылғандай салтына, жауынгерлігіне, қару-жарағына ұқсас жағын алып, өздерін де “қазақ” деп атау әдет болған.

Шынында қазақ деген сөзге өзге бір айрықша мағына беруге, басқа бір тілге аударуға келмейді. “Қазақ” деген сөз фәлен жұрттың тілі, түген жұрттың тіліне аударса, сондай мағына шығады деп ешкім айта алмайды.

Ориенталист Сенковский бұл туралы былай дейді:

“Белгілі Бабыр мырзаның шағатай тілінде жазған кітабында қазақ деген сөз ұшырайды. Бабыр қазақты бетімен жайылушы, өз еркімен жүруші мағынада түсініп, осыдан “қазақлық”, “қазақламақ” деп өзгертеді. Мұнан анық көрініп отыр, бұл мағына қазақ атанған жұрттың тұрмыс-салтынан алынғандығы. Русияны татар билеп тұрған заманда крестиан табынан бөлек еркін болып, өздері тілегенінше бір жерден екінші жерге қоныс аударып көшіп жүрген орыс текті азат адамдар “қазақ” (казак) атанған. Соңынан осылардың аты Запорож, Дон казактарына тағылған: орыс жерінен қашып, Днепр, Дон жағаларын жайлағандардың бәрі қазақ атанған, яғни өздерін қазақ сияқты азат адамдармыз деп санайтын қәм атайтын болған.

Орыс тарихшыларының көбі: қазақ түрік, монғол жұртынан әр руынан құралып, беріде ғана жұрт болған, “қазақ” деген сөздің мағынасы — бетімен өскен, еркін жүрген, “қазақ” әр елде де болған деулері дәлелсіз, әсіресе, қазақты ХҮ ғасырда ғана жұрт болуы қәм қазақ құрама мағынасында, “мұндай ат әр жұртта бар” деулері қисынсыз. Қазақтың ескі жұрт екендігі туралы Фердоусидің дәлелін бекерге шығарған ешкім жоқ. Фердоусидың қазақ жұрты қәм қазақ хандары жайынан жазғанына 900 жыл өтіп отыр. Әлбетте, қазақ Фердоуси жазған жылы ғана жұрт бола қойуы мүмкін емес, сол жылы “қазақ” деген жұрт, қазақ жұртының хандары болғаны рас болса, ол жұрт оның аржағында фәлен ғасыр бұрын өз алдына жұрт болуға керек. Фердоусидің жазғаны осы күнгі біздің қазақ болмай, өзге жұрт болса, ол жұрттың қайда кеткенін бір тарихшы айтпайды. Екінші, “қазақ жұртының құрамалығына

аты дәлел, қазақ әр жұртта болған, әр жұрттан наразылықпен бөлініп шыққандардың бәрі қазақ атала берген, сондықтан қазақ жұрты да түрік, монғолдан бөлініп шыққан тұқымдардан құралған” деуі дәлелсіз көретініміздің мәнісі, қазақ бөлінуші, бетімен жайылушы, еркіндік сүюші мағынада екендігі рас болғанда да, жұрт біткеннің бәрі бұл мағынаны “қазақ” деген бір сөзбенен атауының қисыны жоқ. Өйткені, жұрт біткеннің бәрінің тілі бір емес. “Қазақ” деген сөз бір жұрттың ғана тілі болып, өзге жұрттар өздерінің “қазағын” өз тілімен атауға керек емес пе. Сондықтан біз: өзге жұрттардан бөлініп шығып, өз бетімен кетіп қазақ атыңандығы шын қазақ жұртының тұрмыс-салтына еліктеп алынған деген ориенталист Сенковскийдің пікірін дәлелді көреміз.

Орыс тарихшылары айтқандай, қазақ беріде ғана құралған жұрт емес екендігі жоғарғы сөйлегендерден де көрінсе керек. Қазақты анық құрама ел деп, болмаса бір тұқымнан деп таласуға болғанмен, дәл қайсысы екенін айту қиын. Қазіргі тарихи дәлелдердің күштірегі — қазақ түрік-монғол қауымдарынан біріккен құрама жұрт екендігін қуаттайды. Әрине, қазақ түріктің бір ғана руы, өзге руларымен қатынас тіпті жоқ деп айтуға болмайды. Бірақ құрама болғанда да, негізгі қазақ Х ғасырдың ар жағынан келіп, өзге түрік қәм азынаулақ монғол қауымдары кейіннен бірте-бірте қосылып отырған. Қазақтың осы күнгі кей рулары, мәселен: қаңлы, қыпшақ, керей, найман Айсадан (Иссустан. — Қ. М.) бұрын дәурен сүрген елдер екенін тарихшылардың бәрі де исбаттайды, бірақ кебі жоғарғы айтқанымыздай, қазақтың өз алдына жұрт болуы беріде болған, қазақ жұрты көбінесе: қаңлы, қыпшақ, дулат, арғын, найман, керей руларынан құралған, бұлардың арасында: керей, найман, дулат — монғол тұқымынан, қазақтың ұйтқысы — таза түрік нәсілді қаңлы мен қыпшақ дейді.

Тарихшылардың көбі қазақтың құрамалығына дәлел қылып, қазіргі қазақ руларымен аттас: қаңлы, керей, қыпшақ, тама сияқты рулар қазақтан басқа түрік жұрттарының, мәселен, Станбол түріктерінің, башқұрд, өзбектердің арасында барлығын келтіреді.

Қазақ тарихын жазған Чулошников: қазақ ескі жұрт емес, ХҮ ғасырда ғана әр түрлі түрік-монғол тұқымдарынан құралған, деген пікірлерді қуаттайды. Мәселен, Шоқан Уәлиханұлы — өзі қазақ, қазақтың құрама жұрт екенін, ХІҮ—ХҮ ғасырларда ғана жұрт болғанын айтады, дейді Чулошников. Мұның “Шоқан — өзі қазақ” дегені болмаса, Шоканның пікірі де: “қазақ құрама, беріде жұрт болған” деушілерге қосылғаннан басқа өздігінен жанадан тапқан дәлелдері жоқ. Чулошников Шоканнан басқа: Григорьев, Вильяминов-Зернов, Мейер,

Красовский, Радлов, Ибрагимов, Веселовскийлердің пікірін қуаттайды. Бұлардың көбі бірінің пікіріне қосылып отырған, көбі Вильяминов-Зерновтың бағытымен кеткен.

Чулошников антропологтардан Ивановский, Харузин, Чугуновтың: “қазақ — құрама, себебі қазақтың бәрінің түрі бірдей емес” деген дәлелдерін көрсетеді.

Қазақты антропология жолымен зерттеушілердің бәрі беріде, XIX ғасырдың аяқ кезінде кіріскен. Қазақтың түрі бірдей еместігі құрамалығына дәлел болғанмен, қашан құралғанына кәм ескі жұрт еместігіне дәлел бола алмайды. Өйткені, қазақ затында бірақ тұқымнан болса да, қазіргі түрінде түрлілік болмай қоймас еді. Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда да, соңынан өз алдына жұрт болып жүрген заманда да, қазақ жауынгер ел болып, кез келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық. Соғыста женген елдерін шауып алып, жетім-жесірді олжа қылып, ұлын — құл, қызын — құн етіп жүргені де мәлім. Қазақтың бұрынғы хандары, батырлары, билері женген елдерінен қатын алмағаны кем де кем. Жаугершілік басылып, бейбітшілік заман орнағаннан бері де қазақ көршілес ноғай, башқұрдан қыз алып, құда болуы көп болмаса да, бірсыпыра бар. Мәселен, мұндайдың көбірек жері Жетісу, Семей болыстарында. Бұл облыстарда “шала қазақ” атанып жүргендердің бәрі де ноғаймен қан араласқаннан болған. Түркістан қазағы арасында, көп болмаса да, сарттан, өзбектен қыз алып араласқандық бар. Өткен бір-екі ғасырдың ішінде әскерлік қызметі кәм өте ауыр болған себепті солдаттан қашып, қазақ арасына келген, саудамен жүріп қазақ арасында тұрып қатып, қазақ болып кеткен ноғай, башқұрдтар; Түркістан, Бұхардан шығып, қазақ арасына сіңісіп кеткен қожа-молдалар болған. Осы айтқандардың бәрін қорытқанда, қазақ қаны өзгелердікімен араласып, аз да болса, түріне өзгешелік кіргізгені анық болса керек. Әлгі айтқандардың бәрі қазақтың бір аймағында я бір руында ғана болмай, әр елінде, әр жерінде болғандықтан қазақты атропология жағынан сынаушыларға мұндай түрлері кез келе беруге мүмкін. Қазақтың түріндегі осындай түрлілікті тауып, олар қазақ құрама жұрт деген пікірге келуі ықтимал. Бірақ бұған қарап қазақты ХҮ ғасырда ғана құралып жұрт болған деуге келмейді. Қазақтың құрамалығы ескі жұрт екендігіне қарсы дәлел бола алмайды, қайта құрама бола тұрып, бұл күнде тілі, әдет-ғұрпы, салт-санасы бір кісінің баласындайлығына қарағанның өзінен қазақтың ескі жұрт екендігі, кейіннен қосылғандардың ұйтқысы қазақ екендігі исбатталады.

Қазақ ескі жұрт екендігіне дәлел қылып, Левшин Фердоуси пікірін қуаттаса, Орта Азияны зерттеуші атақты ориенталист Герман Вамбери, Фердоусиды да айтып, бұған қосымша

X ғасырда “қазақ” жайынан жазған Константин Перфиродный (?) сөзін де ортаға салады. Қазақтың ескі, хәтта бір тұқымнан өрбіген жұрт екендігіне осыларды көрсетіп, оның үстіне өз пікірін де баяндайды. Вамбери: “Каспийтеңізінен Алтай, Оралдан Тән-Шанға шейін жайылып жатқан қазақ даласындағы қазақ руларының тілінде, мінезінде, құлқында, әдет-ғұрпында еш айырма жоқтық, бәрінікі бірдейлік, қазақ жұрты бірынғай, бір тұқымды жұрт екендігінің дәлелі”, — дейді.

Қазақ ескі жұрт я ХҮ ғасырдан бері ғана құралып ел болғаны туралы тарихшылар арасында талас көп болса да, қазақ Алтын Ордадан бөлініп шығып, осы күнгі қазақ атанған түрік руларынан құралғандығына көбі даусыз бірігеді.

Шыңғыс хан дәуірлеп ешкімнен беті қайтпай, соғысқан елдерінің бәрін жеңіп, қылышынан қан тамып тұрған заманында, үлкен баласы Жошыға ол кезде Еділ. Жайық арасын мекен ететін қыпшақ елін берген. Сонан кейін қыпшақ “Жошы елі, Жошы ұлысы” атанған, “Дәшт¹ қыпшақ” деп аталатын болған. Жошы өлген соң, Шыңғыс хан Жошы елі — дәшт қыпшаққа Жошыұлы Батуды хан қойған. Қыпшаққа жүргізерде Батуға Шыңғыс алтындаған ақ отау көтеріп беріп, билеген елің дәшт қыпшақ — “Алтын Орда” аталсын деген екен. Тарихта қыпшақ мемлекетінің Алтын Орда аталатын себебі сол.

Үш ғасыр бойы дәурен сүріп дүркіреген. Бүкіл Русияны өзіне қаратқан, Орта Азияның көп жерлерін иеленген Алтын Орда ХҮ ғасырдың аяқ шенінде құлауға айналып, берекесі кете бастағаннан кейін, қол астындағы елдер тозып, бытырап, солардың бір тайпасы — қазақ бөлініп шыққан.

Қазақты ескі жұрт дейтін тарихшылардың бірі Левшин жазады: Қазақ Азияда ежелден белгілі жұрт, толып жатқан түрік руларының бірі, ескілігі найманға да, қырғызға да, өзге өзімен тетелес елдердің біріне де беріспейді. Қазақ Шыңғыс ханның қол астына қарап, онан кейін Шыңғысұлы Жошының үлесіне тиді. Бірақ Алтын Ордаға қараса да, ішінара кейде өзінің де хандары болып тұрды.

Алтын Орда құлағаннан кейін ХҮІ ғасырдың басында қазақ тағы өз алдына жеке жұрт болды. Ол кезде қазақтың Арыстан деген ханы болыпты. Арыстан заманында қазақ хандығының күштілігі сондай, соғысқа бірден 400 мың әскер аттандыруға шамасы келеді екен. Осылай деп Индиядан белгілі Ұлы мұғұл мемлекетін құрған Бабыр патша жазады. — дейді Левшин. Бабыр патша қарындастарының біреуін Арыстан ханға берген, Арыстанның күшейіп тұрған шағын Бабыр өз көзімен көрген дейді. Міне, сол кезде Алтын Ордадан тара-

¹ Дәшт — фарсыша “сахра, дала” мағынасында

ған елдердің көбі өз еркімен қазаққа қосылған. Я қазақ олардың бір сыпырасын күшпен қосып алған. Осы күнгі қазақ рулары аталып жүрген: қыпшақ, найман, қоңырат, жалайыр, қаңлы сол кезде келіп қазаққа қосылған, — дейді Левшин.

Қай тарихшы болса да, қазақтың осы күнгі руларынан: қаңлы, қыпшақ, арғын, найман, керей, дулат секілділерді, қазақтың аты шықпастан бұрын мәлім болғандығын исбаттайды. Ескіден, хәтта Айсадан бұрын кәм кейін, түріктің түрік болып, кемеліне жетіп тұрған замандарда да өз алдына ел атанып жүрген әлгі рулар қалайша соңғы төрт-бос ғасырдың ішінде ғана өздерін қазақпыз, қазақтың руларымыз деп кетті, мұның мәнісін ақыл қанағаттанарлық қылып бұл күнге шейін тарих анықтаған жоқ.

Қазақтың үш жүзге бөлінуі қәм алаш атануы

Қазақтың үш жүзге бөлінгені, не себептен алаш атанғаны туралы халық аузындағы ертегі секілді сөздерден алып, тарихшылар мынаны жазады: Дәл қай заманда екені белгісіз, бұрынғы қазақ хандарының біреуі елін үш баласына бөліп беріп, үлкеніне тигенін — Ұлы жүз, ортаншысына тигенін — Орта жүз, кішісіне тигенін — Кіші жүз деп атаған екен дейді.

Тағы бір ертегі: қазақ Алтын Ордадан бөлініп шыққаннан кейінгі хандары Жәнібек, Керейден соң болған хандардың біреуі — Ахмет хан әскерін: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп, үшке бөліп, қалмақпен соғысқан. Сонда Ахмет ханның әскері қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмет ханға “алашы” деп ат қойыпты. Алашы деген сөз қалмақша мейірімсіз, қанішер деген мағынада болса керек¹. Ахмет хан,

¹ “Қазақ” газетінің 1913-інші жылғы 12-інші санында Шаһкәрім шежіресіне сын жазған “Қыр баласы” алашы қалмақша не деген сөз екен, мұны қалмақпен араласы бар елдердің азаматы сұрап білсе жарар еді дегеннен кейін, доктор Халел Досмұхамедұлы “Қазақ”-тың сол жылғы 15-інші санында мынаны жазған: “Орал облысында Оралски казаши войскеіге қараған қалмақтар бар. Қыр баласының өтнші бойынша, “алаш” деген қалмақ тілінде сөз бар ма? Мағынасы қазақша не болады? дегенімде қалмақтар айтты: “Қалмақ тілінде алашы деген сөз бар, қазақша мағынасы “өлтіргіш, аямаушы, жауынгер” деп. “Алашы” деп, қалмақтар жақтырмаған орында айтады. Жаны ашымай хайуанатты көп өлтіре беретін аңшыларды да қалмақтар “алашы” деп атайды”, бәрін қорытқанда, әзір дәлел болып шыққандай емес. Бірақ мұндай ертегілер қазақтың аты, тегін зерттеушілерді ойға қалдырарлық жерлері бар. Мәселен, қазақ я алаш қалайда болса, бір кісі, ру басы емес екені рас-ау, әйтпесе, бірне бірі қайшы келе берсе де, көптен халық аузында сойленіп, ертегі болып жүргеніне қарағанда “қазақ”, “алаш” сөздерінің түбінде бір көмескілік бар ғой дегізетін. Тарихшылар мұндай ертегі сөздерді де ескерусіз қалдырмай, түбінде салыстыра, қорыта келе бір дәлелді мағына шығаруға бөлар деген үмітпен жинап жазады. Бірақ ондай сөздерді қолданып, бір нәтиже шығарған жоқ.

қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда “алашы” деп шабындар деген соң, қазақтар “алашы” лап шауып, сол қазаққа ұран болыпты: “Алаш, алаш болғанда, Алашы хан болғанда, қалмаққа не қылмадық” деп қазақтың мақтанатыны сол дейді, шежіре Шаһкөрім.

Қазақтың не себептен алаш, не себептен қазақ үш жүз атанғанын баяндайтын бұлардан басқа да ертегілер бар, оларды жазуды қажет көрмедік. Бұл туралы ертегілердің көбінің мағынасы біріне бірі қайшы,

Жоғарыда айтылғанша, “алаш” қазақта ұран болып қалған мәнісі ақылға қонып тұр. Қазақ “алаш” яки “алашы” деген хандарының біреуіне қалмақ қойған екен деп жүрген болса, оның үстіне қалмақ тілінде “алашы” деген сездің мағынасы қазақтың бұрыннан ұғынып жүргеніне дәл келуі бұл ертегінің қисыны барлығын көрсетеді.

Үш жүз қазақтың ру басылары болмай, қоныс ретіне қарай ма, халықтың санына қарай ма, әскерді үшке бөлгеннен бе, я бір ханның қазақты үш баласына бөліп бергеннен бе, әйтеуір, үш тапқа айырылғандықтан “үш жүз” аталғандығы анық болса керек.

Қырғыз қазақпен туыс, тіл, тұрмыс жағынан өзге түрік руларынан жақын екендігін тарихшылардың көбі исбаттайды. Бірақ, қазақпен қырғыздың арасында аз да болса, айырма бола тұрып, не себептен екені белгісіз, қырғыздар да өздерін “алашпыз” дейді¹.

“Алаш” қазақ ұраны болып кеткен сөз болса, бұл ұранға қырғыздар қалайша қәм қашаннан бері ортақ болғаны белгісіз.

Қорытынды .

Қазақ, қырғыздың аты, тегі қәм қашаннан бері өз алдына жұрт болғаны туралы жоғарыда жазылғандарды қорытқанда шығарған нәтижеміз мынау:

Қырғыз ежелден қырғыз атанып, Айсадан бұрын неше ғасыр өз алдына жұрт болған, қазақпен туысы, діні, тілі, қонысы, тұрмысы, әдет-ғұрпы, салт-санасы бірдей, жауынгер түрік қауымдарының бірі, қазақ пен қырғыздың арасында, тіліндегі болмашы айырма болмаса, еш бөтендік жоқ.

Қазақ X ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандары болып, өзін өзі билеген, ежелден қазақ атанған түрік жұртының бір тарауы. Қазақ XIII ғасырдың басында Шың-

¹ Жаңылмасам, қырғыздар өздерін “алашпыз” дейтіндігін қырғыздың белгілі азаматы Ишанғали Арабайұлынан естіген секілді едім. Бұл туралы анық мағлұматты әлде болса, қырғыз азаматтары берсе, дұрыс болар еді. —М. Д.

ғыс ханның қол астына кіріп, Алтын Ордан бөлініп шыққаннан кейін, ХҮ ғасырда әр түрлі түрік қәм бірлі-жарым монгол руларымен қосылып, көбейіп, күшейіп, тағы да бөлек жұрт болып, сыбайлас жұрттардың көбімен соғысып, бірде жеңе, бірде жеңіле келіп, ХҮІІІ–ХІХ ғасырларда Русияға бағынғаннан кейін, еркінен айырылған жұрт.

Міржақып

Міржақып Дулатовтың осы мақаласының басында жазылған: “...кітап басылмастан бұрын білгіштердің сынынан өткізіп алуды лайық көрдік”, — деген сөзіне қарағанда, тарихтық үлкен еңбегін жазып аяқтаған деуге болады. Бұл еңбегінің толық нұсқасы жарық көрді ме, жоқ па, әлде қолжазба қалпында қалып, қолды болды ма, ол жағы бізге мәлім емес.

Дулатовтың газет, журналдарда жарияланған шығармалары, мақалалары көп. Оның әдеби мұрасын жинап, ұқыпты зерттеп, жарыққа шығарып, халыққа жеткізу әдебиетші, тарихшы ғалымдарымыздың абыройлы борышы.

Міржақып Дулатов 1927 жылдың қаңтар айынан “Еңбекшіл қазақ” (Қызылорда) газетінің редакциясында редактордың көмекшісі қызметін атқарды.

1928 жылдың аяғында ОГПУ тұтқынға алып, екі жылдан астам түрменің ауыр азабын тартады. Ақырында ОГПУ Коллегиясы 10 жылға кесіп, 1931 жылы ақпанда лагерге жөнелтеді. Соловец лагерінде жұмыс істеп жүріп науқасқа шалдығып, 1935 жылы 11 мартта лагердің лазаретіне түседі. Алты айдан астам уақыт ауруханада жатып, 5 қазан күні қайтыс болады (Акт № 533, 5 қазан 1935 ж.).

Ыдырыс Мұстамбаев

(1898–1937)

Қазақ совет энциклопедиясында Мұстамбаевтың өмірі мен қызметі туралы берілген мағлұматта былай делінген: “Мұстамбаев Ыдырыс (1902 Семей уез., 1937) – әдебиет сыншысы, қоғам қайраткері. 1919 жылдан КПСС мүшесі. Семей гимназиясын үздік бітірген (1919), Семей, Өскемен, Аягөз өңірінде Совет өкіметін орнату және нығайту ісіне белсене қатысты. ... 1925–1927 ж.ж. Қаз. ССР Байланыс Халық Комиссары болды... Мұстамбаев мемлекеттік және қоғамдық жұмыстармен бірге әдебиетпен де шұғылданды. Бірнеше әңгіме, очерк, сын мақалаларын жазды. Олардың ішінде “Ұлы ақын Абай” (“Қазақ тілі”, 1924), “Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан өлеңі” (“Таң” журн. 1925), “Көркем әдебиет туралы” (“Қызыл Қазақстан”, 1927)... т.б. туындылары назар аударады”. (ҚСЭ-сы, 8-том, 218-бет.)

Бұл мақалада Мұстамбаевтың басынан кешкен өмір кезендері толық болмағанмен, негізінен дұрыс баяндалған. Бірақ, туған уақытын 1902 жыл деп көрсеткені дұрыс емес. Және “Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан өлеңін” “Таң” журналында (1925 ж, № 1, 75–76-бет) жариялаған Мұстамбаев емес, Көкбай ақын Жанатайұлы болатын.

Мұстамбаев туралы Семей облыстық архивінде сақталған тарихи мағлұмат-деректердің ішінде – “Личная карточка о служащем в Семипалатинском губернском революционном комитете” деген құжаттағы он төрт сұраққа Ыдырыс Мұстамбаев өз қолымен жауап жазып, 1920 жылы 23 қарашада жазылғанын көрсетіп, қолын қойыпты. Мысалы, “Должность на службе в настоящее время” деген бірінші сұраққа: “Заведующий справочно-юридич.п/отд.” деп, “Время рождения или возраст” деген төртінші сұраққа: “1898 год, в ноябре” деп, “Политическая платформа” деген он үшінші сұраққа: “Коммунист” деп жауап жазған. Сонымен, Мұстамбаевтың нақтылы дәл туған уақыты – 1898 жыл. Ноябрь айы.

Ыдырыс Мұстамбаевтың өмір тарихы әлі арнайы зерттеліп жазылған жоқ. Оның өмір жолын апасынан туған жиені, белгілі педагог, әдебиетші – Нұрпейіс Ысмағұловтың (1902–1973) жазып қалдырған естелігі негізінде және өзімізге мәлім болған архив деректері бойынша қысқаша баяндаймыз.

Ыдырыстың әкесі – Мұстамбайдың туып-өскен елі Сыбан, бұрынғы Семей уезіне қарайтын Қандығатай болысы. Ата мекені – Қандығатай тауының Найзақара аталатын шығыс жақ саласы.

Жасынан жетім қалып, жалшылықта жүрген Мұстамбай – Семейдің атақты көпесі Тінібай байдың (“Абай жолы” романындағы Тінібек) саудагерлеріне жалданып, олардың елден жинаған малдарын айдасып, Семей қаласына келеді. Қайратты, пысық, әрі елгезек, ақ көңіл, адал жігіт Мұстамбайды ұнатқан Тінібай мырза, оны өз қолына алып қалады. Әуелде байдың қора-қопсы жұмысын, шаруашылық қызметін ұқыпты атқарып көзге түсіп, ақырында Тінібайдың сенімді қызметкері болады.

Сөйтіп Мұстамбай Тінібайдың қолында жүрген шағында, 1898 жылы Ыдырыс дүниеге келеді. Ол кезде Ыдырыстың туған қаласы “Заречная слабодка” деп аталатын. 1917 жылдан кейін “Алаш” деп аталды, ол – қазіргі Жаңа Семей қаласы.

Нұрпейіс марқұм былай деп жазады:

– Мұстамбайдың ендігі тынысы да, ырысы да 1898 жылы Тінібай қорасында туған кенжесі Ыдырыс болады. Кішкене кезінде қорасаннан беті шұбарланып қалған Ыдырысты әкесі “Тай шұбарым” деп атапты. Ыдырысты Тінібай мешітіндегі медресеге оқуға береді. Аз жылда Ыдырыс барлық шәкірттерден озық оқып, өте зеректігін байкатады. Енді ол медресе төңірегінде: “Мұстамбайдың бәйге шұбары” деп аталады. Оқуға зерек, білімқұмар, өршіл бала Тінібай медресесін тәмамдап шығып, орыс мектебіне оқуға түсіп, интернатқа орналасады. 1915–1916 жылдар шамасында екі класты училищені мақтау грамотасымен бітіріп шығады. Одан кейін телеграфистер даярлайтын 4–5 айлық курсты бітіріп, почта конторына телеграфист болып қызметке орналасады...

Нұрпейіс Ысмағұловтың өз көзімен көріп, ішінде болған, 1919 жылғы бір уақиғаны айтпай кету мүмкін емес. Нұрпейіс естелігін келтірейік.

– 1919 жылы Колчак қарақшылары Семейді тастап қаша бастағанда, өздеріне күдікті адамдарды іздеп жүріп, атып тастап отырды. Алаш қаласында (Жаңа Семей) тұратын Қабдолла Қоскеев, Ғалымжан Дәулетяров, Нығметолла Күзембав деген мұғалімдердің және Жанғали деген ақсақалдың аралға апарып атып тастаған жерлерінен сүйектерін тауып алды.

Семейдің сол кездегі Мұхтар Әуезов бастаған жастары үлкен Семейге орналаса бастаған Совет өкіметіне қосылып, ақтардың қырып кетпеуінен елді аман сақтап қалу әрекетіне белсене кірісе бастаған болатын. Ақтардың көпшілігі және штабы Жаңа Семейде (Алаш) болды да, Совет өкіметін қарсы алған қазақ жастары: Мұхтар Әуезов, Ыдырыс Мұстамбаев, Ахметбек Сейсенбаев, Ғарифолла Ысқақов, Даниял Ыс-

каков т.б. үлкен Семейде Әнияр Молдабаевтың үйінде (қазіргі Абай музейі) жасырынып, большевиктермен астыртын қатынасып отырды.

Бір күні елеусізденіп, Жаңа Семейдегі үйіне келіп қайтып бара жатқан Ыдырысты біреудің көрсетуімен ақтың солдаттары ұстап, қамап қояды. Соңынан сұрап барғандарға: біз көргеніміз жоқ деп жасырады. Ыдырыстың ақтардың қолына түсіп қалған хабарын Мұхтарға тез жеткіздім. Мұхтар қолма-қол большевиктер штабынан Мұстамбаевты ақтардың тұтқынынан құтқаруды өтініп, көмек сұрайды. Тез құтқармаса, түн болысымен ақтар атып тастайтынын қатты ескертеді. Қызылдар Мұхтардың өтініші бойынша, ақтардың ажал тырнағынан Мұстамбаевты құтқару үшін офицер бастатқан он шақты қарулы солдатын аттандырады. Жаңа Семейдегі Ыдырыс қамалған жерге солдаттарды бастап. Ғарифолла Ысқақов қас қарая жетсе, ақтар Ыдырысты қапқа салып, ажал аралына жөнелткелі жатқан үстіне түсіп, қызылдар штабының араласуымен ажалдан аман алып қалды, – дейді Нұрпейіс Ысмағұлов.

Сөйтіп, Мұхтар Әуезов өзінің ежелгі сырлас, сыйлас, құрдас досы – Ыдырыс Мұстамбаевты ажалдан құтқарады.

Ыдырыс Мұстамбаев 1919 жылдан бастап семей губеркомының мүшесі ретінде, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Әзімбай Ілекеровтермен бірге Кеңес өкіметі қызметіне кіріседі.

1920 жылы Советтердің Бүкіл Қазақстандық бірінші Құрылтай съезіне делегат болып қатысып. Қазақ Орталық Аткару Комитетіне (Қаз. ЦИК) мүше болып сайланады.

1920 жылдың 1 желтоқсанынан 1921 жылдан 21 тамызы аралығында Семей губаткомының мүшесі болып қызмет атқарады. Сонымен бірге губерниялық қазақ бөлімінің бастығы және азық-түлік комиссарының орынбасары қызметін қоса атқарады.

1921 жылдың соңында Ыдырыстың қызметі Оралға ауысып, әуелде губатком және губревком мүшесі қызметінде болып, 1922 жылдың 26 тамызында Орал губерниясының прокуроры болып тағайындалады. Ол қызметінде де тұрақтатпайды, 1925 жылы Қызылжарда губпрокурор, ал 1926-1927 жылдары Шымкентте губатком төрағасы қызметін атқарады. Оның қызмет орны үнемі ауыстырылып отырады. Бірде Семейге қайта оралып отырған.

Архив деректеріне карағанда, Ыдырыс 1928 жылы Қызылордада, 1929 жылдан бастап Алматыда болған жылдары Голошекиннің өзімшіл өркөкірек өктемдігіне, зұлымдық зорлығына қарсылық корсеткен, ұлтының ар-намысын қорғап күреске шыққан қазақ азаматтарының бірі, қайтпас, қайсар ері болған.

“... Үнемі Голошекиннің көпірме сөзіне сене беруге болмайды, Ежовтың қолымен Қазақстанда коммунизм орната алмайсың!” — деп өзінің пікірін ашықтан-ашық әйгілеп айтқан Мұстамбаевқа қаһарын тіккен Өлкелік Комитеттің бірінші хатшысы Голошекин бақылау, жазалау орындарында отырған өзінің қолшоқпар адамдарына, қайткен күнде де, Ыдырысты арандатуды тапсырып қояды.

Бақылау Комиссиясының бастығы Титов деген адам үлкен тергеу жүргізіп, мысықтабан сұрақтар қойып, сүріндірмек болып әрекеттенгенде, Ыдырыс еш нәрседен қаймықпай, ащы шындықты ашық айтып, Голошекиннің өзін айыптап, әшкерелеуден тайсалмайды. Мысал үшін Титовтың Мұстамбаевқа қойған көп сұрағынан бірнешеуін ғана келтіріп, Ыдырыстың берген жауабына көңіл бөлейік.

Титов: — ... Мұстамбаев, сіз біздің ішкі тәртібіміз тура емес деген тұжырымды Қазақстан өмірінің нақты қандай фактілеріне сүйене отырып жасағаныңызды айта алмайсыз ба?

Мұстамбаев: — Ешқандай да оппозицияға байланысты емес, тек ішкі қазақстандық партиялық тәртіп жөнінде айтар болсам, бізде Қазақстанда біржақты басшылық орын алды деп санаймын.

Титов: — Ол неден көрінеді?

Мұстамбаев: — Неден көрінедіңіз қалай? Басшылықта тек белгілі біреулерге ғана сүйеніп, соларды тыңдау, ал қалған қазақ активының, мейлі олардың пікірінде тура ой, мүмкін, шалыс басу болсын, саралап жатпастан қудалау, репрессиялау байқалады. Менің қазіргі түсінігім осындай.

Титов: — Мәселен, сізге де байланысты ма?

Мұстамбаев: — Маған да байланысты, тек маған ғана емес.

Титов: — Тағы кімді, мәселен? Аттарын атамайсыз ба?

Мұстамбаев: — Санап жатпаймын. Осы айтқанымның өзі де жеткілікті, оның туралығына жауап беруге даярмын.

Титов: — Демек, Голошекиннің басшылығы дұрыс емес. Бірақ партия ұйымын басқарып отырған Өлкелік Комитет, Бюро, Пленум ғой.

Мұстамбаев: — Ия, түсінікті. Сіз Өлкелік Комитет бюросы 7-8 адамнан тұрады ғой дегіңіз келеді, оған мен: бұл арифметикалық көрсеткіш қана, ал Өлкелік Комитет дегеніміз шын мәнінде жалғыз Голошекиннен тұрады деймін.

Титов: — Диктатор ма?

Мұстамбаев: — Қалай айтсаңыз да өз еркіңізде. Диктатор болса болар, мүмкін басқалардың бәрін де пікірінен айырып, өз ыркына көндіргені соншалықты — ірі жолдас шығар... Әйтеуір қалай болғанда да менің өз пікірім сондай. Голошекин жолдас бүкіл Өлкелік Комитетті өзі ауыстырып отыр...

Сөйтіп, Ыдырыс өзін айыптамақ болған Бақылау Комиссиясы бастығының көзін бақырайтып қойып, қара жүрек, жүзіқара, зобыр Голощекиннің залымдығын барынша әшке-релеп, оны нағыз диктатор ретінде ашық айыптап, таңбалап береді. (Мұстамбаевты тергеу туралы деректі мағлұмат тарихшы ғалым М.Қойгелдиевтің “Егемен Қазақстан” газетінде 1992 жылы (№ 147–148) жариялаған “Зұлматқа ұрындырған жол” деген мақаласынан алынды. — Қ. М.).

Өшпенділігі онан сайын арта түскен Голощекин Мұстамбаевтың соңына шырақ алып түседі. Ақыр аяғында жалған жала жабылып, Ыдырыс тұтқынға алынады. “... Мұстамбаев признан виновным в том, что он является с одним руководителем антисоветской националистической организаций. Являлся участником политического организационного блока с троцкистами, проводил работу по организации вооруженного восстания против Советской власти” деген жалған жаламен айыпталып, 1933 жылы 4 шілде күні ОГПУ коллегиясының үштігі (тройка) 5 жылға бас еркінен айырады. Сөйтіп, жазықсыз айыпталып, кесілген жаза мерзімін өтеп, тұтқында жүрген Ыдырысты 1937 жылы Алматыға айдап әкеліп, “тұтқында жүргенде де контрреволюциялық жұмысын тоқтатпаған” деген тағы да қасақана жалған жала жауып айыптап, Алматы облыстық УНКВД үштігі сол жылы 15 қараша күні өлім жазасына кесіп, атып өлтіреді.

Ыдырыс Мұстамбаев 34 жасында түрмеге жабылып, бес жыл тұтқында отырып, отыз тоғыз жасында қызыл жеңдеттердің қолынан қаза табады.

Ыдырыс Мұстамбаевтың әдеби мұрасынан, ертеде жарияланған, өзіме таныстарының ішінде қазір қолымда барларын атап өтейін: “Көркем әдебиет туралы” (“Қызыл Қазақстан” журналы, 1927 жыл, № 2), “Біздің таластарымыз” (“Жаңа әдебиет” журналы, 1928 жыл, № 5-6), “Абай” (“Жаңа әдебиет” журналы, 1928 жыл, № 7 және № 8), “Поэт Абай и его философия. Место поэта Абая в истории казахской литературы. По поводу статьи тов. Кабулова” (газет “Советская степь”, № 191, 22 августа 1928 г.), “Джумабаев” и “Девяносто” (“Советская степь”, 1929 г.) т.б.

Сол сияқты, 1927 жылы атаман Анненковтың сотында (Семей) Мұстамбаевтың қоғамдық айыптаушы ретінде, орыс тілінде сойлеген сөзі сақталған.

Мұстамбайұлының аталған еңбектерін зер салып оқысақ, оның нағыз әдебиетші ғалым, терең білімді мәдениет қайраткері скеніне козіміз жетеді.

Енді Ыдырыстың қолымызда бар әдеби мұрасына қысқаша шолу ретінде көңіл аударып көрейік.

“Қызық Қазақстан” журналының 1927 жылғы екінші санында: “Көркем әдебиет туралы (Айтыс ретінде) мақаласы жарияланған. Мақалада көркем әдебиет туралы 20-жылдардағы айтыс мәселесіне көңіл бөле келіп: “... Бізде Белинский, Чернышевский, Добролюбов секілді сыншылар жоқ. Белинский болмағанымен де әркім пікірін айту керек. Пікір таласа келе шындық шығады... Түбінде шын нәрсе шын болып шығады...”

Қазақ елінің көркем әдебиеті қашаннан басталады деген сауалға ел не деп жауап береді екен. Бұл күнге шейін бұл сауал хақында бір жерге тоқталған пікір жоқ...” дей келіп: “Біз қазақтың ұлт әдебиеті Абай заманына басталады деп айтушы жолдастарға қосыламыз. Ал, енді бұл заманда қазақтың ұлт әдебиеті туғандай қазақ ішінде қандай күштер оянды, қазақ елінің шаруашылық тұрмысы, саяси күйі қандай еді деген сауалдар туса, оның өзі бөлек бір мәселе. Әзірге айқындалатын мәселе көркем әдебиетіміз қай уақыттан, кімнен басталады деген сөз ғана болып отыр... Абайдың әдебиетке әсері... мол болды. “Оян, қазақтан”, “Масадан” бастап, соңғы барлық белгілі ақындарымыз үлгіні Абайдан алды” – дейді.

Ыдырыстың әрі көлемді, әрі күрделі мақаласына ерекше арнайы тоқталу керек болады.

Ыдырыс Мұстамбаевтың, бұдан жетпіс жыл бұрын 1928 жылы “Жаңа әдебиет” журналының 5 және 6-сандарында жарияланған: “Біздің таластарымыз. Ақындардың мінездері және Сәбиттің мінездерін деген үлкен мақаласынан үзінділер келтірейік:

“Ақын жырлайды... Ақынның сөзінің сұлулығына, маңызына қарап, ақынның әлеуметшілдік саяси тілегіне қарап, ақынның өлендерінің көпшілік бұқараның мұңына үйлесуіне қарай, жұрт ақынға баға беруші еді. Бұл айтқандардай ақынның қанша дұшпандары болсын... оған бөгет болып жолында тұра алмайды. Ақын өрлей жүре береді, жұрт оны танымай қоймайды...”

Егерде ақындарымыз дүмбілез болса, біраз заман аты аталып жүрсе де, бара-бара жоқ болады. Атағы өшеді. Бұл айтылған екі пікірге мысал келтіру артық шығар.

Ақын өзінің кім екенін, тілегі, мұңы не екенін өзінің сөзінде айтты да қойды. Ақынның жырына қарап, оған бағаны жұрт береді. Ақынға өзін-өзі ақтап жату, өзін-өзі мақтап жату керегі жоқ нәрсе және ылайықсыз. Біреу оған өтірік пәле жауып жатпаса, не аса қисынсыз кінә тағып жатпаса, “мен былай едім, менің асылымды ұқпадыңдар” деп ақынға таласып отыру қисынсыз.

Гоголь, Түргенев, Достоевский, Салтыковтар да өздерінің

көздері тірі отырған күндерде, әркім әр түрлі деп жатқанда, үндемей көбінесе шыдап отырған. Ақырында “тесік маржан жерде қалмас” дегендей, бос сөз далада қалды, бұлардың әрқайсысы әдебиет жүзінде тиісті орнын алды.

Дүние жүзінің әдебиетінің ескі мұраларының біреуі “Фаусты” жазған немістің атақты Гете деген ақыны өлгелі жүз жылдай болса да, “Гамлетті” жазушы Англияның атақты Шекспир дейтін ақыны өлгелі үш жүз жыл болса да, бұлар туралы әлі де талас-тартыс, дау біткен жоқ.

Бұл айтылған әдебиет мұралары 100-300 жылдан бері талай батыр сыншыларды көрген. Бұлар Белинскийді де, Плехановты та, Марксті де, Ленинді де, қала берсе Троцкий мен Воровскийді де көрген”.

Ыдырыс тағы былай дейді: “...Ленин мен Марксты былай қояйық. Плеханов, Мартов, Каутскийлермен қатар, бізге Сократ, Аристотель, Мефистофельге шейін білу керек. Ворошилов, Буденный, Фрунзелермен қатар, бізге Македонский, Цезарьларды білу керек. Крупская, Коллантаймен қатар Клеопатра, Орлеанская деваны білу керек.

Үйрену деген міне қандай болады. Бәрін үйрену керек, бәрін білу керек. Әрине, көргеннің, оқығанның бәріне құл болып, мойын сұнып кетпеу керек... Ақын не ғұрлым білімді болса, сол ғұрлым ақындығы арта береді, сөздері сипатты, мағыналы болады”.

Мұстамбаевтың көркем әдебиет, өнер туралы, жалпы мәдениет жайында жазған мақалаларынан оның жан-жақты терең білімді, үлкен оқымысты, кең ақылды, алғыр ойлы, адамшылығы зор, әділдік, шындық жолынан таймайтын қажырлы, қайсар қайраткер екенін көреміз.

Ыдырыстың, әсіресе, абайтану мәселесіне сіңірген, ешқашан маңызын жоймайтын мол еңбегін, шын мағынасындағы үлкен тарихтық және нағыз ерлік еңбек деп білеміз.

Абайға қарсы арсыздықпен жүргізіліп келе жатқан күрес әрекеті 1928 жылы шегіне жетті. Сол жылы Өлкелік Комитеттің үгіт-насихат бөлімінің бастығы, өзінше “философ” атанып жүрген Ілияс Қабыловтың орыс тілінде “Философия казахского поэта Абая и ее критика” атты Абайды тарих бетінен мүлдем жою мәселесіне арналған мақаласы 1928 жылы 2 август күні “Советская степь” газетінде (Қызылорда) жарияланды. Сол кезде Голошкекин-Кужак басқарып отырған Өлкелік Комитеттен тайсалмай, Абайды қорғап, Қабыловқа қарсы қасқайып шыққан Ыдырыс Мұстамбаев болды.

Ыдырыс Мұстамбаев Қабыловтың мақаласына қарсы “Поэт Абай и его философия. Место поэта Абая в истории казахской литературы. По поводу статьи тов. Кабулова” де-

ген мақала жазып, бұл мақаласы “Советская степь” газетінің 22 август күнгі (1928) санында жарияланады. Ыдырыс мақаласы былай басталады: “Тов. Кабулов свою статью под заголовком “Философия казахского поэта Абая и ее критика” в “Советской степи” (от 2 августа) кончил убийственным для Абая заключением: “Одна из первоочередных задач партийной организации Казахстана на идеологическом фронте состоит в том, чтобы покончить с абаизмом, как с обычным буржуазным хламом. Поэтому в кратчайший срок необходимо мобилизовать все культурные силы партийно-советской общественности Казахстана против учения Абая и его современных единомышленников”.

Воспользовавшись уместно и не уместно всякими философскими изречениями и своими произвольно-схематическими построениями, тов. Кабулов доказывает необходимость одним размахом покончить с Абаем”, — дей келіп: “Как разбивать Абая”, “Философия Абая” және “Литературное наследство Абая” деген мәселеге тоқтап, талдап келіп, өзінің қорытынды пікірін айтады.

— “Мы Абая считаем родоначальником казахской классической литературы, и чтобы отдельно товарищи по поводу этого ни говорили, думаем, что мы не стоим в каком бы то ни было противоречии с марксизмом”.

...“Когда мы говорим, что родоначальником казахской классической литературы является Абай, примерно происходит то же, когда говорят, что отцом русской классической литературы был Пушкин”, дейді Ы. Мұстамбаев.

Ілияс Кабылов пен Ыдырыс Мұстамбаевтың мақалаларын, 1928 жылы “Советская степь” газетінде басылған түпнұсқасы бойынша, 1992 жылы “Абай” журналында (№ 2) жариялаған болатынбыз.

Қуғын-сүргінді көп көріп, сыңаржақ, сотқар, ұрдажық белсенділердің сокқысына ұшырып жүрген ақынды арандату әрекеті 1929 жылы шегіне жете бастаған еді.

Мағжанның “Еңбекші қазақ” газетінде 1927 жылы (№ 189) басылған “Тоқсанның тобы” атты өлеңі сөзден сөз тудырып, пәле-жаланы жаңбырдай жаудырып, ақынның басына қауіп-қатер төндірді. Сондай шетін шақта аяулы ақынды пәле-жаладан арашалап, аман алып қалуға жанын салып, жеке дара шыққан тағы да жалғыз Ыдырыс Мұстамбаев болды.

Ыдырыс орыс тілінде: “Джумабаев и “Двенадцать” (В порядке постановки вопроса)” атты мақала жазып, “Советская степь” газетінде 1929 жылы 24 мамыр күнгі санында жариялады.

Мақаласын: “Одно литературное и, отчасти, политическое событие не нашло в нашей краевой европейской печати нужного отражения.

Речь идет о стихотворении Джумабаева – “Девяносто”, – деп бастап, одан әрі айта келіп: “Блок тоже написал поэтому “Двенадцать” которую, серьезные критики, несмотря на ее мистическую форму, нашли высокохудожественной вещью и поэмой эпохи. Стихотворение “Девяносто” в этом смысле составляет тоже интересный документ, – деп бір түйеді де, – Художник может идейно воспринять новое движение, может осознать превосходство чуждого ему класса. Но стать певцом и творцом новых художественных образов он не сможет, если новая идея не превратится в его плоть и кровь. Голая идея не составляет никакой силы для поэта. Поэт может пережить кризис. Поэты болезненнее других освобождаются от своего миропонимания и иллюзий, они глубже других переживают и воспринимают борьбу и идею. В этом, нам кажется, причина того, что Джумабаев теперь за два года написал всего лишь два стихотворения и молчит”, – дейді. Нағыз ақынның өзіне тән мінезін, қадір-қасиетін терең түсінетін Ыдырыс Мағжанның жан сырын дәл сипаттап береді.

Сөйтіп, өзінің ой-пікірін қорыта келіп: “...Нашей общности необходимо критически проработать и пользоваться творчеством Джумабаева, т.к. там она найдет много художественного, исторически интересного и поучительного...”, – дейді кеменгер Ыдырыс. Бірақ, Мұстамбаевтың Мағжанды пәле-жала, қауіп-қатерден арашалап, аман алып калуды көздеп жазған мақаласы мақсатына жете алмады. Мақала жарияланған соң (24 мамыр), он үш күннен кейін, 6 маусым күні Мағжан тұтқынға алынды.

Ыдырыстың кең көлемді, терең мағыналы, ешқашан маңызы жойылмайтын бұл мақаласы өз алдына арнайы сөз қозғауды қажет етеді. Мақаланы 1929 жылғы басылымы бойынша, “Абай” журналының 1992 жылғы 4-санында жариялағанбыз.

Сегіз қырлы, бір сырлы қайраткер, тарихи ірі тұлға, Ыдырыс Мұстамбайұлының басынан кешкен барлық өмір кезеңдерін, әрі кезде атқарған қызметін, саяси әлеуметтік, мемлекеттік мәселелерге байланысты ой-пікірін сөйлеген сөздерін жүйелі түрде жинап, зерттеп баспаға әзірлеу; әдеби сын мақалаларын, кезінде жарық көрген барлық әдеби мұрасын жинақтап, жеке кітап ретінде бастыру қажет. Бұл айтылғандар тарихи және мәдени маңызын жоймайтын мұра, жас ұрпақ үшін үлгі, өшпес өнеге.

Ардақты азаматтың атын тарихта қалдыру ісіне арналатын шаралар — туған-өскен жерінде ескерткіш орнату, Семей және Астана қаласының көшелеріне Ыдырыс Мұстамбаевтың атын беру сияқты шаралар Қазақстан мемлекеті тарапынан жүзеге асырылады деп кәміл сенеміз.

Ыдырыстың әкесі Мұстамбай да, және өзі де менің әкеммен ертеден жақсы таныс, сыйлас, ағайын адамдар еді. Үнемі қарым-қатынас жасап тұрушы еді. Мен Ыдырысты он-онбір жасымнан бастап көріп, біле бастадым. 1927 жылы атаман Анненковтың сотында қоғамдық айыптаушы ретіне сөйлегенін жақсы білемін. Ыдырыстың Семейде қала жұртшылығының алдында сөйлеген сөздерін (лекциясын) қызыға тыңдағаным бар.

1931 жылы колхоз жастар мектебінде оқып жүрген кезімде, қыс айы болатын, Ыдырыс аға мені үйіне шақыртып алып, араб әрпімен жазылған үлкен қолжазбаны маған көрсетіп: “Қане, оқып көрші”, — деді. Бөгелместен зуылдатып бір бетін оқып шықтым.

— Жарайсың, жігітім. Ал, енді осы мол қолжазбаны латын әрпіне көшіріп беруге қалай қарайсың? — деді. “Жарайды, аға” — дедім де, қолжазбаны алып қайтып, күн-түн демей отырып, жиырма шакты күнде көшіріп шығып, Ыдырыс ағаға бердім. Жазуы анық, маржандай тізілген әдемі еді. Қолжазбаның мазмұн-мағынасына мән беруге де мұршам келмей, тек жақсылап жазып, жедел көшірумен болдым.

Көшірмені жүгіртіп қарап шықты да қатты риза болып, қолымды қысып, күшағына алып, үлкен рахмет айтты. Мен кетуге айнала бергенімде: “Кішкене аялдай тұр”, — деді де ақша ұсынды. Қатты қысылдым.

— Жок, аға, ақша алмаймын, — деп азарда-безер болғаныма қарамастан: “Олай болмайды. Бұл — сенің еңбегің. Бұндай еңбекке қаламақы “гонорар” деген беріледі...” деп көндірді. Сөйтіп, тұңғыш қаламақыны абзал аға Ыдырыстың қолынан алған едім. Ардақты асыл ағаның жарқын бейнесі қазір де көңіл көзімде.

Ыдырыс Мұстамбаевтың жарық дүниеге келгеніне 100 жыл толған күнін зор құрметпен, ізгі көңілмен еске алып, аруағының алдына басымызды иеміз!

Қайым Мұхамедханов туралы лебiздер мен естелiктер

“...Он провел огромную работу по сбору биографических данных, а также по сбору и публикации большого количества забытых, исчезавших трудов поэтов абаевской поры. Мухамедханов встал на наиболее правильный путь при определении круга творческих личностей, составляющих поэтов абаевского окружения.

...Қаюм Мухамедханов проработал над этим исследованием серьезно, честно в течение двенадцати лет и сегодня показал перед членами Ученого совета, что он, безусловно, серьезный научный работник, талантливый и старательный исследователь.

Много новых мыслей и выводов автора могут быть использованы в последующих трудах всеми исследователями наследия Абая и его ближайших восприемников.

Мухамедханов Габдулкаюм внес много ценного в абаеведение, в изучение наследия малоисследованных до сих пор, учеников Абая, а также в изучение ряда исторических поэм и точно также в определение путей и особенностей творчества отдельных современных акынов из Семипалатинской области”.

М. О. Ауэзов

(Из выступления на защите диссертации К. Мухамедханова “Литературная школа Абая”, 7 апреля 1951г.)

* * *

“Иные статьи и очерки оставляют такое впечатление, будто бы между Абаем и Муқановым, Ауэзовым и Токмагамбетовым в казахской письменной литературе не было ни одной по-настоящему значительной фигуры, принадлежавшей к прогрессивному лагерю. А это, в свою очередь, мешает и правильному освещению влияния русской демократической

общественной мысли и русской классической литературы на формирование казахской литературы. Исследование Мухамедханова восполняет этот пробел, и, таким образом, помогает успешному изучению наиболее актуальных проблем литературной критики. Его работы не архивное изыскание, а действенное оружие развивающейся науки”.

*З. С. Кедрина,
профессор*

(О значении диссертации К. Мухамедханова “Литературная школа Абая”.)

* * *

“Работа Каюма Мухамедханова (на казахском языке объемом 318 страниц машинописи и приложения к ней объемом 478 страниц машинописи) является результатом и обобщением длительного и любовного собирания и исследования материала, значительно восполняющего наши представления о литературном процессе конца 19-го начала 20-го века. Из работы Мухамедханова мы узнаем о широком круге талантливых поэтов, музыкантов, сказителей, общавшихся с Абаем, учившихся у него, следовавших его указаниям. Таким образом, в истории казахской литературы XIX века вырисовывается направление ближайших последователей Абая, вслед за которым идут дальнейшие преемники традиций великого поэта”.

*М. С. Сильченко,
академик АН КазССР*

(Из отзыва о диссертации К. Мухамедханова “Поэты абаевской поры”.)

* * *

“Обстоятельным вкладом в абаеведение является оригинальная и содержательная работа К. Мухамедханова “Поэтическая школа Абая” объемом в 32 п.л., в которой удачно сочетается литературоведческое исследование с текстологическими изысканиями. Эта работа Мухамедханова включена в 1-й том “Истории казахской литературы”, изданный Ка-

захским филиалом Академии наук СССР. Мухамедханов проделал большую плодотворную работу, свидетельствующую о его серьезной научной подготовке и разносторонних научных интересах”.

*С.Кенесбаев,
профессор, директор института
казахского языка и литературы
Казахского филиала АН СССР*

*(Из отзыва об исследованиях К.Мухамедханова на тему
“Поэтическая школа Абая”, 10 декабря 1945г.)*

* * *

“...Как было установлено литературоведом К.Мухамедхановым, целый ряд образцов прикладного искусства казахов был передан музею через Н.Долгополова Абаем Кунанбаевым, что документально засвидетельствовано в описях коллекции музея”.

*Л.М.Ауэзова,
доктор исторических наук*

*(Из монографии “Исторические основы эпопеи “Путь Абая”,
стр. 300 – изд. “Наука”, Алма-Ата, 1969г.)*

* * *

“Бүкіл ғұмырын Абай әлемі мен Абай айналасына бағыштаған алтын көпір, асыл ағамыз, алыптар шоғырының көзі тірі куәсі де, кемеңгері де. Сол себептен де ақын ініміз Несіпбек Айтовтың тілімен айтсақ, әрі тарих, әрі музей, әрі шежіре қордалы ойдың ордасы”.

А.Дүйсенбекұлы

(“Семей таңы” газеті, 6 ақпан 1996 ж.)

* * *

“Бұхар жырау мен Мұхтар туралы жазғандарың зор ақылға келеді, ғылым жүзімен жақсы жазған екенің байқалады...

Мен үш том етіп жазған қазақ халқының өнері әлі шық-

қан жоқ. Басқа бір елдің типографиясына бастыру үшін кешігіп жатыр. Сал мен серілер туралы бір кішкене кітап жаздым. О да шықпақшы, кейін атарсың, оларыма да көз саларсың”.

*Әлкей Марғұлан,
академик*

* * *

“Сен Қайымға аға бол, жақсы дос бол, бұл да сенің жарамды серігің болады деген Мұхаң (М.Әуезов) екеуімізді бірінші таныстырғанда. Қандай жас едік сонда біз, қанша жыл өтті содан бері! Біз қартайғанша сөз майданында тынымсыз бірге еңбектеніп, көркемсөз ғылымы жүгін де қатар көтерісіп келеміз.

Мұханды қандай түсінсек, өз арада сондай айқын түсіністік.

Міне, енді қайратты Қайымды да 70-ке жеткізіп отырмыз.

Көп жанрда қатар және жемісті еңбектенген дос қазір атақты әдебиетшілеріміздің біріне айналды.

Мен Мұхамедханов Қайыммен достығымды мақтан тұтынамын”.

Әбділда Тәжібаев

Өз аға туралы бірер сөз

1950–1951 оқу жылында мен Семейдің педагогикалық институтының тарих-филология факультетінің бірінші курсына оқып жүргенмін. Оқу жылының бірінші жартысы да өте шықты. Екінші семестрге де аяқ бастық. Бұл семестрде пәндер де, мұғалімдер де жаңара бастады.

Ол кезде педагогикалық институт қазіргі Абай даңғылының бойындағы екі қабатты шағын ғимаратты ғана мекендейтін және қаладағы жалғыз жоғары оқу орны еді. Содан да болар, біздің оқу орнымыз былайғы жұртқа үлкен де айдыңды көрінетін. Институтта ол кезде ғалымдар жағы шағын, саусақпен санарлықтай ғана аз болатын. Содан болар, олар студенттерге елден ерекше, шоқтығы биік көрініп тұратын.

Бір күні студенттер арасында жас ғалым Қайым Мұхамедхановтың лекциясы болады екен деген сөз тарайды. Алайда, біздің топта ол кісі туралы одан өзге дәйекті мағлұмат болмады.

Сөйтіп жүргенде Көкеңнің лекциясын тыңдайтын да күн гуды. Сәуір айының қай жаңасы екені анық есімде қалмапты, әйтеуір, ортасынан ауа бере екені анық есімде, есік ашылып, біздің топ отырған аудиторияға Көкеңнің кіріп келмесі бар ма. Қолында біздің топтың журналы ғана. Байсалды, байыпты көрікті жігіт. Бізбен танысқан соң лекциясын бастап кетті. Бұл лекцияның жалпы бағыты “Абайдың әдеби мектебі” екен.

Бөлме шінен шыбынның ызыңы естілерлік. Лектор өте шабытты, сөзінде бір кідіріс, мүдіріс жоқ. Қоңыр дауысы жағымды естіледі. Үнінде бөтен бір жарықшақ болсайшы. Айтқандары кітаптан оқып тұрғандай жатық естіледі. Тіпті, үтір, ноқатына дейін бөлектеніп, нотаға түскен келісті музыка үніндей әсер береді. Басқалардай көзі үйдің қабырғасын, терезе, гәбелерді қыдырып кетпейді, әр студентке тіке, арнайы айтып, жауаптасып тұрғандай. Өзіне тартып алып, тіпті тырп еткізбей арбап тастайтындай. Әлде маған солай көрінді ме, әлде шынында да солай болды ма, назары студенттерді аралап келіп, маған ұзақ кідіретіндей. Тіпті, лекциясын тек маған арнап оқытындай ма, қалай?! Кеше ғана сыртынан көріп, “Осы кісі бізді неге оқытпайды екен?” деген ойым бүгін жүзеге

асып, маған карап төгіле, көсіле сөйлеп тұрғанын көріп, өңім бе, түсім бе деп те қалатындаймын. Мен де өзінен көз алмай, оның айтқандарын дәптеріме жазып алуға тырысамын.

Мен туып-өскен өлкеде Абайдың өзі болған. Ол кісіні жас кезінде көргендерді де кезіктірдім. Олар сол көргендерін жастарға әңгіме-жыр етіп айтатын. Ойын-сауықта үнемі Абай әндері шырқалатын. Ұлы Мұхтар Әуезовтың “Абай жолы” эпопеясымен де таныспыз. Бізге “бұл лекцияның не жаңалығы болар екен?” деп ойлап үлгергенім сол еді, лектордың аузын ашқаны мұң екен, әлгі ойымның қайда кеткенін өзім де білмей қалдым.

Енді біз Абайды басқа қырынан, бір өзі бір мектеп, жан-жағын қоршаған өңкей өнерлі топтың ортасында отырған ақылгөй, дана данышпан ретінде тани бастадық. Сол ортада отырып, ақбоз аттай аңқылдап, топ алдында сөйлеп отырған данышпан ақынның бейнесі көз алдымызға келіп, түйдек-түйдек поэзия үзінділерінен мейіріміз қанып, елтіп, тыңдай бергіміз, ести бергіміз келеді. Тіпті, “үзілістің де ертерек берілгені-ай” деп өкінетінімізді қайтерсіз.

Абай бойына дарыған нәр, даналық парасаты басқа жұрт меңіреу дала деп жүрген жерге қалай келді? Көкең бізге солардың сырын ақтарды. Сол далада отырып-ақ Абай орыс әдебиеті өкілдерінің туындылары арқылы, бүкіл дүние жүзі мәдениетімен байланысып нәр алғанын ұғындырады. Мәселен: Белинский, Пушкин поэзиясын зерттеу арқылы өнердегі реалистік-эстетикалық қағидаларын жасаса, бүкіл орыс әдебиетінің тарихын, даму жолдарын Абай содан ұғып, білуімен зор әдеби мектептен өткенін тәптіштей айтады. Абай Лермонтовты ерекше бағалап, оның отты лирикасын өз поэзиясында жүрек сырына жалғастырады. Абайдың Крыловты аударуы – орыс әдебиетінің дамуындағы жаңа бағыттың негізін терең түсінгендігі. Гоголь бастаған әдебиеттегі “Натуралистік мектеп” деп атаған Белинскийдің пікірін Абай терең ұғып, қабылдап, қазақ әдебиетінде сыншыл реализмді енгізіп, дамытқанын осы кісіден естідік. Абайдың Чернышевский, Добролюбов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов шығармаларынан нәр алғанын, сол арқылы өзінің ақын шәкірттері Көкбай, Әріп, Әсет, Ақылбай, Мағауия, Кәкпайды және басқаларды үйрете отырып, қазақ әдебиетінде жаңа, тың өнерді бастағанын тағы да Көкең бізге жырдай ғып жеткізетін.

...Күндердің бір күнінде Кәкен бізге лекция оқуға келмеді. Себебін ешкім білмеді. Білгендер айтпады. Сөйтіп, біз таңдайымыз тақ ете түскендей, тамсанып қала бердік.

Кейін білсек, ол кісінің айыбы: “Абайдың әдеби мектебі” диссертациясы екен. Сөйтіп, сүйікті ұстазымыз әміршіл, әкімшіл, тоталитарлық жүйенің әсіре идеологияландырылған саясатының құрбаны болып кете барыпты.

Содан бірнеше жыл өткенде, 1957 жылдың 28 қыркүйегінде Мұхтар Әуезовтың 60 жылдық мерейтойы басталды. Мұхаң туған өлкесі Семейге келді. Сонда Кәкенді сол кісінің жанында жүрген адамдардың арасынан көрдім.

Мен Кәкеңмен одан кейін әртүрлі жағдайларда кездесіп жүрдім. Мерейтойларына да қатынастым. Баяндамаларын да сан тындадым. Бір карағанда, ол кісіні бұрын білмейтіндерге еш өзгеріс болмағандай көрінуі мүмкін. Сол бір, бізге лекция оқитын елу бірінші жылдың көктеміндегі Кәкенді мына Кәкеңмен қалайда теңестіре алмадым. Сыртқы бейнесін айтам.

Қуғын-сүргін көрмеген адамға ол жай-күй түсінікті емес...

*Ержан Сағындықов,
профессор*

(“Семей таңы” газеті, 16 қаңтар 1996 ж.)

Абайтанудың асқан білгірі

Есімі республикаға кенінен танымал әдебиет зерттеудің сұңғыласы, ақын әрі сыншы, Ұлы Отан соғысының ардагері, СССР және Қазақ ССР оқу ағарту ісінің үздігі, СССР Жазушылар одағының мүшесі, Қазақ ССР тұңғыш гимнінің авторы Қайым (Ғабдұлқайым) Мұхамедханов жетпіс жасқа толып отыр. Жетпіс адам өмірінің жеті белесі ғой.

Сол белестерге демікпей еркін шыққан Қайым ағаның алдында әлі талай биіктердің тұрғаны анық. Биікке өрмелеуге елдің көбінің жүрегі дауаламайды. Оған сан қырлы талант пен батылдық керек. Ал Кәкеңде мұндай қасиеттер баршылық. Ол ойындағысын бүкпей айтатын тура мінезді, жастардың қамқоршысы, қазақ әдебиеті мен тілінің нағыз жанашыры.

Ғұлама ғалым ретінде Кәкеннің қалам тербеменен тақырыбы кемде-кем шығар. Әйтсе де барлық тақырыптарының алтын арқауы Абайтану десек ағаттық болмас. Оның “Абай шығармаларының текстологиясы” аталатын монографиялық еңбегі сонау 1959 жылы жарық көрген. Содан бері қанша уақыт өтсе де Абайтану іліміне дәл сондай сүбелі еңбек қосылған жоқ. Кез-келген зерттеуші ол монографияға соқпай өте алмайды.

“Абайдың ақындық мектебін” сұңғыла ғалымның қаламынан туған екінші кесек перзент дер едік. Онда ұлы Абайдың өскен ортасы, төңірегіндегі шәкірттері түгел қамтылған. Сол бағытын берік ұстанған ардагер ағамыз әлі күнге талмай ізленумен келеді. Мұны дәлелдеу үшін Әріп, Көкбай, Мұқа, Уәйіс, Сәдір ақындар туралы кейінгі жылдары жазғандарын мысалға келтірсек болғаны. “Алтынды шыққан жерден қаз” дейді ғой халық мақалы. Абайтану тұрғысынан алғанда Кәкен сол “самородный сары алтынды” кесек-кесегімен омырып жүрген кісі. Бұл саланың республикамыздағы асқан білгірі, жұрттың бәрін мойындатқан дара жүйрік.

Алайда, Кәкеннің талантын Абайтанумен ғана шектесек тақиясына тар келген болар еді. Ғалымның даламыздағы революцияның көрнекті өкілдері туралы жазғандары да кезінде оқырман қауымнан жоғары бағасын алған.

Мен Қайым ағаны тонның ішкі бауындай айрықша жақын тұтамын. Себебі поэзияға алғаш тұсауымды кескен осы

кісі. Көкең сонау 1947 жылдары Қазақстан жазушылар одағының Семейдегі облыстық бөлімшесін басқаратын. Сол кісінің түзетуі, ақыл-кеңесі арқылы тұңғыш өлеңдерім бұрынғы “Екпінді” (қазіргі “Семей таңы”) газетінде басылып шықты. Көкеңнің берген жолдамасы арқылы 1942 жылдың жазында Төлеу Көбдіков, Сапарғали Әлімбетов секілді халық ақындарымен бірге екі-үш ауданды аралап кайттым. Бұл сапар мен үшін ақындық өнердің алғашқы бастауыш мектебіндей болды. 1919 жылы Анненков жеңдеттеріне қарсылық көрсеткен қаһарман қыз Білісай Байғаранова, әйгілі партизан Смағұл Бағадаев Көкеңнің пьесасына негізгі кейпкер болып енді. Жерлесіміз, Көкпекті аудандық “Үлгілі малшы” (1932 жыл) газетіне алғаш қол қоюшы редакторлардың біреуі Тұрлыхан Қасенов туралы көлемді мақала жазды. Сол үшін Қайым ағаны айрықша жақсы көремін. Жалғыз мен бе екем Көкең талантына бас июші! Жүздеп, мындап табылады. Оның, әсіресе, Қазақ совет энциклопедиясының 12 томындағы жіберілген жансақтықтар мен кемшіліктерді бұлтартпас фактілермен дәл тауып жазған көлемді мақалалары кімді болмасын сүйсінтпей қоймайды. Ал Бұхар жырау жайында жазылған тың деректі зерттеу мақаласының 1982 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің жыл қорытындысындағы жүлдесіне ие болғанын бәріміз білеміз.

Жұрттың көбі Қайым ағаны тек ғалым-сыншы ретінде танып жүр. Шынында ол төгілмелі ақын да. Бұл салаға онша бой ұрмағаны болмаса таланты ешкімнен кем еместін. Мәселен, ол кісінің партия және мемлекет қайраткері Ждановтың өліміне арнаған “Бұл хабардан кетті айналып ғазиз бас, қара көзден ырғып түсті ыстық жас” немесе майдан көрінісіне арналған “Дүм қарағай қоғаша жапырылып, сұлатып көк танктер өтеді аттап” деген әсерлі жолдары әлі күнге жадымызда сақтаулы.

— Қарт Төлеу, Нұрлыбек пен Тәнірберген; Өлеңнен Сапарғали өрім өрген. — Бұл жолдар Көкеңнің “Семей ақындары” атты өлеңінен алынып отыр. Өлеңде сол кездегі облыстың тарлан ақындарының бас-басына мінездеме берілген. Кезінде бұл өлеңді жаттап өскенбіз. Сондай-ақ оның “Жылқышы” поэмасы да көпшіліктің көңілінде.

Мұхтар Әуезовтың әр лекциясын аудиторияның құмары қанбай тыңдайтыны туралы Әзілхан Нұршайықов сынды

белгілі қаламгерлердің жазғандарын оқып жүрміз. Семей педагогикалық институтында оқып, дәріс алғандардың барлығы дәл осындай бағаны Қайым ағайға да береді. Басқа облыс, басқа аудандарды айтпағанда, біздің Көкпекті өңірінің өзінен оның лекциясын тыңдаған бұрынғы студенттер ондап кездеседі. Солардың екеуі бүгінде аудандық “Жұлдыз” газетінде істеп жүр. Көкеннің терең мағыналы, мол деректі лекцияларын солардың бәрі әлі күнге аузынан тастамайды. Ғалымнан дәріс тындамасам да, бұл пікірге толығынан қосыламын. Қосылып қана қоймай, әр мақаласын іздеп жүріп оқып, газет қиындыларын архивімде сақтаймын. Себебі, ол кісінің әр мақаласы өз алдына жатқан бір энциклопедия.

Сөз соңында ардагер ағаны мүшелді тойымен құттықтай отырып, “Тарих үшін, болашақ ұрпақ үшін кеудеңіздегі шалқар қазынаны жомарттықпен төге беріңіз!” демекпін.

*Қалихан Алтынбаев,
журналист*

*Семей облысы, Көкпекті ауданы,
“Жұлдыз” газеті, 11 қаңтар 1986 ж.*

Ұстаз өркені

1936 жылдың қыркүйегінде қазақ педтехникумының бірінші курсына түстім. Сол жылы Жаңасемейдегі жетіжылдық қазақ мектебін бітіргенмін. Мектеп жанында жатақханасы болғандықтан ауылдан оқу іздеп келген жастардың көбі-ақ мұндай басы-арқасы кең жерге орналасуға тырысатын. Жатақханада жатып оқуға дағдыланған маған қазақтың педтехникумында оқу алғашқы күннен-ақ ауыр тиді. Осындай делсалдықпен жүрген кезімде “Семейдің өзінен орта мектеп ашылды” деген жақсы лақап ду етіп тарай бастады. Жатақханасының да барлығын білдім. Көп ұзамай мектептің бала қабылдап жатқанын да естідім. Менің ізлегенім де сондай оқу орны болатын. Қазақ педтехникумынан шығып, ол кездегі №11 қазақ орта мектебінің 8-класына келіп орналастым. Жатақханадан да орын берді. Қазіргі Совет және Комсомол көшелерінің бұрышында тұрған үш қабат сары ала үй оқитын мектебіміз, әрі жатын орнымыз болды.

Кластағы оқушылар Ақсу ауданы мен Ұшарал, Павлодар, Өскемен, Қарқаралыдан келгендер еді. Оқушылардың жас шамасы 16 мен 18-дің арасы. Солайша Семей өңірінің ортасында ашылған орта мектептің 26 баласының бірі болып, сабаққа кірістім.

Алғашқы күндерде қазақ әдебиетінен бір татар әйелі беріп жүрген еді. Қазан айының орта шенінде:

— Бүгін сендерге басқа мұғалім береді, — деген мектептегі оқу ісі меңгерушісінің хабарламасын естідік. Ол жылдар Семейде институт бітірген адамдар некен-саяқ. Арнаулы мамандығы жоқ адамдар да сабақ бере беретін кез. Мұғалімдердің жиі ауысатыны бізді таңдандыра қоймайды. Әйтеуір, сағат бос өтпесе екен дейтін бәрімізде де ниет бар. Білімге ынтызарлық қай-қайсымызды болса да, қолымызға сирек түсетін кітаптарға үңілетін уақыт, қазақша оқу құралдары жоқ. Үнемі конспект жазумен боламыз. Бірен-саран кездесетін кітаптар — өлең мен әңгімелер жинағы қолдан қолға зыр жүгіретін еді. Үшінші сабақ қазақ әдебиеті болатын. Қоңырау соғылысымен жаңадан келетін оқытушыны тосып, орын-орнымызға жайғастық.

Үнсіздікпен қанша уақыт өткенін білмеймін, есік ашыла

берген кезде-ақ сатыр-сұтыр орнымыздан тұрып үлгердік. Сол қолына класс журналымен бірге бүктемелі портфель ұстаған орта бойлы келген жылы жүзді ақ сары жігіт келіп кірді. Байсалды ажарына орай жүрісі де салмақты, жайлап басып кеп мұғалімдер отырып жүрген үстелдің жанына кеп тоқтады.

– Амансыңдар ма?

Біз мұндайлық жылы шырайлы кездесуге үйренбегендіктен бәріміз ілгерінді-кейінді жапырласа үн қаттық.

Осыдан соң ғана ол қолындағыларын үстел үстіне қойып, бәрімізге түс тоқтата класс бөлмесін көзімен сүзіп шықты.

Біз оның әрбір қозғалысын мұлт жібермей бағып, қадала қарап қалғанбыз. Әдетте кейбір оқытушылардың мұндайлық жүздесуден қысылып тұратындары да кездесуші еді. Бірақ бұл жолғы кездесуіміз олай болған жоқ. Оқытушымыз жиырмадан жаңа ғана асқан жас жігіт екен. Өзін өкшелеп қалған оқушылар алдында бойын кең, байсалды ұстап, ажары салиқалы адаммен кездескенімізді паш еткендей таңдана да, таңырқай да, сүйсіне де қарауымызды әлі тоқтата алғамыз жоқ. Қара шашын милықты келген маңдайының екі шекесіне бөліп тарапты.

Кластағы оқушыларды тегіс шолып болғаннан кейін ғана:

– Шын атым Ғабдұлқайым, әкем аты – Мұхамедхан, – деп өзін таныстырды.

Осыдан кейін ғана орнына отырып, журналдағы тізім бойынша әрбір оқушының қай жерден кеп, қайдан оқығанымен таныса бастады. Әлден соң, кезек маған жетіп:

– Шыңғыстау ауданынанмын, – дедім. Осы бір сөзді естісімен ол маған барлай қарап алып:

– Абай ауылынан болдың ғой, – деді.

Ол кезде Абайды феодализмнің ақыны санап, оның өлеңдерін айтпақ түгіл данышпан атамыздың атын атауға да қорқатынбыз.

Жаңа келген мұғалімнің аузынан мұндай сөз естимін деп ойламаған менің маңдайымнан тер бүрк ете қалды.

Күтпеген жерден тосын қойылған сұрақ оқушылардың назарын енді маған аударып, қысылғандықтан тынысым біткендей боп, жауап беруге батылдығым жетпей қалды. Менің үнсіздігім оқушыларды да әлде қандай бір белгісіз жайдан хабардар еткендей болса керек.

Ол жылдар қазақ әдебиетінің бағдарламасы дегенмен біз таныс емеспіз. Мұғалімнің күнделікті сабақта айтқанымен ғана шектелетінбіз. Қазақтың ақын-жазушыларымен бірге А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов шығармаларын да оқитын едік.

Әлі есімде, сол алғашқы сабағында ол А.С.Пушкиннің “Дубровскийі” туралы әңгіме қозғалды. Повестің қысқаша мазмұнын айтып шықты да, ұлы орыс ақыны А.С.Пушкиннің Дубровский бейнесі арқылы өмірге көзқарасын сөз ете келіп, оны қазақ халқының тарихымен байланыстырып кетті. А.С.Пушкинді қазақ халқының Абай арқылы ерте білгенін сөз ете келіп, “Евгений Онегин” романына ойысты. Абай аударған А.С.Пушкин өлеңдеріне тоқталып, М.Ю.Лермонтов пен И.А.Крыловқа да соқты. Жап-жас жігіттің сөйлеу мәнері қайран қалдырды. Әлі бізге мағлұм емес көп жайлар түсінікті де орамды мағыналар тауып, көл-көсір әңгіме қозғалып, ойынды алысқа мезгете берді. Жас шамаларымыз ересек болғандықтан ба, жоқ әлде әңгіменің қызғылықтылығы ма, әйтеуір сабақ үстінде мүлгіген тыныштық қана тұнып тұрды. Абай туралы алғаш рет көл-көсір әңгімені осы сабақ үстінде естумен болдық.

Бір кезде мұғалім маған бұрылып:

— Сенің Абайға жақындастығың қандай, руыңды айтшы?
— деді.

Орнымнан қалай атып тұрғанымды да білмеймін, сасқалақтап:

— Құндызды деген жерденмін, — дегенімде ол:

— Туысың алыс болмады ғой онда, — деп қалды.

Алғашқыдан әрмен қысылдым. Бірақ мұғалімнің өзі Абай жайлы бір сағат сөйлеген соң, бір себептен іштей қуанышты да едім. Қоңырау соғылды да, ол есен-саулық тілеген ишарат жасап, кластан шығып кетті. Осы кезде ғана біз бір-бірімізді енді көргендей күлімдесе қарасып, таңырқай да, таңдана да бас шайқастық. Басқа мұғалімдердің сабағында жиі болып жүрген қыбыр-сыбыр бұл сағатта сезілген де жоқ. Тынысты тарта әңгімеге құлақ түрген біздер енді-енді сөзге келдік.

Үзіліске шықпадық. Класс болып жаңа ғана айтылған әңгімелерді қайта жалғастырдық та, гу-гу сөз ұлғая түсті. Әскер қатарына шақырылып жүрген ақсулық Танатов дейтін жігіт әзіл-шынын араластырып маған:

– Сен өзің ата-тегіңді жасырып жүр екенсің-ау, – деді.

Қазіргі педагогика институтының үйінде сол жылы мұғалімдер дайындайтын курс жұмыс істей бастады да, соның негізінде екі жылдық мұғалімдер институты ашылған-ды. Қайым алғашқы кезде бізге сабақ беруге келіскенмен, кейін осы институтқа түскен, ол өзінің уақытын сабақ беріп, ақша табудан гөрі білім алуға жұмсағысы келгенін білдік. Жата-жастана Мұхамедхановтың Семей интеллигентінің ортасында атағы шығыңқырап қалған ақын екенін де ести бастадым.

Осыдан кейін-ақ Қайыммен таныс болып, жақын жүру, пікірлесу мені қызықтыра берді. Ара-тұра “Екпінді” газетінің редакциясында өтетін әдебиет кештерінде кездесе жүріп, ендігі жерде білісуіміз аға мен іні арасындағы байланысқа қарай ауыса бастады.

1937–1938 және 1939–1940 оқу жылдарында Қайым бізге сабақ бере жүріп, әдебиетке бейім жастарды бауырына тартып, ұстаздық жолмен де, ағалық жөнімен де көпті үйретті.

1938 жылдың қысында мұғалімдер институтының шақыруымен әдебиет факультетіне лекция оқу үшін жазушы Сәбит Мұқанов пен сыншы Есмағамбет Ысмайыловтар келіп, Семейде бір-бір айдан болып қайтқан-ды.

Біздің мектептегі кездесуде “Майбұлақтан-Мәскеуге” дейтін Жамбылға арналған поэмасын оқыған Сәбит Мұқанов: – Орталарыңда Қайым Мұхамедхановтай өресі биік ұстаздарың бар екен. Тек оның шәкірті бола біліңдер, – деді бізге. Асырып айтқандығым емес, мен әдебиетке құмарлықты Қайым Мұхамедхановтың мектепте берген сабақтарының әсерінен алдым.

Қайым мұғалімнің сабағы болатын сағатты біз асыға күтетінбіз. Оның басты себебі, сабақ көлемінде ғана қалып қоймай, тынысы кең тақырып оқиғаларының байлығымен өзіне тартып отыратын. Тоғызыншы және оныншы кластарда біз оған, ол бізге әбден бауыр басып алыстық. Қайым басқа мұғалімдердей күнде сабақ сұрай бермейтін. Ол да біздің білімге ұмтылысымызды біліп, үнемі соны пікірге қарай сабағын бейімдеуге тырысатын. Оқу құралымыз болмаса да Қайымның сабағын класс болып тек “жақсы”, “өте жақсыға” ғана үлгеретінбіз.

Оқытушының кең тынысты сабағы біздің өз бетімізбен әзірлік жасап, ізденуімізге де бағыт беретін. Баршаға мәлім, 1937 жылдан кейін Абайды танудың жаңа дәуірі басталды да, Қайымның сабақтарында Абай басты тұлға, алтын дінгек есебінде уағыздалды. Бір орайы келгенде ең алғашқы сабағында Абайды не себептен көбірек айтып, А.С.Пушкинмен байланыстыра сөйлегенін сұрағанымызда:

— Ол менің өз түсінігім ғой, — деп қана сараң жауап қайтарды.

Сол отызыншы жылдардың өзінде-ақ Қайым Семей өңірінде қазақ әдебиетін жетік білетін бірден бір адам болып көзге түсті. Тек қазақ әдебиетінің ғана білгірі емес, орыс әдебиетін де жақсы білетін озық ойлы қазақ интеллигентінің бірі болып, білімнің биік тұғырына көтерілді. Семейге келген Всеволод Ивановтан бастап, барлық орыс жазушылары да онымен кездеспей қойған жоқ. Татар, башқұрт, әзербайжан сияқты халықтар әдебиетінің таңдаулы өкілдерінің шығармаларынан да кең мағлұматты біз Қайымнан алдық. Мұхтар Әуезовтей ұлы жазушымен оның достығы бізге ерекше әсер етті. Біз бағдарлама бойынша өтетін Советтік Қазақстанның ақын-жазушыларымен Қайымның тікелей араластығы оның сабағының ерекше мәнді болып өтуіне ықпал жасамай қойған емес. Тіпті мектепте жүргеннің өзінде-ақ Қайымша сөз сөйлеуге, мәдениетті жүріп-тұруға тырыскандарымыз аз болған жоқ. Бәріміз де әдебиетші-ұстаз, әрі ақын болуға үмтылып бағыстық. Қайым басқаратын әдебиет үйірмесіне жиналғандарға отыратын орын жетпейтін. Кейде басқа техникумдардағы қазақ жігіттері де қатысушы еді.

1942 жылдың күзінде соғыстан ауыр жарақаттанып елге оралғанымда Қайым пединститутта сабақ береді екен. Менің институтқа түсуіме көмек жасады да, өзінің әдебиеттен оқитын лекцияларын үзбей тыңдауға кенес етті.

Екі балдакпен жүрген соң көп жағдайларда сабақ босатынмын. Сол кездерде ол менің өзіме уақытын бөліп, жеке-леп лекция оқып та жүрді.

Қ. Мұхамедхановтың лекциясын институт аудиториясында тыңдаған кезімде мектептегі дәріс алған жылдарым да ойыма оралмай қойған емес. Ол қазақтың ауыз әдебиеті мен Абайтану ғылымының аса жетік маманы болып танылды. Таңдаулы саналатын ғалымдар да Қайыммен есептесетін. Оның лекциясын тыңдаған кезінде өзінді бір биік тұғырға көтерілгендей сезінесің. Қайым студенттердің қойған сұрақтарын келер күнге қалдыратын ұстаз емес, ол-кез келген жерде, кез келген сұраққа мүдірмей, дәлме-дәл жауап беретін энциклопедиялық зор білім иесі. Соғыс жылдарында көшірумен келген Харьков университетінің көптеген ғалымдары мен профессорлары пединститутта лекция оқып, Қайыммен бірге жұмыс істеді. Сонда солардың қай-қайсысы болсын оның ұстаздық, ғалымдық еңбегіне тәнті болушы еді. Профессор Нечаев бірде студенттер алдында:

— Мұхамедханов жолдас Семейдегі қазақ интеллигент-

терінің жұлдызы, — деп әділ баға бергенін естідім. Мұхтар Әуезовке ұстаз болған Игнат Яковлевич Малаховқа орыс әдебиетінен менің де емтихан тапсыруыма тура келген еді.

Бірде ол да Мұхамедханов туралы:

— Орыс әдебиетінен түсінбейтін сұрағын болса, жауап береді. Екі тілді бірдей меңгерген маман адам, — деп жылы лебіз білдіргенін ұмытқан жоқпын.

Мен Алматыға барған сайын Мұхтар ағаның Семейдегілерден сұрайтын бірінші адамы Қайым болушы еді.

— Ол ұстаздарға да ұстаздық етіп жүрген ойлы азамат, — деп сан рет еске алғанының куәсі болдым.

Мен өзім көрген Қайымның ұстаздық жолындағы бір ерекшелігі — оның күнделікті ізденімпаздығы. Бүгінгі лекциясына осы тақырыпта жасайтын басқа лекцияларының ұқсастығын көрген емеспін. Әрқашан да тың деректер мен мағлұматтар жиі ұшырасып отырады.

Қайымның ұстаздық жолындағы тағы бір ерекшелігі оның кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы. Денсаулығыма байланысты институттың мемлекеттік емтиханын күзгі бітірушілермен бірге тапсыруыма тура келді.

Жататын орнымның қолайсыздығын көрген ол мені екі ай бойы үйінде сақтап, институтты бітіріп шығуыма қамқорлық жасады. Оның ұстаздық еткен жылдарында мұндай деректер аз ұшыраспағанын жақсы білемін.

Талай ұстаздардың алдын көрген шығармын. Бірақ солардың бірде-бірі Қайым Мұхамедхановтай ыстық әсер еткен жоқ.

Семейдің пединституты республикамыздағы байырғы оқу орындарының бірі екенін ескерсек, Ертіс өңірінің ұстаз атаулысы Қайымға бір сокпай өтпеген болар.

Ол — өзінің жерлес ұлы ұстаздарының қара шаңырағында табан аудармай ұлан-ғайыр еңбек еткен ұстаз.

*Кәмен Оразалин,
жазушы*

“Семей таны” газеті, 17 қаңтар 1986 ж.

Бірегей тұлға

Кәкең — Алаштың асыл арыстарының, алыптар тобының, өміршең, нұрлы шоғырдың өкiлi. Сүйiктi Отанына орасан зор еңбек сiңiрген, туған халқының қаһармандық рухын жасытпау жолында жанын сала күрескен, табиғи дарын қуатымен ақын болған, ғұламалыққа жеткен адам.

Ақындық сөзiнiң құнарына назар аударайық. Кеңестiк кезеңдегi мемлекеттiк әнұранның алғашқы екi тармағын оқыңыз:

Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған,
Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан.

Мәңгілік өлмес, өшпес қасиеттер жалындап тұр ғой. Осы екi тармақ олардан кейiнгi барша мәжбүрлi саятанаттық марапатқа қарсы, жiгерлi ескерту емес пе?! “Еркіндік, бостандық кепiлдiгi үшiн мың алғыс, ал егер ол бұзылса, ежелгi қайратпен жанқиярлық майданға әрқашан әзiрмiз” дегендi жеткiзбеп пе? Ақыры солай болмады ма, сексен алтыншы жылғы желтоқсанда?

Бұл уақиғаның қайғылы хабарына көп ұзамай-ақ қаныққан шақта Кәкең жаңағы әнұрандағы өзектi ойды ашық өрiске ашына, күйiне шығарудан тартынбады. Мансапқор, қаражүрек сатқындыққа қарғыс-лағнеттi былайша бiлдiрдi:

Қызыл қыршын қазақтың ұл-қыздарын,
Адал жүрек, ар-намыстың құлдарып,
Мәңгi-баки ел есiнен кетер ме,
Сөгiп, соғып, қанып тоғiп, қырғаның!

Түншығарсың шәйттердiң қапына,
Жанталасып, сая таппан жаныңа,
Қара жер де тiпiркенiп, жиренiп,
Жан жоламас өлексеңнiң маңына!

Адам психологиясын, нәзiк сезiмдiк тебiренiстердi ақындық тiл қалайша әсерлi жеткiзетiндiгiне Кәкеннiң таңғажайып аудармасындағы қарама-қарсындық “Сормандай Лизаны” оқысаңыз, тәнтi болмауыңыз мүмкiн емес.

Акын жүрегінен көркемдік ойдың ықпал пәрменділігі мен шебер үйлесімді сөзжұмсауы сай болып, бір-ақ сәтте шыққан мынау шумақ өзі бір дастанға бара-бар екендігіне көңілім кәміл сенеді:

Ат болсаң, түйактының тұлпарысың,
Құс болсаң, қияктының сұңқарысын.
Бұл күнде азып-тозып қаңғып жүрген
Кешегі ер Шәмілдің ұрпағысың!

Азаттық үшін отарлыққа қарсы күрес жүргізіп жатқан шешендіктер жөнінде дәл қазір де осыдан қырық жыл бұрынғы осы сөзді қайталауға болады ғой.

Кәкеннің ұшан-теңіз ғалымдығында неше мәрте ерлік бар екенін есептеу мүмкін емес. Қазақ совет энциклопедиясының он екі томына сыни-деректемелік талдау, Құсайын Файызханов, Ілияс Бораганский туралы әдеби-тарихи зерттеулер, Бұхар жырау мен Үмбетей жырау өмірбаяндары және шығармашылықтары жөніндегі зерттеулер, Абай шығармаларының мәтіні (текстологиясы), Махамбет шығармаларының мәтіні (текстологиясы). Бұлар — ғалымдық еңбектің ең үздік үлгілері, әлемдік гуманитарлық ғылымдағы озық классикалық, іргелі (фундаменталды) зерттеулердің ешқайсысынан бір елі төмендігі жоқ. Көп қырлы, жан-жақты, әмбебап ғалымның осы замандағы өте сирек бейнесін толық танытатын Кәкен — менің пайымдауымда, дүниежүзілік дабысы бар тарихшы В.В.Бартольд, филологияда Науаи, Жәми, Низами шығармашылығы бойынша айрықша оқшау тұлға Е.Э.Бертельс, арабистиканың негізін салушы И.Ю.Крачковский, славист Д.С.Лихачев, түркітанушы В.В.Радлов қатарындағы ғалым.

Бәрін айт та, бірін айт, Кәкеннің нағыз “Адам деген данқы бар” (Абай). Сол қасиетті Адамға құрметпен тағзым етіп, құттықтау сәлемімізді беріп, қолын аламыз:

Алаштың дүр ардагері,
Айбыны зор арыстан-шері,
Мәшһүр ғалым, кемел ақын,
Ұлт перзенті, Елдің ері!

Күллі қазақ Көксілдері,
Ұлы Абайдай кемеңгері,
Ризалықпен жебеп, міне,
Сенгір сексен — келген жері!

Бағыты оң, тура, ілері,
Күндері ашық, тыныш түндері,
Есендікпен алшандасын
Жұрт ұстазы – тәлімгері!

Лайық оған өмір төрі,
Енді алдында ғасыр өрі,
Жүздің өзін жүгендесін,
Жүзеге ассын тілектері!

*Қинаят Шаяхметұлы,
филология ғылымының
докторы, профессор
“Семей таңы” газеті, 16 қаңтар 1996 г*

Ұлы Мұхаң көзінде, Қайым аға!

Қай заманда, қай тарихта, қай халықта болмасын ұлы адамдардың өзі өмірден кеткенмен, оның орнында көзі қалып отырған. Оны халқымыз “Өзі болмаса да көзі бар ғой” деп мәтелдейтін болған.

Тағдыр бізді Мұхтар Әуезовтің өзінен ерте айырғанымен орнында қалған көзінен айырған жоқ. Тұлпардың тұяғындай, сұңқардың қияғындай Қайым аға Мұхамедханов Мұхтар Әуезов есімін суық көздің, суық сөздің сұғынан үнемі қорғап, қоршап, өз оқырмандары мен шәкірттеріне данышпан шығармаларын құрандай жаттатып, қасиет, қадірін үнемі жазып та, жалықпай айтып та келеді.

Бүгін жетпіс бес жастың өріне шығып, қазақ әдебиетінің азғантай ғана шок жұлдызының шоғырында сәуле шашып, тарих, әдебиет танытқыш тарландардың ортасында абыздай әкеміз болып отырған Қайым аға есімі менің өз басыма ең алдымен дәл осы Әуезов есіміне байланысты ерекше қадірлі де, қымбат.

Сонау отызыншы жылдардың орта тұсында қалыптаса бастаған Абайтану ғылымының негізін Мұхтар Омарханұлы Әуезов қалап еді десек, сол кезде жиырма жасқа жаңа келген, уылжыған жап-жас Қайым Мұхамедханов та сол іргетасқа өз қолымен қалаған кірпіштер сом алтындай жарқырап, көзге үнемі түсіп тұрады.

Ұлы Мұхаң Қайым ағадан он тоғыз жастай үлкен еді. Соған қарамастан ерте ержетіп, ерте қанаттанған, зерделі де зейінді, алғыр да отты Қайым інісін қасына баласындай ертіп, тең құрбыдай санап, сырласып, әңгіме дүкен құрысып, дәмдес, дастархандас бола жүрген. Оған себеп Қайым ағаның әкесі Мұхамедхан ақсақал кезінде Семей шаһарындағы көзі ашық, ескіше, жаңаша сауатты, жаңалық атаулыға құлағы түрік, біздің елден шетке шығып, алыс өріс-оқуда жүрген қазақтың жас зиялыларын жан тарта жақсы көріп, халық үшін етер жақсылықтарынан ағалық дәме күтіп, қолынан келгенше жәрдем, көмегін де аямайтын абзал, жомарт жанның бірі болған. Мұхамедхан ақсақал оқуда жүрген Мұхтар Әуезов елге келгенде оны әрдайым үйіне, дәмге шақырып, мәслихат құрған. Қаланың сол кездегі нелер жақсылары мен жайсан-

дары, өнер иелері осы кара-шанырақта бас қосып, сауық-сайран құрған. Ол кезде кішкентай бала Қайым ағамыздың бастауыш класта оқып жүрген кезі болса керек. Ұлы Мұхаң мен Қайым ағаның алғашқы білісіп, танысуы осыдан басталса, кейін келе бұл туыстық, араластықтың арты мәңгі-бақи ажырамас ғылым жолындағы бір арнаға қарай ойысады.

Бұл жөнінде ара-тұра болсын кезінде баспасөз беттерінде Қайым аға өз естеліктерінде шым-шымдап болсын айтып отырғанын білеміз. Сондай бір естелік Мұхаңның “Қаракөз” трагедиясына байланысты. Алматыдан арнаулы театр суретшісін қасына ертіп келген Мұхаң Қайым аға үйінде қона жатып, сандық түбіндегі ұлттық киімдерді алғызып, кигізіп, алматылық суретшіге киім тігудің үлгілерін көрсетеді.

Ұлы Мұхаң мен Қайым арасындағы ұзақ жылдарға созылған достықтың адал жібін ешбір күш үзе алмады. Ғылым, өнер білім әдебиет пен тарих арасындағы қайшы алысқан пікір алмасулар Мұхаң көз жұмып кеткенше жүріп отырған. Бұл екі адамның ұлы достық қасиетін шындай түскен, екеуін бір-біріне ағалы-інідей жақындастырып, “телқоңырдай” табыстырып жіберген — ол данышпан Абай атамыздың өмір жолы мен мәңгі-бақи қайталанбас асыл шығармалары, ұлы адам өмір сүрген дәуірдің қыры-сыры, ақынның замандастары мен шәкірттері, ата мұраны бізге жеткізуші көнекөз қариялар осылардың бәрі қосыла келіп, ұлы Мұхаң мен Қайым ағаның ғұмыр бойы берік ұстанған айнымас зерттеу объектісіне, биік армандарына айналған.

Қайым ағаның Абай текстологиясы жайында жазған күрделі еңбегі күні бүгінге дейін қолымызға ұстап отырған бірден-бір бағдарламалық асыл еңбек. Баршамызға белгілі, Абай атамыздың өз қолжазба өлеңдері сақталмаған. Сондықтан да ақын дүниеден өткен соң ауыл молласы Мүрсейіттің көшіруімен қолдан-қолға тараған қолжазба ғана болған. 1909 жылы Петербургте Бораганский баспаханасынан тұңғыш рет Кәкітайдың алғы сөзімен басылып шыққан Абай өлеңдерінің арасында, сөз текстерінде елеулі айырмашылық, ауытқушылық болған. Кейін келе Абай өлеңдері әр тұста, әр жерде әртүрлі әріптермен басылған сайын мұндай ауытқушылық тіпті азаюдың орнына молая түскен. Осындай Абай поэзиясы текстологиясында бір ізге түспеген қайшылықтарды жойып, ақын сөздерінің саф алтын нұсқасына көленке түсіретін

“бөтен сөзбен былғанған” тұстарын тазартып, анықтауда ғалым үлкен еңбек етті.

Абай айналасын қоршаған Шәкәрім, Көкбай, Әріп, Уәйіс, Мұқа, Әлмағанбет ақынның, балалары Ақылбай мен Мағауия жайындағы Қайым ағаның жариялаған еңбектері ұшан-теңіз. Оны газет бетіндегі шағын мақалада айтып тауысу мүмкін емес. Ғалымның Бұхар жырау, Махамбет жайындағы құнды зерттеу еңбектері кезінде баспасөз бетінде жарияланып, оқырмандар мен сыншы ғалымдар тарапынан зор бағаға ие болған. Қайым ағаның Абай атамыздың әрбір кітабының жарыққа шығуына байланысты пікір айтып, үн қоспай қалған кезі жоқ. Ащы айтса да ақиқатын айтатын алғыр ғалым бұл тұста ешбір адамның беделі мен атағына, лауазымына қараған емес. Осындай үлкен жүйелі сын өрісін ғалым ағамыз Қазақ совет энциклопедиясының он екі томына байланысты жариялаған кең қарымды цикл еңбектері ғылымдық жолдың ерекше бір шоқысы бола алады. Әрі ақын, әрі драматург, әрі жазушы, әрі ғалым Қайым аға қайта құру кезеңінде қанат байлағандай бұрынғыдан да биіктей түсіп, ортамызға қайта оралған бес алыбымыз жайында көлемді ғылыми еңбектерін тарту етті.

Мен Қайым ағаның алдынан дәріс алған, көп шәкірттерінің бірімін. Олай деуге құқым да бар секілді. 1960 жылы онжылдықты бітірген соң Семей педагогика институтының тіл әдебиет факультетіне түсуге емтихан тапсырған күндерім есімде ерекше сақталыпты. Қайым ағаның атақ-даңқын ауылда жүріп көп естіп, құлағыма көп сіңіріп келсем де, институттың оқу корпусында алғаш рет көріп, түстеп, барлап танысам да қасына жақын баруға жарай алмап едім. Жаздың ыстық күніне бейімдеп ақшыл костюм киген, өзі ақсұр жүзді сұлу жігіт ағасы шаққа жетіп қалған ғалымның қырықтан жаңа ғана асып, толысып тұрған бір шағы екен. Бірінші емтихан қазақ әдебиетінен ауызша болды. Емтиханды Қайым аға мен Өжікен Тыныбаева екеуі алды. Құдай дес бергенде білетін билетім келді. Ұстазым Көмен Оразалин бәрімізге екі күннің бірінде жаттатып, қайта-қайта айтқызып сұрай беретін Абай атамыздың “Махаббат лирикасы” атты сұрақтың келе кетпесі бар ма?! Мен жауап беріп отырғанда салқындау отырған Қайым аға қолтығыма қысып алған папкіме назар аударып:

– Әй, сенің анау қолтығыңдағы не? – деп сұрады. Мен өлең жазатынымды айттым. Сол кезде аудандық “Социалистік

мал шаруашылығы” атты газетке шыққан бірнеше өлеңдерімді папкіге сатып алып едім. Ол кісі асықпай ақтарып, қарап отырды. Мен жауап беріп болған соң, екі ұстаз азырақ күңкілдесіп алды да:

— Өте жақсы жауап бердің, — деген алғашқы қуанышты лебіздерін білдірісті. Қуаныштан есім шығып, қайта-қайта рахметімді жаудырып, жөнеле берген маған Қайым аға:

— Сен енді жазбаша шығарманы да жақсы жаз. Оқуға түсіп кетуіңе тілектеспін, — деді.

Бірақ ол кісінің айтқаны келіңкіремеді. Жазбаша шығармадан “төрт” алып қалдым. Ес-ақылым шығып, күнгірт коридорда Қайым ағаны тосып тұр едім. тас баспалдақтан жоғары көтеріліп келеді екен. Көре сала жағдайымды айтып, жалпылдап жатырмын. Ол кісі өзіне тән мінезбен:

— Мм, иә, айта бер! — деп жүре сөйлесіп, қозғалып кетті. Мен шығармадан өзімнің білетін тақырыбымның келгенін, тағы да Абайдың “Махаббат лирикасына” байланысты жазғанымды айтып, сендірмекші болып келемін. Ол кісі мені есік көзіне тұрғызып қойып, өзі әрі, “деканат” деп аталатын бөлмеге өтіп кетті. Біраздан соң мені шақырды. Қолында менің жазған шығармам. Соны парақтап, оқи түсіп тұр екен.

— Еміле қателерің баршылық екен. Бірақ көркемдігі жақсы. Көркем шығармаға көркемдігіне қарап баға қойылуға тиісті, — деді де қолымдағы “экзаменационный лист” деп аталатын қағазды алып, “төрт” деген бағаны сызып “беске” түзетті де, астына “действительно исправлено мною, К.Мухамедханов” деп қол қойып берді...

Студенттік шақтарда Кәкеннің аузынан тыңдаған, оқулықтарда жоқ тың мәліметтер, құнды деректер қаншама десеңізші. Оның бәрін мен әркез қақас қалдырмай жазып алуға тырысып отырдым. Әдебиет тарихынан, теориясынан Қайым ағаның лекциясы өз алдына жеке бір университет болды десем, сол кезде бізбен қатарлас оқыған төл шәкірттері жалған еді дей қоймас.

Бірінші курста оқып жүргенде қолымнан жетелеп, “әдебиетші боламын десең ең алдымен архивтегі материалдармен танысып, үлгеруің керек” деп облыстық архивке ертіп барғаны әлі күнге дейін есімде. Осы 1960 жылы мен алғашқы прозалық шығармаларымның бірі “Гүлшан қыз” атты повесімді Кәкене оқуға бердім. Арада біраз уақыт өткенде қол-

жазбаның төменгі жағына “басын тәп-тәуір бастап, аяғын осылай былықтырып аяқтай ма екен кісі” деген жазуы бар дәптерімді қайтып алдым

Көкең туралы естелік айтуға маған әлі ертерек көрінеді Сондықтан мереке күнгі шәкірттік аз сөзді осымен аяқтап, мына бір төмендегі ұстазыма арналған өлеңнің тағдыры туралы бір-екі ауыз сөз айтсам деймін

Баршаңызға белгілі 1976 жылдың қаңтар айында Қайым ағаның 60 жасқа толған тойы облыс көлемінде салтанатпен атап өтілді Мен ұстазыма арнап өлең жазып, оны салтанатты кездесуде оқып бермекші болғанмен ештеңе шықпады Кезек тимеді Бұл өлеңімді баспасөзге де ұсынып көрдім, басылмады Қазіргідей жариялылық кезі емес, қытымырлау, қазымырлау заман еді ғой ол Сол өлеңімді араға он бес жыл салып, ұстазымның бүгінгі жетпіс бес жылдық мерей тойына тарту етпекпін

Қозғалған еш тоқтаусыз – тірі сынап,
Адамға өмір деген ұты сынақ.
Көп толқын арасынан көрінесің,
Көзіме сонадайдан жылы ұшырап

Танимын мың толқынның арасынан,
Қол беріп көріскенше мен асығам
Басқа емес, Мұхамедханов келе жатыр,
Тоқтамай өте берсін данасынған

Халықтан сізді қалай алыстатар,
Көшеде бас изесіп орыс-татар
– Каюм! – деп қошеметтеп жол береді,
Оралған өз ұтындай алыс сапар

Танимын тұлғасынан, жүрсінен,
Үнінен, киімінен, күлісінен
Маскасыз мінезі бар, міні де бар,
Ұқсату мүмкін емес еш кісіге

Өріне келіп шыққан ұты асудың,
Көкең де сынығы ғой бір асылдың
Айтайық ел алғысын тірсіңде,
Өлген соң керегі не жыласудың

Тұлпардай түсірмейтін қаз мойының,
Арымас алыс сапар аз ғой ұлың

Қиса да алпыс жасқа абыройлы,
Қимайды ет, кәрлікке оз Қайымын

Бұл Кәкең мың жасаитын бәйтеректей,
Беретін ұрпағымен қайта көктей
Кешегі ұлы Мұхаң көзіндеі бір,
Ел де қоймас және еркелетпей

Қырық жыл сабақ алған сабақ берген,
Тарихтан дерек алған, дерек берген
Қырық жыл тасқа салсаң жүзі қайтпай,
Халқының қажетіне жарап келген

Кім екен өз ағаға мін тағатын,
Алпыста алғыр ғалым, ынталы ақын
Жүз жасты жүзімдейін үзіп берсең,
Ол емес, “кәртайдым” деп бұлтаратын

Аға!
Күтіңіз, томдарымды асыздаған,
Әзірше кітапшамды жасындаған
Ұсындым соған қосып жүрегімді,
Жырымды машинкаға басылмаған!

*Мерғали Ибраев,
ақын*

(“Семеи таңы” газеті, 5 қаңтар 1991 ж.)

Өмір бақи Абай деп өткен

Біз бала күнімізден еліміздің әнұранын шырқап өскен ұрпақпыз ғой. Оның сөзін жазған Қайым Мұхамедхановтың есімі сол кезден-ақ баршаға мәлім болатын. Мектеп оқушыларының да білмейтіні кемде-кем еді. Кей-кейде бала көңіл шарқ ұрып:

— Қандай адам екен?

— Өзі Семейде тұрады, біздің жаққа келіп-кетіп жүреді дейді.

— Сонда мектепке бір соқса нетті, — десіп қоюшы едік.

“Жақсыны көрмекке” деген емес пе!

Енді қалай, Советтер Одағының гимнін жазған С.Михалковты мұқым орыс елі тегіс қастер тұтады. Қанша көсем патша ауысса да, авторының алдында бас имейтіні жоқ. Біздің әнұранымыздың онан несі кем? Айта берсең, кей тұсы артық секілді:

Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған,

Бостандық өмір мен ар үшін қиған жан, — деп басталады емес пе? Осынау сөздерде терең мағына да, тасқынды қуат та бар! Ой көзімен қараған қазақтың намысын тұтатып, атой беріп тұрған жоқ па?! О заманда мұндай жалын атқан сөз жазу екінің бірінің қолынан келмейтін.

Келер еді-ау, батылы бармайтын.

Сөйтіп, әнұранның авторын бір көрсек десіп жүргенімізде оның сәті ойда жоқта түсті.

Бұл елуінші жылдардың бас кезі болатын. Қарауылда, Абай орта мектебінде оқып жүрген шағым. Немере ағайым, белгілі жазушы Кәмен Оразалин сол мектепте істейтін, қазақ әдебиетінен сабақ беретін. Интернаттың даң-дамасы мезі етіп жалықтырған күндері сол кісінің үйіне соғып қайтатыным барды.

Бір күні сабақтан кейін сол үйге соқсам, ойда жоқта қонақ кеп, қарбаласып жатыр екен. Анау-мынау емес, аты жұртқа мәшһүр ақын-жазушылар кілең, үй-іші қалай құрақ ұшпасын.

Ағайым ауыз бөлмеге бір шыққанында баскасынан үш қонағын бөліп атады:

— Алматыдан келген Қайнікей Жармағанбетов пен Қасым Аманжолов бар. Бұларды Семейден Қайым Мұхамедханов біздің жаққа әдейі ертіп әкеліпті, — деді.

...Бала болсам да естуім бар, аттарына сырттарынан

қанықпын. Шығармаларын да оқып жүретінмін. Ондай кісілерге қызмет етудің өзі бір ғанибет емес пе? Жең түре кірісіп, қонағын құтуге көмектестім.

Аса қадірлі меймандардың әңгімелерін тыңдап, құлақ құрышымыз қанып, бір үлкен мұратымызға жеткендей болдық.

Сөз кезегі өзіне келген Қайым аға әуелі шығыстың ұлы шайырларын еске алды. Солардың қай-қайсысы да айтайын дегенін жай айтпайды, ой айтады екен. Дәйекті мысалдар келтіріп, осы пікірін діттей түсті.

Енді бір сәт Қайым аға батыстың Гетесі мен Байронына, орыстың Пушкині мен Лермонтовына ойысты. Оларда да жалаң сөз жоқ екен. Жалынды шабыт пен нұрлы ой астасып, жай отындай жарқ етіп, жаныңды шарпып өтеді екен. Көркем шығарма сонысымен ғажайып, сонысымен құдіретті екен. Батыстың да, шығыстың да үздік поэзия үлгісін мұнша жетік біліп, мұнша жүйелеп талдаған кісіні бұрын ешқашан көрген емеспіз. Таң-тамаша қалып, таңдай қағып тыңдадық.

Бүкіл ғаламның көркем ойын бір уысқа сыйғызғандай болып тұрып Қайым аға:

— Абайдың өнеге мектебі. міне, осындай, — деді. Шығыстың ұлы шайырларын Абай бала күнінен оқып білсе, батыстың әлгі данышпандарына ер-жетіп, ақыл тоқтата келе ден қойғанын айтты. Сол себепті Абай шығармалары да “жалын мен оттан жаралып”, “қуаты күшті нұрлы” ой боп құйылды, өлеңдерінде көркемдік кесте мен ой шұрайы сайма-сай шарпысып жатады деген оқшау тұжырым түйді.

Басқаларға қалай әсер еткенін кім білсін, мен үшін бұл өмір-бақи есімнен кетпес ерекше күн болды. Әңгімелерін тағы да тыңдай түссем деп, сенбі күні сабақтан шыға сала Кәмен ағамның үйіне тарттым.

Ол кеште әдебиет пен өнердің қазіргі жеткен өресі қандай, ертеңгі шығар өрісі қайсы деген төңіректе сөз болып жатты. Қайым аға онша құлық қоймады ма, оған бәлен-батыр араласқан жоқ. Аптыға сөйлеп, асыра сілтеп жіберген жастарға арақидік түзету айтқаны болмаса, таза тыңдап отырды.

Бұрын естімеген-білмеген әңгіменің әсері ме, түнімен кірпігім айқаспады. Тек, таңға жақын мызғып кеткен екем, Оразалы атамның:

— Балам, тұра қойшы, — дегенінен ояндым.

Ол кезде Қарауыл іші отар-отар мал шығарып кезекпен өздері бағатын. Қой кезегі сол күні, қас қылғандай бізге келген екен. Қолдарында тұратын, мұндайда кісі іздетпейтін жау тымақ болушы еді. Қонақтардан қашқалақтап, о шіркін әлдеқайда кете қалса керек.

Оразалы атам мені сол үшін оятыпты:

— Азынаулақ аша тұяқты кайырмалап, мені тау етегіне жеткізіп салшы, — деді.

Қарауылы төбеге жеткен соң, атамды жалғыз тастап “тәйт” деп тайып тұра алмадым. О кісі әңгіме бастардай көрініп, соған да қарайлап отырғам. Кенет бізге қарай бет алып келе жатқан жаяу шоғыр көрінді. Көз ұшына іліккенде өзіміздің үйге келіп жатқан қонақтар екенін таныдым.

Шарай тобы шұбырып, тау етегін айналды да, ішінен екі кісі бөлініп төбенің басына өрледі. Қасым және Қайым ағайлар екен. Атамды танып, сәлем беруге бұрылыпты. Ол кісіні сөзге тартып, әңгіме-сұхбат құрып, едәуір кешендеп қайтты.

Олар кеткен соң, Оразалы атам ойға камала қалғандай боп:

— Әлгі екі жігіттің талайын таныдың ба? — деп қойды. — Басқан ізі сара жолдай сайрап жатар-ау. Өзі өлсе де сөзі өлмесін ойлап, жатпай-тұрмай соның қамын жейді-ау, қайран азаматтар.

“Мұны қалай айтты?” деп қайранмын. Арнайы кеп сәлем бергеніне сүйініш пе? Жоқ, атамды білемін ғой, ол үшін бүйтіп ықыласы құлай салмасы мәлім. Біздің ауыл бұл кісіні уәлі ауыз санайтын, айтқаны айдай келеді деуші еді. Солай сөйлеген іспетті.

Арада бір жыл өткенде мектеп бітіріп, Алматыға бардым. Университеттің журналистика факультетіне түскем. “Көрсем, танысам, білсем” деп құлағым түрік жүретін кезім. Семейден Қайым аға келгенін, Абай тақырыбында диссертация қорғайтынын естіп, соған бардым.

Ол кезде Мұхтар аға бізге қазақтың ауыз әдебиеті мен СССР халықтары әдебиетінен дәріс окитын. Әр елдегі әдеби ағымдарды саралап тұрып, сөз арасында “Абайдың ақындық мектебі” дегенді жиі айтатын. Қайым аға ғұлама ұстазының пікірін тұмар тұтып, міне, осы тақырыпты зерделей зерттеген екен.

Диссертацияға жиналған жұрт “Е, жарар” дей салған жоқ, қызу айтыс-тартыспен өтті. Ол кезде бірінің ауызын бірі бағып, әлдеқалай іс болар екен деп бұқпантайлап жүретіндер жиі кезігетін еді ғой. Қалқиған құлағынан да шошитын мүскіндер көп-ті, солар, бірі атып, бірі қуып: “Пушкин мектебі” деген жоқ, “Толстой мектебі” деген жоқ, “Абай мектебі” дегенді қайдан шығарып жүрсіндер?”, — дегенді бастады. Тигені Қайым ағаны, тимегені жерді сабалап жатты. Тіптен ұлы Мұханның өзіне де тас лақтырып, таяқ сілтеген гөй-гөйлер табылмай қалмады.

Ал, туған халқының игілігін тани білетін, соған қалтқысыз

қуана білетін, ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздің мүддесін биік ұстайтын ақ ниетті, адал пиғылды көпшілік Қайым ағаның ғылыми тұжырымын қол соғып құптады.

Өкінішке қарай, мұның соңы қуанышқа апарып соқпады. Жақсылықты жер етіп, жамандық күнде жеңіп жататын кез ғой. Жарқын ісі, игі ісі теріске баланып, “Халық жауы” деген жазықсыз жала жабылып, Қайым аға жаза шекті. Біз — шәкірттері жабырқап, жанымымыз күйзеліп қала бердік...

Содан Қайым ағаны елуінші жылдардың аяқ шенінде көрдім. Облыстық партия комитетінде болған бір жиында. Онда әркім өзінің мұң-мұқтажын сөйлеп, әңгіменің аяғы күңкіл-шүңкілге айнала бастап еді. тіс жармай біраз отырған Қайым аға осы мезетте сөзге араласты:

— Қазақта Абай қайта тумайды, ұлы ақын рухы алдында ұрпағы мәңгілік қарыздар, — деп қойып, қолға алынбай келе жатқан, шешімін тосып тұрған келелі жайларды қозғады.

Қайым ағайдың пайымдауынша, ұлы ақынның асыл мұрасын зерттеуде екі жайға жете көңіл бөлінбей келеді екен. Оның бірі — Абайдың философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарасын зерттеу. Екіншісі — Абай шығармаларының текстологиясы. Соңғысы мүлдем назардан тыс қалып келгенін атап айтты.

Қайым аға мұнан кейін ұлы ойшылдың бақилық мекеніне ойысты. Қабырғасы қайысып, қынжыла сөз етті. Кезінде шым кірпіштен қаланған зират әбден тозғанын, жаңбыр мен жел мүжіп, шөгіп бара жатқанын айтып:

— Келген-кеткенге көрсетудің өзі ұят. Үкіметтің алдына мәселе қойып, арнайы қаржы бөлінуін, ақынның атына сай етіп басына ескерткіш тұрғызылуын түбегейлеп қолға алмай болмайды. Абайдың жөні бөлек. Кемеңгердің рухына қызмет етуіміз — бізге парыз, — деді.

Көп кешікпей сол салихалы сұхбаттың нәтижесін көрдік. Облыс басшыларының диттеуімен Үкіметте арнайы мәселе қаралып, Абайдың басына мәрмәрдан ескерткіш орнату мәселесі шешілген екен. Алматыдан мамандар келіп, соның құрылысына кірісті...

Қайым ағаның алмас қылыштай жарқ етіп, кейбірінің көкейінде, кейбірінің көмейінде тұрған сөзді іркілмей айтып, ақиқатты жайып салып сөйлейтіні бар еді ғой. Өте-мөте сондай мінезіне, өткірлігіне сүйінетінбіз.

*Ырысхан Мұсаұлы,
жазушы, “Абай” журналы президенті
Семей, ақпан 2005 ж.*

Абай мектебінің аға оқытушысы

Әрдайым көрсен: қолтығында — әлдебір шағын қорап, немесе қолында — газет ширегіндей бүктелген қағаз ... портфель көтеріп, папка құшақтап бара жатқан кезі сирек. Ал, әлгі қорап: әлде — архив, әлде сурет, ал қағаз — не мақала, не бір ескерткіш туралы анықтама, не тарихнама, болмағанда — көбейтуге апара жатқан көне сурет, көшірме пленка, көнерген қолжазба. Әрқашан асығыс, бірақ алқыныссыз, абдыраусыз — нық басып, ширақ адымдап, жіті кетіп бара жатады.

Беті — не редакция, не архив, не музейлердің бірі, әлде бір өзіне мағлұм, өзгеге беймәлім бір көне көз қарттар тұрағы, әлде бір үй мекені. Оны бәрі таниды, жол бойы сәлем беруші көп, ізетсіз өтпейді. Кездескеннің кімімен болса да арзан әңгіме, жай жалбаққа құлқы кем. Ал, ел жайлы, ел мақтаны ер жайлы еңселі әңгімеге ерінуді білмейді. Жүріліп сан көше қалады, жосылып — шежіре, жөңкіліп — қыруар оқиға ел мен жер тарихы кетеді. Ашық та өткір қою қоңыр үнді дауыс та сол баяғы барлықпас, екпін алған сайын ашыла түсер, қанша тыңдасаң шалдығу білмес қалпы. Жадында жаттай жазылып қалған әр сәттің ай, күні қазір кеп тілдескендей, жатқа шұбырып жыр толғау үзінділер, айшықты ойлы нақыл жолдар орыс, қазақ тілінде қатар төгіліп жатқаны. Құлқынды да, құлағынды да баурап алған шежіре сыр, басы Абайдан басталып, Бұхарға соғатын, Пушкин мен Лермонтов, әрісі — Гете, берісі — Блок және өзгемен өзектесіп, сұңғыла ой, сұлу сөздер буып-матап алғанда айналаның бәрі ұмыт, бар билік өз қолында. Ынтықтыра тыңдатып, ықылас пейілді алып қояды. Сонан бір сәт Әуезовке ойысып, өз көргенің өзі көргендей елестете жөнелгенде: таңертең талтүс, талтүсте кеш болып қалғанын кейін аңғарасын.

— Әлгі, сен білесің ғой, ана... — деп қояды. Сөз бұзуға жоқсың, “білмеймін” деуге ұяласың да тыңдай бересің. Сәті түсіп, ыңғайы кеп қалған әр кездесу осылай, ежелгі мен бүгінгі көңіліңе елестеп көз алдына көлбеп келіп, өтіп жатады. Түгел ұстап, тұтас ұғып, қаз-қалпында сақтап қана алмадым деп өкінесін. “Қайталап айтыңызшы” деуге қысыласың, айтып, ақтарылумен болады. Осы сәт іштей: “Осы адаммен қатар жүріп, замандас болған, оны көрген ұрпақ бақытты ғой” деп

мақтанасың. “Осыншаның бәрін қалай оқып, қалай ұғып, біле бергендігіне таңырқайсың, таңданасың. Осының бәрі сізге таң-тамаша жаңалық, естімеген, енді білген құпия көрінгенмен, ал оның өзі үшін баяғыдан мәлім, жай бір әңгіме, дағдылы сөз сияқты. Әлсіздігің сәл сезілсе, “өзін білмеуші ме едің, оқымап па едің?” дегендей ашып айтпай-ақ сәл мысқыл сызат жымиған жүзбен өткір бір тік қарап қойып, жасытпайын дегендей жайбарақаттана айта береді. Сөйте тұра, құлықсыз бен байыпсызға әсте ақтарылмайды, қысқа тұжырып, қиястық танытары тағы бар.

Ол үшін Семейден ыстық, Семейден тарихи, Семейден кастерлі жер жоқ. Егер ере қалып, оның кез келген көшесі мен үйіне кез болсаңыз, әр үй тарих боп сөйлеп, өнегелі өмір тұрағы, өркенді сыр боп сөйлеп жүре береді, аспан астындағы ашық музей – осы Семей боп шыға келеді. Ерінбей еріп, жалықпай тыңдап, ұғар құлақ пен жады болса, жүріп көше, айтылып тарих таусылмас еді. Ол кісінің айтуына бақса: Семейдің бір үйінің бір кірпіші де бұзылып, ия түспеуге тиіс, түгел керек, түгел – тарих, тұтас – тағлым.

Басқаны былай қойғанда: сол Абайға байланысты тарихи орындар түгел сақталып, түгелдей талапқа сай ескеріліп, есепке алынып отыр ма?

“...Ана – Байысов Бекбайдың үйін құлаттындар. Мұхтар, Қаныш, Қасым, Тайыр, Әлкей, Уғар, Сабыржан, Сәбит, Әміре, Қажымұқан, тағы басқалар тұрған, қызмет істеген, түсіп жүрген үйлер мен мекемелердің қайсысына ескерткіш-тақта қойыпсындар?” – деп бірде кейіс білдіргені бар. Орынды кейіс еді. Біреуге деген ренішін өз сөз өтеріне қадап, қатты айтып, “әлгі сенің пәленшекең” деу әдеті. Ұрпақ пен буынға ортақ міннен “мен емес” деп ақталу артық... мойындауға тура келеді.

Қайым Мұхамедхановқа туған өлке, туған қаласының қай тарихи орны да жат емес, бәрі де жанына жақын. Ал, ең ыстық, ең жақын, алдымен көңіл бөлері – Абаймен байланысты орындар, әсіресе Абай музейі. Ұлы ақын музейінің алғаш құрыла бастағанынан бастап атсалысып, бүгінгі дәрежесіне жетуіне дейін оның әр іс, әр жұмысынан бір сәт қол үзбеген, құрып, қалыптастырушылардың бірі де өзі. Мұхтар Әуезов негізін салған абайтану ілімінің музейлік-экспозициялық жүйесін, негізгі ғылыми арқауын іс жүзіне асырып, одан

күні бүгінге дейін қол үзген емес. Көкең музейге соқпайтын апта, күндер жоқ. Егер музей қорын ақтарса: оның сарғыш тартып, сан кешуден өткен архив беттерінде түрлі сия, қарындаш, пастамен жазылып қалған, қосылып жатқан тарихи қолжазбалар мен қолтаңбалар қазірдің өзінде – тарих, ескерткіш. Музей құрылғаннан бері неше рет музей буклет, жол көрсеткіштері жарық көрсе, басым көпшілігінің авторы – Қайым Мұхамедханов.

“Абайдың туыстық, ақындық өнер айналасы” музейдің ғылыми-зерттеу, ғылыми-көпшілік және экспозициялық жұмысының аса бір арналы тарауы десек, бар зерттеу сарқар бас арнасы, тіреліп тоқтар бас түйіні де Қайым Мұхамедхановтың “Абайдың әдеби мектебі” атты диссертациялық монографиясынан басталып, аяқталады. Ол тарау жыл санап толығып, молығып қорлануда. Ақылбай, Мағауия, Әсет, Әріп, Көкбай, Әубәкір, Төлеу творчествосы мен өмірі олардың Абай әлемімен іштестігі мен үйлестігіне толыққанды негіз де өз арқауын әлгі еңбектен алады. Алда анықталып, таралар, тарар жолдар мен зерттеу бағыттары қаншама. Соңғы кезде бұл сала Тайыр Жомартбаев, Уәйс Шондыбаев туралы ғылыми зерттеулер арқылы толығып түсіп отыр. Ал, алғашқы абайтанытушылар – Кәкітай Ысқақов, Нәзіпа Құлжанова, Сабыржан Ғаббасов, т.б. туралы тың деректер де Көкеннің үлесінде.

Музейге директорлық еткен тұстары (1947-1951) Абайдың немере туысы Әрхам Ысқақовпен бірлесіп жинастырылып, жазылып алынған ақынның туыс-жақындарының естеліктері бұл күнде аса бағалы қолжазба қорына негіз болып отыр. Бұл қорлар талмас зерттеушінің нысана көзі де. Музей қоры негізінде қазіргі уақытта әзірленіп жатқан, алды республикалық баспа беттерінде жариялана бастаған “Ұлы ақын шәкірттері” атты монография соның айғағы.

Ал, Қайым Мұхамедханов музей қорына тапсырған сирек кездесетін кітаптар мен фотосуреттер, газеттік, журналдық жинақтар өз алдына қомақты қор үлесі. Қазір музейдің қолжазба қорында тек өзі жазған, әр жылдар жарық көрген материалдардың елуге тарта түп нұсқалары жинақталып сақталуда. Оларда Абайдың ғылыми-творчестволық өмірі мен ғұмырнамасына қатысты тың деректердің орны айрықша бөлек. Абай шығармаларының текстологиясы мен аудармалары хақындағы ғалым зерттеулері мен ой-пікірлерінің ке-

лер зерттеу жұмыстарына сілтер бағыты, жол алар ойлары тағы бір төбе. Ол әрқашан музей ісімен бірге. Ондағы әр творчестволық отырыс, ғылыми совет, түрлі кештер Кәкеңсіз өткен емес. Оларда іргелі пікір қозғап, келелі кеңеске бастар – тағы да Кәкең.

Абай өнерін, оның даналық ой өнегесін өміріне мұрат еткен, Абайды жүрегімен ұғып, соған бар ғұмырын арнаған Мұхтардың жолын қуған дос інісі, ғалым шәкірті Қайым Мұхамедхановтың өмірде жалғыз қастерлер қасиетті дүниесі болса, ол – Абай есімі, абайтану ілімі болса керек. Ол ұлы ақын, ойшылдың өлмес, өшпес мәңгілік мұрасының мұрагері – іргетасын өзі қалаттырған Абай музейімен әрқашан бірге. Оның табынары да, танытары да – Абай. Кәкең – Абай мектебінің аға оқытушысы!

*Төкен Ибрагимов,
Абай музейінің директоры
“Семей таңы” газеті, 17 қаңтар 1986 ж.*

Ойы биік, жаны таза ғалым

Профессор Қайым Мұхамедхановпен (1916–2004) 1963 жылы таныстым. Ол кісі мені іздеп келіп, бір екі ескі фотосуретті көрсетті. Суретті көріп, қуанышым қойныма сыймай кетті. Тарихи суреттер екен. Біріншісі, бабам Мақы (Әбілмақыжан) Шыңғысұлының (Шоқанның інісі) суреті, екіншісі, әкем Ыдырыстың екі жолдасымен Троицк қаласында Медрессе-Расулияда оқып жүргенде, шәкірт кезінде түскен суреті болып шықты. “Қайдан таптыңыз?” – деп едім, біздің бір туыстардан алған екен.

Әкемнің Зурә, Ажар, Бибиәсмә (қысқаша аты Әсмә) атты апалары болған. Соңғы апасы Әсмә Семей облысының Ақсуат ауданында тұрып 1943 жылы 75 жасында дүние салған екен. Әкесі Мақының, інісі Ыдырыстың суреттерін қызы Мәймүнәға қалдырыпты. Екі суретті де ғалым осы кісіден алған екен (Мәймүнә апай бұл күнде Алматыда тұрады. – Ш.У.). Көп кешікпей Қайым ағай “Қазақ әдебиеті” газетінде (7.VII.1963ж.) “Шоқанның өнерпаз інісі” деген айтулы мақаласын жариялады. Ұққанымыз, ағай Шоқанға байланысты көптеген тарихи материалдарды жинап, жазған екен. Осыдан былай мен ағайдың әрбір мақаласын іздеп жүріп оқып, үлкен иждиһатпен қарайтын болдым.

Бұл кісі абайтануға үлкен үлес қосқан тарихшы екен. Ал, Абайдың шәкірттерінің шығармаларына арналған зерттеулері тереңдігімен, әділдігімен назар аударды.

Шоқан және оның төңірегіне арналған мақалалары да тарихи құндылығымен бағалы екен. “Біздің Шоқан”, “Өнегелі өмір, өшпес мұра”, “Ұлы ғалым, ардагер азамат” атты мақалаларында Шоқанның Семейде өткен жылдарын сөз қылды. Оның Ф.Достоевскиймен кездесуін суреттейді. Қауіпкәтері мол Қашғар сапарына аттанған тұста керуеннің Семейде жасақталғанын, жабдықтаушылар: семейлік Боқаш Аупаев, Жүсіп Ағысовтар болғанын анықтайды. Көптеген өмірлік көріністердің бетін аша түседі, ішкі сырына үніледі.

...Дүниеде қауіпті жағдай жетерлік. Тіпті азғантай қиыншылықты жеңу үшін де күш, жігер, ақыл-ой керек. Алға қойған максатың биік, жүріп отырған жолың тура, ниетің ақ болса басқа түскен ауыртпалықты санамен қабылдап, жеңуге тырысасың.

Тоталитарлық жүйе қанша адамды жазықсыздан жазықсыз күйретті. Аққа күйе жағылды. “Халық жауы” деген жантүршігерлік құбыжық атпен сан адам айыпталып, елін, жерін, халқын шын сүйген, оның даңқын асқақтатқан еңіреген ерлер, күнде туа бермейтін талант иелері өмірмен мәңгілікке қоштасты. Ол ол ма, жаман атақ бейкүнә бала-шағалардың бетіне шіркеу болып, аяқтарына тұсау болып түсті. Осындай ауыртпалықты үлкен жанкүйерлікпен көтерген, “Біз қазақ ежелден еркіндік аңсаған” деп бүкіл Қазақстанға жар салған ғалым Қайым Мұхамедханов болды. Бұл кісінің өмірбаянын “мың өліп, мың тірілген” қазақ тарихы десек те қателеспейміз.

Қайым ағайдың әкесі Мұхамедхан Сейтқұлов бүкіл Семей өңіріне белгілі адам болған екен. Ол кісі 1918 жылы алғаш шыға бастаған “Абай” журналына, “Сарыарқа” газетіне қаржылай көмектесіпті. Тінібай мешітінің қасына орналасқан мекен-жайы жақсы мен жайсандардың жиылатын орны болған. Игілікті іс көпке ұзамайды. Мұхамедхан ақсақал 1937ж. ұсталып, алғашқы “халық жауларының” бірі болып атылады. Ұлы Қайымға бұл оңайға түспейді, білім алуда да, қызымет істеуде де талай бөгет алдынан шығады.

Қажырлы, қайсар Қайым ағай алған бағытынан таймай тарихпен, абайтанумен айналысады. Мұхтар Әуезовпен сырласып талай рет ақыл-кеңес алып тұрады. Абайдың ұлдары Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдан бастап, шәкірттері: Көкпай, Әріп, Әсет, Уәйіс, Кәкімжан творчестволарын зерттейді. Ақыры “Абайдың әдебиет мектебі” атты кандидаттық диссертация жазып 1951 жылдың 7 сәуірінде қорғайды. Осыдан кейін Қайым ағайдың басына қара бұлт үйіріледі.

Бұл күндері, сол кездегі деректерге қарап тұрсак. Қайым ағайға тағылған айыптың көбі Мұхтар Әуезовты жамандауға бағытталған екен. “Партияны сүйетін”, “тапты шаққан бит мені де шақсын” – дейтін белгілі жазушы “Әуезов жолдасың Шәкәрім бандит болып өлген соң оған мейірім көзбен қарауы, ең жеңіл тілмен айтсақ – ұят”, – деп коммунистік “қырағылық” танытады. Ал, Қайым ағай Шәкәрім қажының Ақат деген ұлы Семейде ұсталып “Полковничий” аралындағы түрмеге қамалғанда, қорықпай-үрікпей іздеп барып, кездесіп хал-жағдайын біліп қайтады. Ерлік деп осыны айтыңыз! Мен бұл күні “Полковничий” деген аттың жойылғанына қуанам. Алаштың ардақтылары бас қосқан сол аралда,

менің жобам бойынша, Атом құрбандарына зәулім монумент орнатылды. Жастардың көбірек бас қосатын жерінде тарихымыздың бір белгісі тұрғаны маған үлкен қанағат әкелді.

Мұхтар Әуезов елуінші жылдары дер кезінде Москваға кетіп қалып тұзаққа түспеген, Қайым Мұхамедханов болса 1951ж. 1 желтоқсанда ұсталып, 1952ж. 31 мамырда “58” статъя бойынша 25 жылға сотталады.

Сол жылдары М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов пен бірге Қ.Сәтбаев та қудаланған еді. Менің Москвада оқып жүрген кезім. Третьяков сурет галереясына барсам “Заседание президиума Академии наук” деген бүкіл бір қабырғаны алған сурет ілулі тұр екен. Бел ортасында Қанекен отыр. Бір жұмадан кейін мақтаныш сезім билеп, суретті көрсетейін деп мұғалімді алып барсам, академиктің портретін өшіріп басқа біреуді салып қойыпты. Қатты қысылып, налығаным-ай! Бұл уақиға Қ.И.Сәтбаевтың қудаланған уақытына тұспа-тұс келіп тұр.

Мұхтар Әуезовтің да жағдайы мәз болмады. Кітапханаға барып Қазақстанның газеттерін оқитын әдетім бар еді. “Каз-правда” газетінде академиктер: С.Бәйішев пен М.Сильченконың “Профессор М.Ауезов в плену своих прежних ошибок” деген мақалалары шығыпты. Мұханның 1-дәрежелі Сталиндік силықтың лауреаты (“Абай” романы үшін) болған кезі, оған да карамаған, оңды-солды қаралаған. Кейінірек бір кездескенде С.Бәйішевтен: “Сіз сол жазған мақалаңыз үшін өкінбейсіз бе?” – дегенімде; ол сасып қалып: “Оны қайдан білесің, көп уақыт өтіп кеткен жоқ па? Біз Мұханмен артынан тіл табысқамыз”, – деп кипақтады. “Біреуге істеген әрбір жамандық іс адамның алдына оралады екен ғой”, – деп едім, академикім қып-қызыл болып, мандайынан тер шықты.

Түрмеден жаңа ғана босаған Қайым Мұхамедхановтан Мұхтар Әуезов: “Енді немен айналысасың?”, – деп сұраған екен. “Әрине, Абайдың шәкірттерін зерттеймін, кітап жазамын”, – депті. Неғылған табандылық, өжеттік десеңізші?! Ағайдың бар еңбегі 42 жылдан кейін іске асып, тарих қазынасына айналды.

Ойы биік, жаны таза ғалымның тарихымызға қосқан ең үлкен үлесі – ол кісі үзеңгілестерімен бірге, ол заман мен бұл заманның арасына салынған алтын көпір бола білді. Ата-бабаларымыздың қолынан туған талай асыл туындыларды жинап, оны көрсете алды, уағыздады, қолымызға ұстатты.

Қазактың мәдениет және тарих ескерткіштерін қорғау қоғамы пайда болған кезде, оның жұмысына да елеулі үлес қосты.

Ағамыздың тағы бір ерлігі, аяулы Фархинұр жеңгеймен бірге, аттың жалы, түйенің қомында жүріп, өмірдің не бір дауылына төтеп беріп, тамаша он ұл мен қыз өсірді, тәрбиеледі. Сайдың тасындай, асылдың сынығы болған балалар бұл күнде алдарына үлкен мақсат қойып, өсіп, өніп, ержетіп келеді. Айтарымыз: Қадамдарыңа гүл бітсін! Ағамыздың сара жолынан таймандар!

Қайым ағайдың аты тарихта алтын әріппен жазылған. Ұлы адамның ерлік іс-қимылын, үлгі-өнегесін өле өлгенше есімізде сақтаймыз.

*Шота Уәлиханов,
профессор, Шығыс халықтары Архитектура
академиясының академигі
Алматы, 18 шілде 2005 ж.*

Мазмұны

Алғысөз.....	5
Көкбай Жанатайұлы.....	9
Уәйіс Шондыбайұлы.....	33
Әріп Тәңірбергенов.....	63
Әсет Найманбайұлы.....	124
Мұқа Әділханұлы.....	153
Тайыр Жомартбайұлы.....	160
Баймағамбет Айтқожаұлы.....	175
Иманбазар Қазанғапұлы.....	187
Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.....	201
Ахмет Байтұрсынов.....	219
Мағжан Жұмабаев.....	230
Жүсіпбек Аймауытов.....	242
Міржәкып Дулатов.....	261
Ыдырыс Мұстамбаев.....	287
Қайым Мұхамедханов туралы лебіздер	
мен естеліктер.....	299
Әз аға туралы бірер сөз.....	301
Абайтанудың асқан белгісі.....	304
Ұстаз өркені.....	307
Бірегей тұлға.....	313
Ұлы Мұхаң көзіндеі, Қайым аға!.....	316
Өмір бақи Абай деп өткен.....	322
Абай мектебінің аға оқытушысы.....	326
Ойы биік, жаны таза ғалым.....	330

Баспа директоры Дидахмет Әшімханұлы

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ

III том

Шығармалары

Редакторы *Р Райбаева*
Техникалық редакторы *А Тілеукева*
Суретші *Ж Айдос*
Корректоры *Л Саякызы*
Беттеген *Д Дидахметұлы*



Қайым Мұхамедханов
(Семей қ., 1994ж.)



Сол жақтан: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және Міржақып Дулатов



Қайым Мұхамедханов (алдыңғы қатарда оң жақтан бірінші), Мұхтар Әуезов, Ғали Орманов және басқалар Абайдың немересі Исраил Ақылбайұлының үйінде (Қарауыл, 1957ж.)



Əсет Найманбайұлы
(1867-1923) – ақын, әнші,
сазгер. Абайдың тәлім-
тәрбиесін көрген талантты
шәкірттерінің бірі



Көкбай Жанатайұлы
(1861-1925) – Абайдың ең
талантты ақын
шәкірттерінің бірі



Сол жақтан: Қайым Мұхамедханов, Олжас Сүлейменов
және Мұхтар Мағауин «Невада-Семей» қозғалысының
митингісінде (Семей қ., 1989ж.)



Ахмет Байтұрсынов
(1873-1937) – ғалым, тілші,
түрколог, әдебиетші, ақын,
публицист, аудармашы,
мемлекет қайраткері



Әлихан Бөкейханов
(1870-1938) – қоғам
қайраткері, экономист,
әдебиетші, публицист,
аудармашы



1940 жылы Семейде Қайым Мұхамедханов тұңғыш шаңырақ
көтерткізген Абай мұражайы



Міржақып Дулатов
(1885-1935) – жазушы, ақын,
драматург, журналист, қоғам
қайраткері (Қызылорда қ.,
12 мамыр 1925ж.)



Мағжан Жұмабаев
(1893-1938) – қазақтың ұлы
ақыны (Ташкент қ., 1922ж.)



Қайым Мұхамедханов жерлестерімен бірге туған ауылы
«Знаменкада» (бұрынғы Семей облысы)



Жүсіпбек Аймауытов
(1890-1931) – жазушы,
драматург, аудармашы,
зерттеуші, публицист



Тайыр Жомартбайұлы
(1884-1937) – жазушы,
драматург, педагог. Абайдың
ақын шәкірттерінің бірі



Қайым Мұхамедханов пен Халық Қаһарманы Қасым
Қайсенев (Алматы қ., 1991ж.)



Қайым Мұхамедханов
(Семей қ., 1995ж.)



Уәйіс Шондыбайұлы
(1873-1925) – ақын,
композитор. Абайдың шәкірті



Қайым Мұхамедханов пен Мұхтар Құл-Мұхаммед Қазақ совет
энциклопедиясының редакциясында (Алматы қ., 1990ж.)



Қайым Мұхамедханов – “Семей” Мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (1996ж.)